

Рәбиға СЫЗДЫҚ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АНЫҚТАҒЫШЫ

(емле, тыныс белгілері, сөз сазы)

АЛҒЫ СӨЗ

Адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да, жазба түрде де жеткізе алады, орфография немесе емле, дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуға тиіс.

Емле ережелерінің тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, ең сауатты адамның өзі толқып, қиналады. Басылып шыққан кітап, газет, журналдар дұрыс жазудың бірден-бір көзі әрі үлгісі болуға тиіс және сауатты жазуға алғашқы бастап үйрететін орын мектеп болғандықтан, бұл қиындыққа әсіресе баспа қызметкерлері мен мектеп мұғалімдері кездесіп отырады.

Сондықтан 1960 жылы баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арналып қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері ережелерін бір жерге жинақтап баяндайтын тұңғыш анықтағыш шыққан болатын. Оның өңделіп, толықтырылған екінші басылымы 1974 жылы жарық көрді. Алғашқы басылымдардың екеуінде де “Анықтағыш” Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы 1957 жылы маусымның 5-інде бекіткен “Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін” басшылыққа алып жазылған болатын. Екінші басылымы шыққаннан кейінгі жиырма жылдай уақыттың ішінде қазақ емле ережелерінің жаңа редакциясы (түзетілген түрі) жасалып, бұрынғы қағидалар біраз өңделген болатын. Соған сәйкес емле ережелерінің жаңа редакциясы түзіліп, ол да Жоғарғы Кеңес Президиумының 1983 жылғы тамыздың 25-індегі Жарлығымен бекітілген еді. Мұнда бірқатар қағидалар айқындала түсті, біріккен сөздердің жазылуын реттейтін баптар қосылды. Әсіресе ғылым мен техниканың әр алуан саласына қатысты терминдік мағынаға ие болған сөз тіркестерінің қосылып жазылатындығы баса көрсетілді. “Екі түбірден құралып, техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерін атайтын сөздер бірігіп жазылады” деген ереже заңдандырылды. Кісі аттарының емлесіне де ескертулер қосылды: екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын есімдердің естілуінше жазылатыны айтылды. Бұл өзгеріс, жаңалықтардың әрқайсысы өзіне тиісті ережелер ішіне енгізіліп, толық көрсетілді. Осыған байланысты едәуір жаңа баптар (параграфтар) қосылды. Бұрынғы ережелердің бірқатары толықтырылып немесе ықшамдалып жөнделді, мысалдары сұрыпталды.

“Анықтағыштың” осындай жаңалықтар мен түзетулер енгізіліп едәуір толықтырылған 3-басылымы “Емле және тыныс белгілері” деген жаңа

атауымен 1996 жылы жарық көрді.

Бұл анықтағыш құралдың 4-басылымын ұсынып отырмыз. Мұнда да 3-басылыммен екі арада өткен соңғы 4-5 жылда болып жатқан түзетулер мен жаңалықтар ескерілді, сөздік материалы едәуір толықтырылды. Бірақ негізінен 3-басылым құрылымы мен баяндалуы жағынан көп өзгеріссіз қайта ұсынылып отыр.

Басылымдардың барлығында да қосымша ретінде шағын емле сөздігі беріліп келеді. Оның өзге орфографиялық сөздіктерден айырмасы – мұнда сөз тіркестері реестр (жеке сөзтізбе) ретінде ұсынылады (қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігінде немесе мектепке арналған емле сөздіктерінде құрамындағы сөздер бір-бірінен бөлек жазылатын тіркестер сөзтізбеге шығарылмай, ұяда беріледі). Оның үстіне, мұнда өзге емле сөздіктерінде орын алмаған кейбір көне, жаңа, жергілікті сөздер мен сирек жұмсалатын тұлғалар қамтылды. Бұлай болу себебі біз ұсынып отырған сөздіктің әрі нормалайтын сипатта болуына, әрі кең түрде қолданылатындығына байланысты.

Сондай-ақ біздің сөздігіміз бен 1988 жылы шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің” арасында кірме сөздер мен күрделі сөздердің жазылуында өзгешелік барын ескертеміз, яғни бұрын бөлек жазылып берілген аң-құс, өсімдіктердің күрделі атаулары және терминдік сипатқа ие болған күрделі сөздер қосылып жазылды және бұрын *завод*, *товар* деп орысша тұлғасында жазылып келген бес-он сөз қазақша қалыптасуынша *зауыт*, *тауар* деген сияқты тұлғаларда берілді. Бұған тілімізге ертеден еніп, сөйлеу дағдымызда қазақша қалыптасқан сөздерді мүмкіндігінше сол қалпында сақтау бағыты негіз болып отыр. Айталық, *тауар* – түркі тілдерінің өз сөзі, о баста бұл сөз *тауар/туар* тұлғасында көптеген түркі тілдерінде жалпы “мал”, “ірі мал” және “мүлік” мағыналарында қолданылған. Тіпті қазақ тілінің өзінде *туар қара* тіркесі “жылқы” мағынасында жұмсалғандығын ертеректегі жазба ескерткіштеріміздің тілі (мысалы, ХҮІ ғасырдағы жалайырдан шыққан Қадырғали бидің шежіресі) көрсетеді. Демек, кейінгі замандарда орыс тілінен қайырып алып, сәл өзгеше мағынада жұмсап келген *товар* сөзін *тауар* деп қазақша айтып, қазақы түрде жазуға әбден болады. Сол сияқты *завод* деген нағыз орыс сөзі болғанмен, өткен ғасырда қазақ жерінде көріне бастаған қарапайым өндіріс орындарын халқымыз *зауыт* деп атағанын білеміз. Мысалы, ондаған ғана адам істейтін тері илейтін орынды қазақтар *тері зауыты* деп те атай берген. Бірді-екілі кейбір тұрмыстық сөздерді де емле ережелерімізде бар қағидаға сүйеніп, қазақыланған тұлғада жазуға болар. Бірақ бұл орайда қатты ескертетін жайт – ресми түрде қабылданған, бекітілген, демек, күшін жоймаған емле ережелерімізді пайдаланып отырған бұл күндерде әйтеуір қазақылауға болады екен деп, жеке сөздерді әркім (әр баспа, әр редакция, әр автор) өз қалауымен өзгертіп жаза беруге мүлде болмайды. Мұндай әрекет жазу мәдениетімізде аяқ алып жүргісіз бейберекеттікті (хаосты) туғызады. Әлде де бірқатар сөздерді қазақша тұлғалауға болатындығын сезгенімізбен, әуелі олардың өзгертілген (қазақшаланған) түрлерін заңдастырып алғаннан

кейін, яғни ғылыми әрі практикалық тұрғыдан дәлелденіп, мақұлданған, көпшілік қолданысына ресми түрде міндеттелген күннен кейін ғана сол “қазақы” тұлғаларды жазуға болады.

Емле ережелері мейлінше жинақы болып, қысқа қайырылатындықтан, көбінесе оларда көрсетілген жазу заңдылықтарының дәлелдері кеңінен айтыла бермейді. Мұндай түсіндірмелерді осы кітаптың “Кіріспе” бөлімінің “Қазақ емлесінің кейбір мәселелері жайында” деген тұсынан оқып білуге болады. Сондай-ақ осы жерде *есеп//хисап, ертегі//ертөк, шайтан//сайтан* сияқты бірқатар жарыспалы тұлғалардың емле сөздіктерінде қатар орын алу себептері және қазіргі қазақ әдеби тіліндегі варианттар (жарыспалылық) жайы түсіндіріледі.

Бұл құралды пайдаланушыларға алдын ала ескерте айтатын бір мәселе – мұнда емле мен тыныс белгілері ережелерін баяндау барысында орысша терминдердің жиірек қолданылғаны жайында. Мысалы, күрделі сөздердің, сөз тіркестерінің, құрмалас сөйлемдердің құрамды бөліктерін көбінесе “компонент” деп атап отырдық, өйткені бұл ұғымды білдіруге “сыңар” сөзі жақын келгенмен, ол барлық жерде дәл түсе бермейді: *сыңар* деп әдетте бірдей, тең екі нәрсенің біреуін айтамыз, сыңар – егіздің біреуі, ал компонент – екі не одан да көп күрделі нәрсені құрайтын бөлік.

Сөздердің қосылып не бөлек жазылатын сәттерін көрсеткен кейбір мысалдардың орысша баламасын жақша ішінде беріп отырдық, ондағы көздеген мақсатымыз екі тілдегі біріккен не күрделі сөздердің жазылуы әрдайым бірдей еместігін көрсету болды. Күні бүгінге дейін әсіресе аударма әдебиетте, баспасөз беттерінде орысша баламасына қарап бір типтегі (сипаттағы) сөздердің бірін қосып (мысалы: *аяқкиім* – обувь), екіншісін бөлек (*бас киім* – головной убор) жазушылық жиі кездеседі.

“Анықтағыштың” соңғы басылымдарымен екі аралықта өткен мерзім ішінде жазу тәжірибеміз бен табыстарымыз, емле ережелеріне қатысты баспасөз беттерінде айтылған сын пікірлер мен ұсыныстар еске алынды. Ал кейінгі жылдарда қазақ емлесіне және 1988 жылы шыққан “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне” қатысты айтылған пікірлер мен ұсыныстар, сондай-ақ әрбір редакция, әрбір автор өз қалауынша жасап жатқан емлелік “түзетулердің” барлығы бірдей ескерілген жоқ (мысалы, *үніберситет, белесипет, мүйнөт, секөнт* деп жазулар сияқты). Үкімет тарапынан ресми түрде бекітілген емле ережелеріне жасалатын өзгерістер көпшілік (ғалымдар, баспагерлер, мұғалімдер т.б.) болып келісе отырып, әбден дәлелденіп, енгізілгенше және олар заңды түрде қабылданып, баршаға бірдей қолдану міндеттілігі жүктелгенше, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 1983 жылғы тамыздың 25-індегі қаулысында бекіткен “Қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің” түзетілген редакциясы күшінде деп есептеліп, “Анықтағыштың” бұл басылымы сол ережелер бойынша түзілді.

Алдағы уақытта қазақ емле ережелерінің кейбір баптарына өзгеріс енетіндей болса, ол күнде баспа бетінде немесе жеке нұсқау түрінде ұсынылып, “Анықтағыштың” қай бабы (параграфы) қалайша қолданылуға тиіс болатындығы көрсетіледі. Ондай түзетулер бұл құралды түгелімен

өзгертіп, кәдеге асырмай тастауы мүмкін емес, сондықтан “Анықтағышты” күнделікті жазу тәжірибемізде пайдалану жүзеге аса бермек.

Ал бүгінде сөз болып жатқан жазу түрін (графиканы) өзгерту мәселесіне байланысты проблемалар шешіліп, басқа жазуға, айталық латынға көшетіндей болған күннің өзінде де қазіргі жазу тәртібіміз әлі де бірнеше жылдар қолданылатындығын ескеруіміз керек. Осы тұрғыдан қарағанда да қалың жұртшылықтың жазу мәдениетін көтеретін осы “Анықтағыш” сияқты құралдар қажет бола бермек.

“Қазақ тілінің анықтағышы” деп жалпы атпен ұсынылған бұл кітапта емле ережелері, тыныс белгілерін қою қағидалары, ауызша сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау (айту) заңдылықтары бір жерге жинақталып беріліп отыр, яғни бұрын жарияланып келген “Емле және тыныс белгілері” (“Рауан”, 1996) атты кітапқа “Сөз сазы” (“Санат”, 1995) атты құрал қосылды. Мұнда сауатты жазу мен сөзді дұрыс айту нормалары ереже түрінде баяндалып қана қоймайды, ол ережелер түсіндіріліп, мысалдармен дәлелденеді, тіпті жаттығу жұмыстары мен шағын орфографиялық сөздік беріледі. Сондай-ақ “Қосымша” ретінде бас әріппен жазылатын сөздер мен сөз тіркестерінің: жалқы есімдердің, мекеме, ұйым, қозғалыс, ағым сияқтылардың күрделі атауларының тізімі алфавит тәртібімен берілді. “Қосымша” материалды дайындаған – Қаныгүл Жаманбаева.

КІРІСПЕ

1. Қазақ орфографиясының принциптері жөнінде

Көптеген тілдердің емле заңдарына көбінесе үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік т.б. принциптер.

Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады. Фонематикалық принципке дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі (мәні) сақталып жазылуы жатады. Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша (естілуінше) жазылады. Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады.

Белгілі бір тілдердің орфографиясында бұлардың біреуі не екеуі негізгі, басым принцип болады. Сонымен қатар осы тілде емле принциптерінің қалған түрлері де орын ала алады.

Қазақ орфографиясының негізі морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптерге сүйенеді.

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөз бөлшектерінің (түбір, жалғау, жұрнақтарының) басым көпшілігінің түпкі тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, *жұмыс, іс, аш* деген түбірлерге **-шы, -шең, -са** қосымшалары жалғанғанда, олардың естілуі (айтылуы) *жұмұшы, ішшең, ашша* болады. Бірақ сөздердің түбірі *жұмыс, іс, аш* болғандықтан және қосымшалар **-шы, -шең, -са** болғандықтан, әрқайсысының түбір тұлғасы сақталып, *жұмышы, ішең, ашса* түрінде жазылады. Сондай-ақ *қашанғы, түңгі, күнге* деген сөздердің естілуі *қашаңғы, түңгү, күңгө* болады. Бірақ бұлардың айтылуындағы (естілуіндегі) фонемалардың (дыбыстардың) қосалқы реңкі есепке алынбай, сөз бөлшектерінің түпкі тұлғалары сақталып, фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, *қашанғы, түңгі, күнге* болып жазылады. Бұл ереже емленің фонематикалық принципінің қолданылуын танытады. Қазақ орфографиясында фонематикалық принцип пен морфологиялық принциптердің тоғысып кететін сәттері жиі кездеседі. Мысалы, біріккен сөздер мен қос сөздер де, негізінен, әр компонентінің жеке тұлғасын сақтап жазылады, олардың арасындағы дыбыстардың айтылуда бір-біріне ететін әсері ескерілмейді. Айталық, *қара + құйрық* (жануар), *жар + қабак, орын + басар, алма + кезек, көзбе + көз, қиян + кескі* деген сөздер біріккенде не қосарланғанда, айтылуы (естілуі) *қарақұйрұқ, жарқабак, орымбасар, алмагезек, көзбөгөз, қияңгескі* болады, бірақ әр сөздің түбір тұлғасы сақталып *қарақұйрұқ, жарқабак, орымбасар, алма-кезек, көзбе-көз, қиян-кескі* түрінде жазылады. Бұл әрі фонематикалық, әрі морфологиялық принциптердің қабаттаса қолданылуы болып табылады.

Қазақ орфографиясында фонетикалық принцип те кеңінен қолданылады. Ол мынадай тұстарда көрінеді:

1) Қазақ тіліндегі септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары, сондай-ақ жұрнақтардың көпшілігі сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке әуеніне қарай және ең соңғы дыбысына қарай түрленіп жалғанады: *қала + лар, көше + лер, ат + тар, ит + тер, қаз + дар, із + дер; қала + ның, көше + нің, ат + тың, ит + тің, қаз + дың, із + дің; қалам + ым, дәптер + ім, әнші + мін, оқушы + мын*. Бұларда жалғаулар естілуінше жазылып тұр.

2) Қатаң **п, қ, к** дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыстар ұяң естіледі (айтылады): *кітап + ым – кітабым, тарақ + ы – тарағы, күрек + ің – күрегің*. Мұндай жағдайда да сөздің түбірі сақталмай, естілуінше ұяң дыбыс әрпі жазылады: *кітабым, тарағы, күрегің*. Бұл да – фонетикалық принцип бойынша жазу.

3) Қазақ тілінде **п** дыбысына аяқталған етістіктерге көсемшенің – **ып, – іп** жұрнақтары жалғанғанда, қос **п** дыбысы қатар айтылмай немесе алдыңғысы ұяңдамай, түбірдегі **п** дыбысы үнді **у** дыбысына айналып кетеді және сол өзгеруінше жазылады: *кеп + іп – кеуіп (кепіп, кебіп емес), тап + ып – тауып (тапып, табып емес)*. Ал **пы, пі** дыбыстарына аяқталатын етістіктерге **п** жұрнағы жалғанғанда, алдыңғы ережеге бағынбай, екі **п** дыбысы араларына **ы, і** дауыстыларын салып, қатар естіледі және естілуінше жазылады: *күпі + п – күпіп, лепі + п – лепіп* (отыр).

4) Бірқатар біріккен сөздер әр компонентінің түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: *белбеу* (бел+бау), *қолғабыс* (қол+қабыс), *қолғап* (қол+қап), *бүгін* (бұл+күн), *биыл* (бұл+жыл), *екіншігәрі* (екіншіден әрі). Бұл тәрізді фонетикалық принциппен жазылатын біріккен сөздердің саны, морфологиялық принциппен жазылатындарына қарағанда, әлдеқайда аз. Олар орфографиялық сөздіктерде беріледі. Сондықтан кез келген біріккен сөзді естілуінше жазудан сақ болу керек.

5) Орыс тілінен ертеректе еніп, дыбысталуы жағынан өзгеріп кеткен бірқатар сөздер фонетикалық принциппен қазақша айтылуынша жазылады: *самаурын* (самовар емес), *пәуеске* (повозка емес), *шайнек* (чайник емес), *божы* (вожжи емес), *болыс* (волость, волостной управитель емес), *шөген* (ыдыс, чугун емес).

6) Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде, айтылуынша жазылады: *әділ* (‘адл), *пайда* (файда), *ақпар* (әхбар), *ақыр* (ахир), *қайран* (хэйран), *қате* (хэта), *дүние* (дүнийа), *нәпсі* (нәфс), *өсиет* (уасийәт), *ауа* (һауа), *әлек* (һәлак), *мазақ* (мәзх). Мұндағы жақша ішінде көрсетілгендер – бұл сөздердің арабша-парсыша транскрипциясы (яғни сөздердің өз жазуымызбен сол тілдегі айтылуының көрсетілуі).

Тарихи-дәстүрлік принципке орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша айтылуынша емес, орыс орфографиясы бойынша жазылуы жатады: *спорт, стадион, алгебра, физика, химия, геометрия, банк, биржа, съезд, фестиваль, кандидат, доктор, капитал, кальций, авиация, авианосец, акционер*. Бірақ бұларға қазақ тілі қосымшалары

фонетикалық-морфологиялық принциппен жалғанады, яғни сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі, сөз соңындағы қатаң дауыссыздардың ұяңдауы (бұл сөзге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған күнде), дәнекер **ы, і** дыбыстарына иек артуы сияқты құбылыстар орын алады: *акцио-нер + лік, кон-церн+дер, репор-таж+ы* дегендерде кірме сөздің соңғы буындарына қарай бірде жуан, бірде жіңішке қосымшалар жалғанған, ал *банк, фонд* сияқты сөздерге қазақ қосымшалары **ы, і** дәнекерлері арқылы қосылады: *банк+ і + ге, банк+ і + ден, фонд + ы + сы, фонд + ы + га*.

Араб пен парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді **х, ь** әріптері арқылы жазу да дәстүрлік принципке сүйенеді: *хат, халық, хабар, хал, хан, -хана, гауһар, жиһан, қаһарман*. Бұлайша таңбалау 1940 жылы қазақ тілінің кириллицаға негізделген жаңа жазуы мен жаңа емле ережелері қабылданған кезде көрсетілді де, содан бергі мерзім ішінде осылайша таңбалау дәстүрге айналды.

2. Қазақ емлесінің кейбір мәселелері жайында

Орфографиялық ережелер мынадай мәселелерді қамтиды:

- 1) кейбір дыбыстардың жазылуы;
- 2) түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуы;
- 3) сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы;
- 4) шылаулар мен одағайлардың жазылуы;
- 5) бас әріптердің қолданылуы;
- 6) сөздерді тасымалдау.

Қазақ тілі орфографиясында **дауысты, дауыссыз дыбыстардың** жазылуының барлығы бірдей қиындық туғызбайды.

Олардың көпшілігі сөздің кез келген жерінде қолданылып, өз әрпімен жазыла береді. тәжірибеде бірсыпыра қиындық келтіріп жүрген тұстар – дауысты **ә, ы, і, и** дыбыстарын таңбалайтын әріптер мен дауыссыз **х, сонор й, у** дыбыстарын таңбалайтын әріптердің емлесі.

Ә әрпі орфографиялық ереже бойынша көбінесе сөздің екінші, үшінші, соңғы буындарында жазылмайды, бірақ алдыңғы буындағы жіңішке дауыстының әсерімен келесі буындағы жуан **а** дыбысы **ә** болып жіңішке айтылатын (естілетін) сәттерде қай әріпті жазу қиындық келтіреді. Мысалы, *тәкаппар, кітап* сияқты сөздерді *тәкәббар, кітәп* деп те айтамыз (немесе оқимыз). Әдетте орфография (сөздерді дұрыс жазу) нормалары мен орфоэпия (сөздерді дұрыс айту) нормалары барлық сәттерде бір-біріне сай түсе бермейді. Әсіресе бұл – сөздерді сөйлем ішінде қолданғанда, яғни сөйлеу үстінде айқын көрінеді.

Орфоэпия нормалары бойынша жеке сөздер немесе сөйлем ішіндегі сөздер әрдайым жазылуынша айтылмайды, олар бір-бірімен үндескен, тілдің фонетикалық заңдарына бағынған, “сынған” күйінде айтылады. Осы себептен барлық сөзді естілуінше жазу қандай қате болса, жазылуынша айту (дыбыстау, оқу) сондай өрескелдік болар еді. Мысалы, *көгалагөйлөкті ұзұнғыз бізгегарай жалтпұрұлт* деген сөйлемді осылай естілуінше (айтылуынша) жазу қандай ыңғайсыз болса, *көк ала көйлекті ұзын қыз бізге қарай жалт бұрылды* деп жазылуынша айту (оқу) да сондай сәтсіздік

болмақ.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де сөз басында келген **ж, ш** дыбыстары (бір буынды сөздерде) мен үнді (сонор) **й** дыбысының аралығында **а** дыбысы тұрса, **ж, ш** дыбыстарының өздері де жінішкеріп, дауысты дыбысты да жінішкертіп жіберетін қасиетін ғалымдар әлдеқашан байқаған-ды. Мысалы, қосымшасыз жеке айтылғанда *жәй, шәй* болып естілетін сөздер бар. Ал бұларға жалғау- жұрнақтар жалғанғанда, олар жуан қосымшаларды қабылдайды: *жайыңа* отыр (*жәйіңе* отыр емес), *жайсыз* тиді (*жәйсіз* тиді емес), *жайғасу* (*жәйгесу* емес), *жайлау* (*жәйлеу* емес), *жайша* жүру (*жәйше* жүру емес), *жайылым* (*жәйілім* емес), *жайырақ* (*жәйірек* емес) т.т. Сондай-ақ *шайға* кел (*шәйге* кел емес), *шайсыз* қалу (*шәйсіз* қалу емес). Сондықтан жеке келгенде де, қосымшалармен қолданылғанда да, *жай, шай* сөздерінде жуан **а** әрпі жазылады.

Ә әрпінің түбір сөздің екінші буынында жазылатын сәттері де бар. Бұлар жалпы ережеден ауытқитын, сондықтан ескертуде көрсетілетін сөздер. Мысалы, **ә** әрпі *сірә, куә, куәлік, күнә, күмән, іңкәр* сияқты санаулы сөздердің екінші буынында жазылады (бұлардың толық тізімі орфографиялық сөздіктерде беріледі).

Ы, і әріптерінің қолданылуында да біраз қиындықтар бар. Мысалы, олардың сөз ортасында жазылатын не жазылмайтын; кейбір сөздерді тәуелдегенде, түсіп қалатын не түсіп қалмайтын; сөз басында **р, л** дыбыстарынан бұрын жазылатын не жазылмайтын орындарын жете анықтап алу қажет болады.

Сөз ортасында не соңында келген екі дауыссыздың арасына қысаң **ы, і** дауыстыларын салмай, шұғыл айтылуы мен араларына **ы, і** дыбыстарын қатыстырып және соларды анық қосып айту жазуға да әсерін тигізеді. Мысалы, *жарқ-жұрқ* етті дегендегі *жарқ* деген сөздің айтылуы мен *Шамның сәулесі жарық екен* дегендегі *жарық* сөзінің айтылуы бірдей емес. Алдыңғысының соңғы екі дауыссызы кілт, шұғыл айтылса, соңғыда **р** дыбысы созылыңқы айтылады. Осы құбылыс жазуда да ерекшеленіп, *жарқ-жұрқ* дегенді **ы** әрпінсіз жазамыз да, сәуле беру мағынасындағы *жарық* сөзін **ы** әрпімен жазамыз. Осы сияқты *жапырақ, қоңырау, мағына, құбылыс, үкімет* деген сөздердің орталарындағы дауыссыздар кілт, шұғыл айтылмайтындықтан, араларына **ы, і** әріптері қойылып жазылады. Тек жазылуы қалыптасып кеткен *яғни, сахна* сияқты санаулы сөздер ғана ортасына **ы, і** әріптерін салмай, екі буын болып таңбаланады. Бұларды да орфографиялық сөздіктерден қарап жазу керек.

Сөздің соңғы буынындағы екі дауыссыздың арасындағы **ы, і** әріптерінің жазылуы немесе түсірілуі белгілі бір грамматикалық құбылысқа байланысты. Көптеген тілдерде сөз тұлғасы өзгергенде, кейбір дауысты дыбыстардың сусып түсіп қалу құбылысы бар. Қазақ тілінде де соңғы буындарында **ы, і** қысаң дыбыстары бар бірқатар сөздерді тәуелдегенде, олардағы соңғы қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады: *халық + ы – халқы, көрік + і – көркі (ажары), ерік + і – еркі*. Бұл заңдылық **ы, і** дыбыстарының үнді (сонор) **р, л** дыбыстары мен қатаң **қ, к** дыбыстарының аралығында

келген жағдайында ғана байқалады. Ал қалған сәттерде соңғы буындағы қысаң дыбыстар сусымайды, сақталып айтылады және жазылады: *киім + і – киімі, құлын + ы – құлыны, ойын + ы – ойыны, бұрым + ы – бұрымы*.

Соңғы буынында **ы, і** дыбыстары бар түбір етістіктерге (мұнда да көбінесе **р, л** сонорлары мен **қ, к** қатаң дауыссыздардың аралығында келген **ы, і** дыбыстары бар сөздерге) дауыстыдан басталатын жұрнақтар жалғанғанда, қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады, бұл заңдылық жазуда да орын алады: *үрік + ек – үркек, бұйыр + ық – бұйрық, қорық + ақ – қорқақ, қорық + атын – қорқатын, қорық + ыныш – қорқыныш* т.т.

Сондай-ақ кейбір зат есім, сын есімдерге көбінесе **а, е** сияқты ашық дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда, соңғы буындарындағы **ы, і** дыбыстары түсіріліп айтылады және жазылады: *орын + а – орнады (орынады емес), ойын + а – ойнады (ойынады емес), жиын + а + лыс – жиналыс (жиыналыс емес), ерін + еу – ернеу (ерінеу емес), қырық + ыншы – қырқынышы (қырықынышы емес)* т.т.

Р дыбысынан басталатын бірқатар сөздердің басында (**р** әрпінен бұрын) **ы, і** әріптері жазылады да, бірқатарында жазылмайды. Бұл сөздердің саны аса көп емес, сондықтан сөздіктен қарап жазуға болады. Дегенмен бұларды ажырататын белгілердің бірі мынадай: егер сөз басындағы **р** дыбысынан кейін қысаң **ы, і** дауыстыларынан басқа дауыстылар келсе, сөз басында **ы, і** әріптері жазылмайды: *рас, рай, рақмет, ресми, рәсім, рең, рет, риза, рия, ру, рұқсат, рәсуа*. Ал **р** дыбысынан кейін **ы, і** қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады: *ырым, ырыс, ырық, ірі, іріту, ырылдау* т.б.

Түбір сөздің басындағы **л** дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, сөз басында **ы, і** әріптері жазылмайды (*ілім* деген сөзден басқасында); *лақ, лаж, лас, лай, лезде, лек-лек, леп, леген, лоблу, лоқсу, лық* (толды). Бұл ережеге қарап *ілу, ілесу, іле-шала* дегендердің жазылуын шатастырмау керек: бұл сөздердің түбірі **іл** болғандықтан, сөз басында да **і** әрпі сақталады.

И әрпі кірме сөздердегі жалаң и дыбысымен қатар (*кино, икс, философ*), **ій, ый** қосар дыбыстарын да таңбалайды. Жінішке айтылатын и-дің алдынан **і** әрпін жазбау қазақ емлесінде бірсыпыра қалыптасып, орнықты: *би, тиек, киім, биік, имек, ирек, иіс, ине*. Сондай-ақ **и** дыбысының жуан айтылған түрі де (**ый**) жалаң и әрпімен таңбаланады: *бидай, диқан, риза, қария, ыық, дария, кагида, қиын, сиыр, Сагира, Қалима*.

Ій, ый дыбыстарын жалаң **и**-мен, сол сияқты **үу, ұу** дыбыстарын жалаң **у** таңбасымен беру оқыту ісінде, мысалы, сөздерді буынға бөлуде қиындық келтіретіні айтылып жүр. Тіл табиғатына қарасақ, *қиын, қиық, қуыс, гуіл* деген сөздер дұрысында *қы-йын, қы-йық, құ-уыс, гү-уіл* болып буындалуы керек, ал қазір жазылуына қарап шартты түрде *қи-ын, қи-ық, қу-ыс, гу-іл* деп буындап, соған қарай тасымалдап жүрміз.

Ый қосар әріптері тек *тый, сый* деген сөздерде ғана (олардың түбір тұлғасында да, қосымшалы түрінде де) жазылатынын негізгі ережеден ауытқу ретінде есте тұту керек: *сый, сыйлық, сыйлау, сыю, сыяды, сыйды; тый, тью, тыйылды* т.т.

Дауыссыздардың ішінде **х** әрпінің қазақ сөздерінде (негізінен араб,

парсы тілдерінен енген сөздерде) жазылуына өте ұқыпты қарау керек. Не морфологиялық, не фонетикалық принципке сай келмесе де, бірсыпыра сөздерде **х** әрпі жазылып, дәстүрге айналып кетті: *хат, хабар, халық, мұхит, сахна, -хана*. Оларды сөздіктен қарап жазуға болады. Ерекше есте болатын жағдай– араб, парсы тілдерінен енген көптеген сөздерде **х** әрпін жазудан сақ болу керек. *Бақыт, құрмет, қатер* тәрізді сөздерді *бахыт, хұрмет, хатер* деп жазу түпнұсқаға жуық келгенмен, қазақ емлесінде қалыптаспағандығын білу қажет. **Х** әрпі қазақ тіліндегі жалпы есімдерден гөрі, жалқы есімдерде (адам аттарында) жиірек қолданылады: *Мұхтар, Ахмет, Хамит, Халел, Хафиза, Райхан* т.б.

Қосымшалардың жазылуында да мына мәселелерге көңіл аударуға болады. Қазақ тілінде қосымшалар, негізінен, үндестік заңы бойынша жалғанады. Қосымшаның жуан не жіңішке жалғануына келгенде, түбірдің соңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігі ескеріледі: *кі - тап + тың, мұға - лім + нің, ки - но + ға, те - атр + ға*. Бірақ қосымшалардың буын үндестігінен ауытқып жалғанатын тұстары да бар. Мұндайда қосымша сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай емес, соңғы дауыссыз дыбыстың (не дыбыстардың) жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады. Бұл құбылыс әсіресе орыс тілі арқылы енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда айқын байқалады. Мысалы, *руль, ось* деген сөздердегі дауыстылар жуан болғанмен, бұлардың соңындағы дауыссыздар жіңішке айтылатындықтан, қазақ тілі қосымшалары да жіңішке жалғанады: *рульдің (рульдың емес), рулі (рулы емес), жердің осі (осы емес)*. Соңғы дауыссыздың жіңішкелігіне қарап қазақ тілі қосымшасын жіңішке жалғау **ль** дыбысына аяқталатын көп буынды сөздерге келгенде тек тәуелдік жалғауларына қатысты болады, яғни *магистраль, фестиваль* сияқты соңғы буыны жуан көп буынды сөздерге дауыссыздардан басталатын қосымшалар жуан жалғанады да, дауыстылардан басталатын тәуелдік жалғаулары жіңішке жалғанады: *магистраль + ға, магистраль + дық*, бірақ *магистралі, фестивальға*, бірақ *фестивалі*.

Енді бірқатар тұстарда, керісінше, сөздің соңғы буынында жіңішке дауысты дыбыстың әрпі таңбаланғанмен, қосымшалар жуан жалғанады. Мысалы, *кінә, күнә, күмән, Күләш, Іңқар* тәрізді соңғы буындарында **ә** әрпі жазылған сөздерге қосымша жуан жалғанады: *кінәлау (кінәлеу емес), күнәлы (күнәлі емес), күмәндану (күмәндену емес), күнәға (күнәге емес), Күләшқа (Күләшке емес)*.

ск, кс, кт, нг, лк, нкт, кль, брь, бль сияқты дауыссыздар тізбегіне аяқталған сөздерге де, соңғы буынның жуан не жіңішкелігіне қарамастан, қосымша жіңішке жалғанады. Мұнда бұл дыбыс қатарларының ішіндегі **к, г** дыбыстарының жіңішкелігі де әсер етеді. Осының салдарынан бұл тізбектер *кіт, кіс, нгі, нкіт, іскі, кіл, бір, біл* тәрізді болып айтылады: *Омскіге (Омскыға емес), фактіге (фактыға емес), фактісі (фактысы емес), танкіге (танкыға емес), паркке (паркқа емес), пунктке (пунктқа емес), спектакльге (спектакльға емес), ансамблі (ансамблы емес)*.

Емле ережелерінің соңғы редакциясы бойынша орыс тілінен енген **ог,**

уг дыбыстарына аяқталатын сөздерге де қазақ тілі қосымшалары жіңішке түрде жалғанатынын есте сақтау қажет. Г дыбысы қазақ тілі үшін жіңішке дауыссыз дыбыс екендігі мәлім. Сондықтан орыс тілінен енген сөздердің соңында осы дыбыс тұрса, қазақша сөйлегенде сөз соңы жіңішке айтылады. Осы заңдылық бұл сөздерге қазақ тілі қосымшаларын жалғауда үлкен әсер етеді, яғни жіңішке қосымшаларды қалайды: *педагогке, педагогтік, педагогі, округке, округтік, округі*. Қосымшалардың жазылуын сөз еткен тұста орыс тілі үлгісімен фамилия жасайтын **-ов, -ев, -ин (-ова, -ева, -ина)** жұрнақтарына да назар аудару қажет. Бұл күнде қазақтардың фамилиясын таныту үшін орыс тілі қосымшаларынан бас тартып, өзгеше белгілерімен қазақша беру принципі өте дұрыс екенін мақұлдай отырып, әлі де біраз уақыт осы жолмен жасалған қазақ фамилиялары қолданылатынын ескеріп, “Қосымшалардың жазылуы” деген тарамның 26-параграфында көрсетілген жұрнақтардың жалғану тәртібі, емлесі беріледі.

Қ о с ы м ш а л а р д ы ң жазылуында да тағы бір көңіл қоятын нәрсе – олардың кейбір тұлғаларға дефис (жарты сызықша) арқылы жазылатындығы. Әріптерден қысқарған сөздерге қосымшаның дефис арқылы жалғанып жазылуы – қалыптасқан ереже. Осымен бірыңғайлас болу үшін шартты белгілерге де, объект болып тұрған әріп, буын сияқты жеке тұлғаларға да қосымша жалғанғанда, дефиспен жазу керек: *10 см-ге, 20°-қа; и-дің* жазылуы (*и* әрпінің жазылуы), *да-ға* қарағанда (*да* шылауына қарағанда) т.б.

Тәжірибеде пайызды (процент), градусты таңбалар арқылы, ал бірсыпыра өлшем атауларын шартты әріптер арқылы белгілеу, басқа тілдердегідей, қазақша жазуда да бар. Мысалы: 5% (5 *процент* бұл сөз *пайыз* деген вариантта да қолданыла бастады), 20° (20 градус), 15 см (15 сантиметр), 250 га (250 гектар), 220V (220 вольт), 10A (10 ампер), 5W (5 ватт). Жазу тәжірибемізде көбінесе осы сөздер атау тұлғасында қолданылғанда, шартты белгілер арқылы жазылады да, соларға қосымша қосыла қалса, толық жазылатыны жиі кездеседі: 5%, ал 5 *процентке* немесе 5 *пайызға*; 10A, ал 10 *амперге*. Бұл шартты белгілермен берілген сөздерге де қазақ тілі қосымшаларын жалғағанда, оларды “ашып” жібермей-ақ, қосымшаны сол таңбалардың өзіне дефис арқылы тіркеп жазуға болады. Оқығанда таңбалар жеке әріп түрінде оқылмай, толық сөз түрінде оқылады. Мысалы: 5 см-ді, оқылуы – *бес сантиметрді* (5 эсэмді емес), 5 А-ге, мұның оқылуы – *5 амперге* (5 аге емес), 17°С-ге оқылуы – *17 градусқа (цельсийше 17 градусқа)*. Негізінен бұл қосымшалар таңбаның (әріптің) дыбысталу әуеніне қарай емес, сол әріп арқылы таңбаланған сөздің әуеніне қарай жалғанады. Мысалы: 5 А-ге (*бес амперге*), егер **а** дыбысының әуеніне қарай жалғанса, *5А-ға* болар еді.

Сөздердің б і р г е және б ө л е к жазылу ережелері жайында да бірсыпыра түсініктер беруге тура келеді, өйткені бұл – жазу тәжірибесінде көп қиындық тудырып келе жатқан мәселе. Сондықтан қазақ орфографиясы ережелерінің соңғы редакциясында жүргізілген толықтыру, айқындаулар осы салада көбірек орын алды. “Біріккен сөздердің компоненттері қосылып

жазылады және олардың дыбыстық жағынан өзгеріп кірігіп кеткен түрлері сол өзгерген қалпында, ал көпшілігі түбір тұлғаларын сақтап жазылады” деген мазмұндағы ережелер бұрыннан да бар әрі даусыз болатын. Жазуда қиындық туғызып келе жатқан жайт ереженің өзі емес, сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажыратуда болып келе жатыр.

Соңғы кездердегі жазу дәстүріміз көрсетіп отырғанындай, ғылым мен техникаға, қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне, мәдениетке, спортқа т.б. салаларға қатысты терминдік мәнде жұмсалатын күрделі атаулар бір сөз ретінде танылып кетті. Мысалы, 1978 жылға дейінгі орфографиялық сөздіктерде *келіс сөз, қонақ асы, жанар май* түрінде бөлек жазылып берілген сөздер күнделікті баспасөзде, кейбір оқулықтар мен жеке кітаптарда біріктіріліп жазылып жүрді. Екі түбірден құралып, терминдік сипат алған сөздерді біріктіріп жазу ережесі мен тәжірибесі бұрыннан бар (*өнеркәсіп, кәсіподақ, баспасөз, бесжылдық* т.б.).

Соңғы редакцияда бұрынғы: “Ғылымның әр алуан саласындағы терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар және басқа сөздер де бастапқы тұлғалары сақталып, дағды бойынша бірге жазылады” деген параграф сараланып, толықтырылды, атап айтқанда: “1) ғылым мен техника салаларында терминге айналған күрделі атаулар; 2) екі түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары; 3) шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, әр алуан ұғым атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары; 4) екінші сыңары *аралық, тану* сияқты сөздер және алғашқы сыңары *авиа, авто, изо, ультра...* тәрізді сөздер болып келген күрделі тұлғалар біріктіріліп жазылады” деп айқындалды және олар жеке баптарға ажыратылды.

Бұл күнде ғылымның сан алуан саласы қазақ тілінде сөйлеп отыр. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтардан бастап, ғылыми еңбектерде, ғылыми-көпшілік қолды әдебиет пен баспасөз беттерінде жүздеген күрделі терминдер мен тіркестер қолданылады. Олардың дені интернационалдық сөздер болса, енді бірқатары қазақ тілі мүмкіндігімен жасалған атаулар болып келеді. Солардың ішінде екі түбірді біріктіріп, жаңа ұғым атауын білдіру де кең орын алатыны мәлім. Бұл күнде көзіміз үйреніп, қолымыз дағдыланып қалған *баспасөз, өнеркәсіп, бесжылдық* дегендермен қатар, термин мәніндегі *қонақасы* (ресми, яғни үкімет қонақтарына берілетін), *келіссөз* (үкіметтер, мемлекеттік ұйымдар арасында жүргізілетін), *жарыссөз* (жиналыстарда айтылатын), *тілхат, қолхат* тәрізді сөздерді қосып жазу қажеттігі сезіледі.

Сондай-ақ биология, зоология терминдері болып саналатын өсімдік, аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа атаулары және солардың құрылысына, организміне (ағзасына) қатысты бөлшек не тұтастық атаулары екі түбір арқылы білдірілсе, оларды біріккен сөз ретінде тану қажеттігі даусыз. Мысалы, *гүлтабан, тозаңқан, бұршаққын, сүтқоректілер* деген сөздер – өсімдіктер мен жан-жануарлардың өздерінің атаулары емес, олардың бөлшектері немесе топтарының терминдік аттары.

Өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлар әлемінде *ақ, қара, сары, боз,*

теңбіл сияқты сын есімдермен келген бір ғана өсімдік түрінің немесе бір ғана аң-құстың, жәндіктің т.б. атаулары жиі кездеседі. Бұлардың қосылып не бірге жазылуында да қиындықтар ұшырасып жүр. Олардың бірге де, бөлек те жазылатын реттері (заңдылықтары) бар. Әдетте түсті, қасиетті білдіретін сөздердің жеке өзі белгілі бір аңның, өсімдіктің, жәндіктің, құстың тұқымын айырып көрсету үшін қолданылса, олар бөлек жазылады. Мысалы, *ақ аю, қара аю, қоңыр аю* дегендердегі аңның аты – *аю*, оның алдындағы сын есімдер аюдың тұқымдарын (түрлерін) айырып айтады, сондықтан бөлек жазылады. Ал кейбір атауларда түсті, қасиетті білдіретін сын есімдер немесе солармен тіркесетін негізгі сөздер өздерінің лексикалық негізгі мағынасынан айырылып, екеуі бірігіп, бір ғана аңның, құстың, өсімдіктің т.б. жалпы атауын білдіреді. Мысалы, *ақбауыр* (құс), *аққайран* (балық), *ақсары* (құс) дегендердегі *ақ* сын есімі өз тіркескен сөзімен бірге жазылады, өйткені бұл жердегі балық, құстардың атаулары *бауыр, қайран, сары* емес, бұл сөздер *ақ* сөзімен қосылып барып қана жалпы атау болып тұр, демек, мұндағы *ақ* сөзі де тек қана түсті білдіріп, айырымдық қызмет атқарып тұрған жоқ, сондықтан бұлар бірге жазылады. Әрине, кез келген сәтте бұларды бірден ажыратып тану оңай емес. Әр алуан кітаптарда, сөздіктерде, энциклопедияларда мұндай күрделі атаулардың жазылуында бірізділік болмай келеді. Бұлардың орфограммасын (таңбалануын) мүмкіндігінше реттеу – емле сөздіктерінің міндеті, бірақ мұнда да едәуір қиындықтар болатынын мойындаймыз.

Тек ғылым салалары емес, техника, шаруашылық, қоғам өмірі, мәдениет, күнделікті тұрмыс, өнер, спорт сияқты салаларға да қатысты терминдік мәнге ие болған сөздер аз емес. Мысалы, бір ғана спортта, *бессайыс, онсайыс, жанкүйер, тоғызқұмалақ* тәрізді күрделі сөздер термин есебінде қалыптасты. Сондай-ақ өнер-білімге қатысты *қылқалам, күйтабақ, сөзжұмбақ, сөзтізбе, төлтума, жолжазба* сияқты атаулар да жиі қолданылып, бір сөз ретінде танылып жүр. *Жолсерік* (проводник), *жағажай* (пляж), *ақжайма* (простыня), *балабақша* (детский сад), *гүлтәж* (венок), *саяжай* (дача), *майбалшық* (раствор сияқты сөздер белгілі бір ғылым мен техника саласының терминдері болмағанымен, бір ғана атау ретінде қолданылып, біріктіріліп жазылып жүргені аян. Әсіресе екі түбірден жасалған мамандық кәсіп, қызмет, белгілі бір бағыт иелері атауларын бір сөз деп тануға бет алып барамыз: *теміржолшы, қызылізшілер, ізашар* т.т. Міне, тілдегі осы бағыт жазуда да өз әсерін тигізіп отыр: бір сөз ретінде танылғаннан кейін мұндай атауларды біріктіріп жазу дәстүрі орныға бастады.

Осы жерде соңғы емле ережелерінің кісі аттарының жазылуына енгізілген өзгерістер мен түзетулерге назар аудару қажет. Мұнда “екінші компоненті *қ, к* дыбыстарынан басталатын біріккен сөзден болған кісі аттары естілуінше жазылады” деген ескерту айтылды. Мысалы: *Қоскелді, Амангелді, Төрегелді, Күсенқали, Амангали, Құтқожа, Телгожа, Көккөз, Қарагөз, Аққыз, Айғыз*.

Жалпы кісі аттарының жазылуына байланысты және мынаны айту

кажет: қазақтың төл сөздерінен жасалғандары болсын, араб, парсы сөздерідерінен қойылғандары болсын, кісі аттарына қатысты жалқы есімдерде едәуір ерікіндік бары байқалады. Бір сөздің өзі әр түрлі болып қойыла береді. Мысалы: *Шекер – Секер (хан), Әлия – Ғалия – Қалия, Зәуре – Зура – Зухра, Гүлбаршын – Гүлбараиш, Нәзікен – Назықан, Роза – Рауза, Фарида – Фариза, Болат – Полат, Жүсіп – Нүсіп – Дүсіп – Түсіп – Жұсып, Асанғали – Асанәли – Асанәлі, Құрбан – Құрман, Мұхамбет – Мұхаммет (қали) – Махамбет – (Айт)мағамбет – (Айт) мұхамбет* т.т. Бұл варианттардың көпшілігі өзге тілдік есімдерді әр жерде әр түрлі қабылдауға (*Шекер – Секер, Фариза – Фарида*), оларды қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына түрліше бағындыруға (*Мұхаммед* есімінің қазақша сан түрлі болып қойылуы бұған дәлел), жуан-жіңішке айтуға (*Нәзім – Назым, Айтым – Әйтім*) тағы осы сияқты себептерге байланысты болып келеді. Бұл жарыспалы қатарлардың тек біреуінің қолданылуын (демек, жазылуын) талап етіп, қалғандарына тыйым салу мүмкін емес. Бұл – тек жалқы есімдерге тән құбылыс. Сондықтан қазақша кісі аттары баласына ат қойған ата-анасының қалауына немесе сөздің сол өлкеге, сол отбасына тән болып калыптасып, дағдылануына байланысты қалай айтылса, солай жазылғаны дұрыс. Бірақ бұл ерікіндікті тілдің дыбыстық заңдылықтарына қайшы етіп пайдалануға болмайды. Мысалы, қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздер еш уақытта екі дауыссыз дыбыстан басталмайды. Ол екі дауыссыз дыбыстың не алдында (сөз басында), не ортасында **ы**, **і** дауыстыларының бірі қатысып айтылады. Бұл фонетикалық заңдылыққа жалпы есімдер де, жалқы есімдер де (соның ішінде кісі аттары да) бағынады. Сондықтан соңғы жылдары кітап, газет-журнал беттерінде орын теуіп бара жатқан *Рза, Сматай, Сланов, Рсалды, Смайыл, Сқақ* сияқты жазулар мүлде қате. Бұл есімдер қазақша жазғанда *Ырза* (немесе *Риза*), *Сыматай, Сылан(ов), Ырысалды* (немесе *Ырсалды*), *Ысмайыл* (немесе *Сымайыл*), *Ысқақ* түрінде таңбалануы керек.

Күрделі сын есім жасап тұрған екі (кейде үш) сөздің әрқайсысы өздерінің нақтылы лексикалық мағынасына ие болып тұрса, бір-бірінен бөлек жазылатындығын алдыңғы айтылған (көрсетілген) топтармен шатастырмау керек. Мысалы: *үш бұрышты тақтай, көп таңбалы сан, ауыл шаруашылық артелі*. Бұл жердегі көрсетілген күрделі сын есімдердің әр сөзінің бөлек жазылу себебі олардың өз мағыналарын сақтап тұруларында. Аударма әдебиетте, содан барып төл жазбаларда да осы тектес сын есімдерді қосып жазып шатастыру кездеседі, себебі бұлар орыс тілінде біріккен сөз болады: *треугольная дощечка, многозначное число, сельскохозяйственная артель*. Бірақ екі тілдің сын есімінің жасалуы мен жазылуы тепе-тең емес екендігін, яғни айырмашылық болатындығын қатты ескеру қажет.

Сол сияқты күрделі сан есімдердің, күрделі етістіктердің әрбір компоненті (сөзі) бір-бірінен бөлек жазылатындығы да қазақ тілінің ерекшелігі: *он бірінші, он бір, он бес, он бестегі; қол қой, қол қойды, көре алмады, көре алмаушылық* т.т.

Емлеге байланысты көңіл аударатын жайт – бір сөздің екі не одан да көп болып келетін нұсқаларының (варианттарының) қайсысын таңдап жазу жайында. Табиғаты жағынан мұндай қатарлардың біркелкі емес екенін ескеру қажет. Бір алуан нұсқалардың қайсысын таңдау негізінен емлеге қатысты емес, лексикалық нормаға, яғни ол жарыспа қатарлардың тілде қолданылу сипатына байланысты болады. Кейбір вариант қатарларының екеуі де (кейде үшеуі, төртеуі де) қолданыла беруі мүмкін. Мысалы, әдеби тілдің өзінде бір түбірден өрбіген *разы, риза, ырза* деген үш түрлі тұлғаның үшеуі де жұмсалады. Сол сияқты бір түбірден тараған *сұрақ – сұрау, рұқсат – лұқсат, адас – аттас, едәуір – недәуір, шейін – шекті, я – жә, өн бойы – өне бойы, бұл – бұ, қаһар – кәр, заһар – зәр, әскер – ләшкер, адым – қадам, күнбағыс – күнбағар, айдаһар – аждаһа, шайтан – сайтан, күкірт – кеуірт, лық толды – лықа толды, заман – замана, жиналыс – жиылыс, қоныш – қойыш, бүліну – бұлу* дегендердің екі сыңары да – тілден орын алуға құқықты сөздер. Олардың бірқатарының екі варианты да әдеби норма болса, енді бірсыпырасының біреуі көне тұлға (*ләшкер, ұғыл, адас*) немесе жергілікті қолданыс (*кеуірт, қойыш, күнбағар, шекті*) болып келеді. Сондықтан мұндай бір мағынадағы жарыспалы қатарлардың екеуі де (кейде үшеуі, төртеуі де) сөздіктерден орын алып, орфограммалары (жазылу түрі) көрсетіледі.

Енді бірқатар жарыспалы тұлғалар бір түбірден екі түрлі мағына беретін екі сөз жасаудың нәтижесінде пайда болғандар. Мысалы: *үкімет* (правительство) және *өкімет* (власть). Бұл екі сөздің түбірі – *хукмат* деген бір сөз. Сол сияқты *есеп және хисап, әрекет – харекет, найзағай – нажағай, дүр – дүррі, қаһар – кәр, кәдімгі – қадим* (заман) т.б.

Жарыспалы сөздердің үшінші тобына стильдік мақсатпен бір сөздің екі түрлі тұлғада жұмсалатындары жатады. Мысалы, мына қатарлардың әрқайсысы белгілі бір стильдік жүк арқалап жұмсала береді: *шайтан – сайтан* (соңғысы “өжет, өткір, жұртты өзіне қаратқан” деген сияқты ауыспалы мағынада стильдік мақсатпен қолданылады: *Мен қара көз сұлумын, сайтан қызбын – Ж.Молдағалиев*), *жұмақ – ұшақ* (соңғысы ауызекі сөйлеу тілінің элементі ретінде көркем әдебиетте кейіпкер аузына салынады), *әзіз – газиз, көңіл – кеуіл, патша – падиша, заман – замана, көктем – көктеме, беріп жіберді – періп жіберді* (соңғысы “соғып қалды, қойып жіберді” дегенді айырып көрсету мақсатында жазылуы мүмкін).

Сөйтіп, жарыспалы қатарлардың қай сыңарын жазуда контекске қарау қажеттігі туады.

Тағы бір алуан варианттар қатарының жазуда біреуін таңдауға тура келеді. Олар – фонетикалық-орфографиялық дублеттер, яғни бір сөз екі түрлі айтылып, бірақ ешбір мағыналық айырмасы не стильдік жүгі жоқ болып келетін сөздер. Мұндай қатарлардың біреуін жазуда тұрақтандыру арқылы әдеби норма етіп қалыптастыруға тура келеді. Мысалы: бұл күнде *лағынет – лағнат, башай – бәшей, саршұнақ – сары-шұнақ, ерегіс – ерегес, қонағуар – қонақуар, уайым – уәйім, жай – жәй, екі ұшты – екі үшті* тәрізді фонетикалық дублеттердің алдыңғы сыңарларын жазып тұрақтандыру бағыты күшті.

Оқулықтар мен анықтағыш құралдарда көрсетіп отыру арқылы, күнделікті жазу тәжірибесінде, әсіресе баспасөзде біркелкі қолдану арқылы бұрын екі-үш түрлі жазылып келген жүздеген сөздердің бір ғана тұлғада таңбалануы едәуір орнығып қалды. Мысалы, *бәйтерек, бәйшешек, диқан, ерегіс, жай, қазір, қисса, меруерт, мысалы, өйткені, өйтіп, патша, сіріңке, шілдеhana* сияқты сөздердің *байтерек, байшешек, дихан, ерегес, жәй, кәзір, хисса – қысса – қыса, мерует, үйткені, үйтіп, патса, сіреңке, шілдеқана, шылдақана* деген варианттарының жазылуы біршама тежелді. Мұндай фонетикалық-орфографиялық варианттардың дұрысын емле сөздіктерінің көрсетуі бойынша жазу керек.

Қ о с с ө з д е р д ің жазылуын сөз еткенде, дефис арқылы жазылатын қос сөздерден басқа, үтір арқылы немесе тіпті ештеңе қойылмай жазылатын күрделі қосар құрылымдардың болатындығын еске алу керек: *аны кіріп, күні шығып; үлде мен бүлдеге; ақай жоқ, тоқай жоқ; күн демей, түн демей* т.б.

3. Кейбір пунктуациялық ережелер жайында

Тыныс белгісі ережелерінің ішінде оңашаланған айқындауыш мүшелердің және құрмалас сөйлемдердің ажыратылуына тоқталып өтуге тура келеді.

Оңашаланған айқындауыш мүше қазақ тілінде өзіне қатысты сөзден кейін келеді. Ол өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындақырай, дәлелденкірей түсу үшін қолданылады. Оңашаланған мүше, көбінесе, *атап айтқанда* деген сөзді қосуды тілеп тұрады. Оңашаланған мүшені айтқан кезде ол сөйлемдегі басқа сөздерден дауыстың аздап кідірісімен бөлініп тұрады: *Ол Құнанбай аулына, Қорыққа, осы Ералыдан барған болар* (М.Әуезов). Мұндағы *Қорыққа* деген сөз Құнанбай аулы деп тұрғаны Қорық екендігін айқындай түседі: *Ол Құнанбай аулына, атап айтқанда Қорыққа, осы Ералыдан барған болар*.

Оңашаланған айқындауыш мүшенің тағы бір белгісі – ол өзі айқындап тұрған сөзбен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келеді. Мысалы: *Тобықты ішінде ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады* (М.Әуезов). Мұнда айқындалып тұрған *Зеренің* деген сөз бен оңашаланып тұрған *...шешесінің* деген сөз екеуі де ілік жалғауда. Ал осылардың біреуі жалғаусыз айтылса, ол оңашаланған айқындауыш мүше емес, қосалқы айқындауыш мүше болып кетеді: *Тобықты ішіне ең алғаш келген арба Құнанбайдың кәрі шешесі Зеренің көк арбасы десе де болады*. Қосалқы айқындауыш пен айқындалушының арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды.

Оңашаланған айқындауыш мүшелердің үшінші бір белгісі – олардың бірқатары *яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, болмаса, басқаша айтқанда, көбінесе, оның ішінде, атап айтқанда* деген сөздермен қоса айтылады. Әдетте түсінбеушіліктен осы сөздердің жеке өздерін екі жағынан бірдей үтірмен бөліп тастаушылық кездеседі. Ол дұрыс емес. Екі жағынан үтірге осы сөздермен қоса жасалған оңашаланған тізбек алынады: *Әңгілемізді өнердің бір түрі, мысалы музыка, туралы бастайық. Жастар, әсіресе мектеп балалары, спортқа үйір келеді*.

Тағы бір көңіл қоятын мәселе – *сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл* деген сөздермен және *-дай* жұрнақты сөзбен келген тізбектердің де сөйлем ішінде оқшауланып тұратындығы. Сондықтан мұндай құрылымдар да, оңашаланған мүше тәрізді, екі жағынан бірдей үтірге алынып жазылады.

Қарсылықты мәнді құрмалас сөйлемдердің жалғаулықтары түсіріліп айтылса, жай сөйлемдердің арасында үтірдің сақталатындығын және түсіп қалған жалғаулықтың орнына сызықша қойылып жазылатындығын есте ұстау қажет. Мысалы: *Елге мойнымды созам, – көрінбейді. Маңайға мойнымды созам, – дәнеңе жоқ* (С.Мұқанов) деген сөйлемді алсақ, оның жалғаулықты түрі былай болар еді: *Елге мойнымды созам, **бірақ** [ел] көрінбейді. Маңайға мойнымды созам, **ал** [маңайда] дәнеңе жоқ.* Бұл құрылым мақал, жұмбақ сияқтылар мен өлең жолдарында жиі кездеседі: *Аяғы жоқ, – жүреді, аузы жоқ, – сөйлейді. Үйде шешен, – дауда жоқ, үйде батыр, – жауда жоқ.*

Кез келген жалғаулықтың түсіп қалған жеріне сызықша қойыла бермейді. Құрмаласқан жай сөйлемдердің арасындағы өйткені, сондықтан, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып айтылса, сол жерге қос нүкте қойылады: Қасқырдың артына алаңдағанына енді ғана түсіндім: оның арт жағында шоқақтап екі бөлтірік кетіп бара жатыр (С.Мұқанов). Маған қиыны екі етігім болды: сазға кірген етіктер әлденеге тістесіп тұрып алады да, қонышынан қолыңмен тартпай шықпайды (С.Мұқанов).

Сабактаса құрмаласқан жай сөйлемдердің бастауышы көбінесе екеуіне ортақ болып келеді. Мұндайда бастауыш қай жай сөйлемнің құрамында айтылса, соған жатқызылады да, үтір екі жай сөйлемнің аралығына қойылады. Осы ережені жете білмегендіктен, кейде бірінші жай сөйлеммен келген ортақ бастауышты оның құрамынан үтірмен бөліп тастап, екінші жай сөйлемге жатқызу кездеседі. Мысалы: *Мен, оқуды бітіріп, Қарағандыға бара жатырмын.* Мұндағы тыныс белгісі дұрыс қойылмаған. Бұл жерде оқуды бітірген де *мен*, Қарағандыға бара жатқан да *мен*. Сондықтан *мен* деген бастауыш қай жай сөйлемнің құрамында айтылса, соған кіреді: *Мен оқуды бітіріп, Қарағандыға бара жатырмын.* Немесе: *Оқуды бітіріп, мен Қарағандыға бара жатырмын* (Оқуды бітіріп *мен*, Қарағандыға бара жатырмын деп жазу да дұрыс емес).

Пунктуация ережелерінің бірқатарын сөз еткенде, соларға сәйкес орыс тілінің пунктуация ережелерімен салыстырып отыруға тура келеді. Әрине, екі тілдегі қолданылатын пунктуациялық таңбалар бірдей болғанмен, олардың қолданылатын орындарының әрдайым бірдей болуы мүмкін емес. Осыған қарамастан, орыс тіліндегі сөйлемде қай жерде қандай тыныс белгісі тұрса, соны бұлжытпай қазақ сөйлеміне көшіре салу тәжірибеде кездесіп қалады. Мысалы, орыс тілінде бір жай сөйлемдегі баяндауыш келесі жай сөйлемде (құрмалас сөйлемнің құрамындағы) түсіріліп айтылса, орнына сызықша қойылады:

1) *Я читал книгу, а он – газету.* 2) *В этих случаях из одних физических тел получают другие физические тела: из стакана – кусочки стекла, из куска парафина – свеча* (“Химия” оқулығынан). Қазақ тілінде құрмаласқа енген

жай сөйлемдердің соңғысының баяндауышы түсіріліп айтылмайды. Керісінше, алдыңғы сөйлемдер баяндауышсыз қалдырылып, баяндауыш жалпы сөйлемнің соңында айтылады немесе баяндауыш екі рет қайталанады. Жоғарғы сөйлемдердің аудармаларын қараңыз:

1) Мен кітап, ол газет оқыды. Тіпті дұрысырағы: Мен кітап оқыдым, ал ол газет оқыды (Мен кітап оқыдым, ол – газет деген сияқты сөйлем құрылысы болмайды). 2-сөйлемнің дұрыс аудармасы: Бұл жағдайларда физикалық бір денелерден екінші бір денелер: стаканнан бірнеше шыны сынығы, парафиннің бір кесегінен май шам пайда болады. Қазақша құрылған сөйлемде ешқандай сызықша қойылмайды.

Сондай-ақ орыс тілінде құрмаласқан жай сөйлемдердің бірі шартты мәнді болса, араларына сызықша қойылғанымен, қазақ тілінде шартты бағыныңқылы сөйлемдерде сызықша емес, үтір қойылады (бұлар жайында ережеде толық айтылады). Тыныс белгілерінің қойылуын бұлайша орыс тіліндегі тәртібімен салыстырып отырғанымыздың себебі – кейбір әдебиет түрлерінің орыс тілінен аударма болып келетіндігін ескеруге байланысты. Әсіресе көркем әдебиет пен ғылыми әдебиет үлгілерінің, оның ішінде кейбір оқулықтардың орыс тілінен жиі аударылып келе жатқанын ескермеске болмайды. Сол сияқты ағылшын, неміс, француз тілдері сияқты өзге тілдерден де қазақ тіліне тікелей аударма жасаған күнде де, тыныс белгілері тек қазақ тілінің синтаксистік құрылысына орай қойылуы тиіс екенін жақсы білу қажет.

ОРФОГРАФИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 1. *А, е* әріптері сөздің барлық буындарында жазылады: *ал, ала, алақан, аспан, мақала, сарымсақ; ер, ереже, ерік, елгезек, имек.*

Сөз басындағы **ж, ш** дыбыстары мен **й** дыбысының ортасында келген жуан дауысты **а** дыбысы көбінесе **ә** болып айтылады, бірақ **а** әрпі жазылады: *жай* (барлық мағынада да: *жай жүр, жай сөйлем, жай отыр, жай түсу, дастарқанды жай, жайма шуақ* т.б.) және осы түбірден өрбіген сөздер (*жайбарақат, жайғасу, жайғызу, жайдан-жай, жай-жағдай, жай-жапсар, жай-күй, жайлы, жайсыз, жайлап* т.б.); *шай, шайы* (көйлек).

§ 2. **Ә** әрпі көбінесе сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: *ә-сем, ә-леумет, ә-демі, тәр-тіп, кә-сіп, Сәу-ле, дәу-рен, ән, әл, әр, жә* (одағай).

Сөздің алғашқы буынындағы (не алғашқы буындарындағы) жіңішке дауыстының әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын (естілетін) **ә** дыбысының орнына, негізінен, **а** әрпі жазылады: *тәкаппар* (айтылуы – *тәкәппар*), *ләззат* (айтылуы – *ләззәт*), *рәсуа* (айтылуы – *рәсуә*), *Жәмила* (айтылуы – *Жәмилә*), *Сәбира* (айтылуы – *Сәбирә*), *Кәмила* (айтылуы – *Кәмилә*) және тағы осы сипаттас жалқы есімдер.

Ескертулер. 1. Мына сөздердің екінші буындарында естілуінше **ә** әрпі жазылады: *сірә, куә, күнә, кінә, іңкәр, зәмзәм (суы), жүдә, күмән, мүсәпір, дүдәмал, шүбә, мәмпәси* (бұлардың жазылуын емле сөздіктерінен қарап білу керек).

2. Бірінші буыны жіңішке **ү** дыбысымен келген жалқы есімдердің (көбінесе кісі аттарының) екінші буынында да естілуінше **ә** әрпі жазылады: *Күлән, Күләнда, Күләш, Күләй, Мүтән.*

3. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (яғни олардың екінші сыңарының алғашқы буынында) **ә** әрпі жазыла береді: *ендігәрі* (ендігіден//ә-рі), *әжептәуір* (әжеп//тә-уір), *Гүлжәмила* (Гүл//жә-мила), *Бейсенәлі* (Бейсен// ә-лі), *әлсін-әлі* (әлсін//ә-лі), *кәп-кәрі* (кәп//кә-рі), *әп-әсем* (әп//ә-сем).

§ 3. *О, ө* әріптері қазақтың көп буынды сөздерінің алғашқы буынында және бір буынды сөздерде ғана жазылады: *о-рамал, о-тын, то-ры, до-лана, ө-сімдік, ө-кімет, кө-леңке, ол, от, ор, оқ, он, өс, өр, өн, тор, төс, төр, төрт.*

Алғашқы буындағы еріндік **ө** дыбысының әсерімен екінші буындағы езулік **е** дыбысы **ө** болып естіледі (айтылады), бірақ жазуда **е** әрпі жазылады: *бөрене* (айтылуы – *бөрөне*), *көбелек* (айтылуы – *көбөлек*), *жол-жөнөкей* (айтылуы – *жолжөнөкей*).

Ескертулер. 1. Орыс тілінен енген сөздердің соңғы буындарында **о** әрпі жазыла береді: *кино, динамо, аккорд, паспорт, синоним.*

2. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (яғни олардың екінші сыңарларының алғашқы буынында) **о, ө** әріптері жазыла береді: *көркем-өнер* (көркем//ө-нер), *кәсіпорын* (кәсіп//о-рын), *алабота* (ала//бо-та), *Айнамкөз* (Айнам//көз), *оқтын-оқтын* (оқтын//оқ-тын), *төсек-орын* (төсек//о-рын).

§ 4. **Ұ, ү әріптері**, негізінен, сөздің бірінші буынында және бір буынды сөздерде жазылады: ұ-лы, ұ-зын, ұлан, құ-лақ, жұ-дырық, құ-мыра, үл-кен, түй-йіншек, түй-реуіш, ұн, ұл, үн, үш, құн, күн, күрт.

Алдыңғы буындағы еріндік **Ұ, ү, о, ө** дыбыстарының әсерімен келесі буында естілетін (айтылатын) **ұ, ү** дыбыстарының орнына **ы, і** әріптері жазылады: құндыз (айтылуы – құндұз), құрық (айтылуы – құрұқ), бүгін (айтылуы – бүгүн), күбір (айтылуы – күбүр), орын (айтылуы – орұн), өңір (айтылуы – өңүр), домбығу (айтылуы – домбұғу).

Ескертулер. 1. Мына тәрізді түбір сөздердің екінші буындарында естілуінше **ұ, ү** әріптері жазылады: бұлбұл, байғұс, мазмұн, мақұл, мағлұмат, дүлдүл, мәжбүр, дәстүр, марқұм, нақұрыс, әңгүдік (бұлардың жазылуын орфографиялық сөздіктерден қарап білуге болады).

2. Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (яғни олардың екінші сынарында) **ұ, ү** әріптері жазыла береді: көкқұтан (көк//құ-тан), Аққұдық (Ақ//құ-дық), қыстыгүні (қысты//гү-ні), мал-мүлік (мал//мү-лік), күп-күрең (күп//кү-рең).

§ 5. **Ы, і әріптері** сөздің барлық буындарында жазылады: ыс, ыстық, ыдырау, қыдырыс, қыртыс, торы, іс, кіріс, ірі, кідіріс.

Үш буынды сөздердің ортасында дүдәмалдау естілетін қысаң **ы, і** дыбыстардың әріптері көбінесе түсірілмей жазылады: абырой, адыраспан, адыраю, ажырау, азына, айырым, ақымақ, аңызақ, аңырау, атырап, атырау, әсіресе, бадырақ (көз), бадыраю, бытыра, дәрігер, едірею, ежірею, елегізу, жадырау, жайылым, жапырақ, жауырын, жұдырық, көбінесе, көкірек, қабілет, қагілез, қазына, қапырық, қасірет, қатынас, қоңырау, құбылыс, құдірет, құжынау, құмыра, құрылыс, мағына, маңырау, мәжіліс, мәлімет, мәміле, мейірім, меңіреу, мөңіреу, омырау, өкімет, саңырау, сүмірею, тамызық, тебірену, тоқырау, топырақ, төңірек, ұмыту, ұмытылу (“естен шығу” мағынасында), үзіліс, үкімет, шекірею, шұғыла, ыдырау, ықылас, ысырап.

Ескерту. Мына сияқты сөздердің ортасында **ы, і** әріптері жазылмайды: баурай, баурау, лоблу, мәжнүн, малғұн, медресе, сахна, яғни (бұлардың жазылуы емле сөздігі бойынша реттеледі).

Кейбір сөздердің соңғы буындарындағы **ы, і** дыбыстары сол сөздерге белгілі бір қосымшалар жалғанғанда, айтылуы да, жазуда да сусып түсіп қалады. Мысалы: орын + а – орна /ды/, ойын + а – ойна/ды/ (бірақ ойын + ым – ойыным, ойын + ы – ойыны), бұйыр+ ық – бұйырық, жиын + а + лыс – жиналыс, қорық+ ыт – қорқыту, қорық + а + атын – қорқатын, үрік + ек – үркек, ауру + у (адам) (бірақ етістік ауыру), ерін + еу – ернеу, қырық + ыншы – қырқыншы, айыр + ық + ша (айрықша).

Ескертулер. 1. Айыр-, қайыр-, майыр-, шойыр-, үйір-, шүйір- сияқты етістік түбірлеріне етіс жұрнақтары (-ыс, -ыл т.б.) жалғанғанда **й**-ден кейінгі **ы, і** әріптері түсірілмей сақталып жазылады: айырылу, айырысу, қайырылу, қайырысу, үйірілу, шүйірілу.

2. Соңғы буынындағы **ы, і** әріптерін түсіріп не түсірмей жазу бірқатар сөздердің мағынасын айыру үшін пайдаланылады. Мысалы: ауыру – етістік (көп ауыруға болмас) және ауру – зат есім (Ауру адам жазылып келеді; Ауруды асқындырмау керек); ұмтылу – талпыну және

ұмытылу – естен шығу.

Соңғы буындарында **ы, і** дыбыстары бар сөздерді тәуелдегенде, көбінесе соңғы буындарындағы **ы, і** әріптері сақталып жазылады: *киім + і – киімі, бауыр + ы – бауыры, бақыт + ы – бақыты, бұйым + ы – бұйымы, дәуір + і – дәуірі, пейіл + і – пейілі, рақым + ы – рақымы, уақыт + ы – уақыты, уыт + ы – уыты, ырыс + ы – ырысы, иіс + і – иісі, ғылым + ы – ғылымы.*

Е с к е р т у. Тәуелдегенде соңғы қатаң дауыссыз дыбысы ұяндап кететін сөздерде **ы, і** әріптері түсірілмейді: *көрік + і – (ұстаның) көрігі, білік + і – (арбаның) білігі, Халық + ы – (Мұсабайдың) Халығы.* Бірақ бұған қарап кез келген сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, соңғы буынындағы **ы, і** дыбыстарын сақтап жаза беруге болмайды. Мына сияқты сөздерді, яғни соңғы буынындағы қысаң **ы, і** дыбыстары үнді (сонор) дыбыс пен қатаң дыбыстың ортасында келген сөздерді тәуелдегенде, қысаң дыбыстар сусып түсіп қалады және түсіріліп жазылады: *бөрік + і – бөркі, көрік + і – көркі* (“ажар, келбет” мағынасында), *мойын + ы – мойны, мұрын + ы – мұрны, халық + ы – халқы, ерік + і – еркі, әріп + і – әрпі* т.т.

Ы, і дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, **ы, і** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *алты + ау – алтау, жеті + еу – жетеу, екі + еу – екеу.*

Ы, і дыбыстарына аяқталатын етістіктерге **-у** жұрнағы жалғанғанда, **ы, і** әріптері түсіріліп жазылады: *оқы + у – оқу, тоқы + у – тоқу, кемі + у – кему, жібі + у – жібу, иі + у – ию, кейі + у – кею.*

Л, р дыбыстарынан басталып, одан кейін **а, ә, е, у, ұ, и** дыбыстары келетін түбір сөздердің басында **ы, і** әріптері жазылмайды: *лаж, лайық, лас, лай, лайсаң, лақ, леген, рай, рас, лауазым, лашын, лашық, лақа (балық), лақап, лезде, леп, лепіру, лоблу, рақат, рақым, рет, ренжу, рең, реңк, ру, рух, рухани, рұқсат, риза, рия, ризық, рәсуа.*

Л, р дыбыстарынан басталып, одан кейін қысаң **ы, і** дыбыстары келетін сөздердің басында (**л, р** әріптерінен бұрын) **ы, і** әріптері жазылады: *ырыс, ырым, ырық, ырылдау, іріту, ілігу.*

Сөз **р** немесе **л** дыбыстары мен қатаң дауыссызға аяқталып, шұғыл айтылатын жағдайда бұлардың арасына **ы, і** әріптері жазылмайды. Мысалы: *ұлт, жұрт, кілт, бұлт, қарт, төрт, құрт, күрт, жалт-жұлт, тарс-тұрс, бырт-бырт, жарқ-жұрқ, салт, қалт* (етті).

Е с к е р т у. Шұғыл айтылмайтын соңғы сонор мен қатаң дауыссыздың арасына **ы, і** қойылып жазылады: *жарық* (сәуле), *қарыс* (бір қарыс сақалы бар), *қарыт* (аязға бетін қарытып алды), *тұрыс* (бұл тұрысың маған ұнамайды).

§ 6. Ё, э әріптері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *пулемёт, Пётр, Семён, этажерка, эпос, поэма, эволюция, экономия.*

§ 7. Я, ю әріптері қазақ сөздерінде **й + а, й + у** қосар дыбыстарын таңбалап, дауысты әріптен кейін ғана (я әрпі бірен-саран қазақ сөздерінің басында да) жазылады: *аю* (айу), *үю* (үйу), *қою* (қойу), *аян* (айан), *қоян* (қойан), *баяндауыш* (байандауыш), *яғни, яки, япырмай.*

Бұл әріптер орыс тілінен енген сөздерде қосар **йа, йу** дыбыстарының да

(*каюта, маяк*), жалаң а, у дыбыстарының да таңбасы ретінде қолданылады. Соңғы жағдайда дауыссыз дыбыстан кейін келеді де, оны жіңішкертіп тұрады: *октябрь – окт'абрь, поляр – пол'ар, бюджет – б'уджет, бюллетень – б'уллетень, полюс – пол'ус*.

И дыбысына біткен етістіктер мен *сый, тый* деген етістіктерге -у, -а жұрнақтары жалғанғанда, олар **ю, я** болып жазылады (*сый, тый* деген сөздерде й әрпі түсіп қалады): *қи + у – қию, қи + а – қия, ки + у – кию, и + у – ию, сый + у – сью, сый + а + ды – сыяды, тый + у – тью, тый + ады – тьяды*.

Ю әрпіне аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, **ю** таңбасы сақталады да, үш дауысты әріп қатар жазылады: *баю + ы – баюы* (Біз ауылдың баюын әнгімеледік); *кею + і – кеюі* (Ол кеюін қойды).

Е с к е р т у. Мына сөздерде қатар келген **йу** әріптерінің орнына **ю** әрпі жазылмайды, сол таңбаларының өзі сақталады: *айуан, хайуан, бейуақ, кейуана*.

§ 8. **У** әрпі үш түрлі қызмет атқарады: 1) жуан айтылатын ұу дауысты дыбысын таңбалайды: *су (сұу), суық (сұуық), туыс (тұуыс), бару (барұу), жу (жұу), жуық (жұуық)*; 2) жіңішке айтылатын үу дауысты дыбысын таңбалайды: *гу (гүу), гүледі (гүуледі), келу (келүү), жүру (жүрүү)*; 3) сөз басында дауысты дыбыстан бұрын тұрса (*уақ, уыс, уақиға, уылдырық, уілдеу*) және сөз ішінде дауысты дыбыстан кейін не екі дауыстының арасында тұрса, у әрпі үнді (сонор) дауыссыз дыбыстың таңбасы болады да, жеке бір өзі буын жасай алмайды. Мысалы: *уа-қыт, уыл-ды-рық, уыс (у-ыс емес), тау (та-у емес), қашау (қа-ша-у емес), та-уық (та-у-ық емес), тыр-на- уыш (тыр-на-у-ыш емес)*.

Ескертулер. 1. **И, й**-лерден кейін тұрған у дыбысы үнді (сонор) дауыссыз дыбыс болады да, өз алдына буын құрай алмайды: *ай-уан (ай- у-ан емес), бей-уақ (бей-у-ақ емес), кей-уа-на (кей-у-а-на емес), ми-уа (ми-у-а емес)*.

2. Екі дауыстының ортасында келген **у** дыбысы сөзді буындағанда, соңындағы дауыстымен бірігіп, келесі буынның басқы дыбысы болады: *та-уық, (тау-ық емес), жа-уын (жау-ын емес), та-ра-уы (тар-ау-ы емес), ба-ян-да-уыш (ба-ян-дау-ыш емес)*.

3. **Түү алыста, түү баста** деген тіркестердегі **түү** сөзі және *түүь* одағайы, *шуу* дегенде, *айт-шуу, шуу-шуулеу* тіркестеріндегі *шуу* сөзінде жіңішке **у** дыбысы үу арқылы таңбаланады. **У** дыбысына аяқталатын етістіктерге -у жұрнағы жалғанғанда, екі уу әрпі қатар жазылады: (жүкті) *бу + у – буу*, (қоянды) *қуу*, (сиырды) *сауу*. Бұларға дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, үш дауысты әріп қатар жазылады: *Ол сиырды саууын (сау + у + ы + н) тоқтатты. Біз қоянды қууын (қу + у + ы + н) қуып едік, – жете алмадық*.

§ 9. **И** әрпі жалаң **и** дыбысын және қосарлы **ый, ій** дыбыстарын таңбалайды да, сөздің барлық буынында жазыла береді: *ине, имек, иіс, Иса, Иманбай, иық, бидай, тиын, тиін, қиын, киін, сирақ, сирек, жиналыс, тарихи, саяси, яғни, ылғи, қағида, ақиқат, Қани, Ғали, Сағира, Қалима, кино, комиссия*.

Я, ю қосар дыбыстарының алдынан естілетін **ы, і** дыбыстары да **и** әрпімен таңбаланады: *тақия, дүрия, дария, жария, қария, мия, сия, Әсия, Ғалия, кию, жию, тию* (үлестің тиюі).

Ескерту. *Тый-, сый-, сыйла-, сыйын-* деген етістіктер мен *сый* деген есім сөз түбір тұлғаларында да, оларға қосымша жалғанғанда да, **ый** әріптерімен жазылады: *тыйым, тыйды, тыяды, тыю, тыятын, тыяр, тыйған, тыйса, тыймақ; сыйымды, сыйғызу, сыяды, сыю, сыймақ, сыйса, сыйғалы; сыйлау, сыйынатын, сыйынғыш; сыйлық, сый-сияпат* т.т.

§ 10. **Ы, і** дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, қосар -ый, ій әріптерінің орнына дара и әрпі жазылады: *жібі + й(ді) – жібиді, ері + й(ді) – еридi, йі + й(ді) – ииді, тасы + й(ды) – тасиды, тоқы + й(ды) – тоқиды, оқы + й(ды) – оқиды.*

И дыбысына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы -ю болып, көсемшенің -а жұрнағы -я болып жалғанады: *ки + у – кию, ти + у – тию, жи + у – жию, жи + а – жияды, қи + у – қию, қи + а(ды) – қияды.*

§ 11. **Йы, йі** дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, **ый, ій** әріптерінің орнына жалғыз и әрпі жазылады. Мысалы: *байы + й – байи* (Біздің ауыл жылдан-жылға байи бермек), *байимын, байисың, байиды* (және осылардың көпше түрлері), *байитын; кейі+й – кейи* (Сен оған кейи берме), *кейимін, кейисің, кейиді, кейитін; ұйы + й(ды) – ұйиды* (Сүт тез ұйиды), *иі + й(ді) – ииді* (Бұл сиыр тез ииді).

2. КЕЙБІР ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 12. **Ф, х** әріптері, көбінесе, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер мен жалқы есімдерде, оның ішінде кісі аттарында жазылады: *фабрика, фонетика, шкаф, шеф, химия, хлор, техника, цех, Фәтима, Фазыл, Фәрида, Хамит, Халел, Райхан, Мұхтар, Ахмет.*

Х әрпі араб-парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерде де жазылады: *халық, хат, хал, хан, ханзада, хас* (“тән” деген мағынада), *хош* (иісті), *мұхит, сахна, тарих, рухани, -хана* (асхана).

§ 13. **В, ч, ц** әріптері орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана жазылады: *вагон, велосипед, вокзал, аквариум, цирк, чек, очерк, диспетчер.*

-ов, -ев, -ова, -ева жұрнақтарымен жасалған қазақ фамилияларында **в** әрпі жазылады: *Асанов, Асанова, Бәйішев, Бәйішева.*

§ 14. **Щ** әрпі орыс тілінен енген жалпы және жалқы есімдерде, қазақ тілінің *ащы, тұщы, кеше* деген түбір сөздерінде ғана жазылады: *училище, Щорс, Щедрин.*

Ескертулер. 1. Түбір сөз **ш** дыбысына аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталған қосымша жалғанғанда, қос **шш** әрпі жазылады (**щ** әрпі жазылмайды): *аш + шы – ашшы* (Есікті ашшы), *иш+ші – ишші* (Шай ішші).

Түбір сөз **с, з** дыбыстарына аяқталып, оған **ш** дыбысынан басталған қосымша жалғанғанда, қос **шш** дыбысы естілгенімен (айтылғанымен), сөз бөлшектерінің түбірі сақталып жазылады: *сөз + шең – сөзшең* (айтылуы – *сөщең*), *бас + шы – басшы* (айтылуы – *бащы*), *қос + шы – қосшы* (Үлесінді маған қосшы).

§ 15. Б, в, г, д дыбыстарына, негізінен, орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздер аяқталады: *клуб, штаб, актив, штатив, педагог, монолог, округ, отряд, парад. Араб, жад* деген бірен-саран кірме сөздер де **б**, **д** дыбыстарына аяқталады.

§ 16. **ь, ъ** белгілері орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана жазылады: *асфальт, вольт, руль, премьер, батальон, съезд, разъезд, объект, субъект.*

§ 17. **һ** әрпі естілген жерінде жазыла береді: *қаһар, қаһарлы, қаһарман, гауһар, жиһан, баһра, Жауһар, Маһида, Маһинұр, аһ, уһ, еһе, аһа, аһлады, уһледі.* **Һ** әрпі жазылатын сөздер қазақ тілінде аса көп емес, олар, негізінен, араб, парсы тілдерінен енген сөздер мен одағайлардың ішінде кездеседі.

§ 18. **Ғ** әрпі сөздің басында және ортасында ғана жазылады: *ғылым, гана, галам, жаға, шағала, жаңғалақ, жалығу, жалығады, галаға, қазға.*

§ 19. **Й** әрпі **ы, і** әріптерінен басқа (*сый, тый* деген сөздерді қоспағанда) дауысты дыбыс әріптерінен кейін ғана қолданылады: *ай, ей, мерей, ойпаң, үй, айнек, ұйқас.* Орыс тілінен енген сөздерде және өзге жұрттың жер-су, ел-халық аттарында **й** әрпі сөз басында да жазылады: *йод, йот, йог, йемендіктер, Йошкар-Ола, Нью-Йорк.* **Й** әрпі қазақ сөздерінде толық **и** әрпінен кейін жазылмайды: *ине (ийне емес), би (бий емес), киім (кийім емес).* Орыс тілінен енген сөздерде **ий** әріптер тіркесі жазыла береді: *калий, кальций, санаторий, планетарий, сценарий, Максим Горький, Сергеев-Ценский*

3. ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 20. Көп буынды түбір сөздер, көбінесе, бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді: *бала, жылқы, табан, тұрмыс, өмір, терезе, тебен, қыдыр, кідір(у).* Мұндайда сөз бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке дауысты дыбыс әріптерімен жазылады.

Көп буынды түбір сөздер аралас (жуан және жіңішке) буынды болып та келеді, мұндайда бір сөз ішінде жуан-жіңішке дыбыс әріптері жазыла береді: *қызмет, мұғалім, кітап, қадір, тарих.* Аралас буынды сөздер, негізінен, араб-парсы тілдерінен енгендер.

§ 21. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген және көбінесе термин болып келетін сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады: *алюминий, антоним, аудитория, бухгалтер, повесть, гарнизон, гастроль, генерал, геофизика, коммутатор, конгресс, контейнер, плацдарм, плацкарт, термометр, террор, фракция, фрегат, хром, хронограф, цемент, цифр т.т.*

§ 22. Орыс тілінен енген сөздердің ішінде дыбысталуы өзгеріп қалыптасқан бірқатар сөздер сол өзгерген күйінде жазылады. Олардың дені – қазақ тіліне ертеректе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген сөздер. Бұл сөздер, негізінен, тұрмыстық зат, бұйым атаулары мен әкімшілік, сот, сауда, шаруашылық салаларына қатысты атаулар болып келеді: *әшмұңке (восьмушка), барқыт, бәтеңке, бәтес, божы (вожжи), бөкебай (пуховый), бөрене (бревно), бөшке, жәшік, кәзекей (казакин), көшір (кучер), калаш*

(калач), *шөген* (чугун); *ауылнай*, *болыс*, *поштабай*, *сот*, *кәтелешке* (каталашка), *түрме*, *пәтерь* (квартира), *шіркеу* (церковь), *тауар*, *зауыт*, *кір* (гиря), *келі* (*килә*, *кило* емес, бірақ *киловатт*, *киловольт*, *килограмм*). Тұлғасы өзгертіліп жазылатын орыс сөздерін емле сөздіктерінен қарап білуге болады.

Орыс тілінен келген кірме сөздердің бірқатары соңғы дауысты **а** дыбысын түсіріп қалыптасқандықтан, сол ықшамдалған түрінде жазылады: *газет* (*газета* емес), *минут* (*минута* емес), *пар* (*пара* емес), *секунд* (*секунда* емес), *гранат* (*граната* емес), *координат* (*координата* емес), *цифр* (*цифра* емес). Ал негізінен, **а**-ға аяқталатын кірме сөздер, әсіресе терминдер соңғы дауысты дыбысын сақтап қолданылады және солай жазылады: *кассета* (*кассет* емес), *кантата* (*кантат* емес), *тирада* (*тирад* емес), *капсула* (*капсул* емес), *оптика* (*оптик* емес) т.б. Бұлардың барлығының жазылуын сөздіктен қарап алу керек.

Ескерту. Көркем әдебиетте белгілі бір заманды суреттегенде немесе ертеректегі ақын-жыраулар мен жазушылардың шығармаларында осы күнгі орысша тұлғасы сақталып жазылатын бірқатар сөздер өзгерген түрде берілуі мүмкін. Мысалы: *майыр* (майор), *ояз* (уездный начальник), *жандарал* (генерал-губернатор), *сияз* (съезд), *старшын* (старшина), *бексіл* (вексель) т.б.

§ 23. Араб, парсы тілдерінен, сондай-ақ туыстас татар, өзбек т.б. тілдерден енген сөздер қазақша айтылуынша жазылады, яғни сол тілдердегі тұлғасы сақталмайды: *бұқара* (фукара), *пікір* (фикр), *әкім* (хаким), *әзір* (хазир), *пайда* (файдә), *наурыз* (ноуруз), *қате* (хата), *мақта* (пақта), *жүзім* (йүзүм) т.б.

§ 24. Жазу тәжірибесінде кейбір түбір сөздер екі түрлі дыбысталуына (айтылуына) қарай екі (кейде тіпті үш) нұсқада беріліп жүр. Бұларды бөліп-бөліп тану қажет. Бірқатар түбір сөздердің екі, кейде үш вариантының да жазылуы заңды түрде орын алады. Олардың бір тобының (сан жағынан өте шағын тобының) екі нұсқасын қатар қолдана беруге болады: *айғай* – *айқай*, *бұндай* – *мұндай*, *балуан* – *палуан*, *ертегі* – *ертек*, *пәле* – *бәле*, *гауһар* – *жауһар*, *заңғар* – *зеңгір*, *байымдау* – *пайымдау* – *бағамдау*, *айдаһар* – *аждаһа*, *сықылды* – *секілді*, *өзге* – *өңге*, *уәде* – *уағда*, *жәбір* – *зәбір*, *жаһан* – *жиһан*, *айуан* – *хайуан* т.б.

Сонымен қатар тек бір нұсқасын (вариантын) қабылдап, соның жазылуын қалыптастыратын қатарлар да бар. Соңғылар көбінесе “фонетикалық дублеттер” деп аталатын, яғни кейбір дыбыстары ғана өзгеше келетін сөздер болады. Мұндайда орфографиялық норма болып есептелетіндері сөздікке енеді де, өзге нұсқалары жақша ішіне “емес” деп көрсетіледі. Мысалы: *қазір* (*кәзір*, *қазыр*, *хазір* емес), *міне* (*міні* емес), *ерегіс* (*ерегес* емес), *жіті* (*жыты* емес). Бұл күнде жазылуы едәуір орнығып қалған кейбір сөздердің өзге қатарлары “емес” деген белгімен көрсетілмеуі де мүмкін.

4. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 25. Қосымшалар, негізінен, сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша я жуан, я жіңішке жалғанады да, естілуінше жазылады: *ең-бек + ши + лер + іміз + дің, жұ-мыс + шы + лар + ымыз + дың, кі-тап + тың, мұға-лім + нің, га-зет + ке, ки-но + за, ко-нус + ты.*

Соңғы буынында (бір буынды сөздің өзінде) у дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жуан жалғанады: *курс-қа, авто-бус +қа, инсти-тут +қа, кани-кул +за, тай-фун + ның, шу-руп + ты.* Бұл ережеге г дыбысына аяқталатын сөздер мен жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздер және **бль, ль** дыбыстарына аяқталатын сөздер бағынбайды, оларға қосымша жіңішке жалғанады: *ок-руг-ке, руль-ге, пат-руль+ге, ансамбль+ге, ансамблі.*

Соңғы буынында (не бір буынды сөздің өзінде) и дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *кас-сир + ге, синтак-сис+тік, маг-нит+тік, каль-ций+дің, маг-ний+ге, Горький+ге, Маяков-ский+ге.*

§ 26. Фамилия жасайтын **-ев (-ева), -ов (-ова), -ин (-ина)** қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: **ев (-ева)** қосымшасы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан й және ш дыбысына аяқталған жалқы есімдерге жалғанады. Бұл қосымша жалғанғанда, түбірдегі й әрпі түсіріліп жазылады: *Тәжібай+ев – Тәжібаев, Жабай+ев – Жабает, Имашев, Рашев, Мұқашев, Мұқашева, Жақашева.* Дауысты дыбыстарға аяқталған кісі аттарына да **-ев (-ева)** қосымшасы жалғануы мүмкін. *Мұса+ев – Мұсаев, Абдолла + ев, Бөке + ев – Бөкеев.* Түбір сөздің соңғы дыбысы ы, і болса, **-ев (-ева)** қосымшасы жалғанғанда, ол дыбыстардың орнына и әрпі жазылады: *Сары+ев – Сариев, Жұмалі+ев – Жұмалшев, Аққозы+ев – Аққозиев.* **Й** мен **ш** дыбыстарынан басқа барлық дауыссыздардан кейін **-ов (-ова)** қосымшасы жалғанады, мұнда да сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі есепке алынбайды: *Мұ-рат+ов, Ме-дет+ов, Сұл-тан+ов, Жү-ніс+ов, Сейіт+ов.* Дауысты дыбысқа аяқталған кісі аттарынан, әдетте фамилия **-ин (-ина)** қосымшасы арқылы жасалады, мұндайда соңғы дауыстылар түсіріліп, түбірге **-ин (-ина)** қосымшасы тікелей жалғанады және сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі есепке алынбайды: *Нұралы+ин – Нұралин, Алтынсары+ин – Алтынсарин, Дербісалы+ин – Дербісалин, Ғайса+ин – Ғайсин.* **-ин (-ина)** жұрнақтары жалғанғанда, кейде түбірдегі ұ, ү, о, о дыбыстары у болып өзгеріп айтылуы және солай жазылуы мүмкін (ал **-ов, -ова** жұрнақтарымен жасалғандарында түбір өзгермейді). Мысалы: *Мұса+ин – Мусин* (ал *Мұса+ев – Мұсаев*), *Жұма+ин – Жумин* (ал *Жұма+ев – Жұмаев*), *(Абдолла+ин – Абдуллин)* (ал *Абдолла+ев*), *Бөке+ин – Бөкин* (ал *Бөке+ев – Бөкеев*). Сонымен қатар *Абдоллин* деп түбірін сақтап жазу да орын алады.

-ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша бастапқы түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Аймановқа, Тәжібаевқа* дегенде *Ай-ман, Тәжі-бай* түбірлерінің соңғы

буындары жуан болғандықтан, қосымша да жуан жалғанып тұр. Ал *Жүнісовке, Әйтиевке* дегендерде түбірдің соңғы буындарында жіңішке дауысты дыбыс болғандықтан (*Жү-ніс, Әй-ти*), қосымшаның да жіңішке варианты жалғанып тұр.

Ескертулер. 1. -мен (-бен, -пен), -паз, -қор, -қой, -нікі, -тікі, -гер, -кеш, -гөй, -хана, -гал, -дар қосымшалары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай, осы көрсетілген түрлерінде ғана жазылады: *кесемен, қасықпен, мақтампаз, өнерпаз, әсемпаз, жеңімпаз, пайдақор, әзілқой, саудагер, жүлдегер, арбақеш, әзілқеш, ақылгөй, шайхана, шеберхана, ұғымтал, сезімтал, өсімтал, хабардар, діндар, ауылдікі, мемлекеттікі.*

2. Ә әрпіне аяқталған немесе соңғы буынында ә әрпі жазылған сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: *кінә+лау (кінәлеу емес), күнә+сыз (күнәсіз емес), күнә+ға (күнәге емес), күмән+дану (күмәндену емес), Күлән+ға (Күләнге емес).*

§ 27. Орыс тілінен енген **к, г** дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары буын үндестігіне қарай, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай жалғанады: *фи-зик+тер, лак+тың, га-мак+тың, по-ляк+тар, ма-як+қа, бам-бук+тың.*

Ескерту. **ог, уг** дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: *педагогке, педагогі, педагогтік, округке, округі, округтік.*

§ 28. Орыс тілінен енген **рк, рг, ск, кт, кс, нк, нг, лк, нкт** деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады: *паркке, парктер, Омскіге, Омскіден, киоскіге, киоскісі, фактіге, фактісі, танкіге, танкілер, полкке, полктер, полкі, пунктке, пункті.*

§ 29. Жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша жуан, соңғы буында жіңішке дауысты дыбыс болса, қосымша да жіңішке жалғанады: *ла-герь+ге, ла-гер+і, банде-роль+ға, фести-валь+ға.*

Ескерту. Жіңішке **ль** дыбысына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғаулары (яғни дауыстыдан басталатын қосымшалар) сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай, тек қана жіңішке жалғанады: *дизель+і – дизелі, дизеліміз, фестиваль+і – фестивалі* (бірақ: *фестивальға, фестивальдан, фестивальдық*), *магистраль+і – магистралі* (бірақ: *магистральға, магистральдық*).

Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге де қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады. Мысалы: *вальс+қа, вальс+ты, вальс+ы, асфальт+қа, асфальт+ы, рельс-+ке, рельс+і.*

кль, брь, бль тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге және жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады: *ансамбльге, тюльді, тюлі, оське, осінің, тканьь* (биология термині), *тканьге, ткані, княздік, князі, верфьке.*

Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі **л** әрпінен кейін жазылатын сөздерге қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды: *материальный – материалдық, феодальный – феодалдық,*

коммунальный – коммуналдық, патриархальный – патриархалдық.

Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде л-дан кейін жіңішкелік белгісі келетін сөздерде бұл белгі сақталады: *моральный – моральдық, артельный – артельдік, акварельный – акварельді.*

§ 30. Соңғы буынында ю, ё, э дауысты дыбыстар келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *полюс-ті, полюс-ке; шлюз-ді, шлюз-ге; дюйм-ге, дюйм-і, велюр-ге, велюр-ді, парашют-ке, парашют-тер, парашют-і, актёр+лер, актёр-ге, дуэль-ге, дуэль-і, дуэт-ке, дуэт-і.*

§ 31. Қосымшалар дыбыс үндестігі бойынша не қатаң, не ұяң, не үнді дауыссыздан басталып жалғанады:

а) Сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді (**м, н, р, л, ң, у, й**) я ұяң (**ж, з**) дауыссыз дыбыс болса, қосымша үнді не ұяң дауыссыздан басталады: *терезе+ге, терезе+нің, терезе+ден, шам+ды, шам +нан, шам+ға, шам+ның, қаз+ды, қаз+ға, қаз+бен, мұқтаж+дық.*

Е с к е р т у. Бұл ережеге **с, ш** қатаң дыбыстарынан басталатын қосымшалар: **-сыз, -сіз, -са, -се, -сың, -сің, -шы, -ші, -шыл, -шіл, -ша, -ше, -шаң, -шең, -шық, -шік** т.б. бағынбайды. Мысалы: *бала+сыз, бала+сың, көйлек+шең, сөз+шең, көп+шіл, ұран+ шыл.*

ә) Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыздардың және **в, б, г, д** ұяң дауыссыздарының бірі болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болады: *кітап+тар, кітап+қа, хат+ты, клуб+қа, педагог+тер, араб+тар.*

б) Сөздің соңғы дыбысы **с, з** болып, оған **с, ш** дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, оның соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады: *жұмыс+шы (айтылуы – жұмышшы), бас+шылық (айтылуы – башшылық), ауыз+ша (айтылуы – ауұшша), жаз+саң (айтылуы жассаң), сөз+сіз (айтылуы – сөссүз), орыс+ша (айтылуы – орұшша).*

в) **ш** дыбысына бітетін сөздерге **с** дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда, қосымшаның басқа дыбысы өзгеше айтылуына қарамастан, өзгертілмей жазылады: *іш+сең (айтылуы – ішшең), ұш+саң (айтылуы – ұшшаң), күш+сіз (айтылуы – күшшүз), көш+сін (айтылуы – көшшін).*

г) Сөздің соңғы дыбысы қатаң **п, қ, к** болса, жалғанатын қосымшалар дауыстыдан басталғанда, **к, к** дыбыстары ұяңдап, **ғ, г** дыбыстарына, ал **п** дыбысы **б**, кейде **у** (қосымшада тағы бір **п** дыбысы болған күнде) дыбысына айналады да, естілуінше жазылады: *күрек+і – күрегі, тарақ+ы – тарағы, тік+у – тігу, тап+у – табу, тап+ып – тауып, кеп+у – кебу, кеп+іп – кеуіп, блок+ы – блогы, ток+ы – тогы, бак+ы – багы.*

Ескертулер. 1. **П, х** дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, **п, х** дыбыстары ұяңдамайды: *принцип+і – принципі, тип+і – типі, окоп+ы – окопы, грипп+і – грипі (жұқты), телескоп+ы – телескопы, цех+ы – цехы, алманах+ы – алманахы, шах+ы – шахы.*

2. “Қатар” мағынасындағы *сап* сөзі мен *тарап* сөзі де тәуелдік жалғауын жалғағанда, соңғы қатаң дыбысын сақтайды: *сап+ында – сапында, сап+ымызға + сапымызға (тұрды), тарап+ында – тарапында, өз тарап+ымыздан – өз тарапымыздан.*

3. Қазақ, қалмақ деген сөздерге сын есім жасайтын **-ы** жұрнағы жалғанғанда, сөз соңындағы дыбыстар ұяндамайды: *қазақы ер, қалмақы ат*. Ал бұл сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, сөз соңындағы қатаң дыбыстар жалпы заңға бағынып, ұяндайды: *Ол кісі – Сыр бойының қазағы. Менің жолдасым – Еділ бойының қалмағы*.

ғ) Сөздің соңғы дыбысы **н** болса, оған жалғанатын қосымшалар **қ, ғ, г, б** дыбыстарынан басталғанда, **н** дыбысы өзгеріліп, **ң, м** болып айтылады. Бірақ бұл өзгеріс еске алынбай, **н** әрпі жазылады: *түн+гі – түңгі* (айтылуы – *түңгү*), *бұрын+ғы – бұрынғы* (айтылуы – *бұрұнғы*), *сән+қой – сәнқой* (айтылуы – *сәңқой*), *көн+беді – көнбеді* (айтылуы – *көмбеді*), *көрін+беді – көрінбеді* (айтылуы – *көрүмбеді*).

§ 32. **нд, нз, нк, нг, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт** дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *фонд+ы+сы, фонд+ы+ны, ценз+і+ге, ценз+і+сі, штамп+ы+ны, штамп+ы+лау, танк+і+ге, танк+і+лер, франк+і+сі, митинг+і+ге, митинг+і+сі, шланг+і+ге, шланг+і+сі, ромб+ы+ға, ромб+ы+сы, объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, почтамп+ы+ға, экспромт+ы+ны, фармацевт+і+ге, ямб+ы+ны*.

Қатар келген дауыссыз дыбыстар тіркесінің қалған түрлеріне (**нс, рс, рт, рш, нт, рд, рм, фр** т.б.) аяқталған кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары **ы, і** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша тікелей жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы* (авансысы емес), *цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы* (цифрысы емес); *хлороформ+ға, хлороформ+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы*.

§ 33. **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк** дыбыстарына біткен орыс тілінен енген жалпы есімдер атау күйінде өзгеріссіз жазылады да, оларға қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады: *кросс, кросқа, кросы, класс, класқа, кластар, класы, металл, металды, металы, грамм, грамм +ға – грамға, грам м+дық – грамдық, грамм +ы – грамы, киловатт+қа – киловатта, грипп +і – грипі, съезд+ге – съезге, съезд +і – съезі, ведомость+ка – ведомосқа*.

Бірдей қос дыбыстарға аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, қос әріп сақталып жазылады, тек қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы түбірдегі қос дыбыспен бірдей болғанда ғана, үш біркелкі әріп жазылмай, екеуі жазылады: *Гримм+ге – Гриммге, Гримм+ді – Гриммді, Гримм+мен – Гриммен* (Гримммен емес), *Покрасс+тың – Покрасстың, Покрасс+қа – Покрассқа, Кирилл+ге – Кириллге, Филипп+тің, Филипп+пен – Филиппен* (Филипппен емес), *Кузбасс+тың – Кузбасстың, Донбасс+қа – Донбассқа, Порккала-Удд+тан – Порккала-Уддан, Лакнесс+ке – Лакнесске*.

§ 34. Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке жалғанады да, дефис арқылы жазылады: *АҚШ-қа, БАМ-ға, ЮНЕСКО-ның,*

МТЗ-82-ге (сексен екіге).

§ 35. Цифрмен жазылған есептік, бөлшек сан есімдерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалардың жуан-жіңішкелігі цифрмен белгіленген санның айтылуына қарай болады: **10-ды 2-ге көбейт** (онды екіге). *Оқушылардың 20-сы экскурсияға кетті* (жиырма). *Жолдың 1/5-іне келіп қалдық* (бестен біріне).

§ 36. Процентті (%), градусты (°) белгілейтін таңбалары бар сөздерге қосымша *пайыз (процент), градус* деген сөздердің соңғы буынының әуенімен (*процент* сөзіне жіңішке, *пайыз, градус* сөздеріне жуан) жалғанады: *жұмыстың 90%-ы* (тоқсан пайызы) немесе *90%-ті істелді* (тоқсан проценті). *Суықтық 20°-қа дейін барды* (жиырма градусқа).

§ 37. *см, мм, км, га* сияқты қысқарған белгілерге жалғанатын қосымшалар да дефис арқылы жазылып, осы белгілер таңбалайтын сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Ұзындығы 10 см-ге* (он сантиметрге) *жуық сызық сызыңдар*. *20 км-ден* (жиырма километрден) *астам жер жүрдік*. *500 га-ға жуық жер жыртылды* (500 гектарға).

§ 38. Жеке әріптер, жеке сөздер объект болып, оларға қосымшалар жалғанғанда, сол объектілердің айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке болып, дефис арқылы жазылады: **а-ның** артикуляциясы **ә-ге** қарағанда өзгеше. *“Жаз шықты” және “хат жаз” дегендердегі жаз-дың мағыналары бір емес. Жомарт Жақыптың “дұрыс”-ын осымен екі рет естіді* (Ғ.Мұсафин).

Ескерту: *см, мм, км, га* сияқты қысқарған таңбалар өзге шрифтпен (курсивпен) терілуі мүмкін. Бірақ барлық жағдайда да қосымша дефис арқылы жазылады. Сондай-ақ объект болып тұрған жеке әріптер, буындар, сөздер тырнақшаға алынып жазылуы да мүмкін, бірақ ол күнде де қосымшамен екі араға дефис қойылады: **“а”-ның** артикуляциясы **“ә”-ге** қарағанда өзгеше.

§ 39. **-ша, -ше** жұрнақтарынан кейін **-ла, -ле** жұрнағы жалғанғанда, алдыңғылары **-шы, -ші** түріне айналып айтылады және солай жазылады: *орыс+ша+ла – орысшылап* (айтқанда), *қазақ+ша+ла+ғанда – қазақшылағанда*, *өзім+ше+леп – өзімшілеп*.

§ 40. Әдетте шылау жалғаулардан кейін тұрады. Мұндайда олардың көпшілігі бөлек, ал бірқатары дефис арқылы жазылады (83-88-параграфтарды қараңыз): *Біз әншіміз де, бишіміз де. Әңгімені келістіріп айтасың-ақ. Бүгін киноға барасың ба?*

Ауызекі сөйлеуде, кейде әдеби тілде де, кейбір шылаулар жалғау мен түбірдің арасына түсіп кетеді. Бұл жағдайда:

а) II жақтық жіктік жалғауы мен түбірдің арасына түскен **ма, ме, ба, бе, па, пе** сұраулық шылаулары **мы, мі, бы, бі, пы, пі** тұлғаларына айналып, түбірге қосылып жазылады: *барамысың* (барасың ба), *келемісің* (келесің бе), *үлкенбісің* (үлкенсің бе), *жаспысың* (жассың ба);

ә) *басқа шылаулар тұлғалары өзгерілмей, түбірге қосылып жазылады: Біз әншідеміз, бишідеміз. Әңгімені келістіріп айтады-ақсың. Онда отырған*

біздер ебетейсізақпыз (С.Мұқанов). Күн болса, ондай антты берерақпын (“Қозы Көрпеш-Баян сұлу”). Досыңақпын, тағдыр араз, толғанамын, кайтемін. Ғашықақпын еш күмәнсыз (Абай).

§ 41. II жақ жіктік жалғау **-сың, -сің** түрінде (**-сын, -сін** емес) жазылады: *сен барасың (барасын емес), сен отырсың (отырсын емес)*. III жақ бұйрық райдың жұрнағы **-сын, -сін** түрінде жалғанады: *ол барсын, ол келсін, балалар жиналсын, олар отырсын*.

§ 42. **-сымақ** тұлғасы және **-шы, -ші** жұрнақтарымен мағыналас қолданылатын **-дағы, -тағы** тұлғалары сөзге қосылып жазылады: *төресымақ, әкімсымақ, айттағы* (Әңгіменді қайталап айттағы – Әңгіменді қайталап айтшы), *барайықтағы* (“Орманға барайықтағы”, – деп өтінетін едім. “Орманға барайықшы”, – деп өтінетін едім).

Етістіктерге жалғанатын **-дағы, -тағы** жұрнағын есімдермен қолданылатын *дағы, тағы* (*да, де, та, те*) шылауымен шатастырмау керек. *Дағы* шылауы алдындағы сөзден бөлек жазылады:

1) *Кәрі жырау мен дағы*

Москваға өрлеген (Жамбыл).

Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі

О дағы осал жау емес қыран паңға (Абай).

5. БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 43. Екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр-түсті, санды атайтын күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олар мыналар:

Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *ағаш шот* (ағаштан жасалған шот), *ат қора* (атқа арналған қора), *жел диірмен* (желмен жұмыс істейтін диірмен), *жол азық* (жолда жеуге арналған азық), *май шам* (маймен жанатын шам), *шай қасық* (шай ішкенде жұмсалатын қасық) т.б.

Бұлардың қатарына екінші компоненті *бау, айыл, жіп, сап, киім, қалта, май, қағаз, ағаш* (“өсімдік” деген мағынада емес, зат, бұйым жасайтын материал – “древесина” мағынасындағы) сияқты зат есімдер мен олардың түрлерін (яғни сол сөз атап тұрған заттың түрлерін) айырып атайтын сапалық не қатыстық сынды білдіретін есім сөздер жатады. Мысалы, *бау* сөзімен келетін: *аяқ бау, балақ бау, жел бау, қарғы бау, қармақ бау, тамақ бау* деген күрделі сөздердің барлығында да алдыңғы компонент баудың түрлерін атайды (бұл қатарға *шашбау, белбеу* сөздері кірмейді, олар – кірігіп барып, бірігіп кеткен сөздер, яғни осылайша жазылуы дәстүрге айналғандар). Сол сияқты: *құр айыл, төс айыл, шап айыл; бас жіп, күзеу жіп, мойын жіп, өрмек жіп* дегендерде алдыңғы сөздер – айыл мен жіптердің түрлерін айырып

атайтын анықтауыш сөздер, сондықтан бөлек жазылады.

Екінші компоненті *қағаз* сөзі болып келген күрделі атаулардың бірқатары бір ұғымның (кейде бір құжаттың) атын білдіреді: *арыз қағаз, жолдама қағаз, куәлік қағаз, қатынас қағаз, мақтау қағаз, рұқсат қағаз, талақ қағаз, шақыру қағаз*. Бұлардағы алдыңғы сөздер “қағаздың” (жазылған дүниенің) неге байланысты, не үшін берілетін (жолданатын, жазылатын) құжат екендігін білдіреді: *рұқсат қағаз* – бір нәрсеге (іс-әрекетке, затқа т.б.) рұқсат ететін құжат, *талақ қағаз* – көне атау, әйелін талақ еткенін куәландыратын қағаз т.т. Бұлардың көпшілігінің бірінші сөзі осы мағынада *қағаз* компонентінсіз-ақ қолданыла береді: *жолдама, куәлік, шақыру, арыз* т.т. Енді бірқатар тіркестерде алдыңғы компонент қағаздың сапалық не қатыстық сынын білдіретін анықтауыштар болып келеді: *ватман қағаз, көшірме қағаз, қатырма қағаз*. Бұл көрсетілген екі жағдайдың екеуінде де *қағаз* сөзімен келген тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады.

Е с к е р т у. Бұл ережеге *қарақағаз* сөзі бағынбайды. Ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған бұл атауда *қара* сөзі қағаздың түсін де, мақсатын да көрсетпейді, майданда қаза тапқан адам туралы ресми хабардың атауы болып табылады.

§ 44. *Адам, мал, айуан организмі мүшелерінің атауларын білдіретін екі зат есімнен құралған күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады. Олардың соңғы компоненті көбінесе жалпы атау (сүйек, жілік, қол, тіс, көз, жақ, омыртқа, бет, ет, тамыр т.б.) болады да, алдыңғы компоненті соларды анықтап, ажыратып тұрады: асық жілік, тоқпан жілік, ортан жілік; бел омыртқа, мойын омыртқа; ортан қол, сұқ қол; тоқ ішек, ащы ішек; күре тамыр, желке тамыр, қан тамыр; күрек тіс, ақыл тіс, азу тіс, сүт тіс, ит тіс, бас сүйек, төс сүйек, жақ сүйек, төбе сүйек, бет сүйек; көк желке, қыр желке, ой желке; сан ет, қол ет, қара ет, қызыл ет, сұрпы ет т.т.*

§ 45. Үш зат есім қатар келіп, алдыңғы екеуі соңғы сөз білдіріп тұрған заттың түрін саралау үшін айтылса, олар бөлек жазылады: *үйрек бас ер, қос етек көйлек, мысық мұрт жігіт, саба құрсақ байлар*.

§ 46. *Түбір күйінде компоненттері бір-бірінен бөлек жазылатын анықтауышты тіркестер мен тұрақты тіркестерге етістік не есім тудыратын жұрнақтар жалғанғанда да сөздердің бөлек жазылуы сақталады, бұлар күрделі етістік немесе күрделі сын есім қатарына жатады. Мысалы: ақ таңдақ (жер) – ақ таңдақтану (жер ақ тандақтанып жатыр), қара барқын – қара барқындану, іш құса (болу) – іш құсалық, темір жол – темір жолдық (құрылыстар), ортан қол – ортан қолдай (жігіт), көп бала – көп балалы (отбасы), жоғары сапа – жоғары сапалы, шала сауат – шала сауатты, мал дәрігері – мал дәрігерлік, көп ұлт – көп ұлттық, көп жыл – көп жылдық (еңбек), ұсақ буржуазия – ұсақ буржуазиялық.*

Е с к е р т у л е р . Бұл ережені терминдік мәнге ие болған күрделі атаулардың (көбінесе зат есімдердің) қосылып жазылатын заңдылығымен шатастырмау керек. Мысалы: *темір жолдық құрылыс, ал теміржолшы* (соңғы сөз – мамандық иесін атайтын термин), *көп жылдық еңбек, ал көпжылдық шырмауық* (соңғыда *көпжылдық* сөзі күрделі ботаникалық терминнің компоненті болып тұр), *бес жылдық оқу, ал бесжылдық* (термин).

2. Бірге жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік, бүкілодақтық* сияқты қосылып таңбаланатын бес-алты сөздің орфограммасын емле сөздіктеріне қарап біліп алуға болады.

3. Бөлек не дефис арқылы жазылатын екі компонентті жалқы есімдерден қазақ тілі жұрнақтарымен жасалған туынды сөздер кіші әріппен қосылып жазылады: *Коста-Рики – костарикалықтар, Батыс Сібір – батыссібірлік.*

§ 47. *Күрделі сан есімдерді құрап тұрған сөздердің әрқайсысы барлық тұлғада да бөлек-бөлек жазылады: он бір, он бірінші (қабат), он бірге (Балам он бірге шықты), он бірлерде (Ол бала он бірлерде), он екі, он екінші, он тоғыз, жиырма бір, бір мың, он мың.*

Сан есімдермен жанастырыла қолданылатын жарым, есе, рет деген сөздер бөлек жазылады: бір жарым, үш жарым, екі есе, екі рет, бес есе, бес жарым, бес рет.

Болжалды сан есім жасауға қатысатын *шақты, шамалы, қаралы* деген шылаулар да бөлек жазылады: *он шақты, отыз шақты, жүз шамалы, мың қаралы (қой), жүз қаралы (атты).*

§ 48. Түсті білдіретін екі (кейде үш) сын есім қатар айтылып, үшінші бір түстің атауы болып тұрса, олар бір-бірінен бөлек жазылады: *қара күрең, қара торы, қызыл ала, қызыл күрең, қара көк, сары ала, көк ала, ақ сары, ақ сұр, шұбар ала.*

Жеке тұрып, барлық заттардың түсін білдірмейтін ал, құба, кер, құла, шабдар сияқты сөздермен қатар келген түс атаулары да бөлек жазылады: ал күрең, ал қара, ал қара көк, ал қызыл, ал қоңыр, қара кер, ақ құба, құла жирен, құла кер, ақ шабдар, шабдар ала.

§ 49. Малды (көбінесе жылқыны) сипаттау үшін сын есіммен қатар айтылатын *төбел, қасқа, шолақ* сияқты сөздер де бөлек жазылады: *торы төбел (ат), құла қасқа (бие), шолақ торы (жабағы), ақ бақай (ат).*

Ескертулер . 1. Екі сын есімнен жасалып, немесе басқа сөздермен аралас келіп, малдың (көбінесе жылқының) меншікті аты – жалқы есім болып тұрған сөздер бірігіп, бас әріппен жазылады: *Ақан серінің Құлагері. Менің Торытөбелім. Құлақасқа Жиренторыдан озып келді.*

2. Екі түсті білдіретін бірыңғай анықтауыштарды немесе қос сөздерді күрделі анықтауыштармен шатастырмау керек. Бірыңғай анықтауыштар үтір арқылы, қос сөздер дефис арқылы жазылады. Мысалы: **Қызыл-жасыл** (киім) *киінген жастар тобы көрінді (Қызыл және жасыл киім киінген немесе қызылды және жасылды болып киінген).* **Ақ, сары** *гүлдер алыстан көз тартады (ақ және сары гүлдер).*

§ 50. Жеке тұрып сол тіркестегі беретін мағынасында қолданылмайтын *қақ* (тіркестегі мағынасы “екі” және “дәл”), *қара* (тіркестердегі мағыналары “үлкен”, “жай, күрделі емес, қарапайым” т.б.), *қас* (тіркестегі мағынасы “нағыз”), *қыр* (“*артқы, соң*”), *сар(ы)* (тіркес құрамындағы мағынасы “үлкен”, “ұзақ”) сияқты сөздермен келген тіркестердің әрбір компоненті бөлек жазылады: *қақ айырылу, қақ алды, қақ басы, қақ бастан* (салып қалды), *қақ бөлу, қақ жару, қақ маңдай, қақ шеке, қақ төсі, қақ тілу, қара жаяу, қара жол, қара жел, қара өлең, қара сөз, қара халық, қара нөпір, қас батыр, қас маңғаз, қас сұлу (қаса сұлу), қыр желке, қыр соңынан, сар желу, сар(ы) қарын, сар дала, сары буын, сары жілік, сары уайым, сары балақ,*

(бұлардың да жазылуын емле сөздіктері реттеп көрсетеді).

Е с к е р т у. Бұл қатарға *қыркүйек, қақбас* (“баласыз” және “жексұрын”), *қаскүнем, қаскөй, қасқалдақ, саратан* (ай), *сарауру, саришұнақ* (тышқан), *сарсу* (ауру), *сарыбас* (жылан) тәрізді бірге жазылатын сөздер жатпайды. Бұлар аң-құс, жан- жануар, жәндік, ауру-індет т.б. атаулары болғандықтан, бір сөз ретінде танылады.

§ 51. *К ү р д е л і е т і с т і к т е р д і ң ә р б і р с ө з і б ө л е к ж а з ы л а д ы. Күрделі етістіктер екі, үш, кейде төрт, бес сөзден де құралуы мүмкін: келе жатыр, оқып отыр, алып бер, келе қал, бара алмады, жүріп келе жатыр, алып беріп жібер, бара алмай қалды, жүріп келе жатыр еді, оқып отыра бергісі келді, кетіп қала жаздап барып қалды.*

§ 52. Екі етістіктен бірігіп, ықшамдалып, қалыптасып кеткен *әпер* (алып бер), *әкел* (алып кел), *әкет* (алып кет), *түрегел* (тұра кел), *мойынсұн* (мойын ұсын), *өсіт* (осылай ет), *бүйт* (бұлай ет), *неғып* (не қылып), *неткен* (не еткен), *қайткен* (қалай еткен) сияқты сөздер сол қалыптасқан ықшам тұлғасында да, күрделі түрінде де қолданылады. Соңғы жағдайда екі етістік бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *Кітапханадан көп кітап әкелдім – Кітапханадан көп кітап алып келдім. Ол түрегелді де, гимнастика жасай бастады – Ол тұра келді де, гимнастика жасай бастады. – Әкет әрі! – Алып кет әрі!*

Е с к е р т у. *Мойынсұну, неткен, сөйтіп, өйтіп, өйткені, неғып* сияқты сөздердің толық (күрделі) түрде тұлғалануынан (жұмсалыуынан) гөрі осы ықшамдалған тұлғасында қолданылуы басымырақ.

§ 53. Есімдер мен етістіктерден араласып құралған, бір мағына беретін тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады: *жұмыс істеу, қызмет ету, жәрдем беру, қол шапалақтау, ат қою, егін ору, жер қазу, жер өлшеу, іс жүргізу.*

Мұндай тіркестердің соңғы компонентіне жұрнақтар жалғанып, туынды сөз жасалған күнде де әр сөз бөлек-бөлек жазылады: *қызмет етуші, жәрдем бергіш, ат қоюшы, егін орушы, жер қазушы* (адам), *сөз жасаушы* (жұрнақ), *іс жүргізуші* (делопроизводитель). Есім мен етістіктерден жасалған тіркестер **-у, -мақ** жұрнақтарымен келіп, заттық ұғымды (демек, бір ғана заттың, құбылыстың, ұғымның атауын) білдірген күнде де олар күрделі сөз ретінде бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *ду қол шапалақтау, астық жинау басталды* (мұндағы *астық жинау* заттық мағынада жұмсалып жүр).

§ 54. Идиомалық, фразалық тұрақты тіркестердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Әдетте мұндай тіркестер бір ғана ұғымды білдіреді, сондықтан олардың екі сөзден тұратындары біріккен сөздерге ұқсап, жазуда көп қиындық келтіреді. Терминдік мәнге ие болып, біріккен сөз дәрежесіне көтерілген бірқатар тұлғалардың о баста идиома не фраза болғандығы да (мысалы: *келіссөз, көзқарас, ақсақал, атқамінер* т.с.) бұл қиындықты күшейте түседі. Дегенмен идиома мен фразалық тіркес компоненттерінің бөлек жазылатындығын негізгі қағида деп ұғыну қажет. Бұлар есім мағыналы да, етістік мағыналы да болып келеді. Мысалы, есімдер: *көк езу, сөз бұйда, өгіз аяң, арам ой, арам ойлы, ақ көңіл, ақ көңілді, қара ниет, қара ниетті, қара*

ниеттілік, асқар тау, шалқар көл, бие сауым (уақыт) ет асым (уақыт), қозы көш (жер), тіс қаққан (бала). Етістік мәнді фразеологизмдер: *тіл қату, тіл алу, тілге келу, тілін тарту, тіл өту, тіл ширату, бас ию, бас көтеру, бас салу, бас сауғалау, бас тарту, бас қатыру, бас қорғау, бас қосу, бас құрау, бел байлау, бой бермеу, бой тасалау, бой ұру, жан ұшыру, жан қию, жаны ашу, қол жету, қол қою, қол байлау, қол ұзу, ат қою* (“шабуылға шығу” мағынасында), *ат салысу, жек көру* т.б.

Етістік мәнді фразалық тіркестерден жұрнақтар жалғанып жасалған туынды сөз тіркестердің де әр компоненті бөлек жазылады: тіл алу – тіл алғыш (бала), бас көтеру – бір үйдің бас көтерген үлкені, бас қатыру – бас қатырушылық, бой ұру – бой ұрғыш, жан қию – жан қиярлық (іс), жаны ашу – жаны ашығыш, қол жету – қол жеткен (табыстар), қол байлау, қол үзбеу – қол үзбей (көмектесу), жек көру – жек көрінішті, жек көрушілік, жүз таныс – жүз таныстық, салқын қанды – салқын қандылық, бір сөзді – бір сөзділік.

Е с к е р т у. Етістік тұлғалы сөз тіркесінен жасалып, терминге айналған сөздер біріктіріліп жазылады. Мысалы: *басқосулар* (саяси-әлеуметтік термин, яғни белгілі бір адамдар тобының белгілі бір саяси, қоғамдық, тәрбиелік т.б. мақсатпен бас қосқан жиындарының ресми атауы), *жанкүйер* (спорт термині), *мұзжарғыш* (кеме), *қаржыртқыш* (машина атауы), *қойтоғытпа* (ауыл шаруашылық саласының термині, яғни қойға қотыр түсірмеу және қотырдан емдеу үшін қолданылатын арнаулы шараның атауы), *мұзойнақ* (спорт термині), *өнертапқыш, өнертапқыштық, пікірталас, атқамінер, алыпсатар, ізашар, еттартқыш, шаңсорғыш* (құрал атаулары). Бұлар жөнінде 58-64 параграфтарды қараңыз.

§ 55. *Қыз, ер, сал, сері, батыр, балуан, сұлу, би, қожса* тәрізді тұрақты эпитеттер өздеріне қатысты жалқы есімдерден бөлек жазылады. Олар жалқы есімдердің алдынан да, соңынан да келе береді. Алдынан келгенде, эпитеттер бас әріппен; ал соңынан келгенде кіші әріппен жазылады. *Қыз Жібек, Ер Тарғын, Балуан Шолақ, Алдар Көсе, Ер Төлеген, Батыр Мәлік, Тентек Ояз, Кішкене Молда* (соңғы екеуі Мұхтар Әуезовтің “Абай” романынан), *Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Қамбар батыр, Баян сұлу, Жиренше шешен, Аяз би, Игілік би, Күреңкөз қожса* (соңғы екеуі Ғ.Мүсіреповтің “Оянған өлке” романынан).

§ 56. Ұқсас жер аттарын бір-бірінен ажырату үшін сол атаулардың алдынан келетін тұрақты анықтауыштар бас әріптен басталып, бөлек жазылады: *Кіші Жамантау, Үлкен Жамантау, Күнгей Алатау, Ақ Қойтас, Қара Қойтас, Орта Азия, Орталық Азия, Кіші Азия.*

§ 57. Ғылымның әр алуан саласына жататын күрделі терминдердің компоненттері бөлек жазылады. Ол күрделі атаулар бірнеше тәсілмен жасалады:

1. тәуелдік жалғаулы сөзбен келеді: *көмір қышқылы, тіл білімі, оқу орны, мал шаруашылығы* (животноводство);

2. етістікті тіркес болып келеді. Мысалы: *дауыс беру, жер аудару, шағым беру* (заң термині), *тыйым салу*;

3. анықтауышты тіркес болып келеді: *өзара әсер* (философия термині), *жеке адам* (личность), *жәрдем ақша* (пособие).

БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 58. Біріккен сөздерді жасап тұрған компоненттер, негізінен, түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады: *асқазан, алабұға, алақоржын (өсімдік), баспасөз, балабақша, бірқатар, бірыңғай, бозбала, бозқырау, демалыс, денсаулық, еңбеккүн, жарқабақ, кәсіподақ, кәсіпорын, қолбасшы, қолжазба, қолөнер, қолтаңба, оңтүстік, орынбасар, өнеркәсіп, өнертану, өнертапқыш, сегізкөз, солтүстік, шапшараз, суықторғай, түйетауық, уқорғасын.*

§ 59. Бірсыпыра біріккен сөздер өзгерген қалпында, айтылуына жазылады: *бүгін, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні, бүрсігүні, күздігүні, белбеу, қолғап, қолғанат, қолғабыс, қарағаш, анару, әкелу, түрегелу, мойынсұну.*

Біріккен сөз болатындар:

§ 60. Топонимикалық атаулар, яғни жер-су аттары. Бұлар, негізінен, түбір тұлғалары сақталып жазылады: *Ақтөбе, Ақжар, Алатау, Жезқазған, Талдықорған, Қызылорда, Сарыөзек, Сырдария, Баянауыл, Ұлытау, Қаратау, Жаманишұбар, Еңбекшіқазақ.* Кейбір жер аттары үш сөзден жасалады да, үшеуі де бірігіп жазылады: *Екібастұз, Қызылжарқұдық, Ақдаласор, Ақтүйесай, Алқакөлқұм, Ақбасатан.* Тіпті кейде төрт түбірден құралып жасалған жер-су аттары да кездеседі: *Аймысықкөккөз* (тау, шоқы аты, Қарағанды облысының Шет ауданында), *Ақсортөпырақсай* (сайдың аты, Ақадыр ауданында).

§ 61. Қазақша кісі аттары мен ру-тайпа және бірен-саран халық аттары. Бұлардың да көпшілігі, негізінен, түбір тұлғалары сақталып, бірге жазылады: *Ақбөпе, Ақмарал, Гүлжәмила, Ғалиябану, Жақыпбек, Жанбота, қаракерей, жетіру, қарақалпақ, қарақытшақ.*

Бірқатар кісі аттары дыбысталуы жағынан өзгерген күйінде жазылады: Амангелді, Жангелді, Нұргелді, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз, Әйгерім, Жанғозы, Телғожа, Дәметкен, Ұлбосын, Айғаным.

Адамның фамилиясын немесе әкесінің атын білдіру үшін қолданылатын ұлы, қызы деген сөздер жалқы есімге қосылып жазылады: *Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Сара Сәтбайқызы Есова.*

§ 62. Ғылым мен техниканың әр түрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы түбір тұлғаларын сақтап, бірігіп жазылады. Оның ішінде:

С а я с и - ә л е у м е т т і к т е р м и н д е р м е н т а р и х ,
э к о н о м и к а ғылымдарына жататын сөздер: *өнеркәсіп, кәсіподақ, бесжылдық, көзқарас, баспасөз, арақатынас, еңбеккүн, еңбекақы, жалақы, қаламақы, шикізат, қолбасы, келіссөз, қонақасы, өнертабыс, алауыздықтар* (мемлекеттер, одақтастар, пікірлестер т.б. аралығындағы келіспеушіліктер), *көзбояушылық, сөзбұйда* (*волокита* деген терминнің баламасы), *қосмәнділік* принципі (философия термині).

Б и о л о г и я ғылымына жататын терминдер, яғни аң-құс, жан-жануар,

өсімдік, ағаш, құрт-құмырсқа атаулары және осы салаға қатысты өзге де терминдік сөздер: *алабота, кәріқыз, алақоржын* (өсімдік аттары), *қырықаяқ, бұзаубас, қарақұрт* (жәндіктер), *ақиық, бізтұмсық, бірқазан, өгізшағала* (күс аттары), *гүлтабан, бұршаққын, тозаңқап* (ботаника терминдері).

Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер (*ақ, сары, қызыл, қара т.б.*), немесе мал, аң-құстардың жалпы атаулары (*қой, сиыр, түйе, қозы, бөрі, аю, қоян, қаз т.б.*), я болмаса *тау, шөл, құм, дала, су, тас, у* деген сияқты сөздер болып, екінші сыңары нақты өсімдік немесе аң-құстардың аты болса, бұлармен жасалған сөздер биологиялық терминдер ретінде қосылып жазылады (қазақ тілінің емле ережелері мен 1988 жылғы “Орфографиялық сөздікте” алдыңғы сөз анықтауыш ретінде бөлек жазылады деп көрсетілген ереже түзетілуге тиіс): *құмбетеге, субетеге, қоянжоңышқа, сиыржоңышқа, түйежоңышқа, қойжусан, қызылжусан, қаражусан, қойқарақат, бөріқарақат, аюқарақат, қызылқарақат, қарақарақат, түйекекіре, уекіре, атбұршақ, түйебұршақ, бөрібұршақ, майқаңбақ, балқаңбақ, сорқаңбақ, аққайың, қотырқайың, үлпекқайың, қызылқайың, итжуа, итбүлдірген, итбадам, итқонақ, итқұмық, итшаған, итсигек, итбүлдірген, таутеке, субүркіт, сужылан, убалдырған, убидайық*

Е с к е р т у. *Ақ, қара, қызыл, қоңыр* деген сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылған болса, бөлек жазылады: *ақ аю, қоңыр аю, қара бұрыш, қызыл бұрыш, қара жүзім, қара өрік, қоңыр қаз.* Кер сөзі де түсті білдіріп тұрса, бөлек жазылады: *кер ат, кер ала, кер бесті, кер жағал, кер төбел, кер марал*, ал *кері* және *керілген* сөздерінің ықшамдалып барып тіркескен түрімен келген күрделі сөздер бірігіп жазылады: *керауыз, керзаман, кермиық, кертақыс, кертартпа.*

Ф и з и к а - м а т е м а т и к а ғылымдары мен өндіріс-техника саласына жататын терминдердің бірсыпырасы біріккен сөздер болып келеді. Мысалы: *сегізжақ, үшжақ, көпмүше, бірмүше, көпбұрыш, темірбетон, қазанишұңқыр* (котлован), *майбалиық* (раствор), *жанармай, жағармай.*

М е д и ц и н а , в е т е р и н а р и я салаларына қатысты терминдердің бірқатары екі түбірден жасалып, бірігіп жазылады: *шорбуын* (артрит), *соқырішек, сарысу* (илену), *сарауру, көкжәтел, құрқұлақ, өкпеқұрт, қоянжел.*

М ә д е н и - а ғ а р т у , ө н е р , ә д е б и е т т а н у , т і л б і л і м і салаларына жататын терминдердің ішінде екі түбірден бірігіп жасалғандары едәуір: *күйтабақ, қылқалам, қолтаңба, сөзжұмбақ, жолжазба, сегізаяқ, сөзжасам, сөзтізбе* (реестр).

Спорт саласына жататын терминдер екі түбірден жасалса, біріккен сөз болады: *бессайыс, онсайыс, мұзайдын, ойынсерік* (партнёр), *жанкүйер.*

Спорт терминдері сияқты қазақша ұлттық ойын аттары да екі түбірден жасалса, көбінесе, біріккен сөз ретінде қосылып жазылады. Бұлардың ішінде сын есім, сан есімдер мен зат есімдердің тіркесуімен жасалғандары көбірек кездеседі: *аққала, ақсүйек, түйебас, қосқұлақ,*

әуетаяқ, салматаяқ, алакүшік, алтынқабак, бурақотан, қарабие, қарақұлақ, алтыбақан, бесқақбай, ұштабан, шықетер, төртасық, бесасық, бестас, соқыртеке, тоғызқұмалақ.

Сондай-ақ кейбір ойын аттары есімдер мен етістіктердің тіркесінен жасалады, олардың көпшілігі біріккен сөз болады: *балтамтап, қолсоқпақ, ханатпақ, ханталау, тисінқабак*, ал бірқатары күрделі сөз ретінде бөлек жазылады: *қыз қуу, орамал тастау*. Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш мүшелері бар, сөйлем іспетті құрылымдардан жасалған ойын аттары тырнақшаға алынып, кейде тырнақшасыз әр сөзі бөлек жазылады: “*ханды қара басты*”, “*хан жақсы ма?*”, “*кім түртті?*”. Бір сөздің қайталауынан жасалған немесе қарсы мәндес қос сөздерден жасалған ойын аттары дефиспен жазылады, олар да көбінесе тырнақшаға алынады: “*мыршым-мыршым*”, “*ұрмақ-тозақ*”, “*хан-уәзір*”.

Әр түрлі ырым, ритуал аттары да екі түбірден тұрса, бір сөз ретінде танылады: *ақсарыбас, жолаяқ, беташар, есікашар, тұсаукесер, атұстатар, қолұстатар, батаоқыр*.

Х и м и я, г е о л о г и я, м е т а л л у р г и я салаларына қатысты терминдердің бірқатары біріктіріліп жазылады: *оттек (оттегі), сутек (сутегі), қостотық, теміртас (железняк), таскөмір*.

А с т р о н о м и я саласына қатысты терминдік сөздер екі түбірден жасалса, біріктіріліп жазылады: *көкжиек (горизонт), кемпірқосақ, оңтүстік, солтүстік, шоқжұлдыз*. Бұл топқа жұлдыздардың, шоқжұлдыздардың аттары да жатады: *Темірқазық, Жетіқарақшы, Ақбозат, Есекқырған, Үшарқар, Құсжолы*.

Біріккен сөз болатын терминдерге келгенде мынадай жайттарға көңіл аудару қажет болады. Флора (өсімдік) пен фауна (жан-жануарлар) дүниесінің терминдік атаулары болып келетін біріккен сөздердің жасалу жолдары көбінесе мыналар:

1) Флора мен фауна атаулары түсті білдіретін *ақ, қара, көк, сары, қызыл, ала, боз* деген сөздер мен жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы, (*алақоржын* (тышқан), *ақиық* (құс), *қарақанат* (өсімдік) дегендердегі *қоржын, иық, қанат* сөздері осы атауларда өздерінің жеке лексикалық мағынасында қолданылып тұрған жоқ, алдыңғы сөздермен бірігіп барып, нақты аңның, құстың, өсімдіктің атауы болып тұр.

Бұл топтағы өсімдік атауларына мысалдар: *ақбүйрек, ақбілек, ақшелек, ақсырғақ, ақтамақ, бозбұғы, бозкілем, қарабас, қарақұлақ, қарашора, қарашұнақ, қызылбас, қызылқұйрық, сарыбуын, сарысадақ, көкқасқа, көкнайза, көксұлтан, көкшолақ*.

Осы топтың жан-жануарлар атауларына мысалдар: *ақиық, қарабай* (құстар), *ақкөз, аққайран, ақсерке, алабұға, қаракөз* (балықтар), *алақоржын* (тышқан), *қарақұйрық* (аң).

2) Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер, екінші сыңары аң-құс, өсімдіктердің жалпы атауы болып саналатын *құс, ағаш, балық, құрт, шөп, гүл, торғай, жидек, жеміс* сияқты сөздер болып келген атаулар біріккен сөз

болады: *қарақұс, қараторғай, қарағаш, қарақұрт, сарағаш, сарыгүл, сарышөп, қаражидек, қызылжидек*. Мұнда да өсімдіктің нақты атауы *ағаш, гүл, жидек* деген сөздер емес, сол сияқты *құс, торғай* дегендер де – нақты бір құстың аты емес, жалпы атаулар.

3) Бірінші сыңары әр алуан есім сөздер болып, екінші сыңары *шөп, от(ы), гүл, құс, торғай, балық, тауық, құрт* сияқты жалпы атау болса, олар да біріккен термин сөз болады. Мысалы: *айгүл, айланшөп, бояушөп, барқытшөп, қоңыраушөп, сәлемшөп, әтіргүл, безекгүл, тарақбалық, теңгебалық, қылышбалық, күрке тауық, түйе тауық, тентекқұс, жыланқұрт, суықторғай*.

Соңғы компоненті *жапырақ, тікен, тікенек, тамыр* сияқты сөздер болып келгендер де осы қатарға жатады: *бабажапырақ, алтай тамыр, сужапырақ, сүтжапырақ, теңкежапырақ, әректікен*.

4) Екі сыңары да жеке тұрғандағы лексикалық мағынасынан айырылған есім сөздер болса, ол атаулар да ботаникалық немесе зоологиялық терминдер бола алады: *егеуқұйрық, бізтұмсық, қаптесер, айқабак, асқабак, бестамақ, балмұрын, томардәрі*.

5) **А.** Бірінші сыңары мал атаулары (*қой, сиыр, айғыр, түйе, бота, бие, қозы, ат*) аң атаулары (*аю, киік, бөрі*) немесе балық, бақа, құс деген сөздер болып, екінші сыңары өзінің лексикалық мағынасынан айырылған сөздерден жасалған биологиялық терминдер біріккен сөз болады: *аюқұлақ, аютабан, атқұлақ, атишоңқай, бақабас, балықкөз, бөрікөз, бөріқұлақ, бөрігүл, ботатабан, қозыжаурын, қозықұйрық, қозықұлақ, құсаяқ, құсқонбас, құстарақ, түйеқарын, түйеқұйрық, түйесүйек, түйежапырақ, биебау, биеемшек, биеқарын, қоянсүйек, қоянтамақ, қоянтобық*.

Ә. Бірінші сыңары кейбір малдар мен аңдардың жалпы атаулары (*қой, қоян, түйе, киік, балық* т.б.) екінші сыңары *шөп, от(ы), жапырақ, тікен, жеміс, тамыр, ағаш, қат* сияқты сөздер болса, бұлардың бірігуі арқылы да ботаникалық терминдер жасалады: *балықот(ы), қояноты, бақоты, қойоты, қояншөп, қандағаш, қарағаш, қызылағаш, түйежапырақ, түйетікен, киікоты, қазоты, бөріжеміс*.

Е с к е р т у. Белгілі бір өсімдіктің түрін (сортын) айырып атау үшін жасалған, бірінші сыңарлары мал мен аң-құстардың жалпы атаулары (*бөрі, аю, қоян, киік, қаз* т.б.) екінші сыңарлары жеке өсімдіктің өз атаулары болып келетін тіркестер де біріккен сөз болады (бұлар жөнінде § 62-ты қараңыз).

Б. Өсімдік, аң-құс, жан-жануарлардың белгілі бір түрінің (тұқымының, сортының) атауы алдынан олардың мекеніне, түсіне немесе басқа да бір қасиет-белгілеріне қарай айтылып қалыптасқан тұрақты анықтауыштары болады. Олар анықтайтын сөзінен бөлек жазылады. Мысалы: *мес бие, құлық бие, лақса бие, сарқарын бие; жөнек нар, үлкен нар, оқпақ нар*. Сонымен қатар мұндай терминдік анықтауыштар екі (кейде үш) сөзден тұруы да мүмкін. Ол күнде бұл екі сөз өзара бірігіп жазылады да, анықтайтын сөзінен бөлек тұрады. Мысалы: *ақбас жоньышқа, ақбас сиыр, ақбас капуста* дегендердегі *ақ* сөзі жоңышқаның, сиырдың, капустаның бастарының ақтығын жай ғана

суреттеп тұрған жоқ, ол *бас* сөзімен бірігіп, сол өсімдіктің сортын немесе малдың тұқымын айырып атап тұр. Мұндай терминдік мәндегі күрделі анықтауыштар негізінен ғылыми әдебиетте (оқулықтарда, ғылыми зерттеулерде, энциклопедия мен сөздіктерде) кездеседі және көбінесе калька жолымен жасалған аударма болып келеді: *ақтұмсық қарға, алақанат бозторғай, итбас жарғанат, алаяқ мәлін, ақтөс сусар, аққабақ шымшық, бізқұйрық үйрек, сүйелтұмсық кептер, қызғылтжирен саршұнақ, қызылерін ақмарқа*.

Е с к е р т у. Екі-үш сөзден тұратын күрделі анықтауыштар ғылымдық термин болмай, яғни түрді, тұқымды, сортты білдірмей, жай суреттеме атау үшін қолданылған болса, олардың әрбір сөзі бөлек-бөлек жазылады: Мысалы: *ақ шандыр бие, ит арқа ат, бас асау жылқы, иір өркеш түйе, қара қайыс түйе, сары аяқ марқа, ақ ала мойын кептер, ұзын сирақ әтеш*.

Биология саласының біріккен сөзден жасалған терминдері тек жан-жануар, аң-құс, жәндік, өсімдіктердің аттары ғана емес, олардың құрылысына, организміне, өсіп-өну процесіне т.б. қатысты атаулар болып та келеді. Мысалы: *гүлтабан, гүлшұнақ, тозаңқап, бұршаққын, сүтқоректілер, оңқанаттылар*.

§ 63. Әр алуан құрал-жабдық, қару-жарақ, машина, аппарат, бұйым, үй мүлкі атаулары екі түбірден жасалса, біріккен сөз болады. Бұлардың ішінде бұрын пайда болған ежелгілері де, жаңалары да бар. Мысалы, көне мылтық атаулары: *алтатар, бесатар, күлдірмамай, жекауыз, бірауыз, қандауыз, жездауыз*; әр түрлі үй мүлкі мен бұйым атаулары: *жұқаяқ, қазанқап, жастағаш, қолғап, қуысқұлақ*, музыкалық аспап атаулары: *месқобыз, сазсырнай, асатаяқ, найсыбызғы, қоссаз, желғабыз*; өзге де құрал-жабдық аттары: *атауыз, жерағаш* (соқы), *тісағаш, шотаяқ* сияқтылар ертеден келе жатса, *мұзжарғыш, еттартқыш, қаржыртқыш, астықтиегіш, шаңжұтқыш* тәрізді жаңа машина, аппарат, құрал-жабдық атаулары – кейіннен жасалған біріккен сөздер. Соңғы топтағы нақты атау болып саналатын зат есімдерді осылармен тұлғалас келетін кәдімгі анықтауыштармен шатастырмау керек, күрделі анықтауыштардың әрбір сөзі бөлек жазылады: *су тартқыш колонка* (қандай колонка? – *су тартқыш*), *жүк көтергіш машина* (қандай машина? – *жүк көтергіш*).

§ 64. Әр алуан мамандық, кәсіп иелерінің аттары және белгілі бір іске (әрекетке, жұмысқа т.б.) бейім адамдардың атаулары да екі сөз арқылы білдірілсе, біріккен сөз болады: *алыпсатар, атқамінер, теміржолшы, жолсерік* (проводник), *өнертапқыш, қызылізші*.

Екі компоненті де етістік тұлғалы болып келетін сипаттама тіркестер қосылып жазылады: *көріпкел* (адам), *шығарыпсалма* (сөз), *суырыпсалма* (ақындық), *алыпқашпа* (сөз); бұл қатарға екінші компоненті ашық райдағы етістік болып келетін тіркестер де жатады: *ерғашты* (болу), *жүрекжарды* (хабар), *қағазбасты* (қызметкер), *жолсоқты* (болу), *пышақкесті* (тыйылу). Етістік араласып жасалған *әнербақан, ойбауырымдау* (жоқтау), *өлдемаған, әлімжеттік* (қылу), *немкетті* (қарау) *немкеттілік, немқұрайды* (қарау), *немқұрайдылық, қағазбастылық* сияқты сөздердің осылайша жазылуы сөздік

бойынша реттеледі (яғни сөздіктен қарап жазу керек).

§ 65. Екінші сыңары *аралық, тану, сымақ, құмар, жай, -хана, ақы, -нама, хат, тас, бас* деген сияқты сөздер болып келген тіркестер бір ғана заттың атын білдіріп (көбінесе термин болып) тұрса, біріктіріліп жазылады: *халықаралық, ауданаралық, ведомоствоаралық; қоғамтану, шығыстану, абайтану; шешенсымақ; асхана, құсхана, төлхана, перзентхана; сапарнама, өмірнама, ғарышнама; шайқұмар, әнқұмар; жалақы, қаламақы, еңбекақы, жамбасақы, көзақы (көргеннен көзақы алған), жолақы, кіреақы* (термин ретінде емес, образды фразеологизм құрамында келген *ақы* сөзі бөлек жазылады: *табан ақы, маңдай тері*); *сенімхат, түсінікхат, келісімхат, мағлұмхат, сәлемхат* (*хат* сөзі жалпы “жазылған дүние” мағынасында келіп, алдыңғы сөз сол жазылғанның сипатын білдіріп тұрса, бөлек жазылады: *ашық хат, жасырын хат, жабық хат, тапсырыс хат*); *қоражай, саяжай, тұрақжай, қонақжай, жағажай (пляж), егінжай; ұлутас, теміртас, сутас, тақтатас, зертас, сынтас, құлпытас, обатас*, этнографиялық бұйымдардың атаулары; *тұмартас, есектас, құрал атауы: шаңтас* (бидай бастыратын), табиғаттағы *құмтас, қойтас, жартас, шағылтас* (*тас* сөзі өзінің тура мағынасында келіп, алдыңғы сөз оның түрлі сын-сипатын білдірсе, бөлек жазылады: *малта тас, дөңбек тас, жақпар тас, қайрақ тас, қабыршақ тас, шақпақ тас, серек тас, үңгір тас, тектұр тас, лағыл тас, ақық тас, меруерт тас*) *қалжыңбас, қылжақбас, маубас, жүдеубас, жындыбас, қаңғыбас, қақбас* (бұларды алдыңғы компоненті анықтауыштық қызметте келген *қауға бас, дода бас, қазан бас, қасқа бас, қалтақ бас* деген жай тіркестермен шатастырмау керек); *қолбасы, онбасы, мыңбасы, жүзбасы, рубасы, түменбасы, көшбасы, әскербасы, дуанбасы; қолбасшы, жолбасшы, көшбасшы* (соңғыларды термин емес, жай мынадай сөз тіркестерімен шатастырмау керек: *сөз басы, түлік басы, төл басы, мал басы* – мал басын көбейту, *жан басы* – жан басына шаққанда) т.т.

§ 66. *Еш, әр, кей, қай, әлде, бір* деген сөздер есімдіктермен, үстеулермен тіркесіп келгенде, бірігіп жазылады: *әрбір, әркім, әрқайсы, әрдайым, әрқашан, әрнеме, әркелкі, әрқайда, ешкім, ешбір, ешқайда, ешқашан, ешқандай, ештеңе, ешқайсысы, ешқалай, кейбір, кейбіреу, қайбір, бірдеңе, бірнеше, біраз, бірсыпыра, біркелкі, әлдекім, әлдене, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқандай, әлдебір, әлдеқайдан т.т.*

Ескертулер. 1. *Еш, әр, кей, қай, қайсы, әлде, бір* деген сөздер зат есімдермен келгенде, бөлек жазылады: *әр адам, әр жылы, әр уақытта, әр жұмыс, әр нәрсе, әр күні, кей адам, кей жылы, кей уақытта, қай адам, қайсы адам, қайсы жылдары, бір адам, бір күні, бір жылы, еш адам, еш нәрсе, еш уақытта, еш жұмысым жоқ.*

2. *Бір* деген белгісіздік есімдігі мына сияқты тіркестерде бөлек жазылады: *белгілі бір, бейне бір, екінші бір* (екінші бір айтатын әңгіме), *неше бір* (неше бір түсінбесең де), *не бір* (не бір әдемі гүлдер бар).

§ 67. Бірінші компоненті *фото, радио, электр(о), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, метео, био, микро, макро, квази, транс* деген тұлғалар, екінші компоненті *тәуелдік жалғаусыз сөз болса, әрі бұлар*

қосылып, бір заттың, бір құбылыстың атын білдіріп тұрса, бірігіп жазылады. Мұндайда екінші компонент қазақ сөзі де, кірме сөз де бола береді: *автомашина, автобаза, автоқалам, автосуарғыш, автотіркес, авиапочта, авиабайланыс, авиамектеп, фотоаппарат, фотосурет, электровоз, электромагнетизм, электроөткізгіш, телемеханика, телеқабылдағыш, теледидар, телестудия, телехабар, агрокомплекс, агрошаралар, биосүзгі, макромолекула, микробиология, микросинтез, трансевропалық, транссібірлік, инфрақызыл, ультракүлгін, изосызық, гипержазықтық.*

Е с к е р т у. *Электр* сөзімен келген тіркестер кейде *о* дәнекерінсіз келеді де, осы сөзбен келген тіркес күрделі сөз ретінде танылып, *электр* сөзі бөлек жазылады: *электр агрегат, электр барабан.* Ал тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркескенде, *электр* сөзінің бөлек жазылатыны өзінен-өзі белгілі: *электр қуаты, электр станциясы.*

Орыс тілінен біріккен сөз болып танылатын кірме сөздер сол қалпында (яғни орысша жазылуынша) таңбаланады: *паровоз, бронепоезд, бортмеханик, бензорез, метрдотель, амперметр, бормашина, самосвал, газовоз, газогенератор.*

ДЕФИС АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

§ 68. Қос сөздер, негізінен, дефис арқылы жазылады: *бара-бара, жақсылы-жаманды, бірде-бір, жап-жақсы, апыр-топыр, сарт-сұрт.*

Дефиспен жазылатын қос сөздердің түрлері мыналар:

а) Бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздер: *биік-биік, лек-лек, лып-лып, тырс-тырс, көп-көп, алуан-алуан, жүре-жүре.*

Мұндай қос сөздердің арасына **-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де, -шы, -ші** дәнекерлері және шығыс септік жалғауы қосылып та жасалады. Ондайда дәнекерлер қос сөздің бірінші сыңарына қосылады да, олардан кейін дефис қойылады: *көзбе-көз, қолма-қол, бетпе-бет, жылма-жыл, жанба-жан, бірме-бір, көшші-көш, баршы-бар, қараптан-қарап, жылдан-жылға, бостан-босқа, тектен-тек, турадан-тура.*

Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екінші сыңарына шығыс, көмектес, барыс жалғаулары немесе **-ла+п, -ле+п** жұрнақтары да жалғанады: *бір-бірден, шет-шетінен, өз-өзінен, бас-басына, бет-бетімен, топ-тобымен, рет-ретімен, бір-бірлеп, мың-мыңдап, бірте-біртеп, ақырын-ақырындап, қыт-қыттап, аз-аздап.*

Бір сөздің қайталануынан жасалған кейбір қос сөздердің екі сыңарына да септік жалғаулары (шығыс және барыс) жалғанады: *жылдан-жылға, қолдан-қолға, күннен-күнге, тектен-текке, сақтан-саққа.*

Жалғау бір сөздің қайталануынан жасалған қос сөздердің кейде бірінші сыңарына, кейде екінші сыңарына жалғанып айтылады. Екі вариантында да араларына дефис қойылады: *бір-бірімен – бірімен-бірі, бір-бірінен – бірінен-бірі, бір-біріне – біріне-бірі, бір-бірін – бірін-бірі, өз-өзінен – өзінен-өзі, өз-өзімен – өзімен-өзі, өз-өзін – өзін-өзі.*

Алдыңғы сыңарына III жақ тәуелдік жалғауы жалғанып та бір сөздің қайталануынан қос сөз жасалады: *аттысы-атты, жаяуы-жаяу, бары-бар,*

жоғы-жоқ, бірі-бір, екісі-екі.

Бір етістіктің болымды және болымсыз тұлғада тұрып қайталануы арқылы да қос сөз жасалады: *барар-бармастан, келер-келмесі, кірер-кірместен, айтты-айтпады, барды-бармады.*

ә) Қарсы мәнді сөздердің қатар келуі арқылы жасалған қос сөздер: *ертелі-кеш, жақсы-жаман, күн-түн, азды-көпті, кешелі-бүгінді.*

б) Екі сыңары да мағыналы қос сөздер. Олар көбінесе жинақтау мәнін білдіреді: *ата-ана, мал-жан, құрт-құмырсқа, ыдыс-аяқ, ұрыс- қағыс, ат-арба, жаздым-жаңылдым, тапқан-таянған, билеп-төстеп, сылап-сипап, төрт-бес, он-он бес, отыз-қырық.*

в) Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз (бұл күнде түсініксіз) қос сөздер. Бұлардың түсініксіз компоненттері басқа түркі, моңғол тілдерінде жеке қолданылатын немесе көнерген сөздер болады: *бала-шаға, жолдас-жора, киім-кешек, жол-жөнекей, жүн-жұрқа, келін-кешек, көрші-қолаң, кәрі-құртаң, телегей-теңіз, хабар-ошар, қиын-қыстау, құда-анда, көл-көсір, тоқты-торым.*

Көбінесе қомсыну, кеміту мәнінде айтылатын *жігіт-мігіт, ат-мат, жүрек-мүрек* сияқты сөздердің бір сыңары мағынасыз тұлға болады.

Күшейткіш буын қосылып жасалатын қос сөздердің де бір сыңары мән-мағынасыз болады: *тәп-тәуір, жап-жақсы, тұп-тура, дұп-дұрыс, сүп-сүйкімді, қып-қызыл, қап-қара, ап-алыс, мып-мықты.*

Араларына *да, де, та, те* шылауын салып, етістіктің бұйрық рай тұлғаларынан жасалған анықтама (сипаттама) тіркестер дефис арқылы жазылады, шылау сөз бірінші компонентке қосылады: *аста-төк* (байлық), *ұрда-жық мінез, уда-шу* (айғай), *келде-кет* (болып отыру).

Е с к е р т у. *Ақ, көк* деген сын есімдерге күшейткіш буын үстелгенде, олар *аппақ, көкпеңбек* түрінде айтылады және осылай жазылады.

г) Екі сыңары да түсініксіз қос сөздер: *алай-түлей, кәкір-шүкір, қиян-кескі, үбірлі-шүбірлі, алда-жалда, анақ-сапақ, алқам-салқам, дел-сал, жапа-тармағай, жым-жылас, жым-жырт.* Қос сөзден жасалған одағайлар мен еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің де сыңарлары жеке алғанда мағынасыз сөз болады: *жарқ-жұрқ, гу-гу, тарс-тұрс, сарт-сұрт, пай-пай, аһ-уһ, шөре-шөре, әукім-әукім, быт-шыт, қалт-құлт.*

§ 69. Плеоназмдардың (қосақтап қолданылған мағыналары бірдей немесе жуық сөздердің) көпшілігі дефис арқылы жазылады: *ел-жұрт, дау-жанжал, күш-қайрат, ұшы-қиыры, ар-намыс, аз-кем, ен-таңба, шам-шырақ, айып-шам, шет-жағасы, хал-ахуал, мүкі-тақы* (мүкі – “аздап”, тақы – арабша “аздап”).

Е с к е р т у. Қатарласа қолданылған мағыналас сөздердің бірқатары дефиссіз бөлек жазылады: *ежелгі ескі* (досы), *құр босқа, құр текке* (мұндағы *құр* сөзі *бекер, босқа, текке* деген сөздермен синонимдес), *ақыр аяғында* (*ақыр* – арабша “соң, ақыр” деген мағынада), *сәске түс* (*сәске* – парсыша “түс”), *әуел бастан* (*әуел* парсыша “бас”), *шынайы таза* (бұлардың жазылуын орфографиялық сөздік реттеп көрсетеді).

§ 70. Екі компоненті бір-бірімен мағыналас *ала-бөле, желе-жортып, баса-көктеп, жуып-шайып, өсіп-өну, қырып-жою, кекеп-мінеу, жылап-еңіреу* сияқты етістіктер де плеонастық қатарлар түзіп, дефис арқылы жазылады. Бұлардың екінші сыңары әр түрлі тұлғада өзгеріп отыруы мүмкін. Ондай жағдайда да дефиспен жазыла береді: *жуып-шайып, жуып-шайды, жуып-шайғалы отыр, өсіп-өнді, өсіп-өне бермек, өсіп-өндік*.

Ал тұлғасы жағынан осыларға ұқсас, бірақ біреуі негізгі, екіншісі көмекші етістік болып келетін (яғни тең мағыналас емес) *айта сала, келе сала, көре сала, ести сала, көре тұра, біле тұра, ести тұра, сөйте тұра, кіре бере, түсе бере, ала бере* сияқты етістіктер бір-бірінен бөлек жазылады.

Е с к е р т у. Қос сөз немесе плеоназм типтес құрылымдардың әр компоненті бірнеше сөзден тұрса, олар үтір арқылы немесе ешқандай тыныс белгісі қойылмай жазылады (соңғы жағдай араларында *мен* жалғаулығы бар жерде болады): *үн жоқ, түн жоқ* (ал *үнсіз-түнсіз, әй дер ажа, қой дер қожа жоқ; бір сырлы, сегіз қырлы; апы кіріп, күні шығып; алты аласы, бес бересі; үлде мен бүлдеге* (оранған); *күн демей, түн демей*, (ал *күні-түні, күн-түн демей*), *аз болсын, көп болсын* (ал *азды-көпті*), *ерте болсын, кеш болсын* (ал *ертелі-кеш*); *о жақ, бұ жағы, о шеті мен бұ шеті*.

§ 71. Тең мағыналы немесе қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштар дефис арқылы жазылады: *оқу-ағарту жұмысы, әкімшілік-басқару жұмыстары, халық-азаттық қозғалысы, салыстырмалы-тарихи әдіс, ғылыми-көпшілік әдебиет, үгіт-насихат жұмысы, орысша-қазақша сөздік, есеп беру-сайлау жиналысы*.

§ 72. Екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулардың арасына дефис қойылады: *премьер-министр, вице-президент, тілші-фонетист, редактор-математик, инженер-байытушы, әнші-композитор*.

§ 73. Машиналар мен олардың бөліктерінің және өзге де техникалық жүйелердің күрделі атаулары дефис арқылы жазылады. Олардың басым көпшілігі орыс тілінен енген сөздер болып келді: *дизель-мотор, стоп-кран, вакуум-аппарат, телефон-автомат*.

§ 74. Күрделі өлшем атаулары дефис арқылы жазылады: *тонна-километр, адам-күн, киловатт-сағат, вольт-ампер* (бірақ: *вольтметр*), *ватт-сағат* (бірақ: *ваттметр*). Бұл ережеден *еңбеккүн* сияқты бірер сөз тыс тұрады. Орыс тілінен енген немесе орыс тілі үлгісімен жасалған *статус-кво, х-сәуле, альфа-сәуле, м-1, ОСВ-2* сияқты атаулар дефиспен жазылады.

§ 75. Орыс тілі орфографиясы бойынша қолданылатын жер-су және кейбір халық аттары дефиспен келсе, дефис қазақша жазуда да сақталады: *Орехово-Зуево, Соль-Илецк, Могилев-Подольск, Нью-Йорк, Рио-де-Жанейро, Лос-Анжелос, коми-зырян, угро-фин*. Орыс тілінде дефиспен жазылатын Қазақстан, Орта Азия жеріндегі топонимдер қазақша түрінде дефиссіз (кейде бөлек) жазылады: *Алматы* (орысша бұрынғы жазылуы *Алма-Ата*), *Ыстықкөл* (орысша – *Иссык-Куль*), *Қызылорда* (орысша *Кзыл-Орда*).

§ 76. Екінші сыңары біріншісін айқындайтын қосалқы мүшелі күрделі

атаулар дефис арқылы таңбаланады: *зауыт-институт* (әрі институт ретінде қызмет ететін зауыт), *зауыт-филиал* (филиал болып саналатын зауыт), *кафе-бар* (бар типтес қызмет ететін кафе), *вагон-ресторан* (ресторанға арналған вагон), *гараж-тұрақ*, *диван-кереует*.

§ 77. Орыс тілінде дефиспен жазылатын кісі аттары (көбінесе фамилиялары) қазақша жазуда да дефис арқылы таңбаланады. Бұлар, негізінен, орыс халқы және Еуропа, Америка т.б. халықтары өкілдерінің аты-жөндері болып келеді: *Немирович-Данченко*, *Новиков-Прибой*, *Книппер-Чехова*, *Жолио-Кюри*, *Дон-Жуан*, *Дон-Кихот*. Соңғы екі есімнен жасалған *донжуандық*, *донкихоттық* деген жалпы есімдер қосылып, кіші әріппен жазылады.

Араб халықтары есімдерімен келетін әл, аш, ар, аз, әд, бен сияқты элементтерден соң дефис қойылады, олардың өздері кіші әріппен алдыңғы сөзден бөлек жазылады: Абд ар-Рахнан әл-Халиси, Ибрагим әл-Муфти, Авадх бен-Солех бен-Галев, аз-Закир Рукн ад-Дин Бейбарс, әл-Фараби, әл-Кинди.

Е с к е р т у. Араб халықтары аты-жөндерімен келетін *ибн* сөзі кіші әріппен бөлек жазылады: *Әмір ибн Кулсум, ибн Халдун, ибн Сина, Тарафа ибн әл-Абд.*

Араб атауларында келетін демеуліктер де алдыңғы сөзден бөлек, ал өзінен кейінгі сөзден дефис арқылы жазылады: *жами'ат-тауарих, әл-Маджмағу л-илми* (“Ғылым академиясы” деген мәндегі тіркес), *Китаб әл-Хамаса* (Батырлар туралы кітап).

Түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін *паша, бей, бек, заде, оглы* сияқты тұлғалар да дефис арқылы кіші әріппен жазылады: *Турсун-заде, Нахас-паша, Исмаил-бей, Абдулла-бек.*

Түркі, моңғол хандары есімдерінің соңында келетін *хан* сөзі дефиссіз бөлек жазылады (ал орыс жазуында бұл дефис арқылы таңбаланады): *Шыңғыс хан* (орысша – *Чингиз-хан*), *Тәуке хан* (орысша – *Тауке-хан*), *Жәңгір хан* (орысша – *Джангир-хан*).

§ 78. Реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзіне қатысты сөзбен араларына дефис қойылады: *7-сынып* (жетінші сынып), *15-үй* (он бесінші үй), *50-километр* (елуінші километр). Кейде реттік сан есім жасайтын, **-ншы, -нші, -ыншы, -інші** жұрнақтары көрсетіліп жазылуы мүмкін, ол күнде де дефис сақталады: *7-нші сынып, 15-інші үй, 50-інші километр*. Айды, жылды көрсететін цифр мен ай атын білдіретін сөз және *жылы* деген сөздердің арасына дефис қойылмайды: *8 наурыз, 1 қазан, 1987жыл.*

8. ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 79. Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарған сөздер бас әріптермен жазылады, ол әріптердің ара-арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды: *БҰҰ* (Біріккен Ұлттар Ұйымы), *АҚШ* (Америка Құрама Штаттары), *ҒА* (Ғылым академиясы).

§ 80. Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздің алғашқы қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылып, кейінгі әріптер бас әріппен жалғастырылып жазылады: *КазТАГ* (Қазақ телеграф агенттігі), *КазМУ* (Қазақ мемлекеттік университеті).

§ 81. Буындардан және буын мен тұтас сөз араласып қысқарған сөздер кіші әріптермен бірігіп жазылады: *ауатком, Түрксіб*.

§ 82. Адамның аты-жөні (көбінесе өз есімі мен әкесінің аты) қысқартылып, бас әріппен белгілегенде, әр әріптен кейін нүкте қойылады: *А.С.Пушкин, М.Горький, М.О.Әуезов, С.Мұқанов*.

9. ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 83. Шылаулар, негізінен, бөлек жазылады: *Қалам да, қарындаш та үстел үстінде жатыр. Қалам мен қарындаш үстел үстінде жатыр. Мен әрі қаламмен, әрі қарындашпен жазамын.*

Бөлек жазылатын шылаулар мыналар (алфавит тәртібімен): *ал, алайда, айткенмен, әрі, әлде, басқа, бері, бұрын, бірақ, біресе, бірде, гәрі, гана (қана), гой, дағы (сен дағы), да (де, та, те), дегенмен, дейін, және, жуық (жүзге жуық), екеш (бала екеш бала да түсінеді), кейін, қабат, қарай, қаралы (жүз қаралы), қатар, құй, құйт, ма (ме, ба, бе, па, пе), мен (бен, пен), менен (бенен, пенен), мейлі, не болмаса, немесе, онда да, өйткені, сайын, себепті, сондықтан, сияқты (секілді, сықылды), сон, сынды, туралы, түгіл, шақты, шамалы, ше, шейін, үшін, я, я болмаса, яки.*

§ 84. *Да (де, та, те) шылауы бірақ, әлі, тағы, сондықтан, сонда, айтсе, сөйтсе, және, қандай, сірә деген сөздермен жанаса қолданылғанда, олардан бөлек жазылады: бірақ та; әлі де (болса), тағы да (айтарым), сондықтан да, сонда да, айтсе де, және де, қандай да болса, сірә да (Сірә да, бұл сөзіңіз естен кетпес. М.Әуезов).*

§ 85. Сұраулық *ше* шылауы *шы, ші* болып айтылғанмен, *ше* түрінде жазылады: *Мен он төрттемін, ал сен ше? (айтылуы – сен ші). Үлкендер жиналып болды, ал балалар ше? (айтылуы – балалар шы).*

§ 86. *Ақ, ай, ау, мыс (міс), ды (ді, ты, ті) шылаулары өзінен бұрынғы сөзбен дефис арқылы жазылады: жақсы-ақ, жүрісін-ай, қарағым-ау, айтыпты-мыс, келіпті-міс, болған-ды, келген-ді.*

Ойпырай, ойпырмай, япырау, япырмай, япырмау сияқты одағайлардың құрамындағы *ай, ау* шылаулары сөзбен бірге жазылады.

§ 87. *Әдетте шылаулар жалғаулардан кейін келеді: Сен үйде қаласың ба, әлде киноға барасың ба? Әңгімені келістіріп айтасың-ақ. Мен осы үйдің ұлымын да, кызымын да.*

Ма (ме, па, пе, ба, бе) сұраулық шылаулары және ақ, да шылаулары кейде жалғаулардан бұрын келеді. Ондайда бұл шылаулар қосылып жазылады. Ма, ме, ба, бе, па, пе шылаулары мы, мі, бы, бі, пы, пі болып өзгереді: Сен үйде қаламысың, әлде киноға барамысың. Әңгімені келістіріп

айтадыақсың. Мен әңгіме айтуға жоқақпын. Мен осы үйдің ұлыдамын, қызыдамын.

§ 88. *Да (де, та, те)* шылауын осы тұлғалас септіктің жалғауымен; *ма (ме, ба, бе, па, пе)* шылауын осы тұлғалас болымсыздықты білдіретін жұрнақпен; *мен (бен, пен)* шылауын осы тұлғалас көмектес септік жалғауымен; *ше* шылауын үстеудің осы тұлғалас жұрнағымен шатастырмау керек: *да (де, та, те)* тұлғасы жалғанып тұрған сөз **кімде? неде? қайда? қашан? қайткенде? неткенде?** деген сұрақтарға жауап берсе, жалғау болады да, сөзбен бірге жазылады. Басқа жағдайда шылау болады. Шылауды түсіріп айтқанмен, сөйлемнің жалпы мағынасы бұзылмайды. Жалғауды түсіріп айтып көргенде, сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: *Ол менің жанымда (қасымда) келе жатыр (қайда келе жатыр? – жанымда).* *Менің жаным да алма ағаштай гүлдеді (Жамбыл). Не гүлдеді? – жаным гүлдеді.* Ал алдыңғы сөйлемді *Ол менің жаным келе жатыр* деп, *да* тұлғасын түсіріп айтуға болмайды.

Ма (ме, ба, бе, па, пе) тұлғасы бар сөйлем ішінде сұраулық мән болса, ол тұлға шылау болады. Бұл шылау есімдермен де, етістікпен де, үстеумен де қолданыла береді: *Мынау тау ма, төбе ме? Бүгін күн жылы ма, суық па? Сен мына кітапты оқыдың ба? Оның келер күні ертең бе?* Ал *ма (ме, ба, бе, па, пе)* тұлғасы тек қана етістіктермен тіркесіп, болымсыздық мағына беріп тұрса, ол жұрнақ болады да, сөзбен бірге жазылады: *Жалған сөзді айтпа. Сен бүгін киноға барма.*

Мен (бен, пен) тұлғасын *және* деген сөзбен алмастырғаннан (сөйлемдегі сөздердің орнын қозғамай) немесе мүлде алып тастағаннан сөйлем мағынасы бұзылмаса, ол шылау болады: *Қалам мен қағаз үстел үстінде жатыр – Қалам және қағаз үстел үстінде жатыр – Қағаз, қалам үстел үстінде жатыр.* Бұл тұлғаны алып тастауға немесе оны *және* шылауымен алмастыруға болмайтын болса, ол жалғау болады: *Ол қаламмен жазды – Ол қалам жазды* немесе *Ол қалам және жазды* деуге болмайды.

10. ОДАҒАЙЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§ 89. Одағайлар, көбінесе, естілуінше жазылады. Сондықтан бір одағай екі-үш түрлі болып жазылуы мүмкін: *ойпырай, ойпырой, ойпыр-о-ой, ойпырмай, ойпырмау; япырмау, япырау; уа, аһ, уай, уау, уа-а-а, уһ.*

§ 90. Бір сөздің екі-үш (кейде төрт рет) қайталанып айтылуы одағайларда жиі кездеседі, ондайда араларына дефис қойылады: *әй-әй, жә-жә, беу-беу, ха-ха-ха, ай-ай-ай, моһ-моһ, шөре-шөре.*

Түбір сөз тұтасымен қайталанбай, жеке дыбыстары қайталанып айтылуы да (созып айту) – одағайларға тән құбылыс, мұндайда да қайталанған дыбыстар дефис арқылы жазылады: *еһе-һе-һе, қа-а-һ, бәрекелді-і, ура-а-а, ә-ә-й.*

11. БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 91. Сөйлем соңына қойылған нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп белгісінен кейінгі келесі сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады:

1) *Үш жыл өтті. Жаз күні. Қас қарайған уақыт. Ворошилов атындағы колхозда ұйықтамаған үй кемде-кем* (Ғ. Мұстафин).

2) *Япырау, мынау Тоғжан, Тоғжаным зой мынау! Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжан зой* (М.Әуезов).

3) *Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеуде де талай ыстық, толқын сезімдер сыя алмай, сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады* (М.Әуезов).

§ 92. Қаратпа сөздер мен одағайлардан және жоқ, иә деген сөздерден соң қойылған леп белгісінен кейінгі сөз бас әріппен басталып жазылады: *Қозы! Жаттан жақын, қастан дос, ашудан ақыл тауып әкеле жатырмын! Жоқ! Бетің түзу!Аһ! Арманда кеттім-ау, Баян!* (Ғ.Мүсірепов).

Ескертулер .1. Төл сөздегі сөйлемге қойылған сұрау, леп белгілерінен және көп нүктеден кейінгі автор сөзі кіші әріптен басталып жазылады.

Мәкіш:

– *Абай, осы сен ақынсың-ау!* – деді де, күліп жіберді.

Абай әуелі үркіп қалғандай қысылып қалып:

– *Е, оны қайдан білдің?* – деді (М.Әуезов).

– *Көңіл көтерейік, өлең айтайық... Билейік... – деді Быков жинала бастаған жұмыскерлерге* (Ғ.Мүсірепов).

2. Көп нүкте сөйлеушінің қысылып, тұтығып не басқа себептермен бөліп-бөліп айтқан бір сөйлем ішіндегі сөздерінің арасына қойылған болса, одан кейінгі сөз кіші әріппен жазылады. Мысалы:

– *Дүние... дүние қалай еді? Дүниеде... сірә, сендей маған жар жоқ, саған жар... менен артық табылса да...* – деп қалды (М.Әуезов).

§ 93. Төл сөз және цитаттар бас әріптен басталып жазылады.

Мысалы:

1) *Тарасенко менің қағаздарымды аударыстырып отырды да:*

– *Жолдас аға сержант, командирлер курсына барасың!* – деді (Ғ.Мүсірепов).

Біржан ақырын ғана үн қатып:

– *Ән салса, Әйгерім ғана салсын да!* – деді (М.Әуезов).

2) *Осымен байланысты әр сөздің жалпылаушы қасиеті болатындығын көрсетіп, В.И.Ленин: “Сезімдер шындықты көрсетеді: ой мен сөз жалпы болады”, – дейді (К.Аханов. “Қазақ тілі лексикасы мәселелері”).*

Кейде цитат автор сөзінің жалғасы немесе ажыратылмас бөлігі ретінде жымдастырыла келтірілуі мүмкін. Ондайда тырнақшаға алынғанмен, цитат кіші әріптен басталып жазылады және алдынан не соңынан төл сөзге (цитатқа) тән тыныс белгілері қойылмайды.

Мысалы:

Ел қамы үшін емес, өз қамы үшін, елді бірлестіру үшін емес, араздастыру үшін оқитын, ойында “я тілмаш, я адвокат болу” жүрген қазақ балаларына Абай дұшпан. Бірақ бұлардың “қаны бұзық сұм-сұрқия

болуына ” орыстың оқуы айыпты емес, өскен ортасы, сол ортаның бұзық мінезін қабылдаған өздері айыпты (С.Мұқанов).

Мұнда тырнақшаға алынған бөліктер – Абайдан келтірілген цитаттар.

Жақша ішіне алынған ремаркалар, өзге де сілтемелер аяқталған сөйлемнен кейін келтірілсе, бас әріптен басталып жазылады.

Мысалы, жиналыс стенограммасынан: *Сөйтіп, жолдастар, жаңа оқу жылын мектептің жаңа үйінде бастап отырмыз. Ол үшін құрылысшыларға мың да бір алғыс айтамыз (Қол шапалақтау).*

Пьесадаң: *Жантас (шыға кеп). Е, жүр олай болса! (Тысқа шығып айғайлап). Мына жақта, мына келеді! Шегіне, шегіне ат! (Өзі атып-атып жібереді) (М.Әуезов).*

§ 94. Адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, сондай-ақ лақап аты (псевдонимі), ныспысы (туып-өскен жеріне, руына т.б. қарай аталған көбінесе тарихи есімдер) бас әріптен басталып жазылады: *Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, Владимир Владимирович Маяковский, Максим Горький, Қадырғали Жалайыри, әл-Фараби (Әбу-насыр Фараби), Қоңыр, Жаяусал (М. Әуезовтің алғашқы кездегі лақап аттары).*

Кісі аттарының алдынан не соңынан адамның белгілі бір қылығын, қасиетін, кемістік-жетістігін т.б. көрсететін сын есімдер – тұрақты эпитеттер қосылып, ел атап кеткен жалқы есімге айналады. Ондай сөздер жалқы есімнің алдынан келсе, бас әріппен жазылады, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады. Мысалы: *Ер Төстік, Қыз Ақжелең, Қыпшақ Сейітқұл (Ы.Алтынсариннен), Кішкене молда (М.Әуезовтен), Тентек Ояз (бұл да сонда), Сумұрын Сүкең (С.Мұқановтан), Судыр Ахмет (Ә.Нұрпейісовтен), Ұлы Петр, Ақсақ Темір, Шықбермес Шығайбай; Баян сұлу, Қамар сұлу, Қамбар батыр, Жиренише шешен, Ақан сері, Біржан сал, Игілік би (Ғ.Мүсіреповтен).*

Е с к е р т у. Мұндай тұрақты эпитеттерді жалпылама айқындауыш анықтауыштармен шатастырмау керек. Айқындауыштар да бөлек, бірақ кіші әріппен жазылады: *ақын Абай, ғалым Шоқан, Ыбырай педагог, әнші Күләш, мұғалім Мұрат, Мұрат мұғалім, агроном Оспан, Оспан агроном, етікші Жүсіп.*

Дефис арқылы жазылатын екі сөзден құралған фамилиялардың екеуі де бас әріптен басталып жазылады: *Жолио-Кюри, Книппер-Чехова, Сергеев-Ценский, Семёнов-Тяньшанский.*

Үш бөлімнен тұратын қытай аттарының бірінші, екінші сөздері бас әріппен бөлек жазылып, үшіншісі екіншімен қосылып жазылады: *Шу Цинчунь, Го Тайци, Фэн Цицан, Сунь Иминь, Лу Вэньтин.* Ал екі бөлімнен құралған қытай аты-жөндерінің әр компоненті бас әріппен дефиссіз жазылады: *Ляо Шэ, Чень И, Ван Мэн, Шэнь Жун.*

Корей, Индонезия, Бирма, Таиланд, Вьетнам, Шри-ланка халықтарының аты-жөндерінің әрбір сөзі бас әріппен, дефиссіз жазылады: *Хо Ши Мин, Те Дян Хен, Ким Чон Тхе, Цой Дор Сан.*

Орыс халқының кісі аттарыг орысша орфографиясы сақталып

жазылады. Шет жұрттық халықтар өкілдерінің есімдері, негізінен, орыс тіліндегі жазылуынша таңбаланады: *Александр Дюма, Джек Лондон, Джон Голсуорси, Эмиль Золя, Абэ Кобе, Маргарет Митчелл* т.б. Моңғол есімдері де, негізінен, орысша жазылуынша таңбаланады. Бұлардың ішінде қазақша қалыптасқан кейбір тарихи есімдер сол қалыптасқан түрінде жазылады: *Шыңғыс хан, Жошы, Бати, Үкетай, Қалдан-Церен, Қонтайшы* т.б.

§ 95. Әр алуан мифологиялық “иелердің”, “құдайлардың”, “әулиелердің” аттары бас әріппен жазылады: *Антей, Зевс, Геркулес, Иусус Христос, Мұхамбет пайғамбар, Будда, Зеңгібаба, Ойсылқара, Қамбарата, Шопаната, Бифатима, Әзіреті Әли, Бабатүкті Шапты Әзиз, Бабата*.

§ 96. Ру аттары кіші әріппен жазылады. Мысалы: *Бұнда отырған ауылдар – борсық, жексен аулы. Ол Жиренше бір Шыңғыс болысы емес, көршілес көкше, мамыға да, керей, уаққа да білікті жігіт болған (М.Әуезов). Жұман – алтай-қарпыққа мәлім тапал адам. Е, сексен аулының жігіттері ме? (Ғ.Мүсірепов)*.

Ру аттарынан жасалған туынды сөздер де кіші әріппен жазылады: *Өзінің бөкеншілік, ағайындық сөзін қосып, Дәркембайды сәл кінәлағандай сөйлеген еді (М.Әуезов)*. Жалқы есімдерден жасалған туынды тұлғалар да кіші әріппен жазылады: *қожанасырлық, қарабайлық, судырахметшілеу*.

§ 97. Халық, ұлт, тайпа аттары және адамның тұрған жеріне (қаласына, өлкесіне) қарай **-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)** жұрнағы жалғанып жасалған атауы кіші әріппен жазылады: *қазақ, орыс, румын, қытай, итальян; мәскеулік, киевтік, семейлік, алтайлық*.

§ 98. Мал құс, ит т.б. қойылған аттар бас әріппен жазылады: *Төрткөз, Жолбарыс, Бөрібасар* (иттер), *Қараторғай, Ұябасар* (бүркіт аттары), *Ақбоз, Буданкөк, Көкжорға* (жылқы аттары).

§ 99. Географиялық атаулар (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады: *Алматы, Алатау, Іле, Балқаш, Сібір, Каспий теңізі, Тынық мұхит, Кеңқияқ, Нарын, Қосшағыл, Өскемен*.

Орыс тілі арқылы енген географиялық атаулар (жалқы есімдер) орыс тіліндегі түрінде жазылады: *Орехово-Зуево, Великие Луки, Лос-Анжелос, Рио-де-Жанейро, Бомбей, Куала-Лумпур*.

Аталуы бұрыннан қазақша қалыптасқан кейбір жер-су, мемлекет, қала т.б. аттары сол қазақша қалыптасқан түрінде жазылады: *Қытай (Китай емес), Қырым (Крым емес), Омбы (Омск емес), Шыңжаң (Синьцзянь емес)*.

§ 100. Кейбір мемлекет одақтарының, халықаралық ұйымдардың аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, Қауіпсіздік Кеңесі*.

§ 101. Жеке мемлекет ретіндегі республика аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Қырғызстан Республикасы*.

Е с к е р т у. Белгілі бір республиканың ресми атауы емес, жалпы атағанда, бұл сөздер кіші әріппен жазылады. Мысалы: *Әрбір тәуелсіз республиканың өнеркәсібі өркендетілуі керек*.

Ал облыс, автономиялы облыс, өлке, аудан, ауылкеңесі аттарының бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылады: *Алтай өлкесі, Ненец ұлт округі, Қарағанды облысы, Кеген ауданы, Жарқамыс ауылкеңесі.*

§ 102. Мемлекеттердің аттары бас әріппен жазылады: *Қытай, Жапония, Франция, Бразилия, Польша.*

Кейбір мемлекеттердің күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Америка Құрама Штаттары.*

§ 103. Агенттіктердің, радио, телекомпаниялардың аттары бас әріппен басталып жазылады: *“Би-би-си (радиосы)”, “Азаттық (радиосы)”, “Америка дауысы (радиосы)”, “Қазақ радиосы”.*

§ 104. Көше, алаң, парк, шоссе, көпір, канал, жол, тарихи ғимарат т.б. аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Жібек жолы көшесі, Қызыл алаң, Мәдениет паркі, Панфиловшылар паркі, Гүл алаңы, Бейбітшілік бульвары, Эйфель мұнарасы, Милан соборы, Түркісіб темір жолы, Үлкен Памир трактісі* (соңғы атауда екінші сөздің бас әріппен жазылуы ол сөздің өзінің жалқы есім болуынан).

Орыс және шетел қалалары көшелерінің, алаңдарының, парктерінің т.б. аттары орыс тіліндегі түрінде, бірақ орыс тіліндегі сын есім көрсеткішінсіз жазылады: *Садово-Кудринск көшесі, Уолл-стрит, Гайд-парк.*

Ал кейбір үлкен алаңдардың, кісі атына қойылған парктердің, “демалыс және мәдениет” деген сияқты жалпы қойылатын аттардың қазақша аударылып берілуі де мүмкін, бұл күнде ондай аттардың бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы: *Қызыл алаң (Красная площадь* дегеннің қазақшаға аударылып берілген түрі).

§ 105. Кейбір мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады (бұл әдетте емленің дәстүрлік принципіне бағындырылған жазу болады): *Жоғарғы Кеңес, Министрлер Кабинеті.*

§ 106. Мемлекеттік біркелкі мекемелердің, ұйымдардың, академиялардың, институттардың, музейлердің, арнаулы үйлердің күрделі аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады. Сондықтан олардың орысша атауларындағы бірінші сөз бен (яғни бас әріппен таңбаланған сөз бен) қазақшасындағы бас әріппен жазылатын бірінші сөз әрдайым бірдей (сай) келмеуі мүмкін. Мысалы: *Ғылым академиясы – Академия наук, Тіл білімі институты – Институт языкознания, Шоқан Уәлиханов музейі – Музей Чокана Валиханова, Халық шығармашылық үйі – Дом народного творчества.* Ал кей жағдайларда екі тілде де бас әріппен жазылатын бірінші сөз бір-біріне дәл келуі мүмкін: *Мемлекеттік банк – Государственный банк, Үлкен театр – Большой театр.*

Осындай атаулардың алдында солардың қосалқы анықтауыштары болуы ықтимал, бірақ оларды түсіріп айтқаннан атау өзгермейді. Ондайда қосалқы анықтауыштардың бірінші сөзі де (ол жалқы болсын, жалпы болсын) бас әріппен жазылады: Мемлекеттік академиялық *Үлкен театр (Үлкен театр);* Мемлекеттік *Тарихи музей (Тарихи музей);* Ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы *Тіл білімі институты (Тіл*

білімі институты), Мемлекеттік Опера және балет театры (Опера және балет театры).

Мекемелердің, ұйымдардың т.б. жеке бөлімдерінің, секторларының, институт пен университет факультеттерінің аттары кіші әріппен жазылады: Тіл білімі институтының тіл мәдениеті бөлімі, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің мектептер бөлімі, Алматы мемлекеттік университетінің филология факультеті.

Институт, университет, зауыт, шаруашылық, театр т.б. атауларының ішіндегі “мынадай адам” атындағы деген сөздер келсе, адам аты бас әріппен, атындағы деген сөз кіші әріппен жазылады: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Абай атындағы Опера және балет театры, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.

§ 107. Халықаралық және шетелдік орталық ұйымдардың (кәсіподақтық, қоғамдық т.б.) атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Бүкіл дүниежүзілік кәсіподақ федерациясы; Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы; Демократиялық жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы.

§ 108. Тырнақшаға алынып жазылған зауыт, фабрика, трест, комбинат, спорт қоғамдары, кәсіпорын, шахта, кинотеатр т.б. аттары бас әріппен жазылады. Егер олар күрделі атаулар болса (бірнеше сөзден тұрған болса), бірінші сөзі ғана (және солардың ішіне кіретін жалқы есімдер) бас әріппен жазылады: “Жеңіс” шағын кәсіпорны, “Қараганды 3-бис” шахтасы, “Запорожсталь” зауыты, “Жетісу” аяқ киім фирмасы, “Арман” кинотеатры, “Еңбек” спорт қоғамы.

§ 109. Кітап, газет, журнал аттары бас әріппен жазылады. Егер олар бірнеше сөзден тұрған күрделі аттар болса, бірінші сөзі ғана (және ішіне енген жалқы есім) бас әріппен жазылады. Кітап, газет, журнал, шығарма т.б. аттары текст ішінде қолданылғанда тырнақшаға алынып жазылады: “Абай” романы, “Оянған өлке” романы, “Асауға тұсау” пьесасы, “Ана тілі” газеті, “Жұлдыз” журналы, “Қазақстан мектебі” журналы, “Атамекен” суреті.

§ 110. Аса маңызды тарихи дәуірлердің, революциялардың; уақиғалардың, мерекелердің аттары бас әріппен жазылады. Егер ол аттар күрделі болса, бірінші сөзі және кейбір атаулардың алдынан айтылатын ұлы деген сөз бас әріппен жазылады: Отан соғысы және Ұлы Отан соғысы, Бірінші мамыр, Жаңа жыл, Халықаралық бейбітшілік жылы.

Ескертулер. 1. Бірінші мамыр, Сегізінші наурыз дегендердің алғашқы сөзі цифрмен таңбаланса, мамыр, наурыз деген сөздер бас әріппен жазылады: 1 Мамыр, 8 Наурыз.

2. Тарихи оқиғалардың, соғыстардың т.б. кез келгенінің аталуы бас әріппен жазыла бермейді: француз буржуазиялық революциясы, орыс-жапон соғысы, крестілер жорығы.

§ 111. Кейбір аса маңызды құжаттардың (конституция, келіссөз т.б.) аттары бас әріппен жазылады. Олар күрделі болса, бірінші сөзі, қайсыбіреулерінде екіншісі де бас әріппен жазылады: Тіл комитетін құру туралы жарлық, Қазақстан-Ресей келіссөзі, Хельсинки мәслихаты.

§ 112. Бұрынғы ордендердің аттары тырнақшаға алынбай, әрбір сөзі

бас әріппен жазылады (*орден* деген сөзден басқасы). Мысалы: *Еңбек Қызыл Ту ордені, Қызыл Жұлдыз ордені, Халықтар Достығы ордені*. Кейбір ордендер мен медаль аттары және құрметті атақтар тырнақшаға алынып жазылады, мұндайда олардың бірінші сөзі ғана бас әріппен беріледі: *“Еңбектегі ерлігі үшін” медалі, “Ардақты ана” ордені*. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары да осы тәртіппен жазылады: *Отан ордені, Данқ ордені, Парасат ордені, Құрмет ордені, “Ерлігі үшін” медалі, “Ерен еңбегі үшін” медалі, “Шапағат” медалі, “Алтын алқа”, “Күміс алқа”* (көп балалы аналарға берілетін наградалардың аттары), *Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері*.

§ 113. Ресми құжаттардағы шартты атаулар бас әріппен жазылады. Мысалы: *Жоғарғы мәртебелі Президент мырза*.

§ 114. Жалқы есім болып тұрған астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: *Сатурн, Шолпан, Марс, Ай, Жер (планета), Құсжолы, Үркер, Жетіқарақшы*.

Ай, жер, күн деген сөздер планеталардың аттары ретінде қолданылмаса, кіші әріппен жазылады: *Бүгін күннің көзі ашық. Көктемде жер жыртылады. Қараңғы түнде жарық ай Сәулесі суда дірілдеп* (Абай).

§ 115. Жоғары дәрежелі қызмет аттары мен құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Кеңес Одағы Батыры, Халық Қаһарманы, Қазақстан Республикасының Президенті*.

§ 116. Өлеңнің әрбір жолы, көбінесе, бас әріппен жазылады. Бұл тілдік заңдылықтарға байланысты емес, тек дәстүр бойынша жазу болып саналады:

*Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз (Абай).*

Сонымен қатар көптеген жағдайларда өлеңінің бір жолында аяқталмаған сөйлемнің жалғасы келесі жолдарда айтылғанда, ол жолдар кіші әріптен басталып та жазыла береді. Мысалы:

*Мен жалындап өтемін
қариялардың қимайтын жас шағы болып,
балапандардың талпынар асқары болып,
ару қыздардың аңсаған арманы болып,
асқақ жандардың алаулы таңдары болып,
жиырмада жесір қалғандардың аңсары болып,
сүйіскендерге көз ілер таң сәрі болып (Ф.Оңғарсынова).*

§ 117. Бас әріптерден қысқарған сөздер бас әріппен жазылады: *АҚШ, БҰҰ, ҒА, ЮНЕСКО, ЭЕМ*.

12. ТАСЫМАЛ

§ 118. Жазып келе жатқанда жолға сыймаған сөздер буын жігімен тасымалданады: *қа-лалық, қала-лық (қал-алық, қалал-ық емес), Ота-нымыз, Отаны-мыз (Отан-ымыз, Отаным-ыз емес), баян-дауыш, ба-янда-уыш (баяндау-ыш емес).*

Ескертү. Газет-журналдар бетінде жолға, әсіресе тар бағандардағы жолдарға сыймай қалған не асып кететін сәттерде кейде сөздер буын жігін таңдамай тасымалданатын болады. Бұл – ережеден себепті түрде ауытқу болғанмен, мұны әрдайым қолдана беруге болмайды. Көпшілік қауым күнде оқитын баспасөздің жазуы мүмкіндігінше емле ережелеріне сай болуға тиіс.

§ 119. Сөз ішінде дауыстылардан кейін келген у, й дыбыстары сол сөзді буындағанда, өзінен кейінгі дауыстымен бірігеді де, буынның бірінші әрпі болады. Мысалы: *та-уық (тау-ық емес), қа-йық (қай-ық емес), баянда-уыш (баяндау-ыш емес).* Бұл сөздерді осы жікпен тасымалдағанда, у, й әріптері келесі жолда ғана жазылады.

§ 120. Екі (кейде үш) дауыссызға аяқталатын сөздерді оларға қосымша жалғанып тұрған жерден тасымалдағанда, түбірдегі дауыссыздарды бөліп жіберуге болмайды: *қарт-тар (қар-ттар емес), театр-лар (теат-рлар емес), маркс-тік (мар-кстік емес).*

§ 121. Түбір сөзде үш дауыссыз қатар келгенде, алдыңғы екі дауыссыз дыбыс алғашқы буын құрамына кіреді де, үшінші дауыссыз келесі буынның басқы дыбысы болады: *құ-мырс-қа (құмыр-сқа емес), жұ-мырт-қа (жұмыр-тқа емес).* Екі дауыссызға аяқталатын сөздерге дауыссыздан басталатын қосымша жалғанғанда да осы үлгімен буындалады: *абонент-тік (абоненттік емес), парк-ке (пар-кке емес).*

§ 122. Біріккен сөздер буын жігімен де, түбірлер жігімен де тасымалдана береді: *бі-рыңғай* немесе *бір-ыңғай, өза-ра* немесе *өз-ара, демалыс* немесе *дем-алыс.*

§ 123. Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, олар буын жігіне қарай тасымалданады: *ро-лінде (рол-інде емес), съез-дің (съезд-ің емес).*

§ 124. Сөздің дара дыбыстан тұратын бір буынын жазып келе жатқан жолда қалдыруға немесе келесі жолға шығаруға болмайды: *а-лақан емес, ала-қан, е-леуіш емес, еле-уіш, арми-я емес, ар-мия, оюлы емес, ою-лы.* Алғашқы буыны бір ғана дауыстыдан тұратын екі буынды сөздер тасымалданбайды: *атом, эмаль, ақыр, ақыл, отын, отыр.*

§ 125. **Ұу, ый, ій** қосар әріптерінің орнына жазылған **у, и** әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты дыбыстан басталады және солай тасымалданады: *су-ық, қу-ақы, ту-ынды, бу-ын, қи-ын, ки-ім, қи-ық.*

§ 126. Орыс тілінен енген сөздер де буын жігі бойынша тасымалданады. Бұлардың ішінде екінші, үшінші буындардың дауысты дыбыстардан басталатындары кездесе береді: *про-ект, ро-аль, по-эма.*

Екі, үш, кейде төрт-бес дыбыстардан тұратын бір буынды (яғни ішінде бір ғана дауысты дыбысы бар) сөздер тасымалданбайды: *төрт (тө-рт*

емес), *жалт* (*жа-лт* емес), *пункт* (*пун-кт* емес), *взвод* (*вз-вод* емес).

§ 127. Тыныс белгілері жазып келе жатқан жолда қалдырылады.

§ 128. Сан есіммен келетін қысқарған шартты белгілерді цифрдан бөліп тасымалдауға болмайды: *25 га, 15 см, 1987 ж.*

§ 129. Әріптерден қысқарған сөздерді өз ішінен бөліп тасымалдауға болмайды: *ЮНЕС-КО* деп бөлуге болмайды.

ПУНКТУАЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. СӨЙЛЕМ СОҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 1. Хабарлы сөйлемдерден кейін нүкте қойылады. Хабарлы сөйлемдер толымды, толымсыз, атаулы, жай, құрмалас болып келе береді.

1) *Жүгіріп басып Күләнда келеді. Артынан дауыс шықты. Бұрылып қарады (С. Ерубәев).* 2) *Аспанда алақандай бұлт жоқ. Қазір тал тұс. Жер беті аппақ (Ғ.Мұстафин).* 3) *Жалма-жан тура сала далаға шықсам, тұс болып, күн ыси бастаған екен (Б.Майлин).*

§ 2. Әрі қарай кең түрде баяндауды ескертетін сөйлемдерден кейін қос нүкте қойылмай, нүкте қойылады. Бұл баяндаудың өзі бірнеше сөйлемдерден құралады, көбінесе жаңа жолдан басталып жазылады. Мысалы:

Мен іркіліп қалдым. Оның себебі төмендегі еді. Адамқұлды мен бірінші рет... көтерілістің алғашқы күндерінде көрдім. О кезде таныса қоюға уақыт болған жоқ (“Адамқұл дегеніміз осы” дегенге дейін әрі қарай бір бетке жуық созылады) (С.Мұқанов).

§ 3. Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүкте, нүктелі үтір, кейде үтір қойылады. Санамалап айтылған бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүкте қойылса, әрқайсысы бас әріптен басталып жазылады.

Мысалы: *Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ. химиялық қасиеттері болады:*

1) *Олардың концентрациялы ерітіндісі жануарлар мен өсімдіктер тканін бұзады.*

2) *Сілтілер майларды сабынға айналдырады.*

3) *Сілтілер ертінділерінде лакмустың және фенолфталеиннің түсі өзгереді (“Химия” оқулығынан).*

Санамалап айтылған бірыңғай құрылымдардың (конструкциялардың) арасына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылса, олардың әрқайсысы кіші әріптен басталып жазылады.

Мысалы: *Жалпы жанрлар теориясынан фольклорлық проза жанрлары теориясын бөліп алатын болсақ, оның мынадай басты-басты (түбегейлі) міндеттерін атап көрсетуге болады. Олар: а) прозалық фольклорды басқа қара сөздерден, күнделікті жай әңгіме және әдеби көркем прозадан ажыратудың ғылыми негізделген критерийлерін анықтау; ә) прозалық фольклордың өлең үлгісіндегі фольклордан айырмасын белгілеу; б) халық прозасының өз ішіндегі жанрлық топтар мен бөліктерді айырудың принциптерін айқындау (С.Қасқабасов).*

Санамаланып келетін конструкциялар бір-бірінен әріптер немесе цифрлар арқылы дараланып көрсетілмеуі де мүмкін.

Мысалы: *Шешім (орысша развязка) – шығарма сюжетінің де шешуші кезеңдерінің бірі; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына*

шығарған “үкімі”; адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі; түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже; оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал-күйі; күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы (З.Қабдолов).

Практикада санамалап айтылған құрылымдардың араларына нүктелі үтір қойылып, келесілері бас әріптен басталып жазылатындары да болады.

Санамаланып айтылған конструкциялардың алдында қос нүкте тұрса, одан кейінгі сөйлем екі түрлі басталады: егер араларына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылып, әрқайсысы кіші әріптен басталатын болса, біріншісі де кіші әріптен басталады, ал араларына нүкте (кейде нүктелі үтір) қойылып, әрқайсысы бас әріптен басталатын болса, біріншісі де бас әріптен басталады (жоғарыдағы мысалдарды қараңыз).

§ 4. Мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүктелі үтір қойылады:

- 1) *Біз Алатаудай ел едік, –
Теңемек болды ойға жау;*
- 2) *Біз тасыған теңіз сел едік, –
Теңемек болды шөлге жау;*
- 3) *Біз атып болған таң едік, –
Түн етпекші болды жау;*
- 4) *Біз әлемге жарық күн едік, –
Өшірмекші болды жау.
Жау ма бізді бөгейтін?!
Жау ма бізді жеңетін?! (Жамбыл)*

§ 5. Мынадай жолдармен жасалған сұраулы сөйлемдерден соң сұрау белгісі қойылады:

а) *Ма, ме, ба, бе, па, пе* сұраулық шылауларының қатысуы арқылы:
Балтабек деген жігіттің үйін білесіз бе? (С.Мұқанов).

ә) Сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы:
*– Күйігің не? О не деген сөзің? Сенде қандай күйік болушы еді? – деп,
Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады (М.Әуезов).*

б) *Ғой, ә, ше* шылауларының, *шығар, болар* деген сөздердің және сұраулық интонациясының қатысуы арқылы:

Балалар пойызы осы ғой, ә? Балалар пойызы осы, ә? Балалар пойызы осы шығар? Балалар пойызы осы болар? Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп. – Қалима ше? – Ол да үйінде (С.Мұқанов).

Е с к е р т у. *Ғой, шығар, болар* сөздері арқылы жасалған сөйлемдер сұраулы да, хабарлы да болуы мүмкін. Сондықтан тыныс белгісі олардың қандай сөйлем екеніне қарай қойылады: – *Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой? – Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма ғой. Пойыз бүгін кешікпей келетін болар? – Пойыз бүгін кешікпей келетін болар.* Мұндай сөйлемдердің сұраулы не хабарлы екендігі жалпы контекстке қарай және интонацияға қарай ажыратылады.

Кейде, көбінесе диалогтерде, сұраулы сөйлем контекстке қарай таза интонациямен жасалады, бірақ бұл өте сирек кездеседі:

– *Бер деймін саған! – деді урядник, оппа қарға сүріне-қабына Амантайға жақындап.*

– *Себен? – деді Амантай, урядникке тізгінді бермей (С.Мұқанов).*

Сіз, Пелагея Ниловна, саудагер Корсуновамен таныссыз ғой? – деді.

– *Таныспын. Я? (М.Горький).*

§ 6. Құрмаласқан жай сөйлемдердің соңғысы сұраулы болса, сөйлем соңына сұрау белгісі қойылды. Мысалы:

(1) Мен қазір кітап оқимын, (2) сіз ше?

(1) Біреу есік қаққандай болды, (2) естисіз бе?

§ 7. Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқылары сұраулы сөйлем болса, олардан кейін де, сөйлемнің ең соңына да сұрау белгісі қойылмайды, тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады. Мұндайда сөйлем көбінесе хабарлы болады да, нүкте қойылады:

Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты (М.Әуезов). Қорыққаның көріп үрейлендіре түскісі келді ме, болмаса шын тістеуге ниет етті ме – қаз қанатын жазып жіберіп, жүгіре ұшып Ботагөзге жетуге айналды (С.Мұқанов). Тура келем бе, жоқ па – оны біліп боларлық емес (С.Мұқанов).

§ 8. Бірыңғай жеке сөздер не сөз тіркестері ерекше сұрау интонациясымен баса айтылса, олардың әрқайсысынан кейін сұрау белгісі қойылады, сұрау белгісінен кейінгі сөз бас әріппен жазылады:

Адам пішіні әрдайым бұған (Абайға) бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан, бояуы оңған көздерінен, алуан сақал-мұртынан өзінше неше түрлі жанды-жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не көде, көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады (М.Әуезов). Жел ме? Аттың жал-құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер айнала ысылдайды (С.Мұқанов).

Сұраулық мағынасы бар бірыңғай сөз тіркестері ерекше интонациямен айтылмаса, араларына үтір ғана қойылады:

Желдің суылы ма, оқтың зуылы ма – құлағымды жанай әлдене ысқырып өтіп жатады (С.Мұқанов).

§ 9. Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері (*ма, ме, ба, бе, па, не* шылаулары) бар, сәлемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылмай, леп белгісі қойылады. Олар тікелей жауап қайтаруды тілемейді, сол сияқты сөздермен қайыра сәлемдесуді ғана қажет етеді. Мысалы:

Сау ма, князь! Жаным, неге

Тұрсың ұқсап бұлтты күнге? (А.С.Пушкин).

Армысыз, ардақты ата! (Ғ.Мүсірепов).

Есенсіз бе! – деді Асқар Айбалаға кеп, кім екенін танымай. (С.Мұқанов)

Ал жауап қайыруды тілейтін, таза сұраулық мәні бар, бірақ амандасқанда айтылатын толық сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылады.

- **Е, Жүмеке, мал-жан, бала-шағаңыз түгел аман ба?**
- *Шүкір Аллаға, аман. Өз үй ішіңіз де есен бе түгел?*
- *Тегіс есен.*
- **Өзіңіздің жүрген жерлеріңіз де, аманшылықта ма екен?**
- *Шүкір, Жүмеке, шүкір. Көпей бәйбішенің дені-қарны сау ма?*
- *Сау... (Ғ.Мүсірепов)*

§ 10. Бір нәрсені істеуді біреуден сұрауды, өтіруді білдіретін сөйлемдер сұраулы сөйлем болмайды. Олардан кейін көбінесе нүкте, кейде леп белгісі қойылады:

Есікті жауып жіберші. (Есікті жауып жібердің бе? дегенмен салыстыр). Кітабыңды маған бере тұршы (Кітабыңды маған бере тұрасың ба? дегенмен салыстыр). – Асқар үйдемісің? – деді Кенжетай сырттан. – Үйдемін. – Шығып кетші. – Қазір (С.Мұқанов). “Шықшы іркілмей, бұқпашы баяу. Мені де еліктір, өзің де желтіңші! Мынау нәзік назды қара көздің астына іркіліп, қорғалап тұрған көкшіл қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалақ асыл өнеріңді ашы!” – дейді. (М.Әуезов).

§ 11. Сөйлем ішінде *ма (ме, ба, бе, па, пе)* және соған жалғас *деп (деген)* сөздерімен келген сұрау мағыналы тіркестерден (күрделі пысықтауыштан) кейін сұрау белгісі қойылмайды, сөйлемнің соңына тұтас сол сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады:

Абай Оспанды мерт бола ма деп қорықты. (М.Әуезов) Бүркітбай екеуіміздің оқамыз жоқ, сіз барған соң ұялып қала ма деп ойлап ем. (С.Мұқанов).

§ 12. Лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады:

Маңайда егіннен ине шаншар жер жоқ екен-ау! (С.Мұқанов).

Арыстаным келеді – астында қалма! Жолбарысым келеді – жолында тұрма! Қыраным келеді – көзіне түспе! (Ғ.Мүсірепов). – Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушымы сен болсайшы, Абай! (М. Әуезов).

§ 13. Бұйыру, өтіну мәнінде айтылып, баяндауышы ІІ, ІІІ жақ бұйрық раймен жасалған сөйлемдердің соңынан автордың қолдануына қарай не леп белгісі, не нүкте қойылады. Ондай сөйлемдер ерекше бір көңіл күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен айтылса, лепті болады:

Құнанбай таң атар-атпастан бұйрық беріп:

– *Малтықпай тез көшсін! Шұбалмасын! Қатар қозғалсын! Қауырт жөнелсін! – деп, қысқа-қысқа әмірді ауыл басы сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан (М.Әуезов). Абай айыптап, кінәлағандай боп, ақырып жауап берді:*

– **Ақырмаңыз! Тоқтатыңыз қазір мынау бассыздықты! (М.Әуезов).**

Бұйрық, тілек мәнді сөйлем екпінсіз айтылса, нүкте қойылады:

– *Сендер үйге бара беріңдер. Ол да үйге тез келсін.*

§ 14. Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар, бірақ ерекше бір сезіммен (сүйсіну, таңдану, мақтан ету, тіксіну т.б.) айтылған сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады:

Жамбылдың аты ақын ба,

Жылғадай жыры ақпаса! (Жамбыл)

Бірақ “жанды” аталатын Есілдің суында тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны. **Көтеріп ала жөнеледі! Тәттілігі қандай сол судың! Салқындығы қандай! Мөлдірлігі қандай!** (С.Мұқанов).

Электрге, одан атомға жетсе қайтер еді! – деді *Жомарт* (Ғ.Мұстафин).

§ 15. Ұран, үндеу мәнді сөйлемдерден кейін әрдайым леп белгісі қойылады:

Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған! Қазақстан Республикасы ғылымын жетілдіре түсіңдер!

§ 16. Айтып отырған ой желісі түрлі себептермен (қысылып сөйлей алмаушылық, логикалық ойдың бөлінуі, сөйлеушінің ойын аяқтатпай, бөліп жіберу т.б. сияқты) үзіліп қалған жағдайда, аяқталған не аяқталмаған сөйлемнен кейін көп нүкте (үш нүкте) қойылады:

Жоқ, ешкім де ұрған жоқ, кейін айтам... Ана, төсек салып берші, жатқызышы! (М.Әуезов). – *Он жетіге шықты ғой, – деді шешем. – Петруша біздің Настасья Герасимовна бәйбішенің беті қисайып кеткен жылы туған, одан соң әлгі...*

– *Жарайды, – деді әкей шешемнің сөзін түгел айтқызбай, – мұны әскер қызметіне жіберуіміз керек* (А.С.Пушкин). *Жиренше атты байлай сала топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті... Бітті, өлді...* (М.Әуезов).

Сөйлем ішіндегі сөздер арасына қойылатын көп нүкте туралы қосымшалардағы § 21-24-ты қараңыз.

§ 17. Алынған цитаттың (дәйексөздің) ара-арасына сөйлем не сөздер қалдырған жағдайда, сол жерге көп нүкте қойылады:

Ф.Энгельс тайпа мен оның диалектісі жайында: “...тайпаның өзіне ғана тән ерекше диалектісі болады. Шындығында, тайпа мен оның диалектісі бір жерден шығып отырады” десе, тайпаның бөліну процесін “бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа тілдердің жасалуы” деп сипаттайды (К.Аханов).

Дәйексөзге алынған сөйлем не бірыңғай ой желісі аяқталмай қалса, дәйексөздің соңына көп нүкте қойылады.

Өнер тудырушылардың ең негізгі қасиетін Л.Н.Толстой оның реализмінде деп білді. “Өзіңіз суреттеп отырған адамдардың өмірімен өмір сүріңіз, – деп жазды Толстой, – әр образда оның ішкі түйсінулерін суреттеңіз; сонда олардың өздері өз мінездеріне лайық қимыл-әрекеттерді өздері жасайды...” (З.Қабдолов).

Е с к е р т у. Сөйлем ішіне оның бір мүшесі ретінде кіргізілген дәйексөзге (олар толық алынбаса да) көп нүкте қойылмайды:

Қазірде де кейбір талантты жазушылар қаламынан шыққан “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей” сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов).

§ 18. Көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем лепті не сұраулы болып келсе, әуелі леп белгісі (сондай-ақ сұрау белгісі), одан кейін қатарынан екі нүкте қойылады:

Ой, тәйір алғыр!.. Бұл кім өзі? – деп ашумен сырт айнала беріп Абайды көрді де: – Ой, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң емті!.. – деді (М.Әуезов).

Кейде көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем әрі лепті, әрі сұраулы болып келсе, әуелі мағынасына қарай не леп, не сұрау белгілері, олардан соң бір нүкте қойылады:

Ән салған жылқышының дауыстары да кейде шырқала, кейде баяулай естіліп жатады... Ол да маған таныс түндер... Көл ше?! Алуа ше?! (С.Мұқанов).

§ 19. Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін екі белгі қабат қойылады. Сұраулық мәні басым болса, әуелі сұрау белгісі және керісінше қойылады:

*Кешіре көр, тақсыр балық,
Не қылмақсың бұл ессізге?! (А.С.Пушкин).
Отаным, еркелегем өзге кімге?
Өзіңмен нені болсын көргем бірге!
Қалайша қабырғама батпас менің
Басына катер бұлты төнген күнде!?(Ғ.Орманов).*

2. БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ АРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША

§ 20. Бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қаһарлы суық Мұзды мұхит – үстінен құс ұшпаған қырқасын, жан баспаған жапан түз. Жастар – біздің болашағымыз. Соңғы келген үшеудің ортасындағы – Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып (М.Әуезов). Бүгін – сапарға аттанатын күн (Бүгінгі күн – сапарға аттанатын күн). “Ойпырмай” – өкінуді білдіретін одағай. “Кейін” – демеулік шылау. “Тарақ” деген сөздегі “рақ” – бітеу буын. “А” – ашық дауысты дыбыс.

Атау тұлғадағы бастауыш не баяндауыш, не екеуі де тәуелдік, көптік жалғаулы болуы мүмкін. Ол күнде де бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Монолог – бір адамның пікір түйе сөйлеген сөзі. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың (Абай). Адамның ішкі сезімінің айнасы – көз (С.Мұқанов).

Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза (М.Әуезов).*

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл (Абай). Әлі де беделі – бедел (Ғ.Мұстафин). Күлкі – қыздың күлкісі (С.Ерубаев).

Баяндауыштың алдында не артында *ғана, зой* т.б. сияқты шылаулар тұрса, сызықша қойыла береді:

Қаланың қасында көз толатын табиғат – *шалқар* көл ғана (С.Мұқанов).
Даланы билеп алған жалғыз үн – күн сайын қатая түскен күзгі желдің уілі ғана (М.Әуезов). *Адамды бақытты ететін – тек қана азат* еңбек.

Ескертулер. 1. Бастауыш атау тұлғадағы зат есімнен, баяндауыш жатыс септіктегі зат есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: **Бүркітші тау басында, қағушы ойда** (Абай). **Мектеп үйі қалашықтың қақ ортасында.**

2. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды: **Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл** (Абай). **Күз түні ызғарлы, суық.**

3. Бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: *1936 жылы Жамбылдан жазылып алынған жырдың саны он алты. Ағайынды бұл үшеуінің жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде* (С.Мұқанов).

4. Бастауыштан кейін оған жалғас сұрау есімдігі келген сөйлемдерде, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім болғанмен, сызықша қойылмайды: **Жилин қандай адам? Қала мен селоның арасы қанша километр? Бүгінгі күн қай күн?**

§ 21. Бастауыш I, II жақтық жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет). **Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын** (Абай). **Семья – шағын мемлекет, мен – президент, сен – премьер** (Қ.Аманжолов). **Сен – тоты құс бақта жүрген** (Абай).

Ескерту. Мұндайда баяндауыш жіктік жалғаулы болса, сызықша қойылмайды: *Мен осы үйдің баласымын. Сіздер тәжірибелі мамансыздар. Мен көмірмін қалған өрттен* (Абай).

§ 22. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Жақсы – ісімен жақсы. Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу.

§ 23. Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылды: **Үш жердегі үш – тоғыз. Екі бесіміз – он.**

§ 24. Бастауыш *ол, бұл, мынау, сонау, анау* деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады:

Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға (Абай). **Сонау – біздің бие. Анау – емен ағашы. Бірақ бұл – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны** (Ғ.Мұстафин). **Соғысты біз сүймейміз ел жылатқан. Ол – ісі қанқұмардың қарғыс атқан** (Жамбыл).

§ 25. *Ол, бұл* деген сілтеу есімдіктерінен болған бастауыштар өзінен кейінгі сөздің анықтауышына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, бастауышы қай сөз табынан жасалса да, одан кейін сызықша қойылады: Мұндай бастауыштары бар сөйлем өзінің алдындағы сөйлемдермен логикалық байланыста болады, сондықтан олар контекске қарай ажыратылады:

Тіл-тілдің қайсысында болсын сөз мағынасы көбіне осы метафора

арқылы ауысады. Сөйтіп, бұл – сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішіндегі метафораның айрықша орын алатындығын көрсетеді (К.Аханов).

Ескертулер. 1. Бұл ережені орынсыз қолдана беруге болмайды. Анықтауыш деп танылып кететін қауіп жоқ жерде *ол, бұл* деген есімдіктерден жасалған бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: **Ол біздің үйге келді. Ол кітап оқып отыр. Сол әңгімелерді ол аса шеберлікпен айтып береді** (С.Мұқанов).

2. *Ол, бұл* деген есімдіктерден болған бастауыштар көпше тұлғада (*олар, бұлар*) тұрса, олардан кейін сызықша қойылмайды: **Бұлар өндіріс озаттары** (*Бұл – өндіріс озаты* дегенмен салыстыр). **Олар би-старшын, бай-бағылан емес, сын кезеңдерде ел салмағын тәуекелшіл сом ықпен берік көтеретін өжет жандар** (М.Әуезов).

§ 26. Бастауыш -у жұрнақты етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе -у жұрнақты етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Елдің шетін күзету – ең ардақты правоң (Жамбыл). *Көргеннен, білгеннен* аспау, *барды қанағат қылу – ой* мешеулігі (Ғ.Мұстафин). Аз сөзді, көп мағыналы болу – *мақал-мәтелдерге тән* құбылыс. *Мектептің* міндеті – *оқушыларға жан-жақты білім беру және* тәрбиелеу.

§ 27. Бастауыш -ған (-ген, -қан, -кен) жұрнағымен жасалған есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Бұған таяу отырған – *Ыбырайдың Ысқағы* (М.Әуезов). Көпір біткен – *соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері* (Ғ.Мұстафин). *Алтын орден* алғаным – *терең жырдың* тиегі (Жамбыл). *Менің* жазып отырғаным – *теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан* білгендерім (С.Мұқанов). *Абайды* таң еткен – *сол екі жігіт* (М.Әуезов). *Ән* шырқаған – *сол. Станцияға* ең кеш келген – осы.

§ 28. Бастауыш зат есімнен не сілтеу есімдігінен, баяндауыш есімшеден болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды, өйткені мұнда есімше өзінің етістік қызметінде қолданылады:

Мектеп үйі жаңадан салынған. Сол екі жігіт Абайды таңдандырған.

Ал баяндауыш болып тұрған есімше зат есім мағынасында қолданылған болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Осы кездік – *саған* тартқаным (соңғы есімше тұлға “тартқан сыйым” деген заттық мағынада қолданылып тұр). *Енді* осы – *тоқтатқаны* (Ғ.Мүсірепов).

§ 29. Бастауыш *бірі, біреуі, біріншісі, екіншісі, алдыңғысы, соңғысы* деген заттанған сан есім, сын есімдерден және *көбі* деген сөзден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не -у жұрнақты етістіктен (және керісінше) болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Пьесада (“Шыңырау түбінде”) бір-біріне қарсы екі түрлі идея түйіседі: оның бірі – көнбістікті, төзе берушілікті уағыздайтын аяушылық идеясы, екіншісі – адам күшіне сену, оны өмір үшін күреске шақыру идеясы (“Қазақ әдебиеті”). Жаяу Мұса – Біржан бастаған Арқадағы әншілер тобының көрнектілерінің бірі (М.Әуезов). *Горькийдің реалистік шығармаларында*

суреттелетін образдардың көбі – өмірдің азабын шеккен, қорлық, зорлық көрген таптың өкілдері (“Қазақ әдебиеті”).

Е с к е р т у. Бастауыш *бірі, біреуі, екіншісі, біріншісі, көбі* деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім мен -у жұрнақты етістіктен басқа сөз таптарының бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: *Ойыл екеу: бірі ашы, бірі тұщы* (Ғ.Мұстафин).

§ 30. Бастауыш өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі тіркестер болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады (жазу тәжірибесінде көбінесе шатасып, қос нүкте қойылып жүр, ол дұрыс емес):

Біздің жауабымыз – Оралбайды білмейміз (М.Әуезов). Мұндағы баяндауыш – *(біз) Оралбайды білмейміз*; оның өз ішінде бастауышы *(біз)*, толықтауышы *(Оралбайды)*, баяндауышы *(білмейміз)* бар, сондықтан бұл күрделі баяндауыш сөйлемнің бастауышынан сызықша арқылы бөлінеді. Келесі мына мысалдарда да баяндауыштар осылайша өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі болып келген: *Бар ойы – өлең айтып, ән салалық* (Абай). *“Сор” дейтінім – сабақ оқытатын молданы мен жақсы білемін* (С.Мұқанов). *Сенің білмегенің – мен жаңа кеп қосылып отырмын* (М.Әуезов). *Бір ескертетін нәрсе – оқушылар айтқан сөзге көңіл қойып, зерек отыру үшін күн ілгері ескерту жолын да қолданады* (Әдістеме құралынан). *Өсиетім – шындықты, адалды сүй* (Жамбыл).

Сөйлемнің бір бөлігі *мұның себебі, оған себеп* деген сияқты сөздерден жасалып, екінші бөлігі тұтас сөйлем болып келетін жағдайлар да осы ережеге бағынады. Мұнда да сөйлемнің екі бөлігі бір-бірінен сызықша арқылы айырылады:

– *Кесіп айтайын, ашық шахтаға рұқсат берілмейді.*

– Себеп?

– Бірінші себеп – *Қарағанды жағдайында ашық шахта бола алмайды.*

Екінші себеп – *бола алған күнде оны біз емес, жергілікті отын өндірісі министрствосы ашу керек* (Ғ.Мұстафин).

§ 31. Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатасып кететін болса, одан кейін сызықша қойылады (мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғадан жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады. Мысалы: *Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді*. Бұл сөйлемде сызықша қойылмаса, әңгіме 30 саны туралы емес, 36 саны туралы деп ұғынылар еді. Мен білмейтін – *жер астында* дегенде *білмейтін* сөзінен кейін сызықша тұрмаса, бұл сөз бастауыш емес, *жер* сөзінің анықтауышы деп ұғынылар еді, ал сөйлемнің сызықша қойылғанда беретін мағынасы “мен білмейтін нәрсе жердің астында жатады” деген сияқты.

§ 32. Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін *емес* сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Туысым – аталасым емес, өзіммен мұңы бір, бейнеті бір жатақтар (М.Әуезов). *Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу* (Мақал). *Эпопеядағыдай бұларда*

үстем болып отырған – оқиға емес, драмадағы тәрізді, адам (“Қазақ әдебиеті”). Жатақтарды қосып отырған – ру ұраны емес (М.Әуезов).

§ 33. *Бастауыш алды (алдым, алдың), арты (артым, артың), қасым (қасы, қасың), үсті (үстім, үстің), асты сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады:*

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ (Абай).

Үстім – көк, астым – теңіз, атым – кеме

Арқырап ту толқынмен арналысқан (Т.Жароков).

§ 34. *Бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдердегі баяндауышқа еді, екен, болды, болады, болатын, болып табылады сияқты көмекші етістіктердің бірі тіркесе, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды:*

Тіл қоғамдық құбылыс болып табылады (Тіл – қоғамдық құбылыс дегенмен салыстыр). Орысша кінген жігіт Досанов Асқар еді (ал: Орысша кінген жігіт – Досанов Асқар). Туысым өзіммен мұңы бір жатақтар екен. Елімізді жаудан қорғау Жамбыл өлеңдерінің негізгі тақырыптарының бірі болды.

§ 35. *Бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде бастауыштан кейін қыстырма сөздер тұрса, сызықша қойылмайды.*

Пьесадағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлер арасындағы күрес, дұрысында, ескі дүние мен жаңа дүниенің арасындағы болып жатқан таптық күрес. Челкаш та, сайып келгенде, Гаврила секілді, жеке меншіктің құрбаны болған адам (“Қазақ әдебиеті”). Бөжей де, Құнанбай сияқты, феодалдық-рушылдық қоғамның мықты болғанын тілейтін феодал (М.Әуезов).

§ 36. *Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін, бастауыштан кейін сызықша қоюға болады.*

Ер – егесте (сыналады), нар – кешуде (сыналады) (М.Әуезов). Асыл – тастан (шығады), ақыл – жастан (шығады). Қой – қозыдан (өреді) (Мақалдар). Біреуі – көк (тағысы), біреуі – жер тағысы (Абай).

§ 37. *Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма, бұл – бұл ма сияқты қыстырма сөз тіркестері араларына сызықша қойылып жазылады: Бұрынғы – бұрынғы ма, оның салтанаты тіпті артып кетті. Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшейе түсті.*

§ 38. *Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы дегеніміз, деген (дегенім, дегенің, дегені) деген сөз тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады:*

Сөйлем дегеніміз – тиянақты ойды білдіретін бір сөз я бірнеше сөз тіркесі (“Грамматика”). Мия дегеніміз – қоймалжың қорыс батпақ. Гипотеза дегеніміз – ғылыми жорамалдар. Қарағанды деген – байлық қой жатқан (Ғ.Мұстафин). (Қарағанды деген жер – жатқан байлық). Көрдім деген – көп сөз (Көрдім деген сөз – көп сөз).

§ 39. *Де етістігінің алдында келетін, бірақ төл сөз емес құрылым өз*

алдына сөйлем болса, оның бастауышы мен баяндауышының арасына қойылуға тиісті сызықша сақталады:

Жазушы өз шығармаларында қоғамдағы зұлымдықты жоя алатын күш – адамның өзі деп, еңбекші халықтың күшіне сенім білдірді.

§ 40. Суреттеме мазмұнды атаулы сөйлемдердің ішіне сызықша қойылмайды, өйткені олар бастауыш, баяндауышқа бөлінбейді: *Ортада үстел. Сол жақта диван. Диван үстінде кішкене жастықтар. Орман. Бірінің соңынан бірі келе жатқан адамдар. Әркімнің арқасына таңылған бір-бір рюкзак* (соңғы сөйлемдегі *таңылған* деген сөз – бастауыш емес, анықтауыш).

§ 41. Сөйлем мүшелерінің әдеттегі орны ауысып келген сөйлемдерде (көбінесе өлеңдерде) орынсыз сызықша қойылмайды. Мысалы: *Сенсің жан ләззаты, Сенсің тән шәрбаты* (Абай) деген өлең жолдарының қара сөзбен айтқандағы құрылысы: *Жан ләззаты сенсің, тән шәрбаты сенсің* немесе: *Сен жан ләззатысың, сен тән шәрбатысың* болар еді. Сондықтан бұл құрылымдардың қай-қай түрінде де сызықша қолданылмайды.

Өзімдей өскен бірге құрбыларым:

Бірі – әнші, бірі – малышы, бірі – галым...

Осылар батырлары бай еңбектің,

Осылар сақтаушысы жер мен көктің (Ә. Тәжібаев).

Бұл сөйлемнің қара сөздік құрылысы: *Бай еңбектің батырлары осылар, жер мен көктің сақтаушысы осылар* болар еді, сондықтан мұнда да ешқандай сызықшаның қажеті жоқ.

§ 42. Бастауыш болып тұрған сөз баяндауыштың құрамында қайталап, бастауышқа жалғас тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Физикалық, денелерден құралған заттар сол қалпында: шыны – шыны қалпында (қалады), *парафин – парафин қалпында* (қалады), *мыс – мыс қалпында* қалады (“Химия оқулығы”). **Жамбыл – Жамбыл болғалы, Есіткен талай батырды** (Жамбыл).

3. ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 43. Жанды, жансыз заттарға қарата айтылған сөздер (қаратпалар) сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен ажыратылады. Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, үтір оның соңынан, ортасында тұрса, екі жағынан, соңында тұрса, одан бұрын қойылады:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Жүрегім, нені сезесің! Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел (Абай). *Тыңда, дала, Жамбылды* (Жамбыл). *Тыныштал! Тынышталшы, Абайжан!* (М.Әуезов).

§ 44. Қаратпа сөздің алдында өз анықтауыштары болса, олар қаратпа сөзден тыныс белгісімен бөлінбейді. Қаратпа сөз анықтауыштарымен тұтасып, сөйлемнің басқа мүшелерінен үтірмен ажыратылады:

Қарағанды шахтёрлері, ұр еңбектің дабылын! (И.Байзақов)

Пернеге бауыр басқан кәрі бармақ,

Арынын домбыраның шыңға самғат! (Жамбыл)

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл (Абай)

§ 45. Алдынан не соңынан келген эпитет сөздері бар қаратпалар да тұтас тізбек құрайды, эпитет пен қаратпа сөз бір-бірінен тыныс белгісімен ажыратылмайды:

Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма? Әй, шырағым балам, ар жағыңда әкең тұр. Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма зой осы? (М.Әуезов). Жолдас командир, қасында мың шақты адамы бар Павел Громов келіп тұр (Ә.Әбішев). Оның рас шығар, жан анам! (Ғ.Мүсірепов).

§ 46. Қаратпа сөзбен қатар келген одағайдан кейін үтір қойылады:

Уа, Горький, халық ырысы – күнді сүйдің (Жамбыл). Уәу, жігіттер! Сендердін өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы (М.Әуезов). Күннен күнге, уа, халқым, құлаш жаздың өріске (Жамбыл).

Қаратпа сөзбен қатар келген о деген одағайдан кейін де үтір қойылады:

О, күн-ау, төге түсіі сәулеңді сен (Жамбыл). О, Жасаған! – деді Савельич күңірене сөйлеп (А.С.Пушкин). О, жалғыз сенерім – Жантығым! О, сиқыр, тағы келдің бе қасыма? (Ғ.Мүсірепов). Есіл өлкесінің құнарлылығы туралы талай әңгімелер естіп ем, рас екен!.. О, Есіл!.. (С.Мұқанов)

§ 47. Қаратпамен қоса айтылған шылаулар да күрделі қаратпа сөздің құрамына енеді де, екеуінің арасына дефис қойылады:

Жеңеше-ау, Абай ағамның мысқылына ажалды кісі тап болсын да. Қаражан-ай, сенен де мырза бай болар ма екен? (М.Әуезов).

Қаратпа сөздер (әсіресе жалаң түрлері) екі рет қайталанып та келуі мүмкін. Мұндайда қайталап тұрған қаратпа сөздердің өз араларына үтір қойылады:

Ер Төстік жақындай түсіп: “Шеше, шеше, артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?” – дейді (“Ер Төстік” ертегісі). – Қош, қалқам, қалқам! – деді Шұға (Б. Майлин).

§ 48. Қаратпа сөз сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылып, келесі сөз бас әріппен жазылады:

Тогжан! *Япырмай, жақсы айттыңыз-ау! (М.Әуезов). Павел! Естисің бе? (М.Горький)*

§ 49. Қаратпа сөз сияқты, бірақ нақты біреуге арналып айтылмаған, жалпылық-белгісіздік немесе одағайлық мағынасы бар сөздер сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді. Олар да күрделі, шылаулы болып келе береді:

Менің айтқаным да, естігенім де осы ғана емес пе еді, сығыр-ау! Жандарым-ау, не білгендерің бар? Әй, кәпір, содан қосылған жау болды. Айналайын құдай-ау, айнымаған Тогжан! Жә, әлгі қайда жоқ боп кетті, батыр-ау! (М.Әуезов). Солай ма еді, аңқау басым? (С.Мұқанов). Бар болғыр, жай болушы ма еді? (Ғ.Мүсірепов). Көптен ұйқы көрмей сергелдең болып жүрген байғұс басым, сол мезгілде ұйқы қысып қалғымаймын ба? Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр, май жағылмаған етігім өкпелеп қашып кетіпті (Ертегіден).

4. ҚЫСТЫРМА СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 50. Қыстырма сөздер (жалаң және күрделі) сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді. Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін, ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдынан қойылады:

Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған (М.Әуезов). Ұмытпасам, курста бізге берілетін сабақтардың саны он (С.Мұқанов). Түнеугүні, әлі есімде, ауылдағы құс фермасына бардық. Жалған шығар бұл, кім біледі.

§ 51. Қыстырма болатын сөздер мен сөз тіркестері көбінесе мыналар:

а) Автордың түрліше сезімін: қуанышын, қайғырғанын, өкінішін, сенімін, күмәндануын т.б. білдіретін сөздер: амал қанша, несін айтасың, бәсе, әрине, рас, сірә, тегі, тегінде, асылы, бәлкім, шамасы, айтпақшы, мүмкін, бақытымызға қарай, соры қайнағанда т.б.:

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ (Абай). Бәсе, осы сөз менің құлағымға бір тиген еді (М.Әуезов). Көл, тегі, “Дос” болып сол кісінің ныспымен аталып кеткен болу керек. Амал нешік, келдім (С.Мұқанов).

ә) Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін сөздер: ...айтуынша, ...айтқандай, жұрт айтқандай, меніңше, менің байқауымша, менің аңғаруымша, біздіңше, сеніңше, оныңша, оларша, ...ойынша, әлі есімде, шынымды айтайын, ұмытпасам т.б. Мысалдар: **Менің аңғаруымша**, сіз тарихқа көп ат салысқан сияқтысыз (М.Әуезов). **Горькийше**, бүкіл азаматтық ақыл-ой мен көркемдікке жол салушы да, мәдениетті құрушы да, әлемді жаңғыртушы да – еңбек.

б) Ойдың желісін, ретін (бастамасын, түйінін) білдіретін сөздер: біріншіден, екіншіден,... әуелі, алдымен, демек, сөйтіп, қысқасы, ақырында, әйтеуір, керісінше, мысалы, негізінен, негізінде, сонсын, сосын, бір жағынан, екінші жағынан,..., бір сөзбен айтқанда, былайша айтқанда, сайып келгенде т.б.

Мысалдар: **Ең әуелі**, жайдақ суға теңгердіңіз... **Екінші**, ел алатын тәсілді айттыңыз... **Үшінші**, орысты айттыңыз (М.Әуезов). Өз балаларына сонша қатал ол мені кісі баласы көре ме, әлде әке-шешесі жоқ жетім деп аяй ма, **әйтеуір**, бұған дейін жекіп көрген жоқ еді. **Мысалы**, Омбының сол кездегі зор үйі – Омбы темір жолының басқармасы – Қызылжарда жоқ (С.Мұқанов). **Сөйтіп**, ол Кішкене Кентай атанып кетті (М.Ғабдуллин).

в) Тыңдаушының назарын аудару үшін айтылатын сөздер: айталық, өздеріңізге мәлім, көріп отырсыз, шынында, міне, әне, қане, байқаймын, байқайсыз ба т.б.

Мысалдар: **Шынында**, бүгін болмаса ертең, ертең болмаса бүрсігүні айырылуға тура келетіні анық сезілуші еді (М.Горький). **Байқаймын**, ол мені танитын адамға ұқсайды (М.Иманжанов). Бұған, **айталық**, тағы да екі литр су құямыз. Қасыңдамын, **міне**, келдім.

§ 52. *Не, немесе, қалай, ендеше, осы сияқты сөздер де сөйлем мүшесі*

болмай, айтушының (автордың) белгілі бір сезіміне байланысты қолданылғанда, қыстырма сөз ретінде үтірмен бөлінеді.

Мысалы: *Не, бәрің осы баланы мүйіздей бересіңдері* (Ғ.Сыланов). *Осы, солдатқа жалғыз өзім-ақ кете берсем қайтеді!* (Л.Толстой). *Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты. Арысыңды, ендеше, арыстан жеді. Қалай, құлағың ашылды ма?* (М.Әуезов)

Қыстырма бола алатын бірқатар сөздерді олардың сөйлем мүшесі болып, немесе күрделі мүшенің құрамында келіп, басқа сөздермен синтаксистік байланыста тұратын түрлерімен шатастырмау керек. Сол жақта берілген қыстырма сөздері бар мысалдар мен оң жақта берілген қыстырма сөздері жоқ мысалдарды салыстырыңыз:

Рас, мен сізді бір рет көрдім *Оның айтқаны рас екен.*
(М.Әуезов).

Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз. *Оның кешігіп жүруі мүмкін емес.*

Айтпақшы, бүгін мен Асқарды көрдім. *Мен саған бірдеңе айтпақшы едім.*

Немене, шабыныңды басар деп қорқамысың? *Немене айтып отырғаныңды өзің түсінемісің!*

Несін айтасың, бұл ат – осы ауылдың әйгілі жүйрігі. *Бұл сөзді бұрын мен естігем, қайталап оның несін айтасың.*

Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз (М.Әуезов). *Екінші күні жолдың жартысына келдік.*

Әлі есімде, бір күні тауға шықтық. *Бала кезде естіген ертегілерім әлі есімде.*

§ 53. Сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысы жоқ қыстырма сөйлемдер көбінесе үтірмен бөлінеді:

Ұмытып барады екем, жуырда елінен Әміржан келіп қалды. Сол ниетпен кірсем, неге екенін кім білсін, мені елеген адам болған жоқ (С.Мұқанов). *Осы кезде, Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айғайлады* (М.Әуезов).

§ 54. Сөйлемдегі негізгі ойды, не бір сөзді айқындау, дәлелдеу, түсіндіру үшін қолданылған қыстырма сөйлемдер не сөз тіркестері екі жағынан жақшаға алынады (бірінші сөзі жалпы есім болса, кіші әріппен жазылады):

Салжiгiттен (Темiрбектi ол Салжiгiт дейтiн едi) неге қалдым? Иесi – Әбiл (әйелге бұлайша еркек атын қоюды бiрiншi естуiм) дейтiн жесiр әйел (С.Мұқанов). Бірақ менімен Раушанның **(Рауза деп бірге оқитын жолдастары атап кеткен көрінеді)** оқысында үлкен айырма бар екенін сезгендеймін (М.Иманжанов).

Қыстырма сөйлем лепті не сұраулы болса, екі жағынан жақшаға алынады да, леп не сұрау белгісі жабылатын жақшаның алдынан қойылады, жақша ішіне алынған қыстырма сөйлем кіші әріптеп басталып жазылады:

Еміс-еміс естуіміше, қыздың бір дұшпаны (неге дұшпан болатыны

айтпай-ақ мәлім!) қызға мен жіберетін өлеңдердің біреуін түсіріп алады (С.Мұқанов).

Жақшаға алынған қыстырмамен аяқталып тұрған сөйлемдерде леп, сұрау белгілері жалпы сөйлемге тиісті болса, олар жақшаның сыртына қойылады:

– Астапыралда (солай дейтін оның кейде әдеті болушы еді)! – деді Итбай (С.Мұқанов).

Жақшаға алынған қыстырма сөз не сөз тіркестері бөліп кететін жердегі басқа тыныс белгілері де (үтір, сызықша, қос нүкте) жақшаның сыртына қойылады:

Шыңғыстан Жақып, Шокан (жұртқа мәлім Шоқан Уәлиханов), Мақы, Махмет туады. Үлкендердің айтуынша, Қазақтың әкесі (атын ұмыттым) – ноғайлы деген жұрт (С.Мұқанов).

§ 55. Екі қыстырма сөз қатар келгенде, араларына үтір қойылады:

Рас, менің байқауымша, сіздің халық – ақын халық. Қысқасы, мүмкін, осы дұрыс та болар.

§ 56. Оңашаланған мүшемен келетін мысалы, айталық, шынында сияқты қыстырма сөзден кейін үтір қойылмайды (бұл жөнінде § 70-ты қараңыз):

Көктемде жыл құстарының алды, мысалы қаз бен үйрек, келе бастайды. Географиялық атаулар, айталық тау аттары, бас әріппен жазылады.

Қыстырма сөзбен келген оңашаланған мүше жақша ішінде тұрса, қыстырмадан кейін үтір қойылады:

Көктемде жыл құстарының алды (мысалы, қаз бен үйрек) келе бастайды. Географиялық атаулар (айталық, тау аттары) бас әріппен жазылады.

§ 57. Мағынасы жағынан қыстырма сөздерге ұқсас келетін, дауыс кідірісімен айтылатын мынадай сөздер сөйлемнің басында не жай сөйлем ішінде үтір арқылы бөлінбейді: *ал, тіпті, дегенмен, алайда, бірақ, сонымен қатар, сондай-ақ, әсіресе, тек.*

Мысалдар: *Ырғызбай ішінде әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын. Тек не бұйырсаң да, тезінен бұйырғайсың. Абай бірақ қайындап кетті (М.Әуезов). Дегенмен мен жаңылмаппын. Мен оған күлімсірей қараймын. Ал ол өзінің келешегіне күлімсірей қарайды (М.Иманжанов). Ал Әмір болса, сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі болып келеді (М.Әуезов). Ол тіпті көшелі кісі боп қапты (С.Мұқанов).*

Ал, бірақ, алайда, дегенмен, сонымен қатар, сондай-ақ деген сөздер жалғаулық шылау ретінде екі бірыңғай мүшенің немесе екі жай сөйлемнің арасында келсе, алдарынан үтір қойылады (§105-ты қараңыз).

Е с к е р т у. Бұл сөздер сөйлем басында келіп, олардан кейін қаратпа, қыстырма сөздер тұрса, екеуінің араларына үтір қойылады, бірақ ол үтір бұл сөздерге байланысты қойылған тыныс белгісі емес, қаратпа не қыстырма сөздің екі жағынан қойылған үтірдің біреуі болып саналады: *Ал, Абай аға, осы билік байлау ғой (М.Әуезов). Дегенмен, шынымды айтайын, сізді танымай тұрмын. Бірақ, апа, осы екі балаңды адам етем (М.Әуезов).*

§ 58. *Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болмасын* деген сияқты тіркестер, қыстырма ретінде үтірмен бөлінеді: **Ол – ол ма, әңгіме одан да ұлғая түсті.**

§ 59. Сөйлем мүшелерімен синтаксистік байланысы жоқ, өз алдына жеке сөйлем сияқты қыстырма конструкциялардың да екі жағынан үтір қойылады. Ол конструкциялар көбінесе *қасында, ішінде, басы ... болып* деген тәрізді сөздердің қатысуымен жасалады, оларды алып тастағаннан сөйлем мағынасы ойсырамайды.

Мысалы: *Бір топ адам, басы Жомарт болып, егінге қарай беттеді. Газиктің рулін өзі ұстап, қасында Жақып бар, Жомарт келеді* (Ғ.Мұстафин). *Осы мақсатпен 1913 жылы патша әкімдері ел ішіндегі бір топ ақынды, ішінде Жамбыл да бар, Алматыға айдап әкелді* (“Қазақ әдебиеті”).

§ 60. Жақшаға алынған қыстырма сөзді не сөйлемдерді енгізген кім екенін білдіру үшін *редакция* деген сөз немесе автордың әріптерден қысқартылып көрсетілген аты-жөні (инициалы) қойылады. Ондайда қыстырмадан кейін нүкте мен сызықша қойылып, автордың қысқартылған аты-жөні немесе *редакция* деген сөз бас әріппен жазылады да, жақша жабылады:

Шоқан Уәлиханов Қашқарда қалай тұруы туралы былай дейді: “Қашқардың және Алты шаһардың зұрпы бойынша, шет мемлекеттен бұл елге келгендер үйленуге міндетті. (Кейін анықтасам, бұл әдет мұсылмандар үшін ғана екен. – С.М.). Кіші Бұхара (Қашқария – С.М.) имам Ханифке (мұсылмандар дүниесіндегі төрт мәзһәптің, орысша сектаның біреуі. – С.М.) бағынғанмен, ...бұл арада уақытша үйлену толық күшінде екен”.

Бұл мысалдардағы С.М. дегендер – Сәбит Мұқановтың инициалы.

5. ОДАҒАЙЛАРДЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 61. Одағайлар көбінесе сөйлем басында келеді де, үтірмен бөлінеді.

Е, Ойке апаны білмеуші ме ең? Әй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? (М.Әуезов). Тәй, қылжақты қоя тұр (С.Мұқанов). Апырау, сіздің ауыл Майқұдыққа қонбаушы еді ғой (Ғ.Мүсірепов). Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды. Әй, сен не айтып келесің!

Егер одағайлар сөйлем ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады, соңында тұрса, үтір одан бұрын қойылады:

Жүрегім, ойбай соқпа енді...

Бүгінгі дос – ертең жау,

Мен не қылдым, япырмау?! (Абай)

§ 62. *О* деген одағайдан кейін үтір қойылады: **О, жауыз Қодар! О, шіркін, шіркін!** (Ғ.Мүсірепов). *О* деген одағайды ықшамдалған *о (ол)* есімдігімен шатастырмау керек: *әңгіменің о жақ, бұл жағы; о не дегенің; о заман да, бұ заман.*

§ 63. Одағай сөйлемнің басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса,

одан кейін леп белгісі қойылып, келесі сөз бас әріптен басталады: **Пәләй!** **Мақұл-ақ!** *Ал ендеше мен нені айттым!?* (М.Әуезов). **Еһе!** *Сен өзің біздің қақпанға бұрын да түскен кәрі қасқыр екенсің зой* (А.С.Пушкин).

§ 64. Одағай тәріздес *бәсе, жә, қош, қой, құп* (болады), *жай, бәлем, жарайды* (осы мағынадағы *жақсы*), *мақұл, болды, дұрыс, бәрекелді* сияқты сөздер сөйлем ішінде жұмсалған орны мен мағынасына қарай оқшауланып келсе, өзге сөздерден үтірмен бөлінеді.

Мысалдар: **Қой**, *не де болса қалмайық енді. Жә, тоқтат, ақсақал! Бәсе, Телқара зой... Бәлем, Бәжей де осыны сезген болар. Бәрекелді, мына қызықты қара. – Мырза, мына аттылар не? – Жай, мына жылқыға отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай* (М.Әуезов). **Жарайды**, *айтам деп әкелгенің екен. Жақсы, сынап берейін* (“Аяз би” ертегісінен). – *Болады, оқиын, – деп мен уәде бердім.*

§ 65. *Иә* (я), *жоқ, мә, мәңіз* сөздері де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады:

Ақтағаны ма? Жоқ, жай шошығаны ма? Иә, етің ыстық, ауырған жерің бар ма? (М.Әуезов). *Павлуша, сен ауырып жүрген шығарсың? – Жоқ, денім сау. – Сен жатып ұйықтасаң етті. – Иә, қазір жатам* (М.Горький). – *Мә, мынаны қарай тұр* (С.Шәймерденов).

Иә, жоқ дегендер сөйлем басында келіп, ерекше екпінмен айтылса, олардан кейін леп белгісі қойылады да, келесі сөз бас әріптен басталып жазылады:

Жоқ, жоқ! *Жалғыз емес, мен болармын қасында* (Ғ.Мүсірепов). *Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелға қарап: – Павлуша, сен социалистің? – деп сұрады. Павел анасының қарсы алдында тура қарап тұрып: – Иә! Қайтеді? – деді* (М.Горький).

Иә, жоқ дегендер оқта-текте сөйлем ортасында да келеді, ондайда бұлар екі жағынан үтірге алынады:

Осы, ілім дегенің кітаптың бетінде ғана ма, жоқ, мына жер бетінде де бірдеңе қалды ма? – деді Шығанақ (Ғ.Мұстафин). *Мен осыны, иә, осыны айтып отырмын.*

Иә деген сөз *я, ие* түрінде де, *жоқ* деген сөз *жо* түрінде де айылады және солай жазылады: *Жо, бізге барады* (М.Әуезов).

Е с к е р т у. Сөйлем басында, кейде ортасында оқшауланып келетін *жоқ* деген сөз бен осы сөздің сөйлем мүшесі болып келетін түрін шатастырмау керек. Әдетте *жоқ* деген сөз сөйлем мүшесі болып келгенде, сөйлемнің соңында тұрады: *Бұл үйде балалар жоқ.* Сөйлем мүшесі ретіндегі *жоқ* сөзі өлеңдерде және инверсиялы сөйлемдерде сөйлем басында да келуі мүмкін, бірақ ол үтірмен не леп белгісімен бөлінбейді.

§ 66. Одағайлар көбінесе қаратпа сөзбен қатар қолданылады. Мұндайда одағай мен қаратпаның өз араларына да үтір қойылады:

Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда (С.Сейфуллин). *Пай-пай, бала-ай, сабырың-ақ соңымнан қалмады-ау* (Ғ.Мұстафин). *Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің* (Абай).

§ 67. Бірнеше одағай қатар келгенде әрқайсысы үтірмен бөлінеді:

Уа, шіркін, ән деп осыны айт! А, астапыралда, солай ма еді? – деп Балбалаға қарай қалды. Япырау, әттегенай, атын сұрамаптын зой! (М.Әуезов).

§ 68. Ә деген одағай мен ә дегенше, ә дегенмен тіркестерін, әй, әу деген одағайлар мен әй (ай) дер ажа, әудем жер деген сияқты тіркестерді (олардағы ә, әй, әу деген форматтарды) шатастырмау керек: тіркес құрамындағы ә, әй, әу дегендер өзінен кейінгі сөзден үтірмен бөлінбейді:

Ә дегенше жетіп келді. Оның даусы әудем жерге естіліп тұрды. Мен оны ә дегеннен тани кеттім.

6. АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 69. Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен көбінесе үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Абай былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан, кеткен болатын. Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан (М.Әуезов).*

Өз ішінде үтірлері бар жайылма оңашаланған айқындауыш мүшелер екі жағынан сызықша алынып жазылады. Оңашаланған мүше үтірмен бөлінгенде, бірыңғай мүшеге ұқсап кететін жерде де сызықша қоюға болады:

Біз – Мұстафаның екі кіші баласы Ғаббас пен Шәкен, мен үшеуміз – үйден шықтық (С.Мұқанов). Біраз жүрген соң Асан – күндіз көп жүріп, шаршаған бала – ұйықтап қалды (Б.Алтынсарин). Ұлы орыс халқының бай мәдени мұрасының бір саласы – оның тамаша мақалдары, мәтелдері – қазақ халқына аудармалар арқылы таныс болып, халық игілігіне айналып келеді (“Қазақ әдебиеті”).

§ 70. Оңашаланған айқындауыш мүше болатындар:

а) Өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындап, дәлдеп беретін және сонымен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келетін бір сөз не сөз тіркесі:

Осы үйдің ер жетіп қалған екі баласын, Нұржан мен Нұрланды, жұрт көп мақтайды. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады (М.Әуезов).

ә) *Яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, болмаса, басқаша айтқанда, “әсіресе”* деген мағынадағы көбінесе, оның ішінде, тіпті деген сөздермен басталатын тіркестер өзінің алдындағы сөздің мағынасын дәлдеп тұрса оңашаланған мүше болады. Жоғарыдағы сөздердің өздері жеке үтірмен бөлінбейді. Үтір тұтас тіркестің екі жағынан қойылады:

Ылғалды жерлерде, көбінесе өзен бойларында, шөп қалың өседі. Реакцияға түскен заттардың салмағы реакция нәтижесінде шығатын заттардың салмағына әрдайым тең болады; бұл заңды заттар сақталу заңы, немесе Ломоносов заңы, деп атайды. Әңгімемізді шығармашылықтың бір түрі, мысалы музыка, туралы бастайық.

Ескерту. Мысалы деген сөз оңашаланған мүшенің құрамында болмай, жеке қыстырма сөз ретінде келгенде, үтірмен жалғыз өзі ғана белінеді: **Мысалы, таза мыс электр тогын**

жақсы өткізеді. Әрқайсымыз өз шаруамызбен болдық. Мен, **мысалы**, кітап оқып отырмын.

Мысалы деген сөзден кейін қос нүкте қойылуы туралы §95-ты қараңыз.

2. Әсіресе, көбінесе, тіпті, оның ішінде деген сөздер оңашаланған мүше болатын сөз тіркестеріне емес, жалпы сөйлемге қатысты болып келуі мүмкін. Ондайда бұл сөздер ешқандай тыныс белгісімен бөлінбейді: *Ырғызбай ішінен әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын* (М.Әуезов). *Алматылықтар жазда көбінесе тауға шығады*. Олардың ішінде үй іштерімен шығатындар да көп.

б) Есімдіктен кейін келген айқындауыштар оңашаланады:

Олар, жас жігіттер мен жас қыздар, қиын жұмыстардан бас тартпады. Мен, Олег Кошевой, *Жас гвардия мүшелерінің қатарына кірерде... ант етем* (А.Фадеев). *Айтып тұрған мына мен, Бақбергенмін* (М.Әуезов).

Кейде керісінше құрылған түрлері де болады, яғни есімдік оңашаланады, бірақ бұл сирек қолданылады. Мысалы:

Балалары, біз, тірі тұрғанда, апам кедейшілікті ойлайтын кісі емес еді (С.Мұқанов).

в) Жалпы мезгілді, мекенді білдіретін пысықтауыштардан кейін, сол мезгілдің дәл қай кезі, сол мекеннің дәл қай жері екенін ашып көрсететін анықтауыштар оңашаланады. Мысалы:

Түнде, сағат 12-де, поезд келді (түннің басқа кезі емес, дәл сағат 12-де деп айқындап тұр). *Қазақстан Республикасында, Астанада, білім ордасына арналып зәулім үй салынады* (білім ордасына арналған зәулім үйдің Қазақстан Республикасының басқа жерінде емес, Астана қаласында салынғанын дәлдеп тұр).

§ 71. *Сияқты, ретінде, қатар, емес (емей), түгіл* деген сөздермен келген және **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақты сөздермен келген тіркестер де, оңашаланған мүше сияқты, сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді:

Жамбыл 70-80 жылдарда, ұсақ өлеңдермен қатар, көлемді жырлар да шығарады. Мен *Әлти ғана емес, Сәдуақасқа да іштей қайран қап отырмын* (С.Мұқанов). *Үйге кіргізу түгіл, жақындасуға рұқсат жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Е с к е р т у. Бұл сөздердің белгілі бір сөйлем мүшесінің құрамында тұрғандағысымен шатастырмау керек. Ондайда бұлар үтірмен ажыратылмайды: **Музгарко сияқты жан жолдасынан шал дәл қазір үмітін үзе бастаған еді** (Мамин-Сибиряк) (Қандай жан жолдасынан? – *Музгарко* сияқты – анықтауыш). **М.Әуезов сияқты талант бүкіл дүние жүзіне ортақ** (қандай талант? – *М.Әуезов* сияқты – анықтауыш). *Екеуі қатар отыр*. (Қалай отыр? – *қатар* – пысықтауыш).

§ 72. *Қарамастан, қоспағанда, есептемегенде* деген сөздерге аяқталатын тіркестер де үтірмен бөлінеді:

Аяғының ауырғанына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды. *Кешігіп қалған екеуді қоспағанда, жорыққа аттанатын шаңғышылар саны он алты*. *Жорыққа аттанатын шаңғышылар саны, кешігіп қалған екеуді қоспағанда, он алты*.

§ 73. Оңашаланған мүше инверсияланып (әдеттегі орны ауысып) келуі

мүмкін, ол күнде де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады: *Мұқанның баласы зой, менің былтыр өлген ағамның (С.Мұқанов)*. Бұл сөйлемнің әдеттегі орын тәртібі: *Мұқанның, менің былтыр өлген ағамның, баласы зой* болу керек.

§ 74. Оңашаланған айқындауыш мүше өзінің алдындағы айқындайтын сөзімен септік, тәуелдік жалғаулары жағынан қиыспай тұрса, яғни айқындалушы сөз атау тұлғада келсе, араларына сызықша қойылады да, айқындауыштан кейін ешқандай тыныс белгісі қойылмайды:

Күлкінің иесі – қызды біз енді жақсылап көрдік (С.Ерубаев). Осы сөйлемдегі айқындауыш пен айқындалушы сөздер бірдей тұлғада (екеуі де табыс септікте) берілсе, тыныс белгісі басқаша қойылады: *Күлкінің иесін, қызды, біз енді жақсылап көрдік*.

Ал айқындалатын сөзімен морфологиялық тұлға жағынан қиыспай (бірдей болмай) тұрса, не екеуі де атау тұлғада келсе, жалқы есімнен болған айқындауыш ешқандай тыныс белгісімен ажыратылмайды:

Менің інім Марат биыл мектеп бітіреді. Оның бұл тұрған қалпын ағасы Балтабектің әйелі Айбаладан басқа ешкім көрген жоқ (С.Мұқанов). *Шойын кеуделі, аю жоталы...қара кісі Игілік би паң да, тәкаппар да емес (Ғ.Мүсірепов)*. Бұл сөйлемдердегі *Марат, Балтабай, Игілік би, Айбала* деген жалқы есімдер өздерінен бұрынғы *інім, ағасы, қара кісі, әйелі* деген сөздерді дәлдеп атап айтып, айқындап тұр.

7. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР МЕН ЖАЛПЫЛАУЫШ СӨЗДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Тыныс белгілерін қоюға келгенде, бірыңғай мүшелерді үш топқа бөліп қарауға болады: а) араларында жалғаулық жоқ бірыңғай мүшелер, араларында жалғаулық бар бірыңғай мүшелер және б) жалпылауыш сөзбен қатар келетін бірыңғай мүшелер.

§ 75. Жалғаулықсыз келген дара бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Бірыңғай мүшелердің санынан үтір санының біреуі кем болады.

Әр ел тұс-тұсындағы Ақбайтал, Көлденең, Жігітек, Шатқалаң, Бөкеші сияқты асу-асуларға қарай беттеді. Абай қажымай, жалықпай ылғи гана ынтыға тыңдайтын (М.Әуезов). *Оля Иванцова салмақты, ауыр мінезді, үндемейтін қыз еді (А.Фадеев)*.

§ 76. Жалғаулықсыз келген күрделі (жайылмалы) бірыңғай мүшелердің араларына да үтір қойылады:

Боржабай орта ғана бойлы, жуантық денелі, дөңгелек бетті, қалың ерінді, жасаураған кішірек қоңыр көзді, ұйысқан қысқа қара жирен сақалды, таңқита басқан сирек мұртты, домалақтау мұрынды, қоңыр өңді кісі еді (С.Мұқанов). Бірнеше орындық, көйлек-көншек салатын комод, оның үстінде кішкентай айна, киім-кешек салынған сандық, қабырғада ілулі сағат, бұрышта екі бұрқан – *міне, бар мүлік осы (М.Горький)*. Осы кезде дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, сарғылт жылтыр шашын құлағынан асыра қайырған, жасы он сегіздерге не

жетіп, не жетпеген жас қыз келіп кірді (А.С.Пушкин).

§ 77. Жайылма (күрделі) бірыңғай мүшелердің әрқайсысының (немесе бірқатарының) өз іштерінде үтір кездесетін болса, бірыңғай мүшелердің жігіне нүктелі үтір қойылады. Мысалы:

Қала деген аты ғана болмаса, Н... қаласы екі қабат үлкен үйлер көшелерінде ғана бірен-саран кездесетін; өзге үйлерінің көбі бір қабат қана қарағай үйлер болатын; шет жақтарында ағаш үйден шым үй көп кездесетін; азғана жаңбыр себелеп өтсе, көшелерінен адам батпақтап жүре алмайтын; бірақ етек-жеңі мол; таусымақтау жерге жалпая салынған; Сібірде көп кездесетін үлкен бір деревня еді (С.Мұқанов).

§ 78. Бірыңғай мүшелердің алдыңғыларының жалғаулары түсіп қалып айтылуы мүмкін. Ол күнде де араларына үтір қойылады:

Бөкенші, Борсақ Қызықшоқы, Қыдыр, Көлқайнарға жаппа тігіп қонды да, көшпей отырып алды (М.Әуезов). *Жамбыл айтыс, жырларында өз заманындағы ақындардың көбінен озық екенін танытады. Ақын, драматург, жазушылар өз шығармаларында шындық өмірді суреттейді.*

Е с к е р т у. Алдыңғысының жалғауы түсіріліп айтылатын екі бірыңғай мүшені сол типтес қос сөздермен шатастырмау керек. Мұндай сөздер жалпылық мағынада айтылған болса, қос сөз болады. Мысалы: *Мектебіміздің ән-күй үйірмесі бар* (мұнда әңгіме бір үйірме туралы, сондықтан *ән-күй* – жинақтаушы атау). *Мектебімізде ән, күй үйірмелері құрылды* деп үтір қойып жазсақ, *ән үйірмесі* бір бөлек, одан басқа *күй* (домбырашылар) үйірмесі құрылғандығы көрінеді.

§ 79. Егер алдыңғы сын есім тікелей зат есімнің сынын білдірмей, өзінен кейінгі тұтас тіркестің сынын білдіретін болса, араларына үтір қойылмайды. Мысалы:

Мен жап-жаңа алтын сағат сатып алдым. Мұнда *жап-жаңа* деген сын есім *алтын сағат* деген тіркесті анықтап тұр. *Ауылымызда қуатты су электр станциясы салынды.* Мұнда да әңгіме жалпы станция емес, *электр станциясы* туралы. *Электр станциясы* дегеннің анықтауышы – су.

Мұндайда бірыңғай емес анықтауыштардың алдыңғылары өзі анықтайтын сөздің сыны емес, келесі анықтауыштың құрамындағы басқа сөздің сыны болып кететін қауіп болса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

Төңіректің бәрі де бірінен-бірі биік, қарағай жамылған ақ бас шыңдар (Ғ.Сыланов). Мұнда үтір қойылмаса, бірінен-бірі биік болып тұрған шыңдар емес, қарағай болып шығады. Ал дұрысында шыңдар бірінен бірі биік және олар қарағай жамылған. Кейде жазушы (не сөйлеуші) инверсия жасап, анықтауыш пен анықталушы сөздердің араларына басқа сөздерді қосып жібереді. Ол анықтауыштардың өзіне жалғас тұрған сөздің анықтауышы емес екені жазуда үтірмен, айтуда дауыс кідірісімен көрсетіледі. Мысалы:

Барлық, үйге сатырлап тиген қамшы, шоқпар уық, керегені шатырлата сындырып барады (М.Әуезов). Мұндағы анықтауыш пен анықталушылар *барлық үй* дегендер емес, бір үйге тиген *барлық қамшы,*

шоқпардеген сөздер. Егер *барлық* деген сөзден кейін үтір қойылмаса және айтуда дауыс кідірісі болмаса, *барлық* деген анықтауыш үй деген сөзді анықтайтын болады. Екінші мысал: *Ана, төренің Кертаңдағын мін де бар.* (Р.Амангелдин). Мұнда *ана* деген анықтауыш *төре* деген сөзге емес, *Кертаңдақ* деген сөзге қатысты. *Ана* деген сөзден кейін үтір қойылмаса, “мына төре” емес, “ана төре” деген мағына шығар еді. Тағы бір мысал:

– *Неғып тұрсың! – Шабайын деп ем – Кімді? – Әлгі, Кенжетайды ұратын төрені* (С.Мұқанов). Мұнда да *әлгі* деген сөзден кейін қойылған үтір ол сөздің *Кенжетай* деген емес, *төре* деген сөзге қатысты екенін көрсетеді.

§ 80. *Бір* деген белгісіздік есімдігі мен соған жалғас келген анықтауыштың арасына үтір қойылмайды. Мысалы:

Жиренше таңертең Құнанбай аулына бір әдемі тарғыл тазы ертіп келді (М.Әуезов). *Осы, саған бір айтатын сөзім бар.*

Егер *бір* деген есімдік екі бірыңғай анықтауыштың арасында тұрса, ол өзінен кейінгі анықтауыштың құрамына енеді де, үтір алдынан қойылады: *Баяғыда айлакер, бір қу түлкі болыпты* (Ертегіден).

§ 81. Бірыңғай мүшелердің арасында қайталамайтын *мен, және* деген жалғаулықтар тұрса, үтір қойылмайды. Бұлар екі бірыңғай мүшенің арасында немесе бірнеше бірыңғай мүшенің ең соңғысының алдынан, я болмаса жұп-жұп болып тұрған екі бірыңғай мүшенің арасында қолданылады:

Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді (М.Әуезов). *Махаббат, қызық, мал мен бақ, Көрінуші еді досқа ортақ* (Абай). *Ол да Байжанға ауданның қазіргі және болашақтағы шаруасын білетін адам боп көрінеді* (С.Мұқанов). *Ырғақ – ой мен сезімнің, жан мен тәннің қосылып салар әні* (Ғ. Мүсірепов).

§ 82. *Да* шылауы қайталамай, екі бірыңғай сын есім, үстеулерден болған мүшенің арасында келсе, үтір қойылмайды. Мысалы: *Тәжік – қатал да тағы табиғаттың бермесін еңбегімен еріксіз алып өскен ел. Дененің бар қозғалысы белгілі бір еңбек ырғағын тауып, тез де өнімді қимылдайды* (Ғ.Мүсірепов). *Қызғанышқа жеңгізген жас жүрек кінәшыл да әділетсіз* (М.Әуезов). *Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады* (Ғ.Мүсірепов).

§ 83. *Да* шылауы етістіктен болған екі бірыңғай баяндауыштың арасында қайталамай келсе, *да-дан* кейін үтір қойылады. Мысалы: *Таныды да, таң болды. Жабыларсың, таларсың да, жерсің! Бұның балдызына үйленген жандарал төрені сүйетін де, сүйейтін* (М.Әуезов). *Сайра да, зарла, қызыл тіл* (Абай).

Е с к е р т у. Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұрған *да* шылауынан кейін де үтір қойылады. Мысалы: *Бұл жерлерге келгенде, Биденко мен Горбунов ескі тамның түбіне бой тасалап отыра қалады да, Ваня ілгері барып жер шолып келеді* (В.Катаев).

§ 84. Бір мағынаны беретін, бірақ екеуі де ашық райда айтылатын күрделі етістіктің арасында келген *да* шылауынан кейін үтір қойылмайды.

Ол етістіктер бірыңғай мүшелер болып табылмайды: олардың соңғысы өз алдына лексикалық мағынасы жоқ көмекші етістік болады да, алғашқысын көсемше тұлғасына салып айтуға келеді. Мысалы:

Сол кезде сен егеуді ал да жөнел. – *Сен сол кезде егеуді ала жөнел. Жат та қой, бар болғаны сол.* – *Жатып ал, бар болғаны сол. Шал шанасынан секіріп түсіп, жүгіре басып, жаяу жүрді де отырды.* – *Шал шанасынан секіріп түсіп, жүгіре басып жаяу жүріп отырды. Мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды.* – *Мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойыла қалды (барлық сөйлемдер “Ертегіден”).* *Дауыл көтерілді де, төңірек ұйытқыған қалың қар болды да кетті (С.Мұқанов).* – *Дауыл көтерілді де, төңірек ұйытқыған қалың қар болып кетті.*

§ 85. Да жалғаулығы әр бірыңғай мүшеден кейін қайталап келсе, үтір қойылады:

Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да (Абай). Жер де, көк те тұп-тұнық, қап-қара (С.Мұқанов). Бала қыран алғыр да келеді, албырт та келеді (Ғ.Мүсірепов).

§ 86. *Не, немесе, я, яки, әрі, әлде* жалғаулықтары әр бірыңғай мүшенің алдынан қайталап келгенде, бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Мысалы:

Теріскейден соққан желдің екпіні әрі күшті, әрі суық (С.Мұқанов). Я алшымнан, я тәйкемнен түсетін күннің есігі бүгін ашылғандай (Ғ.Мүсірепов). Айтып тұрғаның әлде шын, әлде өтірік. Ендеше әрі сұлу, әрі ірі, әрі жорға бұрыл атты мініп жүру қандай тамаша! (С. Мұқанов).

§ 87. *Не, немесе, я, яки, әрі, әлде* жалғаулықтары қайталанбай, екі бірыңғай мүшенің арасында тұрса, үтір қойылмайды. Мысалы:

Есін жиғанын не оянғанын Асқардың өзі де білмейді (С.Мұқанов). Бұл жердің топырағы – құнарлы әрі қара топырақ. Бүгін біз киноға немесе театрға барамыз. Ол жолдасының сөзін қорқынышпен әрі құмарланып тыңдады.

Ескертулер. 1. Бұл ережені *немесе, яки* жалғаулықтарының оңашаланған мүшенің құрамына келген жағдайындағы тыныс белгісімен шатастырмау керек. Ол туралы §70-ты қараңыз.

2. Бұл жалғаулықтар қайталанбай, құрмалас сөйлемдегі екі жай сөйлемнің арасында тұрса, алдарынан үтір қойылады. Мысалы: *Мұндағылар егін басына барады, немесе егіс басындағылар мұнда келеді.*

§ 88. Бір сөз бірдей не әр түрлі тұлғада қайталап айтылса, араларына үтір қойылады. Олар қатар да, араларына сөз салып та келе береді.

Лаула, жан, костёрден от, лаула, лаула! Келіңдер, кел, балалар, от жағуға! Жүйткіді поезд, жүйткіді! (Н.Байғанин). Жантық-ай, бері келші, бері (Ғ.Мүсірепов). Малға апарып салсам, сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін (“Аяз би” ертегісінен). Ол үйінде отырса, отырсын. Солай болса, болсыншы. Молдадан оқымасаң, оқымай-ақ қой, шырағым (С.Мұқанов). Бұларды дефиспен жазылатын қос сөздермен шатастырмау

керек.

§ 89. Екі бірыңғай мүшенің арасында келетін *бірақ, дегенмен, алайда, сонда да* деген жалғаулықтар мен *сондай-ақ, сонымен бірге* деген тіркестердің алдынан үтір қойылады. Мысалы:

Абай өлеңдерінде, сондай-ақ публицистикалық әңгімелерінде баланы тәрбиелеу деген мәселеге үлкен мән берді.

§ 90. Бірыңғай мүшелердің әрқайсысынан кейін сұраулық шылаулары, *болсын* деген сияқты сөздер қайталап келе береді, мұндайда бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады:

Тал-терегі болсын, тау қайыңы – қисықша қызылқайың болсын – барлығы да көктеп жайнап тұр (М.Әуезов). *Желдің бе, қасқырлардың ба – алдененің ұлыған үні жер-көкке сыймай тұрған сияқтанады* (С.Мұқанов).

§ 91. *Үн жоқ, түн жоқ; ұзын арқан, кең тұсау; бір сырлы, сегіз қырлы; апы кіріп, күпі шығып; алты аласы, бес бересі; күн демей, түн демей; о жак, бұ жағғы сияқты күрделі қос сөздердің арасына, бірыңғай мүшелерге қойылғандай, үтір қойылады. Мысалы:*

Ол бір сырлы, сегіз қырлы жігіт еді. Қос салт атты үн жоқ, түн жоқ жүріп келеді. Ол әңгіменің о жак, бұ жағынан бір шығып отыр.

§ 92. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, бірыңғай мүшенің ең соңғысынан кейін сызықша қойылады:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай). Бұл өлең жолдарының қара сөзбен айтылатын құрылымы мынадай болар еді: *Адамның қасиеті – үш-ақ нәрсе: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.* Мұнда жалпылауыш сөз – үш-ақ нәрсе (баяндауыш). Бұл сөйлем бірыңғай баяндауыштармен аяқталып тұр.

– Бұл үйдің жаны нешеу? – деді Итбай сөз бастау үшін. – Үшеу: Балтабек, қатыны, қарындасы, – деді Бүркітбай (С.Мұқанов). Бұл сөйлемнің толық түрі: *Бұл үйдің жаны үшеу: Балтабек, қатыны, қарындасы болар еді.*

Сөйледі Жамбыл бәріңе:

Жасың менен кәріңе (Жамбыл).

Е с к е р т у. Жалпылауыш сөзді бірыңғай баяндауыштардың алдынан келген бастауышпен шатастырмау керек. Сырт қарағанда, жалпылауыш сөз сияқты болып көрінетін бастауыштан кейін қос нүкте қоюға болмайды. Ол үшін сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын іздестіру керек. Мысалы, *Көмірдің көп шығатын жерлері – Украинадағы Донбасс, Шығыс Сібірдегі Кузбасс, Қазақстандағы Қарағанды* деген сөйлемде бастауыш – *жерлері*, одан кейінгі сөздер – бірыңғай баяндауыштар. Ал осы сөйлемді *Көмірдің көп шығатын жерлері: Украинадағы Донбасс, Шығыс Сібірдегі Кузбасс, Қазақстандағы Қарағанды – ТМД елдерінің байлығы болып табылады* деп өзгертсек, бұл сөйлемде *жерлері* – жалпылауыш сөз, одан кейінгілер бірыңғай бастауыштар, баяндауыш – *байлығы болып табылады* деген сөздер болып шығар еді. Сондықтан алғашқы мысалда баяндауыштары да атау тұлғадағы зат есімнен жасалғандықтан, *жерлері* деген атау тұлғадағы бастауыштан кейін сызықша қойылады. Екінші мысалда *жерлері* деген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте, ал бірыңғай мүшелердің аяқталған жеріне сызықша қойылады.

§ 93. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін жалпылауыш сөз болып келетіндер, *көбінесе, бәрі, барлығы, баршасы, күллісі, бірі* деген есімдіктер және сан есім аралас басқа есімдер болады:

Ортасында Құнанбай, Бәжсей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар (М.Әуезов). Жылаған Тоғжан, жылаған Бәжсей қыздары, барлық қаралы көш... қаралы киім, тұл ат – баршасы осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді (М.Әуезов). Жандармдар қораны, шардақты – бірін қоймай тінте бастады (М.Горький). Алма, Жанат – екі қыз бір анадан туғандай, бір қалыптан шыққандай, бір ауылда ер жетті (Ғ.Мұстафин). Көбі шалдар, өзгелері жастар – он шақты адам қатарласа сөйледі (Ғ.Мүсірепов).

Жинақтаушы мәнде қолданылған кейбір зат есімдер де, оның ішінде мөлшерлі сан есіммен келгендері де жалпылауыш сөз бола алады:

Екі ақсақ, бір жел аяқ – үш боздақ енді базарға қарай бет алдық (Ғ.Мүсірепов).

Е с к е р т у. Жалпылау сан есімдерінен болған жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қоймаса да болады: *Ішінде отырған Мәкіш, Салтанат, Ербол үшеуі Абайға қарсы қуана ұмтылысты. Мәкіш, Ербол екеуі Абаймен құшақтасып амандасты (М.Әуезов).*

§ 94. Бірыңғай мүшелер мен олардан кейін келетін жалпылауыш сөздің арасында қыстырма сөз (не қыстырма тіркестер мен сөйлем) тұрса, қыстырма сөзден бұрын сызықша, соңынан үтір қойылады. Мысалы:

Электр станциясының салынып біткен мерекесіне арналған митингіге жас та, кәрі де, оқушылар да, бөбектер де – қысқасы, ауыл адамдарының бәрі тегіс келді.

§ 95. Бірыңғай мүшелерден бұрын тұрған жалпылауыш сөзден кейін мысалы, *атап айтқанда* деген сөздер келсе, олардың алдарынан үтір, соңынан қос нүкте қойылады. Мысалы:

Бірсыпыра ірі өзендеріміз, мысалы: Лена, Обь, Енисей – Солтүстік мұзды мұхитқа құяды. Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық – оның бойынан табылады.

§ 96. Көбінесе бірыңғай мүшелерден кейін келетін *тағы басқалары, тағысын тағылар, тағы сондайлар* деген сөздердің толық не қысқарған түрлері келсе, бұлардан бұрын, яғни бұлардың алдынан үтір қойылмайды, өйткені бұл жердегі “тағы” сөзі *және* деген жалғаулықтың қызметін атқарады. Мысалы:

В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков т.б. ғалымдар түркі тілдерін топтауда құнды еңбектер берді (К.Аханов). Мыналар элемент болады: оттегі, темір, күкірт, сынап, цинк, мыс т.т.

8. ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 97. Бір мезгілде немесе бір-біріне ұласа болған істі білдіретін, салаласа құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады:

Итбай мен Горбунов дойбы ойнап отыр еді, терезеден айғай шықты (С.Мұқанов). Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай). Кенет Сережка Валяның қолынан ұстай алды, екеуі үйдің жарына жабысып тұра қалды (А.Фадеев). Осы минутта қайнаған самауыр көтеріп қожайын кірді, мен бастаушымызды шайға шақырдым, мужик төмен түсті (А.С.Пушкин). Тас еді, шаң еді, азап еді, кір еді, енді, міне, мыс болып жүріп кетті, күміс болып кейін оралады (Ғ. Мүсірепов).

§ 98. Мағына жағынан іліктес болғанмен, азды-көпті бөлектеніп тұратын, көбінесе өз ішінде үтірлері бар жай сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады. Мысалы:

Сүйінбай: “Кедей жұртының тілін жақсы ұғын; өзіңнің әдемі жсырыңмен тек халқыңа ғана қызмет ет; шыңырау құдықтың терең түбінен су алғандай, жсырыңды жүрегіңнің терең қойнауынан шығар!” – деді (Жамбыл).

*Қазақстан өлкесі
Нелер зауыт салынған;
Неше жылғы көмбенің
Тыныштығы алынған;
Байлығы теуіп сыртына
Жондарынан жарылған;
Отан үшін кажеттің
Бар керегі табылған (Н.Байғанин).*

§ 99. Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдер бір-біріне түсінік болып, яғни соңғысы не соңғылары алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашып тұрса, араларына қос нүкте қойылады. Мысалы:

Аюлар үйде жоқ: олар орман ішіне серуенге кеткен еді.

Қос нүкте түсіндіріліп тұрған сөйлем мен түсінік болып тұрған сөйлемдердің арасына қойылады, ал түсінік болып тұрған сөйлемдердің өзі бірнеше жай сөйлем болуы мүмкін, онда олардың араларына үтір қойылады. Мысалы:

Құттыбай ауылы күздікке екі жарылып қонды: төрт-бес үй Алтаймен бір бөлек, бес-алты үй Асанмен бір бөлек. Ағайынды бұл үшеуінің жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде. Мінезі де денесіне ұқсас: орнығып отыра да алмайтын, ұқыптап іс те істей алмайтын сабырсыз, қайғыға да, қуанышқа да шыдай алмайтын күйгелек, жоққа шытырлай қалатын тығыз, өзінен басқаның ісін ұнатпайтын кінәмшыл, басқаға жақсылық қылмайтын қызғаншақ (С.Мұқанов).

§ 100. Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұратын бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен сияқты жалғаулықтар түсіп қалып айтылғанда, олардың орнына үтір мен сызықша қойылады:

Үйде шешен, – дауда жоқ (Мақал). Тұрайын деп еді, – тұра алмады.

Есіктің киізін олай итерем, бұлай итерем, – ашылмайды (С.Мұқанов). Аяп келдім, – айта алмадым (Ғ.Мүсірепов). Елге мойнымды созам, – көрінбейді. Манайға мойнымды созам, – дәнеңе жоқ (С.Мұқанов). Біз Алатаудай ел едік, – теңемек болды ойға жау (Жамбыл). Аяғы жоқ, – жүреді, аузы жоқ, – сөйлейді (Жұмбақ).

§ 101. *Өйткені, себебі* сияқты жалғаулықтар түсіп қалып жасалған салаластарда жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады. Мысалы:

Мен жиналып үлгеретін болдым: пойыз кешке жүреді екен. Салған әні жан-дүниемізді балқытты: даусы аса әсем екен.

§ 102. Салаласқа енген жай сөйлемдегі іс шұғыл болса, немесе біріндегі іске екіншісіндегі қарама-қарсы қойылып айтылса, араларына сызықша қойылады. Мысалы:

Тептім – терекке шықтым (Жұмбақ).

Толқып теңіз бір уақытта

Сарқырап кеп шайқалды ол -

Қалып қойды жағада сол

Отыз үш ер кіл қаһарман (А.С.Пушкин).

Ти десем – тимейді, тиме десем – тиеді (Жұмбақ). Айтты – көндім, алды – бердім, енді өкіндім, өзіме аз (Абай).

§ 103. *Да (де, та, те), әрі, не, немесе, яки, біресе, бірде* жалғаулықтары салаласқа енген жай сөйлемдердің әрқайсысында қайталап келсе де, қайталамай келсе де, жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы:

Біз Балқашқа баратын поезды күттік те, ол Петропавл поезымен со күні кешке Алматыға аттанды (М.Иманжанов). Күн де шықты, біз де тұрдық. Біресе себелеп жаңбыр жауады, біресе қиыршақтап қар жауады.

§ 104. Салаласқа енген жай сөйлемдердің арасында *және* жалғаулығы тұрса, үтір қойылмайды. Мысалы:

Үйге берілетін тапсырмаларды оқушылар өз беттерімен орындай алатын болсын және ол жаттығулар үлкен болмасын. Бұл биенің құлыны да өзіне тартқан бұрыл болады және бұл бие ерте құлындайды (С.Мұқанов).

§ 105. Салаласқа енген жай сөйлемдер *бірақ, өйткені, сондықтан, дегендей, алайда, әйтсе де, ал* деген жалғаулықтармен байланысса, үтір олардан бұрын қойылады:

*Жарты сағаттан кейін атқа қондым, ал Савельич қала адамдарының бірі тегін берген көтерем ақсағына мінді (А.С.Пушкин). Жұрт Павелді қоршап тоқтай қалды, **бірақ** ол алға жарып шықты (М. Горький). Күн бұлттанып-ақ тұр еді, **алайда** жауа қоймады.*

Бірақ, өйткені, сондықтан, дегенмен, алайда, әйтсе де, ал деген жалғаулықтар жеке сөйлемнің басында келсе, олардан соң үтір қойылмайды. Кейде *бірақ, дегенмен, алайда* жалғаулықтары жеке жай сөйлемнің ортасында келулері мүмкін. Онда да алды-артынан үтір қойылмайды. Мысалы:

Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады. Бірақ жатқан қалпынан тырп етіп қозғалған жоқ (С.Мұқанов). Сондықтан да соңғы бір-екі күн бойында Татьянаны ақын өз елінің тілімен сөйлете бастап еді (М.Әуезов). Анық-ақ көрген кісім. Ал сонда қайда көрдім. Сүйген қызымды қолтықтап, мен өз елімнің кең көшесінде аяғымды алашақ басамын. Алайда айналамда не болып жатқанына көзімді жұма қарайтын парықсыз, тоғышар жан мен емес (М.Иманжанов).

Е с к е р т у. *Ал, бірақ, дегенмен, алайда, өйткені, сондықтан* деген жалғаулықтар сөйлем басында келіп, олардан кейін оқшау сөздердің бірі тұрса, жалғаулықтардан соң үтір қойылады. Бірақ ол жалғаулыққа байланысты қойылған үтір болмайды, оқшау сөздің алдынан қойылған үтір болады. Мысалы: **Бірақ, шынында, олай емес-ті, Серезжа адастырмайтын** (А.Фадеев). **Ал, шырақ, әңгімеңді айта бер. Дегенмен, сайып келгенде, еңбек адамымен ұғысу да, достасу да, сырласу да оңай орайласатыны анық** (М.Иманжанов).

Ал, бірақ, дегенмен, алайда жалғаулықтары қатар келгенде, өз араларына үтір қойылады: **Ал, бірақ “білімсізбін” деп өзіңізді өзіңіз әдейілеп кемітуіңізге жол болсын** (М.Иманжанов). **Бірақ, дегенмен өзі қорықпайтын бала екен. Ал, дегенмен әңгімеңді айтып көр.**

§ 106. Құрмаласқа енген алғашқы екі-үш немесе одан да көп сұраулы сөйлемдердің арасына сұрау белгісі емес, үтір қойылады.

Қарт үнсіз тұрып қалған екі жас сөйлессін деді ме әлде жылқыны аралап қайтқысы келді ме, Борашиқа иығын көтерді де, ылдига қарай жорта жөнелді (М.Иманжанов). *Сам жамырай бастағаны ма, жоқ, батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көкжсиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар* (М.Әуезов).

§ 107. Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің араларына, негізінен, үтір қойылады. Мысалы:

Сол жылы Есіл мол тасып, жаз жаңбыр да жауып, егін мен шөп тамаша көп шықты. Ойы ұнамды шыққасын, Ботагөз қуанып кетті. (С.Мұқанов). *Білсең, отыр* (Ғ.Мүсірепов). *Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жазғында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді* (М.Әуезов). *Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын (“Ер Төстік” ертегісінен).*

Әдетте шартты бағыныңқылы сабақтастың жай сөйлемдерінің арасына үтір қойылады. Ал баяндауышы шартты райдан жасалған бағыныңқы сөйлемге ерекше мән беріле айтылса, немесе басыңқыдағы іс шұғыл, күтпеген уақиғаны білдірсе, сызықша қоюға болады:

Ұрса – құлашы, сыбанса – білегі, ашылса – жүрегі, түйсе – жұдырығы көз тойдырады (Ғ.Мүсірепов). Бұл сөйлем – төрт сабақтастан құралған құрмалас. Әр сабақтастың өзі толымсыз бір бағыныңқылы, бір басыңқыдан құралған. Ол ұрса – құлашы көз тойдырады, ол сыбанса – білегі көз тойдырады...Тағы бір мысал: *Көзімнің оты жарқ ете қап, дуылдай жөнелген мұрнымды алақаныммен тоса қойып ем, жып-жылы бірдеме сорғалай жөнелді, байқасам – шұбырған қан!* (С.Мұқанов).

§ 108. Бағыныңқы сөйлем басыңқының ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. Мысалы:

Абай, Әбдірахман атқа мінетін болған кезде, үйден бірге ере шықты.

Оспан, Жиренше қой деген сайын, сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді. Ол бұл жерге, Абайды керек еткен адвокат келсе, не тергеуші начальник келсе ғана, кіретін (М.Әуезов). *Көңілің, суын ішсең, ашылады* (Ы.Алтынсарин).

§ 109. Бастауыш екі жай сөйлемге ортақ болса, ол қайсысымен айтылып тұрса, сонысына қатыстырылады: *Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ* (М.Әуезов). Немесе: *Қарқаралыдан қайтқан соң, Абай атқа мініп ел аралаған жоқ*. Ал осы сөйлемнің тыныс белгісін: *Абай, Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ* деп қою дұрыс емес.

§ 110. Тұлғасы жағынан бағыныңқылы сөйлемнің баяндауышына ұқсас болып келетін сөздері бар сөйлемнің бәрі бірдей құрмалас бола бермейді. Сондықтан ондай сөйлемдердің тыныс белгісін құрмаласпен шатастыруға болмайды. Олар:

1. *Болса* деген сөзбен келетін күрделі бастауышты немесе күрделі анықтауышты сөйлемдер. Мұндайда *болса* деген сөз алдындағы сөздің мағынасын баса, айырып атау үшін қолданылады және оны алып тастағаннан сөйлем мағынасы ақсамайды. Демек, мұндай күрделі мүшелерден кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

Ал Әмір болса сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі боп келеді (М.Әуезов). Мұнда *Әмір болса* деген тіркес – күрделі бастауыш. Бұл сөйлемді: *Ал Әмір сол балалар ішіндегі әнші, өнерлісі боп келеді* деп, *болса* сөзін түсіріп айтқаннан сөйлем мазмұны өзгермейді. *Менің болса мұршам жоқ – Менің мұршам жоқ*. Бұл сөйлемде *менің болса* тіркесі – күрделі анықтауыш. *Жол болса жалғыз аяқ. – Жол жалғыз аяқ*. Мұнда *жол болса* сөздері – күрделі бастауыш. Осы мысалдарды бағыныңқысының баяндауышы *болса* деген сөзбен келген мына құрмаластармен салыстырыңыз:

Той болса, тон киелік, жұр, баралық (Абай). Мұнда *той болса* деген сөздер – өз алдына бағыныңқы сөйлем: *той* – бастауышы, *болса* – баяндауышы. Сондықтан бағыныңқы сөйлемнен сон үтір қойылады. *Ауру адамдар болса, дәрігер күн-түн демей емдеп, әбден жазылғанша дамыл көрмейтін*. Мұнда да бірінші сөйлем – бағыныңқы: *адамдар* – бастауышы, *болса* – баяндауышы. Демек, бұл жерде үтір керек.

2. *Болмаса* деген шылаумен келген сөйлемдер. Оларды да баяндауышы *болмаса* деген болымсыз етістіктен жасалған бағыныңқы сөйлемдермен шатастырмау керек. Екі бірыңғай мүшенің арасында келген *болмаса* шылауы (немесе дегеннің синонимі) үтірмен ажыратылмайды:

Сен кітап болмаса газет оқи тұр – Сен кітап немесе газет оқи тұр. Ол бүгін болмаса ертең келеді – Ол бүгін немесе ертең келеді.

Болмаса сөзі бағыныңқының баяндауышы болып келгенде, оның мағынасы “жоқ болса” дегенді білдіреді: Сен, кітап болмаса, газет оқи тұр. Сен, кітап жоқ болса, газет оқи тұр. Лиризм болмаса, эпопея мен драманың прозалығы күшті болар еді (В.Белинский) – *Лиризм жоқ болса, эпопея мен драманың прозалығы күшті болар еді*.

3. Себеп-салдар пысықтауыштар мен себеп-салдар бағыныңқыларды шатастырмау керек. Әр сөйлемнің өз алдына бастауыш, баяндауыштары

жоқ болса, пысықтауыш болады да, үтір қойылмайды. Өз алдына бастауыш, баяндауыштары бар болса, құрмалас сөйлем болады да, үтірмен ажыратылады. Мысалы:

Бәжей көп арбасқандықтан Құнанбай тәсілін түкпірлей танушы еді (М.Әуезов). Машина қатты жүргендіктен, біз жолдың жартысынан көбін алдық. Бұл екі сөйлемнің алдыңғысында *көп арбасқандықтан* деген сөздер – пысықтауыш, өйткені мұнда бір-ақ бастауыш бар (*Бәжей*), баяндауышы – *танушы еді*. Екінші мысалда *қатты жүргендіктен* – бағыныңқының баяндауышы, бастауышы – *машина*, басыңқының баяндауышы – *көбін алдық*, бастауышы – *біз*.

Мына сөйлемдерді салыстырыңыз:

Ол ұялғаннан қып-қызыл болып кетті. Ол ұялғандықтан, мен әрі қарай үндемедім. Сенің келгеніңе қуанып қалдым зой. Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға (Абай).

4. *Дегенде* деген сөзбен келген күрделі мүшені баяндауышы сол сөзден жасалатын басыңқымен шатастырмау керек. Күрделі мүше үтірмен бөлінбейді. Мысалы:

Сен дегенде ойым таза. Бүлдірген дегенде Абай да елең етіп сұрастыра бастап еді (М.Әуезов). Бұларды мына құрмалас сөйлеммен салыстырыңыз: *Командир: “Атыңдар!” – дегенде, біз де оқты жаудырдық.*

5. Тұлғасы жағынан құрмалас сөйлемнің бағыныңқысы сияқты мынадай тұрақты тіркестердің соңынан да, өз іштеріне де үтір қойылмайды: *не болса да, қалай болса солай, бірде болмаса бірде, бір күні болмаса бір күні.*

Мысалы: *Бірақ Дәркембайдың бұл үшін неге болса да іркілмей басатыны Абайдың өзіне мәлім (М.Әуезов). Мен қайда болса сонда әлі күнге дейін басқа біреудің құлшылығында жүрмін (“Аяз би” ертегісінен). Баласы мен Андрейді бір күні болмаса бір күні тұтқын қып әкетулері мүмкін екенін түсінген ана кейде осылай болса екен деп те тілейді (М.Горький).*

6. Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемге ұқсас *таң ата, таң сарғая, күн шыға, ымырт үйіріле, қас қарая* деген тіркестер сөйлем ішінде үтірмен бөлінбейді, өйткені бұларды өз алдына бағыныңқы сөйлем деп санауға болмайды; бұлар бастауыш, баяндауышқа бөлінбейді де (*не қарая?* немесе *қас қайтіп?* деп сұрақ қоюға болмайды), *тұтасымен қашан?* деген сұраққа жауап беретін күрделі мүше болады. Мысалы:

Таң сарғая қорғанның артына керуендер жиналды (Л.Толстой). Біз мұнда қас қарая келдік. Жастар ымырт үйіріле клубқа жинала бастады.

Бұларды мына құрмаластармен салыстырыңыз: *Март туа, біздің елдің қысында шуақты күн басталады (С.Мұқанов). Үлкендер үйден шыға, жастар да жиналып қалды.*

§ 111. Дауыс кідірісі бар жердің бәрі құрмалас сөйлем бола бермейді. Мысалы, алдында күрделі әрі жайылма және көбінесе есімшемен бітетін анықтауышы бар сөздерді айтқанда, дауыс кідіреді, бірақ үтір қойылмайды. Мысалы:

Осындай орасан сұлу табиғаттың құшағында туып, балалығын

Шортандының түпсіз терең көліне сүнгүмен, меруерттей құмына аунаумен, текшелі тастарына өрмелеумен өткізген Асқар ер жеткен соң туған тауының сұлулығымен қанағаттанбайды (С.Мұқанов). **Бұл шақтарда недәуір қартайып қалған Ұлжан баласының жүзінен көзін алмай, көп карады** (М.Әуезов). **Кенжетай келді деп ойлаған Ботагөз оны қарсы алмақ боп үйден шықса, есік алдында Айбала жүр екен** (С.Мұқанов).

Өлеңдерде, көбінесе, тармақтың соңы паузамен айтылады, бірақ тиісті жерінде болмаса, тармақ (жол) сайын үтір қойыла бермейді.

Мысалы:

Әп-сәтте оған әсем аққу

Тағы шашып бүрікті су (А.С.Пушкин).

Бар тәнін жұлдыз жапқан барқыт түнде

Комбайнга күзетші шалмен бірге

Далада отырдым мен. Құлағымды

Бірдей сап шал сөзіне, басқа үнге (С.Мұқанов)

§ 112. Тізбек сонда, соншалық, сонша, сондай, сол, мынау, мынадай, себебі деген сөздермен аяқталып, әрі қарай өз алдына сөйлем болып кетсе, бұл сөздерден кейін қос нүкте қойылмай, сызықша қойылады.

Мысалы: Горькийдің данышпандығы сонда – *ол өз заманының негізгі мақсатын, міндетін терең және толық түсіне білді*. Мақал-мәтелдердің ықшам болатын себебі – *олар келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, “тоқсан ауыз сөзді тобықтай түюі” керек*. Қойнына салған хаттың оған ыстықтығы сонша – *төс қалтасында қағаз емес, тірі Дәулеттің соғып тұрған жүрегі сияқты* (С.Мұқанов).

9. ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

§ 113. Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану, екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау.

Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады:

Әкей оқта-текте ығын қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды: “Генерал-поручик!.. Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көп-ақ өткені ме?..” (А.С.Пушкин).

– Асан үйінде екен, – *деді біреу жүгіріп кеп.*

– **Қалима ше?**

– О да үйінде (С.Мұқанов).

§ 114. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

1. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем

хабарлы болса, үтір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша қойылады. Сондай-ақ көп нүкте мен сызықшада қойылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады:

“Мұны мен бұрын бір жерден көрдім”, – деп ойлады ұста.

“Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!” – деп өзіне серт берді ұста.

“Бұл кім болды екен, әлде...” – деп ойлай бастады ұста.

Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына сызықша қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады:

Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелға қарап:

– Павлуша, сен социалистің? – деп сұрады (М.Горький).

2. Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның ішінен қойылады:

Ұстаның ойлағаны: “Мен мұны бір жерде көрдім”.

Ұстаның ойлағаны: “Мен мұны қайдан көрдім?”.

3. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады:

а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

– Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым. (С.Мұқанов). “Я, – деп ойлады, шелегін босазаға қойып ...далаға шыққан Айбала, – қуанатын жөні бар”.

ә) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы:

– Трест жанып жатыр, – деді Валя келтесінен, даусын көтере сөйлеп. – Мама, мен барып ұйықтаймын (А.Фадеев).

– Жоғары шық, – деді үйге кірген Асқарға Балтабек. – Ағанның қолына су құй, қалқам Ботагөз.

– Амантай да бірге келді, – деді Асқар қалтасынан сәби Амантайдың суретін Ботагөзге ұсынып. – Жолда көрдім, аман! (С.Мұқанов),

б) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы лепті не сұраулы сөйлем болса, немесе леп белгісі қойылуға тиісті қаратпа, одағай сөздер болса, автор сөзінің алдынан тиісті леп белгісі не сұрау белгісімен сызықша қойылады да, соңынан нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады, ал автордың сөзі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

– Бұл не жұмбақ? – десті екеуі қосынан. – Көл ортасында бұл жалау

қайдан пайда болды? (С.Мұқанов).

– Жолдастар! – *деді Павел.* – **Өмір бойы алға ұмтылайық!** (М.Горький).

в) Төл сөздің бірінші жартысынан кейін көп нүкте қойылуға тиісті болса, автор сөзінің алдынан көп нүкте мен сызықша, автор сөзінен кейін алдыңғы бөлікке қарай не үтір мен сызықша (егер төл сөздің бірінші жартысы өз алдына сөйлем болмаса), не нүкте мен сызықша (егер төл сөздің бірінші жартысы өз алдына сөйлем болса) қойылады. Мысалы:

– **Жаңа...** – *деді шал сасқалақтап,* – **Итбайдың төре баласы Сарыбас... солдатпен кеп шешенді атып өлтіріп кетті... Саған кетті... Жасырын!** (С.Мұқанов).

– **Енді айналмай-ақ қоярмыз...** – *деп сыбырлады.* – **Былайырақ шығайық та, ауладан аттап түсейік...** (А.Фадеев).

4. Кейде автор сөзі төл сөздің ортасында бір, соңында бір келеді. Ондайда автор сөзінің алдыңғысына тыныс белгілері төл сөздің екіге бөлініп қолданылғанындай қойылады. Соңғысының алдынан әдеттегідей тыныс белгілері қойылады. Мысалы:

Алдыңғы күні барлаудан қайтып келіп, Семён маған:

– **Санитар машинасымен бара жатқан бір қазақ қызын көрдім. Құдай біледі, сол сенің Ақботаң,** – *деді.* – **Мұндай ұқсамас,** – *деп бастады да, артығырақ кетіп бара жатқанын өзі де аңдап, тоқтай қалды* (Ғ.Мүсірепов).

– **Әрине, түсінем ғой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрібір ғой. Тек танк болсын. Бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді,** – *деп жымыды да,* – **туысқаным келердей күтемін,** – *деп аяқтады* (Ғ.Мүсірепов).

§ 115. Төл сөзді екіге бөліп тұрған автор сөзінің алғашқы жартысы мағына жағынан төл сөздің алдыңғы бөлігіне, соңғы жартысы төл сөздің екінші бөлігіне қатысты болса, автор сөзінің соңына қос нүкте мен сызықша қойылады:

Жұмыскерлер мал ұстаймын дей ме, құс асырағылары келе ме, сондайларын да сұрап жүру күнә емес шығар? – *деп, Сикорскийге қыжырта қарады да, Ушаков бұйрығын бітірді:* – Дұрыстап көшіріп жаз да, мына жерге іліп қой (Ғ.Мүсірепов).

§ 116. Кейде төл сөз бен автор сөзінің арасы *де* етістігінің көмегінсіз, тек іргелесіп тұру арқылы байланысады. Ондайда тыныс белгісі *де* дәнекері тұрғандағыдай қойылады:

– Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін, – *Кулаков қамшысын көрсетті,* – одан да айт шыныңды (С.Мұқанов). (*Мен енді сенімен тілмен емес, мынаумен сөйлесемін,* – *деп,* *Кулаков қамшысын көрсетті,* – одан да айт шыныңды).

– **Мен барақ жайын айтам,** – *деді Ушаков.*

– *Үш күнде даяр етем.*

– *Үш күнде?* – Ушаков жақтырмаған қабақ көрсетті (Ғ.Мүсірепов).

– **Жо... Өлеңді ақындар жазады ғой. Ал мен...** – Өзі балуан денесін

жеңіл серпіп түрегелді (С.Шаймерденов).

§ 117. Тырнақшаға алынатын төл сөздер:

1. “Айтылмаған” сөздер, яғни біреудің ойлағаны, айтуға оқталып, бірақ әлі айтпағаны:

“Еркем, неғып тұрсың?” – деп қала жаздаған Айбала... аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды. **“Ә, – деп ойлады Асқар, – жас қызды бұл еркем дейді екен ғой. Аты сол ма екен, әлде еркелетіп қойған аты ма екен?”** (С.Мұқанов). **“Осы өнерді қайтсем де менгерермін!”** – деп, ішімнен өзіме-өзім ант еттім.

2. Көркем шығармада жалпы әңгіме желісінен ауытқып келтірілген диалог (яғни әңгіме түсінікті болу үшін, бұрын болып өткен уақиғаны суреттеу ішінде келтірілген диалог) тырнақшаға алынады. Мысалы:

“Сандықтың аузын аша бер, әке!” – деген еді *Итбай Байсақалға, Қотыркөлге аттанарда.*

“Неге, шырағым?”

“Ақша түседі...”

“Неден, шырағым?”

“Жұрттан” (С.Мұқанов).

3. Сызықшамен жазылған төл сөздің ішінде келген төл сөз тырнақшаға алынады. Мысалы:

– Қорықтың ба, шырағым ? – деді шал. – Қорықсаң да, айтайын, жаңа Итбайдың Сарыбасы кеп: “Шахтаға жан жолатпа, ешкімді шығарма да, кіргізбе де!” – деп кетті (С.Мұқанов).

4. Өлең ішіндегі төл сөздер көбінесе тырнақшаға алынады:

Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,

Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай.

Жорытады желмаядай шал кеңеске:

“Осылай болған екен, шырағым-ай” (С.Мұқанов).

Өлең ішіндегі төл сөз сызықшаға алынуы да мүмкін:

Қоя бердім өлеңімді

Жыршыларға қаратып:

– Ей, жыршылар, жыршылар!

Жыр айта ма осылай?! (Жамбыл).

5 Көркем шығармалардың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады:

Екі қыз бұл хабарға өте қуанышты жүргенде, қысқаша жазылған хат та келіп қалды: “Бұл хатты партиялық билетімді қалтама салып алып жазып отырмын, – деп жазыпты ол, – Жеке ісіме жазылатын қатты сөгісім бар, оны ісіммен алдыруға сенем...” (С.Мұқанов).

6. Дәйексөз (цитат) тырнақшаға алынады.

Мысалы: *Бұл жөнінде М.Горькийдің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп, өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: “Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне*

ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп, қосымша жасап қолдануының рөлі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен” (М.Әуезов).

§ 118. Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: “Салыстырудың қай-қайсысы да кемшіліксіз болмайды” дейді неміс мақалы. “Қалауын тапса, қар жанады” деген мақал – үлкен философия (Ғ.Мұстафин). “Ит маржанды неғылсын” деген сөз бар, Сәулесі бар жігіттер бір ойланар (Абай). “Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан” деп еді, бұл ырыс әкелген күйеу болды зой! – деп қуанысты жұрт (С.Мұқанов).

§ 119. Біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақша арқылы жазылады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгілері қойылмайды және кіші әріптен басталып жазылады:

Қазірде де кейбір талантты жазушылар қаламынан шыққан, мақал-мәтелдерге ұқсас, әрі нәрлі, әрі көркем, “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей” сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов). Бұл сөйлемдегі тырнақшаға алынған сөздер Абайдікі.

Шілденің жиырма бірі күні Балтық

Лепірді әлденеге тасып, шалқып.

“Арыстанның жалындай бұйра толқын

Айдаһардай толғанды” сүңгіп, қалқып (С.Мұқанов).

Мұнда да тырнақшаға алынған сөздер Абай өлеңінен алынған.

§ 120. *Де* (деп, деген, деді, дейтін, дейді т.б.) етістігі келген сөйлемдердің бәрінде де төл сөз бола бермейді; олар мыналар:

а) *Деп, дегеніміз* деген сөздер бастауыш пен баяндауыштың арасында дәнекер болып келеді.

Мысалы: *Сауатты болу* дегеніміз – *дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу. Синекдоха* деп газ мағынасының бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың және керісінше қолданудың негізінде ауысуын айтамыз.

ә) *Дейміз, деп аталады, деп атаймыз* деген сөздер күрделі баяндауыштың құрамында келеді. Мысалы:

Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз (“Қазақ тілі” оқулығынан) *Ғылыми жорамалдар гипотеза деп аталады. Қышқылдардың және сілтілердің әрекетінен түсі өзгертін заттарды индикаторлар деп атайды* (“Химия” оқулығынан).

б) *Деген* деген сөз өзінің аддындағы сөзбен қосақталып, күрделі мүшенің құрамында тұрады, ондайда *деген* тұлғасы “*деп аталатын, (біреуге не бірдемеге) арналған*” деген сөздердің мағынасын береді. Мысалы:

Сен дегенде ойым таза (саған арналған ойым таза). Оспан деген – әдепті бала (Оспан атты бала – әдепті бала).

в) Кейбір сұрау және белгісіздік есімдіктері *де* сөзінің тұлғаларымен

тіркескенде, сұрау интонациясымен ерекше бөлінбесе, төл сөз болмайды.

Мысалы: *Сен не дедің? Ол ештеңе деді ме? Мен оған былай дедім.*

Де етістігі бірқатар есімдіктермен тіркескенде, оны *айтты* деген етістікпен алмастыруға болатын болса, төл сөзді сөйлем болмайды:

Сен не дедің? – Сен не айттың? Ол ештеңе демеді – ол ештеңе айтпады.

г) *Де етістігінің тұлғалары тұрақты сөз тіркесінің құрамында келгенде, төл сөз белгісі болмайды: күн демей, түн демей, ай десе аузы, күн десе көзі; ә дегенде; әудем жер; әй дер ажа, қой дер қожса жоқ; әрең дегенде; керек десең т.б.*

ғ) Баяндауышы *де* етістігінің қатысуы арқылы жасалған бағыныңқы сөйлемдер төл сөз болмайды:

Сен келе ме деп, мен күн ұзын үйде отырдым, Айбала сүйікті көретін қайың сіңлісінің қуанышты сезімін бұзбайын дегендей, аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды. Сабақ қыркүйектің басында басталады дегенге, ауылдан Ботагөз ерте шығып, қалаға келгеніне айға жақындап қалған (С.Мұқанов). Бүгін тіпті Байжан келмей қалмайды деп, үй ішін де жинастырып, күтініп отыр еді (Ғ.Мүсірепов).

д) Сөйлем ішінде белгілі бір сөзге (әсіресе қаратпа сөздерге) баса көңіл аудару үшін *деймін* деген сөз тіркесе айтылғанда, ол төл сөзді құрылым болмайды:

Әй, Баянды деймін, осы дүниені Қызылжарға апаратын менмін ғой (Ғ.Мүсірепов). Түсімде деймін үлкен дарияның жағасында тұрмын. Тоқта деймін, тоқташы.

§ 121. Төл сөз *де* етістігінсіз айтылып, заттық мәнге ие болады да, сөйлем мүшесі болып тұрады. Мұндай төл сөзге зат есімге тән септік, тәуелдік т.б. жалғаулар жалғана береді. Бұлар тырнақшаға алынып, бас әріптен басталып жазылады, оның өзі сұраулы сөйлем болса, тырнақшаның ішіне сұрау белгісі, лепті сөйлем не лепті сөз болса, леп белгісі қойылады; ал хабарлы сөйлем не жеке сөздер болса, ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мұндай құрылымдардың алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері де (қос нүкте, сызықша) қойылмайды. Жалғанған қосымшалар тырнақшаның сыртына дефис арқылы жазылады. Мысалы:

Жабайы кісі болса, “Молчать!” – дер еді пристав, Итбайдың Кривоноспен жақындығы барын білетін ол олай жекіре алмады. Бірақ Молчать”-ты көз қарасымен ұқтырамы дегендей, адырая қарады.

Мен оңай таптым, – деді Ботагөз. – Қала гұрпында сүйгенін айтқызады, сүйгеніңіз кім? (Асқар) жан-жағынан қуғын қамап, қайда барарын білмей жалпақтап қаиқан қояндай, “Сүйгенім сен”-ді айтып қала жаздады (С.Мұқанов).

Есжан алғашқыдай емес, қыры сынып қалыпты. Жомарт есептеріне жақсы түсінбесе де, Жомарт сөзі бұлтартпады. Бірақ күп деуге батылы бармай отыр. “Болса жақсы, болмаса”-ға тіреле береді.

– Қанша берер екен ?

– Берсе, бір бестен кем бермес.

– “Берсе”-ңіз не?! “Бес”-іңіз бір айдың ғана жалақысы (Ғ.Мұстафин).

“Боламын”-мен жүргенде, болат қайтып, Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім (Абай).

“Ел жатса да, енекем жатпайды” біз ғой (М.Әуезов).

– Сонымен бізбен бірге елге жүресің ғой, Ботагөз?

– Қайдан білейін.

– “Қайдан білейін”-ді қой (С.Мұқанов).

§ 122. *Де* етістігінің қатысуы арқылы жасалған нақты бастауышы жоқ жақсыз сөйлемдер де төл сөз болмайды (олар орыс тіліндегі “говорят, что...” деген құрылымда жасалатын сөйлемдерге ұқсас келеді).

Мысалы: *Қытайғы қардың көптігіне қарағанда, биыл егін бітік болар дейді.*

Осы күні сол ара

Жайнаған қызыл гүл дейді.

Дейді түні жап-жарық,

Қыста да гүлі гүлдейді (Н. Байғанин).

§ 123. **-айын, -ейін** жұрнақты етістік пен *де* етістігі тіркесіп келіп, қалау, тілек мәнді сөйлемдер жасалады, олар да төл сөзді құрылым болып саналмайды:

Киноға барайын деп едім. Бөлтірік қашайын деп еді, күзен ытқып келіп, желкесін қырқып алды.

§ 124. Төл сөз бен автор сөзін байланыстырып тұрған *деп* етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (*деп сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады* т.б.), *деп*-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

Абай Асылбайдан:

– *Қалада не хабар бар? – деп сұрады (М.Әуезов).*

“*Егер Амантай аман болса, кескіні маған ұқсайды, мен інісі едім дейін*”, – деп ойлады ол (С.Мұқанов).

Егер *деп*-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, *деп*-тен кейін үтір қойылады:

– *Тұр! – деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты (С.Мұқанов).*

– *...Бірақ ондай-ондай сән табылар, ән табылмайды ғой! – деп, шімірікпей күлді де, жастарға қарай бұрылды (М.Әуезов).*

– *Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсың, Сикорскийдің конторына кел, – деп, кейін қарай бет алды (Ғ.Мүсірепов).*

§ 125. Төл сөзден кейін *де* етістігінің *десе, дегенмен, дегенде, деген соң, дегенше, дегеннен кейін, деді де* тұлғалары тұрса, бұлардан соң үтір қойылады. Бұлардан кейінгі сөздер автор сөзі болмай, төл сөз болса, қос нүкте қойылады.

Мысалы: *Бозторғайды аяған жұрт: “Бұ бишара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?” – десе, біреу: “Төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады”, – дейді.*

Балалар:

– Айдағанға көне ме ол, ата? – десе: – Неге көнбейді? – дейді Ораз (С.Мұқанов).

Әшірбек сонда да азсынып:

– Неге ақырын? – дегенде:

– Қатты көмір, – деді Әкім (Ғ.Мұстафин).

§ 126. Төл сөзден кейінгі *де* етістігі *деді, деп еді, дейді, деген еді* сияқты тиянақты тұлғаларда тұрса, одан кейінгі автор сөзі өз алдына тиянақты не бағыныңқы сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады:

Менің есебімді бер! – деді ол, Кенжетай ұсталып кеткесін (С.Мұқанов).

- А... Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем... – деді де, Быков өз жөніне кетті (Т.Мүсірепов).

– Алма, сен жақсы салдың еске! – деді Жанат, есіне жаңа түскендей (Ғ.Мұстафин).

III тарау

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

1. НҮКТЕ

§ 1. Нүкте хабарлы сөйлемдерден және екпінсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады (§1, 3, 7, 10, 13-тарды қараңыз,

мұндағы жақша ішінде көрсетілген цифрлар II тараудағы “Пунктуация ережелерінің” параграфтарына сілтейді¹).

§ 2. Нүкте әрі қарай кең түрде баяндау болатынын ескертетін сөйлемнен кейін қойылады (II тараудағы §2-ты қараңыз).

§ 3. Қыстырма сөйлемді алу үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиісті тыныс белгілерінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады.

Мысалы: *Ендеше, егер рұқсат етсе, сонда түсейік. Бүгін ас ішетін жеріміз де жоқ. Жататын қуысы болса болады. (Итбайдың бұлай деуіне себеп – қызын көрейін дегендік еді.)* (С.Мұқанов).

§ 4. Драмалық шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылады. Мысалы:

Петр. Бұл немене?

Амангелді. Біле алмадым... Сақал мен мұртқа бір кезек келген сияқты (Ғ.Мүсірепов).

Кейіпкердің атынан кейін ремарка (автордың түсіндірме сөздері) келсе, ол кіші әріппен жақша ішіне алынады да, нүкте жабылған жақшадан кейін қойылады:

Амангелді (атып тұрып). Кешігіп қалыпсыз, мырза! (Ғ.Мүсірепов).

С ә у л е (аз уақыт үнсіз). *Перизат, сен байқайсың ба?* (Ә.Әбішев).

Пьесадағы кейіпкердің сөзінің ішінде келген ремаркаға байланысты тыныс белгісі былайша қойылады:

а) Ремарка екі сөйлемнің арасында тұрып, өзінен кейін айтылған сөйлемге (не сөйлемдерге) байланысты болса, кейіпкер сөзінің ремаркаға дейінгі сөйлемінен кейін (яғни ашылатын жақшаның алдынан) сол сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады. Ремарка жақшаға алынады да, бас әріптен басталып жазылады, жабылған жақшаның ішінен нүкте қойылады, жақшаның сыртынан ешқандай тыныс белгісі қойылмайды, кейіпкер сөзінің екінші бөлігі бас әріптен басталып жазылады.

Петр. Ендеше, жөніңді біл, шығарма үніңді. (Амангелдіге.) Сен бара тұр, мерген, бір айналып соғарсың. (Ғ.Мүсірепов).

Темір. Еһ, тентек қарындасым! (Қол алысып.) Ризамын, жаным, бәрін

1 “Анықтағыштағы” пунктуация ережелері синтаксистік құрылысқа қарай (мысалы, сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілері, оңашаланған айқындауыштың тыныс белгілері т.б.) баяндалды. Мына “Қосымшада” әрбір тыныс белгісінің жалпы қай орындарда қолданылатындығы туралы ережелер жинақтап берілді. Жазып отырған адам белгілі бір тыныс белгісінің өзі күдіктенген жеріне қойылатын-қойылмайтындығын осы “Қосымшаға” қарап тауып ала алады. Ал оны дәлірек білгісі келсе, “Пунктуация ережелері” деген тараудан қай бапты (параграфты) қарау керек екендігі көрсетілді. Сонымен қатар “Қосымшада” пунктуация тарауында айтылмаған кейбір ережелер берілді. Мысалы, драмалық шығармалардағы тыныс белгілері, тырнақшаның қолданылуы т.б.

де естідім. (Ә.Әбішев).

ә) Ремарка кейіпкер сөзінің ішіндегі бір сөйлемнің арасында болса және мағына жағынан соған тікелей қатысты болса, жақшаға алынып, кіші әріптен басталып жазылады, жақшаның алды-артына және ішіне ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Кейіпкер сөзінің ремаркадан кейінгі жалғасы кіші әріптен басталып жазылады:

А м а н г е л д і . Жоқ, қарағым, ескі еншіден құтылғалы келдік де. Бірақ (әйелге жақындан) жаңа еншіні тізе бүгіп, жалынып сұрап аламыз ба? (Ғ.Мүсірепов).

§ 5. Кейіпкердің айтқан сөзіне тікелей қатысы жоқ, автордың түсінігі ретінде айтылған ремаркадан кейін, көбінесе, жақша ішіне нүкте қойылады:

М ы р қ а л . Інісі бар болсын! Менде Абзалдан басқа іні бар ма? (Телефон шырылдайды.) (Ә.Әбішев).

Қ о з ы . Кіре бер шатырға. Күткенін естіртуім керек. (Баян шатырға кіреді. Қозы Қодарға келеді.) Амандық ағадан емес пе еді, Қодар мырза! (Ғ.Мүсірепов).

Е с к е р т у . Мұндайда нүкте жақшаның сыртына қойылуы да мүмкін.

§ 6. Дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін, иесін көрсететін сөздер жақшаға алынады. Егер ашылған жақшаның алдында ешқандай тыныс белгісі болмаса, жақша жабылған жерге нүкте қойылады:

Қансонарда бүркітші шығады аңға (Абай).

Егер ашылған жақшаның алдында нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі не көп нүкте тұрса, нүкте жақшаның ішіне қойылуы мүмкін:

Егер жау берілмесе, оны құртар болар! (М.Горький.) Бұлақты таудан арна ақса, Теңіз болар аяғы. (Жамбыл).

§ 7. Бас әріптерінен немесе басқы буынынан шартты түрде қысқартылып алынған адам, кітап, газет, журнал, шығарма т.б. аттарының сол қысқартылған әрпінен не буынынан соң нүкте қойылады: **Н.В.Гоголь, Конс.Симонов, С.Мұқанов, А.Құнанбаев, Шығ.,** I том.

§ 8. *Тағысын тағы, тағы сондайлар, тағы басқа* деген сөздер қысқартылып қолданылғанда, олардан кейін нүкте қойылады: **т.б., т.с., т.т.**

Бұлардан басқа қысқартылып нүкте қойылатын сөздер: **ж.** – жыл; **ғ.** – ғасыр; **сек.** – секунд; **мин.** – минут; **сағ.** – сағат.

§ 9. Мынадай қысқартуларға нүкте қойылмайды:

а) Бас әріптерден және буындардан қысқарған сөздердің әріптерінің немесе буындарының арасына нүкте қойылмайды: *КазМУ, ауатком.*

ә) Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін нүкте қойылмайды: *км, м, см, га, л, V (вольт), А (ампер), С (Цельсий).*

§ 10. Санамалы нөмірді (ол нөмірдің алдынан кей жағдайларда § белгісі тұруы да мүмкін) белгілейтін айшықсыз (жарты жақшасыз) қолданылған цифр не әріптен кейін нүкте қойылады.

Ш.Уәлиханов өзінің “Қарқаралы округы болысының қыстаулары” атты мақаласында кісі аттарынан қойылған микротопонимдерінің әрбір руга тәндігін айтқан.

1. Надан Тобықтының қыстаулары: Қошқар, Қазанқап сайы, Көрпетай т.б.

2. Төлеңгіттер қыстауы: Төлебике сайы...

3. Тарақты руының қыстаулары: Матайадыр, Жотан, Текебай... (Т.Жанұзақов).

Цифрдан немесе оның орнына алынған әріптен кейін жарты жақша (айшық) қойылса, одан кейін нүкте қойылмайды:

Теңеу сөзге белгілі бір жұрнақтар қосылу немесе кейбір сөздердің тіркесуі арқылы жасалынады.

а) сөзге -дай, -дей... жұрнақтары жалғануы арқылы...

ә) сөзге -ша, -ше жұрнағы жалғануы арқылы...

б) секілді, сықылды, тәрізді... сөздерінің тіркесуі арқылы... (Қазақ тілі оқулығы.)

§ 11. Кітаптағы тақырыптардың атынан кейін нүкте қойылуы да мүмкін.

2. СҰРАУ БЕЛГІСІ

§ 12. Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады (II тараудағы §5, 6-тарды қараңыз).

§ 13. Сұраулық мәнін ерекше көтеру үшін кейде бірыңғай мүшенің әрқайсысынан кейін сұрау белгісі қойылуы мүмкін (II тараудағы §8-ты қараңыз).

§ 14. Автор мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аударғысы келгенде, немесе бір пікірге келісе алмайтындығын білдіргенде, дәйексөздің ішінде белгілі бір сөзден не сөйлемнен кейін жақша ішіне алып не сұрау белгісін, не леп белгісін, не екеуін қатар қояды, кейде бір белгінің өзін екі-үш қайталап қояды. бұл, көбінесе, сын-библиографиялық шығармаларда кездеседі:

Осы сөйлемді аудармашы былай аударарды: “Гүлді орамал жауып, төрт таған столға қойылған суретке (?) телмеңдей қараған бадана көзінде еміне тіленген жалыныш, үміт болғандықтан, Левин соған қарауға да шошыын деді”. Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?), салфетка – орамал, образ – сурет (?), выражение – болғандықтан, устремленных – телмеңдей, в больших – бадана, страстная – еміне. (Ә.Нұрпейісов “Анна Каренинаның” аудармасы).

Поэмадағы кейбір олақ құрылған сөз тізбектері мен әсерсіз шумақтарды да айтпай кетуге болмайды:

Еңбек – кеме, матрос – мен кемеде,

Оны сүймек сыбаға пешенеме (!) (Қ.Шаңғытбаев, “Ақын және өмір

шындығы”)

3. ЛЕП БЕЛГІСІ

§ 15. Леп белгісі көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң қойылады (II тараудағы § 10-14-тарды қараңыз).

§ 16. Ерекше бір көңіл күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен бұйыру, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдерге леп белгісі қойылады (II тараудағы § 13-ты қараңыз).

§ 17. Ұранды сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады (II тараудағы § 15-ты қараңыз).

§ 18. Ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа, одағай сөздер мен *жоқ, иә* деген сөздерден кейін леп белгісі қойылады (II тараудағы § 48, 65-тарды қараңыз).

§ 19. Ерекше мән бере көтеріңкі айтылған атаулы сөйлем сияқты сөздерден кейін де леп белгісі қойылуы мүмкін:

“Иегі ителгінің тамағындай” деп қызықтырған, асықтырған қалыңдық! Ділда! Мұның жары! (М.Әуезов.)

§ 20. Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін леп белгісі қойылады (II тараудағы § 9-ты қараңыз).

4. КӨП НҮКТЕ

§ 21. Сөйлеуші белгілі бір себептермен (қатты асып-сасу, енгігу, тұтығу, әлсіреу т.б.) сөздерін, ойын бөліп-бөліп айтқанда, бір сөздің ішіндегі әріптердің арасына немесе сөйлем ішіндегі сөздердің арасына, ал ойы бітпей қалғанда, сөйлемнің соңына көп нүкте қойылады:

Құдайберді есікке көзімен нұсқап:

– Адам бола ма?! Болар ма!.. Інілерің міне... Кім боларын... Не көрерін қайдан... білейін, – деді. (М.Әуезов.) Ж-ж-жоқ... мен... өзім барам... – А... с...с...қар, – деді Ботакөз талықсыған дауыспен (С.Мұқанов).

§ 22. Көп нүкте алынған цитаттың бас жағынан, ара-арасынан және соңынан сөйлем не сөздер қалдырылған жерге қойылады (II тараудағы § 17-ты қараңыз).

§ 23. Жазушы айтып келе жатқан оқиғаның жалғасын созбай, әрі қарай тоқтатады да, көп нүкте қояды.

Абайдың ілгері созып келе жатқан оң қолы жібек шымылдыққа тиген кезде, алдынан қарсы қозғалып келе жатқан Тоғжанның ыстық саусақтары мұның бетіне тиіп еді. Дірілдеген демдері қосылып, ыстық еріндері енді айырылмастай табысқанды... (М.Әуезов).

§ 24. Айтылып келе жатқан ойға кенет, тосын, күтпеген немесе өте алшақ жатқан нәрсе (оқиға, зат, қимыл т. т.) қосылып кетсе, оның алдынан көп нүкте қойылады:

XIX ғасырда қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен үлгілерге Абай, Ыбырайдан бастап, қазақ әдебиеті уәкілдерінің мұралары, ауыз

әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз, оқулықтар, сөздіктер, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілік кітапшалар және... христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады (Р.Сыздықова).

Мұнда және сөзінен кейін тұрған *христиан дінін уағыздайтын әдебиет* алдыңғы санамаланып айтылып келе жатқан әдебиеттерден мүлде алшақ әрі күтпеген әдебиет түрі, өйткені дінді уағыздайтын тіл (мысалы, ислам дінін) қазақтың жалпы халықтық тілін негіз етпейді, сондықтан христиан дінін уағыздайтын әдебиет те тілдік өзге бір нормаларға сүйенген болу керек деп отырғанда, бұл әдебиеттің де жоғарыда аталып келе жатқан топқа қосылғаны тосын, кенет нәрсе болып табылады.

5. ҮТІР

§ 25. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қаратпа сөз тізбектері бөлінеді (II тараудағы § 43-48-тарды қараңыз).

Нақтылы біреуге арналмаған, жалпылық-белгісіздік мағынасы бар сөздер мен сөз тізбектері де үтірмен бөлінеді (II тарау, § 49-ты қараңыз).

§ 26. Сөйлемдегі қыстырма сөздер, сөз тізбектері және сөйлемдер үтірмен бөлінеді (II тарау, § 50-60-тарды қараңыз).

§ 27. Үтірмен сөйлемдегі одағайлар бөлінеді (II тарау, § 61-67-тарды қараңыз).

§ 28. *Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс* сияқты сөздер үтірмен бөлінеді (II тараудағы § 64-ты қараңыз).

§ 29. Сөйлемдегі *иә, жоқ, мә, мәңіз* деген сөздер үтірмен бөлінеді (II тарау, § 65-ты қараңыз).

§ 30. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады (II тараудағы § 75, 76, 77, 78, 83, 85, 86, 88, 89, 90, 91-тарды қараңыз).

§ 31. Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді (II тарау, § 69, 70, 73, 74-тарды қараңыз).

§ 32. *Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл* деген сөздермен келген және *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары қосылған тізбектер де үтірге алынады (II тарау, § 71-ты қараңыз).

§ 33. *Қарамастан, қоспағанда, есептегенде* деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады (II тарау, § 72-ты қараңыз).

§ 34. Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады (II тараудағы § 97, 103, 105, 106, 107, 108-тарды қараңыз).

§ 35. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады (II тарау, § 114-ты қараңыз).

Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына сөйлем болмай, оған үтір қойылған болса, екінші бөлігінің алдынан да үтір қойылады (II тарау § 114-ты қараңыз).

§ 36. Бірнеше сөзден құралған күрделі қос сөздердің арасына үтір қойылады (II тарау, § 91-ты қараңыз).

§ 37. Бірдей немесе әр келкі тұлғада қайталап келетін жеке сөздер мен тіркестердің араларына үтір қойылады (II тарау, § 88-ты қараңыз).

§ 38. *Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын* деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді (II тарау, § 58-ты қараңыз).

6. НҮКТЕЛІ ҮТІР

§ 39. Нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады (II тарау, § 3-ты қараңыз).

§ 40. Мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылуы мүмкін (II тарау, § 4-ты қараңыз).

§ 41. Жайылмалы, әрі өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелердің арасына нүктелі үтір қойылады (II тарау, § 77-ты қараңыз).

7. СЫЗЫҚША

§ 42. Сызықша бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады (II тараудағы § 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 29, 30, 31, 32, 33, 36, 38, 42-тарды қараңыз).

§ 43. Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады (II тарау, § 93-94-тарды қараңыз).

§ 44. Алдында жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, ең соңғы бірыңғай мүшеден соң сызықша қойылады (II тарау, § 92-ты қараңыз).

§ 45. Диалог төл сөздің алды-артынан (егер төл сөзден кейін автор сөзі тұрса), тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша қойылады (II тараудағы § 114, 115-тарды қараңыз).

§ 46. Сызықша жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылады (II тарау, § 100, 102, 170-ты қараңыз).

§ 47. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады (§ 69-ты қараңыз).

§ 48. Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жинақтап тұратын *әйтеуір* деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады:

Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе – денесі зілдей ауыр екен. (С.Мұқанов).

§ 49. Оңашаланған айқындауыштың алдынан сызықша қойылады (II тарау, § 74-ты қараңыз).

§ 50. *Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай* деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұрса, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады (II тарау, § 112-ты қараңыз).

§ 51. *Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (ол -дан жалғауы мен шейін шылауының мағынасын білдіреді): Мойынты – Шу темір жолы. Институтта күніне 6-8 сағат лекция болады. Машина сағатына 30-45 километрден жүріп отырып,*

жолдың жартысына келіп қалды.

Бұларды белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынасындағы қос сөз сан есімдермен шатастырмау керек. Олар дефис арқылы жазылады: *Кермеге төрт-бес ат қатар байланыпты* (мұндағы *төрт-бес* болжалды сан есім). *Екі-үш күннен бері жаңбыр жауып тұр* (мұнда да *екі-үш* – болжалды сан есім).

8. ТЫРНАҚША

§ 52. Дәйексөз тырнақшаға алынады (II тарау, § 117-ты қараңыз).

Алынған дәйексөз бірнеше азатжолдан құралған болса, әр азат жол бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен бір-ақ жабылады.

§ 53. Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады (II тарау, § 117-ты қараңыз).

Кейде тырнақша хаттың әрбір азатжол сайын ашылып отырады да, ең соңынан барып бір-ақ жабылады. Бұл – өте сирек қолданылатын ереже. Мысалы, С.Мұқановтың “Ботагөз” романындағы Асқардың, Кенжетайдың хаттары:

«Ботагөз!..

Амантай!..

Екеуіңнің аттарыңды қағазға түсіргеннен кейін, аяғына не сөз қосарымды білмей, бірнеше минут дағдарып отырмын»...

“Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды... (осылай кете береді де, тырнақша ең соңғы Омбы 1919 жыл 6 қаңтар дегеннен кейін жабылады.)

§ 54. Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады (II тарау, § 117-ты қараңыз).

§ 55. Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақшаға алынады:

Енді “шұбар” деген сөзге “жаман” қосылып, “Жаман шұбар” аталу тарихынан (С.Мұқанов) “Жаз шықты” деген сөйлемнің бастауышы – “жаз”. Дауысты “а” дыбысы – жуан дыбыс. “Ат” – көп мағыналы сөз.

“Тарақ” деген сөздегі “та” буыны – ашық буын.

Е с к е р т у. Арнаулы кітаптарда, оқулықтарда (грамматикаларда), әдістемелік құралдарда т.б. бұлар тырнақшаға алынбай, басқа әріп түріндегі шрифтімен (курсив, кара шрифт т.б.) терілуі мүмкін.

§ 56. Мақал, мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады (II тарау, § 118-ты қараңыз).

§ 57. Дәйексөз ретінде келтірілмей, сөйлемге оның ажыратылмайтын мүшесі ретінде берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады (II тарау, § 119-ты қараңыз).

§ 58. *Де* дәнекерінсіз айтылып, заттанып кеткен төл сөздер тырнақшаға

алынады (II тарау, § 121-ты қараңыз).

§ 59. Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады:

Бірғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі.

– ...Бірі дарақы мақтаншақ, бірі ұрда-жық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді.

Соңғы айтқан “мылжың”, “мақтаншақ”, “даңғой” дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).

§ 60. Кекету, ажуалау және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз (не сөздер) тырнақшаға алынады.

Ақ көңіл Ақаң “баланың” сырғытпасын сезген жоқ (Ғ. Мұстафин.) Қоян “батыр” қорыққаннан зыта жөнелді (Ертегіден). Распутиннің “тәрбиесіне” түскеннен кейін, бақыттың “кілті” кімнің қолында екенін Алексей көрді (С.Мұқанов).

§ 61. Зауыт, фабрика, комбинат, трест, шаруашылық, ұйым, машина маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды:

“Азовсталь” зауыты, ал Алматыдағы ауыр машина жасайтын зауыт; “Актюбрентген” зауыты, “Красный Октябрь” фабрикасы, ал Алматыдағы кондитер фабрикасы; “Карагандауголь” тресі, “Растовуголь” комбинаты, “Донбасс” көмір комбайны, “Уралец” экскаваторы, “Ертіс” пароходы, “У-2” ұшағы, “Волга” машинасы, “Қазақ тілі” қоғамы.

§ 62. Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады:

“Ана тілі” газеті, “Парасат” журналы, “Жалын” альманахы, “Абай” романы, “Шаттық” симфониясы, Абайдың “Жарқ етпес қара көңлім не қылса да” деген өлеңі, “Дала қызы” суреті, “Топайкөк” әні, “Көзімнің қарасы” (ән және өлең), “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” пьесасы, “Аққу көлі” балеті.

§ 63. Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады:

“Қол ұстату”, “шаш сипату” деген атақты ырымдар осы. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі “ұрын бару” болса, Абай содан асты. (М.Әуезов). Ұзақты сары күнін балапан қуу, асық ойнаумен өткізген балалардың түнгі ермегі – “ақсүйек”, “соқыртеке”, “бурақотан” сияқты ойындар (С.Мұқанов).

Ескертулер . 1. Атындағы деген сөзбен келген атақ тырнақшаға алынбайды:

Әл-Фараби атындағы университет, Ғ.Мүсірепов атындағы мектеп, Абай атындағы бірлестік (ал “Абай” бірлестігі.)

2. Мекеме, ұйым т.б. ресми атаулары (толық немесе қысқартылған) тырнақшаға алынбайды: *Тұтынушылар одағының қызметкері. Мемлекеттік банкінің бөлімшесі.*

3. Телеграф агенттіктерінің аттары тырнақшаға алынбайды: *Ассошиэтед Пресс агенттігі, МЕН агенттігі.*

4. Кітаптың аттары библиографиялық тізімдерде, сілтемелерде, пікірлерде автордың аты-жөнінен кейін жазылғанда тырнақшаға алынбайды:

Ғ.Мұстафин. Өмір белестері. Алматы, 1984.

9. ЖАҚША

§ 64. Қыстырма сөйлемдер не сөз тіркестері жақшаға алынады (II тарау, § 54-ты қараңыз).

§ 65. Белгілі бір сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, синонимі т.б. беріледі де, жақшаға алынып жазылады:

1900 жылдың желтоқсанында шетелге “Искра” (“Ұшқын”) газетінің бірінші нөмірі шықты. Газеттің атынан соң “Ұшқыннан жалын лаулайды” деген нақыл сөз (эпиграф) жазылды.

§ 66. Алынған сөйлем, дәйексөздің және мысал қайдан, кімдікі екенін көрсету үшін, оның соңынан жазылған кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынады:

“Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті деп едік... Бірақ ол мұның да қызығын ерте таятпай, ескірген ел даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған сияқты” (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. “Ғылым” баспасы, 1966, 296-бет).

§ 67. Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады:

Амангелді. Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.) Миша, аман қайттың ба? (Амандасады.) (Ғ.Мүсірепов.)

§ 68. Мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады (қосымшаның § 14-ін қараңыз).

§ 69. Келтірілген мысал не дәйексөздің ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін, жол-жөнекей қойылатын цифрлар (не әріптер) екі жағынан жақшаға алынады:

(1) Жасыл желегін бүркенген қарағайдың арасымен жүріп отырып, (2) Асқар көлдің қабағына шықса, (3) мұз бетінде бірсыпыра кісі сырғанақ теуіп жүр екен. Мұнда үш сөйлем бар... (“Қазақ тілі грамматикасы”).

10. ҚОС НҮКТЕ

§ 70. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады (II тарау, § 92-ты қараңыз).

§ 71. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және *өйткені, себебі* деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады (II тараудағы § 99, 101-тарды қараңыз).

§ 72. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады (II тарау, § 114-ты қараңыз).

§ 73. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады

(II тарау, § 92-ты қараңыз).

§ 74. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген *мысалы, атап айтқанда* деген қыстырма сөзден кейін қос нүкте қойылады (II тарау, § 95-ты қараңыз).

11. ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚАБАТТАСА ҚОЛДАНЫЛУЫ

§ 75. Құрмалас сөйлемдегі *бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен* сияқты жалғаулықтар түсіп қалғанда, екі сөйлем арасына (жалғаулықтар айтылмаған жерге) әуелі үтір, одан кейін сызықша қойылады (II тарау, §100-ты қараңыз).

§ 76. Сызықша нүктемен, үтірмен, сұрау және леп белгілерімен, көп нүктемен қабаттаса келгенде, сол тыныс белгілерінен кейін қойылады:

– *Енді сен не істемекшісің?* – *деді ана баласының сөзін бөліп.* (М.Горький). – *Мен... – деп, Асқар азғана кідіріп бірдемені қиял еткендей бөгеліп тұрды да, – келді жағалап қайтамын, – деді* (С.Мұқанов).

– *Рас!* – *деп, Тоғжан қызара түсіп көзін төмендетті.* – *Сізді мен бір көрдім* (М.Әуезов).

§ 77. Нүкте мен сызықша қатар қойылатын орындарды II тараудағы §114-тан қараңыз.

§ 78. Тырнақша мен нүкте, үтір, сұрау, леп белгілері және көп нүкте қабаттаса келгенде, олар былайша орналасады:

а) егер леп, сұрау белгілері және көп нүкте тырнақшаға алынған сөйлемге ғана қатысты болса, олар тырнақшадан бұрын қойылады, ал үтір мен нүкте тырнақшадан соң қойылады:

“Өзім алып шығайын”, – деп ойлады Бүркітбай (С.Мұқанов).

“Өзім алып шықсам қайтеді?” – деп ойлады Бүркітбай. “Ешкім де емес, өзім алып шығам!” – деді Бүркітбай. “Өзім алып шығайын”. (“Өзім алып шығайын.” деп жазған дұрыс емес.)

Бұлармен қабаттаса сызықша жүрсе, ол тырнақшадан соң қойылады (жоғарыдағы мысалдарды қараңыз).

ә) Тырнақшаға алынуға тиісті құрылым тұтас сөйлем емес, оның ішіндегі жеке сөздер не сөз тізбектері болса, сөйлем соңына қойылатын леп, сұрау белгілері мен көп нүкте қатар келген тырнақшаның сыртынан қойылады.

– *Әй, қайтып келесің бе “бала”?* – *деп қалжыңдай айғайлайды ол жолдасына. О, шіркін, осы ән зой “құлақтан кіріп, бойды алар”!*

б) Сөйлем тырнақша жабылған жерден бітіп тұрса, леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның іш жағынан қойылғанда, тырнақшаның сыртына басқа тыныс белгісі (сызықшадан бөтен) қойылмайды:

“Олай болса, – деп ойлады Асқар, – мынау көш не?” 1914 жылдан бергі нөмірлерін Асқар тез-тез жүгіртіп қарап шықты: “Екі жылда Франция қырық миллиард шығын ұстаған...” (С.Мұқанов).

§ 79. Нүкте, леп, сұрау белгілері және көп нүкте жақша ішінде алынған текске қатысты болса, жақшаның ішінен қойылады. Жақшаның сыртына жалпы сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады:

*Байқауымша, әңгіме былай:
Біріншіден (рас қой мұным?),
Орыс үйі көрмей тыным,
Қонақ күткен, сөз қылып ұдай... (А.С.Пушкин)*

§ 80. Баяндаманың, сөйленген сөздердің ішіндегі жақшаға алынған ремаркалар сөйлем соңында келгенде, тыныс белгісі мен жақша былай қабаттасады:

Ремарканың алдындағы сөйлем соңына қойылатын нүкте жақшаның алдынан қойылмай, соңынан (ремаркадан кейін) бір-ақ қойылуы мүмкін:

Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз (Қол шапалақтау).

Немесе ремарканың алдынан бір нүкте, жақша ішіне я болмаса сыртына тағы нүкте қойылып жазылуы да мүмкін:

Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз. (Қол шапалақтау.)

Былай қоюға да болады:

Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен халықты ізгілікке тәрбиелеуге дайынбыз. (Қол шапалақтау).

Келтірілген дәйексөздің қайдан және кімдікі екенін көрсету үшін жақша ішіне алынып жазылған сөздердің тыныс белгілерінің орналасуы да осындай.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы (Абай). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай.) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай). Көбінесе мұның 1- және 2-түрлері жиі қолданылады.

§ 81. Драмалық шығармалардағы жақшаға алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі мынадай:

а) ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде, нүкте жақшаның сыртына қойылады. Кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылмайды.

Б а я н (аз ойланып). Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың? (Ғ.Мүсірепов).

ә) Ремарка кейіпкердің сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөздің аяғында келсе, нүкте жақшаның ішіне қойылады; жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады:

А м а н г е л д і . Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.)

§ 82. Тырнақшаға алынған дәйексөздің немесе басқаларының өзі тырнақшаға алынған сөздерден, сөйлемнен басталса, немесе аяқталса, екі тырнақша қатар қойылмай, біреуі-ақ қойылады, яғни ол жалпы дәйексөздің ішіндегі тырнақшаға алынған сөздерге де тиісті болады.

§ 83. Жақша ішіне алынған сөздердің тұрған жеріне қойылатын тыныс белгісі жақшадан соң қойылады.

Аңдағұл атынан рудың он шақты аулы айнала қонып жайлайтын Алуа атты шалқар көл бар (оган кейін ораламыз), көлдің әр тұсынан су ағар жыралар қосылады (С.Мұқанов).

Егер жақша ішіндегі қыстырма жоқ болса, мұндағы үтір *шалқар көл*

бар деп аяқталатын жай сөйлемнен кейін қойылуы тиіс еді.

§ 84. Сұрау, леп белгілері көп нүктемен қабаттаса келгенде, әуелі сұрау не леп белгісі, одан кейін қатар екі (үш емес) нүкте қойылады. Ал леп белгісі, сұрау белгісі, көп нүкте – үшеуі қатар келгенде, мағынасына қарай әуелі сұрау мен леп белгісі (не леп пен сұрау белгісі), одан кейін бір нүкте қойылады (II тараудағы § 12-ты қараңыз).

§ 85. Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін леп белгісі де, сұрау белгісі де қатар қойылады. Сөйлемнің қай мәні басым болса, әуелі сол мәнге тиісті белгі қойылады (II тарау, § 15-ты қараңыз).

§ 86. Бірыңғай мүшелердің не құрмаластағы жай сөйлемдердің арасында көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды:

Сатылып кеткен бұрыл биенің құлындарын кісінікі деуге қимаймын... іштей өзімсінем... көргім келеді де тұрады және көре де берем! (С.Мұқанов.)

§ 87. Қаратпа, одағай сөздерден және сөйлем басында келген *иә, жоқ* деген сөздерден кейін көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды:

– *Жаным! Асылым... барым бір әзің! (М.Әуезов).*

О... білем, білем!

– *Ақмола ма ?*

– *Жоқ... Омбы, Қызылжардың бірі (Ғ.Мүсірепов).*

IV тарау

СӨЗ САЗЫ

(Сөзді дұрыс айту нормалары)

ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ӨРІСІ

Бұл күнде қазақ тілі білім мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің, әлеуметтік-саяси өмір мен өндірістік-шаруашылық тірліктің, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің барлық саласына қызмет ететін жоғары сатыда дамыған әдеби тілге айналып отыр. Ол – мемлекеттік дәреже (статус) алған ұлттық тіл. Ұлттық әдеби тіл болғандықтан, қазіргі қазақ тілі – қоғамның барлық мүшелеріне бірдей және Қазақстан жерінің бүкіл аймағында біркелкі қолданылатын, сондай-ақ қазақ жерінен тыс өлкелерді мекендеген қазақтар үшін де дағдылы тіл, яғни баршаға ортақ жазу, сөйлеу тәжірибесі бар тіл.

Мемлекеттік тіл дәрежесі қазақ әдеби тілінің бүгінгі қоғамға қызмет ету өрісін кеңейте түсті: бұл күнде қазақ тілі – ең алдымен, оқу - ағарту, тәрбие құралы, одан соң сан салада дамып, жоғары деңгейге көтерілген ұлттық көркем әдебиеттің тілі, мазмұны мен мақсаты түрлене түскен баспасөздің тілі, енді өрістей түскен ғылым тілі, республика қолданатын заңдар мен ресми іс қағаздары тілі, театрлар мен радионың тілі, кино мен теледидардың тілі.

Сонымен қатар, әрине, қазіргі қазақ тілі – бүгінгі адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзара ұғынысатын ауызша сөйлеу тілі мен ауызекі сөйлесу тілі. Қысқасы, қазақ тілі – бұл күнде республикамыздағы 7-8 миллионға жуық, ал жалпы дүние жүзіндегі 10 миллионнан асатын қазақ халқының ана тілі.

Әдетте ұлттық әдеби тілдер қоғамға жазба және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына, оның түрлері мен өрісіне байланысты болғандықтан, ол көркем сөз (көркем әдебиет) пен баспасөзде, ғылым сөзі мен оқу-тәрбие сөзінде, ресми құжаттар мен кеңсе-іс қағаздары тілінде көрініс табады. Қазіргі күнде бұлардың кеңінен өріс ала бастауы жазба тілдің әр саладағы (стильдегі) заңдылықтарын орнықтырып, оның әлеуметтік қызмет ету пәрменін күшейтіп отыр. Бұдан біз жазба әдеби тілдің қоғам өміріндегі рөлі мен маңызы зор екенін аңғарамыз.

Ал әдеби тілдің ауызша түрдегі қызметі бүгінгі қазақ қоғамының тіршілік-тынысы үшін бұдан еш кем емес деп тану керек. Өйткені мұның да қолданылар өрісі кеңейе бастады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болуы әр алуан жиын, жиналыс, мәслихаттардың қазақ тілінде жүргізілуіне жол ашты; саясат, ғылым, өнер, шаруашылық т.б. тақырыптарына арналған лекция-әңгімелердің қазақ тілінде кеңірек өткізілуін күн тәртібіне қойды; балабақшаларда қазақ бүлдіршіндерін ана тілінде тәрбиелеуді қолға алуға мүмкіндік берді; қазақ мектептерінің көбейіп, оларда оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізуге, жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде дерлік (әзірге тіпті түгел болмай, көпшілігінде-ақ болсын) қазақ бөлімдері ашылып, оларда білім-ғылымның көптеген салаларынан қазақ тілінде лекциялар оқылып, сабақ жүргізілуіне кеңінен жол ашты; радио мен

теледидардан қазақ тілінде берілетін хабарлар сағаты көбейіп, бұл каналдар бойынша қазақша сөйлейтіндердің жиірек көріне бастауын, ұлттық сахна өнерінің түр-түрінің дамуын қамтамасыз етті. Осылардың баршасы қазақ тілінің ауызша түрін, яғни ауызша қолданылуын, айтылмақ ойды ауызша түрде білдіру тәжірибесін жандандырды.

Бұлардың ішінде радио, теледидар, театр, киноның орындары айрықша, өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған, кейде тіпті жүз мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылатын сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөзді де жүздеген, кейде мыңдаған адам тыңдайды. Ал радио мен теледидардан және қазақша дыбысталған кинодан ауызша айтылған сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар есітіп, тамашалайды. Демек, жазба тіл сияқты, ауызша тілдің де қоғамдағы орны зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Мемлекеттік ұлттық тілдің баршаға ортақтығы осы тілді қолдануда белгілі бір заңдылықтардың, яғни нормалардың болуын талап етеді. Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында (лексикасында), грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды.

Демек, қазақ әдеби тілінің барша заңдылықтарын, оның ішінде ауызша сөйлеу, әсіресе шаршы топ алдында сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалануда, тек пайдалану ғана емес, ол нормаларды көпшілікке үйретіп, таратуда, орнықтырып, бекітуде балабақша тәрбиешілерінен бастап, мектеп мұғалімдерінің, институт, университет оқытушыларымен қатар, қазақ сахна қайраткерлерінің, радио, теледидар дикторлары мен хабар жүргізушілерінің, әншілер мен эстрада шеберлерінің міндеттері мен қызметтері орасан зор екенін айту керек. Әрине, ана тілін игеру, оны дұрыс жұмсай білу отбасынан, баланың ата-анасы мен айналасындағы үлкендерден басталуы керек екендігі – даусыз ақиқат.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер – жасөспірімдерді тек тәрбиелеп, білім берушілер ғана емес, сонымен қатар тіл үйретушілер, тілдің байлығы мен әсемдігін бала бойына сіңірушілер. Ал актерлар мен әншілер – халыққа тек өнер көрсетіп, эстетикалық ләззат берушілер ғана емес, сонымен қатар ана тілінің құдіретін танытушылар. Дикторлар мен комментаторлар – радио мен теледидардан тек әр алуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйрететін ұстаздар болуға тиіс. Демек, бұл топтардың әрқайсысының төл қызметтерімен қатар, тілге қатысты міндеттерінің де әлеуметтік мәні бар екенін жеке-жеке баса айту қажет.

Бұл жұмыстағы негізгі тақырып қазақ сөзін д ұ р ы с айту заңдылықтары жайында болғандықтан, аталған топтардың жалпы тілге қатысты оны үйрету, сөздік байлығын молықтыру, грамматикалық тұлға-

тәсілдерді дұрыс қолдана білуге баулу, ана тіліміздің көркемдік-бейнелеуіш құралдарын игерту сияқты мәселелерін емес, тек қана қазақша сөйлегенде (не дауыстап оқығанда) сөздерді табиғи түрде дұрыс дыбыстай білуге қатысты жайттарға ғана назар аударамыз.

Ең алдымен, баланың тілі үй ішінде, отбасында шығады, демек, баланы ана тіліне баулуда, онын ішінде сөздерді дұрыс дыбыстай білуге үйрететін тұңғыш ұстазы – ата-анасы және үй ішіндегі өзге де үлкендер екені мәлім. Сөйлеу үстінде сөздерді бір-бірімен жымдастыра, үйлестіре айта білуге, қазақ тілінің өзіне тән дыбыс заңдылықтарын сақтап сөйлеуге баулуда балаға ертегі, әңгімелер айтудың мәні зор. Үлкендер ертегі, әңгімелерді баппен мәнерлеп, яғни үндестік заңдарын сақтап, сөздерді қиюластырып айтуға мейлінше көңіл қоюлары қажет. Сірә, өсіп келе жатқан баланың таным-білімдік талабы мен психологиясына әңгіме, ертегілердің мазмұны ғана емес, оның тіліндегі үннің құлаққа жағымды музыкалылығы да қатты әсер ететін сияқты. Баланың өлең сөзге құштарлығының сыры осында жатады. Үн (дыбыс) гармониясы – адамның жан дүниесі қажет ететін заңдылықтардың бірі. Сондықтан жас балаға тек прозамен ұсынылған әңгіме, ертегілерді емес, өздеріне арналған өлеңдерді оқып беруге ұмтылу керек. Ол өлеңдерді балалар жатқа айтқанда, сөздерін дұрыс дыбыстауына назар аударып, қате тұстарын түзетіп отыруды қазақ ата-аналары мен өзге үлкендері де дағдыға айналдырса. Шынына келсек, отбасылық тәрбиенің осы түрі бізде айтарлықтай емес екенін мектеп табалдырығын жаңа аттаған балалардың сөйлеу тәжірибесінен аңғарамыз. Сірә, үй ішінде баланың сөзді қалай айтуына зер салып, түзетіп отыру машығы бізде жоққа тән.

Айталық, бала өзінің құрбысын “қалқан құлақ” деп мазақтағанда, әр сөздің жеке-жеке күйіндегіше екінші сөзді қ дыбысынан бастап, алдыңғы сөзді н дыбысына аяқтап, қалқанқұлақ, қалқанқұлақ деп жатса, “жоқ, балам, сен оны құлағы үшін мазақтама, ал мазақтайды екенсің, онда қалқанқұлақ деме, бұл сөзді сен қалқанғұлақ деп айт” деген сияқты түзету жасап жатпайтын тәріздіміз.

Әрине, ол үшін қазақ тіліндегі сөздердің дыбыстары бір-бірімен қиюласып, үндесіп айтылатын заңдылықтарын алдымен ересектердің, ата-аналардың өздері жақсы білулері керек (бұл құрал сондықтан осы мақсатты өтеуге арналады).

Осы талаптар балабақша тәрбиешілеріне де қойылады. Олардың “мәнерлеп оқу” сияқты тәрбие сағаттарында көңілді тек оқып беруге ғана аудармай, сол оқыған мәтіндегі сөздердің дұрыс айтылуына зер қою абзал. Бүлдіршіндерге өлең-тақпақ айтқызғанда, олардың тек тілі келмейтін дыбыстарын түзету емес, ең алдымен, сөздерді қиюластырмай, бөлек-бөлек айтулары сияқты қателіктеріне де көңіл аудару қажет. Бүгінгі қала балалары әр нәрсеге үйренуді отбасынан гөрі балабақшалардан бастайды, өйткені ата-аналардың көбі жұмыс істейді, олардың кешкі екі-үш сағат баламен бірге болған уақыттары күн ұзаққа балабақшада өткізген тәрбие сабақпен теңесе алмайды. Оның үстіне, жоғарыда айттық, әзірге біздің жас ата-

аналарымыздың, оның ішінде әсіресе қала тұрғындарының өздері қазақ тілінің сөзді дұрыс айту нормаларын, ғылыми тілмен айтқанда, орфоэпиялық ережелерін жақсы білмейтіндіктерін ескеру қажет. Сол себептен ана тілімізді үйретуде алғашқы үлкен жүк балабақша тәрбиешілеріне түседі.

Бұл орайда балабақша тәрбиесіне ұсынылатын оқу-методикалық құралдарда қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына арнайы назар аударылса, тіпті бүлдіршіндерге арналған кейбір өлеңдердің дұрыс айтылу (оқылу) үлгісін қоса көрсетіп отырсақ, артық болмас еді. Мысалы, балабақшаларда оқуға арналған бір жинақта (“Оқып, ойнап, ән шырқайық”, 1983) берілген “Бұл қалай?” деген 8 жолдық өлеңнің мәтіні мынау:

Аппақ гүлден
Қызыл алма *өседі*.
Қара бұлттан
От шығады *деседі*.
Аппақ гүлден
Ақ бұлт неге *өнбейді?*
Бұлт ішінде
От қалайша *сөнбейді?*

Жазуда осылай берілген бұл өлеңді тәрбиеші балаларға былайша оқып беруі керек:

Әппақ гүлден
Қызыл алма *өседі*.
Қара бұлттан
От шығады *деседі*.
Әппақ *гүлдөн*
Ақ бұлт неге *өмбөйді?*
Бұлт ішінде
От қалайша *сөмбөйді?*

Осылайша оқығанда ғана өлең құлаққа жағымды, тілге (айтуға) жеңіл болып шығады. Мұны бүлдіршіндер жаттап алғанда, жазылуынша емес, осылайша оқылуынша жаттауға тиіс. Бұл мәтінде еріндік дыбыстардың үндесуіне және б дыбысынан бұрын тұрған н дыбысының м болып айтылатындығына (*өседі, өмбөйді, сөмбөйді*) көңіл бөлінеді.

Тағы бір мысал. 5-6 жастағы балаларға арнап, Тұманбай Молдағалиевтың “Көл” деген шағын өлеңі ұсынылған, оны балалар былайша айтып жаттаса:

Жатыр әсем көл *түнүп*,
Көзүңдей жас ботаның.
Құшақтаймын *толқұнын*,
Құуанышқа *батамын*.

Жағадағы тал *ғұрақ*
Өзүн содан *көрөді*.
Қозұлардай жамырап,
Құстар *ұшып* келеді.
Күлүмсүреп күн гүндүз,
Көг аспанды шолады.
Кешке *қарай көб жұлдуз*
Кеудесіне қонады.
Әлдилейді майда жел,
Таң *нұрланып* атады.
Тербетіліп *айна гөл*
Жерде аунап жатады.

Мұнда *тұнып, көзіндей, тал құрақ, өзін, көреді, қозылардай, ұшып, күлімсіреп, күн күндіз, көк аспанды, кешке қарай, көп жұлдыз, нұрланып атады, айна көл* деп жазылған сөздердің өлең тексінде келгендегі дұрыс айтылуы (оқылуы) көрсетілді. Егер тәрбиеші өлеңнің осы көрсетілген тұстарын жазылған түрінде оқыса, ол сөз сазынан үлкен қате жібереді, өйткені мұнда еріндік дыбыстар үндестігін де, қатаң дыбыстардың ұяндайтын сәттерін де ескеру қажет.

Балаларға жасы өсіңкіреген кезде (5-6 жастарында), әсіресе мектеп жасында Абайдың табиғат туралы немесе “Аттың сыны” сияқты өлеңдерінен үзінділер оқып, жаттатуды дағдыға айналдыру қажет, өйткені Абай өлеңдері әуенді (музыкалы) болып келеді, ол әуенді бұзбас үшін, өлең сөздерінің бір-біріне үндесетін сазын сақтап айту керек. Мысалы, “Жаз” деген өлеңінен мына бір үзіндіні былайша оқыған дұрыс (бір деммен айтылатын сөздерді қосып жібердік, ал жазуда бұлар түбірлері сақталып, бөлек-бөлек жазылады, мысалы, *көшіп ауыл, ұшып тұрса* т.т.):

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек
Ұзарыбөсүп толғанда.
Күркүрөб жатқан өзеңге
Көшүбауыл қоңғанда.
Шұрқұраб жатқан жылқының
Шалғыннан жонұ қылтылдап.
Атайғырлар, бійелер
Бүйүрү шығып, ыңқылдап,
Сұуда тұрұп, шыбындап,
Қүйрүгүмен шылтылдап.
Арасында күлұнтай
Айнала шауұп бұлтұлдап.
Жоғары төмөн үйрекқаз
Ұшұптұрса сылпылдап.

Бұл үзікте еріндік үндесуімен келген сөздердің шоғырланып келуі өлеңнің бірыңғай дыбыс үнін сақтауды, сол арқылы белгілі бір әуезбен айтылуын қажет етіп тұр. Бұл әуенді сақтамасақ, өлеңнің музыкалық бояуы жоғалып, құлаққа түрпідей тиер еді. Міне, осы жайттарды мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатындар: ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінен бастап, даярлық кластардың мұғалімдері, тіпті 1, 2-кластарда сабақ беретіндер, оларға арнап оқу-методикалық құралдар ұсынатын авторлар жақсы біліп, ескеріп, көңіл аударулары өте-мөте қажет.

Мектепке дейінгі бала тәрбиесінің ана тілімізде жүргізілуі енді ғана қолға алына бастағандықтан, әлі көп нәрсе жоқ екендігі мәлім. Бүлдіршіндерге қазақ тілінде оқитын өлеңдердің, айтатын ертегілердің өте аз екендігі, кейбіреулері баланың жасына, танымына, психологиясына сай еместігі, дидактикалық материалдардың, методикалық құралдардың кемшіні – осылардың барлығы, сөз жоқ, баланы ана тілімізде тәрбиелеуде салқынын тигізетін жайттар. Дегенмен баланы қазақ тіліне баулуда бірнеше міндетті қатар атқаруға тура келеді. Солардың бірі және бүгінгі күнде ақсап жатқан саласы – сөзді дұрыс айту болса, ауызша сөйлеу барысында сөздерді дұрыс дыбыстауға үйретуді бір сәт көңілден шығаруға болмайды.

Адамның тіл үйренудегі, ана тілін жақсы игерудегі келесі баспалдағы – мектеп. Мектептің алдыңғы сатыдан үлкен айырмасы – мұнда тілді игеруде тек үлгі көрсетіп, ауызша түзетіп отырмайды, сонымен қатар тіл заңдарын оқытып үйретеді. Ол заңдардың ішінде, әрине, сөзді дұрыс айту қағидалары да бар. Үндестік заңдары деп аталатын құбылыстың мектепке төменгі кластардан бастап оқылатыны мәлім. Бірақ тағы да, өкінішке орай, ережені оқытып жаттатуымыз бар да, оқушылардың сөйлеу үстінде оларды қалай сақтайтынын қадағалап отыру бар. Міне, осыған көңіл бөлушілік шамалы тәрізді. Қай пәннен болса да, оқушы тақырыптың мазмұнын толық, бұзбай айтып берсе, баға көбінесе осы дәрежеге қарап қойылады, ал сол тақырыпты баяндау барысында сөздерді қалай дыбыстап тұрғаны көбінесе ескерілмейтіндігі байқалады. Оған он жылдық қазақ мектебін, төрт-бес жылдық институттар мен университеттердің қазақ бөлімдерін бітірген диктор, комментатор, журналистердің көпшілігінің үндестік заңдарын сақтамай, *бір қатар, бұл күнде, қол қойды, жез қазған* деп қа-қақалап тұратындары куә.

Қазақ мектептерінде әлі күнге дейін **тіл мәдениеті** деген проблемаға жеткілікті мән берілмей келеді. Қазақ тілін оқыту бағдарламасында бір кездерде “тіл мәдениеті” деген тақырып енгізілгенмен, кейін ол алынып тасталыныпты, яғни бұған арнайы сағат бөлінбей, оның міндеті “Тіл ұстарту” деген бағдарламаға жүктелген сияқты. Бірақ оқулықтардағы “Тіл ұстарту” дегенге берілген материалдар бірер беттік қана екі-үш тапсырмадан тұрады (мысалы, 8-класс оқулығын қараңыз), түсіндіру деген жоқ. Сонда оқушы тіл ұстартатын, яғни тіл мәдениетіне баулитын бұл тапсырмаларды (онда да бұлар мақсатқа сай келіп жатса) қалайша орындайды? “Тіл ұстарту” бөлігінің бағдарламада көрсетілген міндеті дұрыс-ақ: “Мектептегі қазақ тілінің жүйелі курсы негізінде жүргізілетін тіл

дамыту жұмыстарында оқушының сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, ой өрісін кеңейту, дамыту және өз ойын анық, дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білу жолдарына баулу мақсаты көзделеді” дегенді оқимыз. Бірақ әңгіме осы мақсаттың орындалу сапасында, амалдары мен әдістерінің әлсіздігінде, тіл мәдениетіне баулудың нақты көрнекі материалды негізде жүргізілмейтіндігінде және осы шараның тек тіл дамытуға арналған сабақтарда ғана емес, 10-11 жылдық оқу процесінің бүкіл барысында, барлық пәндерді оқыту үстінде үзбей қолданылмайтындығында.

Сөз мәдениеті, дұрыс сөйлеу мәдениеті, сауатты жазу дағдысы дегендерді тек бөлінген сағаттың бойында ғана үйреніп шығуға болмайды. Тіл мәдениетін, сөзді дұрыс қолданып, дұрыс дыбыстап, дұрыс жазу дағдысын мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, оны бітіргенге дейін (тіпті одан кейін де) үзбестен игертуді тек тіл мен әдебиет пәні мұғалімдері ғана емес, барлық пәннен сабақ берушілер сезініп, күш жұмсағанда ғана ана тіліміздің табиғи қасиетін, ғасырлар бойы жиналған мол қазынасын, бабалар қалдырған көркемдік құдіретін сақтай аламыз. Әсіресе бүгінгі осал тұсымыз – сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс айтпау, яғни орфоэпиялық нормаларды білмеу, оған мән бермеу сияқты кеселдерден арылуға ең алдымен мектеп күш салуы керек. Ол үшін сөзді сазына келтіріп айта білуді мұғалімдердің өздері жақсы меңгерулері қажет болса, әзірге бұл саладан олардың қолдарында арнаулы құралдар да шамалы. Ұсынылып отырған құрал мұғалімдердің осы қажеттігін өтейтін орфоэпиялық анықтағыш болмақ. Бұл ережелер тек қазақ тілі пәнін оқытатындар үшін ғана емес, барлық пәндердің мұғалімдері үшін де қолдан түсірмес күнделікті көмекші құралы болуы тиіс.

Адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді негізінен жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын радионың, теледидар үнінің және сахнада естілер сөздер мен әндердің орны айрықша. Бұлар сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға үйрететін нағыз ұстаздар болуға тиіс. Сахна қайраткерлері мен радио, теледидар қызметкерлеріне тілге келгенде қойылатын талап – айтылмақ сөздің (бұл жердегі “сөз” деп отырғанымыз – жеке сөздер емес, жалпы айтылмақ ой, хабар т.т.) анық және әсем болуы. Анықтықты актерлер, әншілер, дикторлар, негізінен, сөйлеу техникасын жетілдіру мен сөз логикасына көңіл қою амалдары арқылы қамтамасыз етсе, әсемдік пен әсерлілік, негізінен, сөзді дұрыс әрі көркемдеп айту арқылы жүзеге асырылады. Ал құлаққа естілер сөздің көркем айтылуы дегеніміз – оның үнді, әуезділігі (музыкалылығы). Үнділік сөйлеу үстінде дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, тілдің табиғи дыбыс заңдарына бағынып айтылуы арқылы пайда болады. Дыбыстар әуезін (гармониясын) сақтау – сахна сөзі мен радио, теледидар сөздеріне мамандық тұрғыдан қойылатын талаптардың бірі.

Тіл жайындағы әңгіме бүгінгідей арнайы көтерілмеген күннің өзінде де қазақ сахна өнері мен радиосының өмірге келген алғашқы кезендерінде қазақ сөзі бұларда, негізінен, дұрыс, көркем түрде айтылып келді. Қазақ

сахна шеберлерінің алғашқы буындары өз мамандықтары бойынша білім-ғылымның теориялық жағын оқып білмесе де, қазақ тілінің ана сүтімен кірген нормаларын іштей түсініп, тілдің табиғи үйлесімін бұзбай айта білген, сөз арқылы жететін өнерді көрерменге (тыңдаушыға) жақсы ұсына білген. Ал соңғы кезеңдерде бұл орайда бірнеше объективті-субъективті себептермен тыңдаушыларды да, педагог, режиссерлёрды да, әсіресе тіл мәдениетін қадағалаушы ғалымдарды да алаңдатар жайттар пайда бола бастады. Олар:

1) драма актерлері мен опера және эстрада әншілерінің, сондай-ақ радио мен теледидар дикторларының, комментаторларының, жергілікті тілшілерінің, кинодубляж жасаушылардың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңдары – **сингармонизм заңдылықтары** деп аталатын табиғи гармониясын (үйлесімін) сақтамай, бұзып айтулары;

2) сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрықша бөліп, я болмаса ұластыра қосып айту сәттерін біле бермеу;

3) “қос қанаттың сыңары” деп келген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілі дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі;

4) әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық;

5) қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды кейбір әншілердің жуандатып (*айтеуыр, саулем, саулем, саулемсың*) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтулары (мені сүйген бір *әдам* бар) т.т.

Әрине, бұл көрсетілген кемшіліктер мен ағаттықтардың орын алу себептері біреу емес, бірнешеу. Ең алдымен, жоғарыда айтылған проблема алдымыздан тағы шығады, яғни күні бүгінге дейін қазақша тіл мәдениетіне, орфоэпиялық норма дегендерге, логикалық екпін, логикалық паузаларды дұрыс сақтай білуге отбасы мен балабақшадан бастап, тіпті институт, университеттерге дейін жеткілікті мән берілмей келе жатқандығының салдары сахна, радио, теледидардан айтылатын сөзге де кері әсерін тигізіп отыр.

Екіншіден, қазіргі барша шаруамыз жазу арқылы жүретіні мәлім. Актерлар пьесадағы рөлдерін жазылған текст бойынша игеріп, жаттайды, әншілер де шырқайтын өлең текстерімен қағаз арқылы танысады, дикторлар да жазылған тексті алдарына қойып немесе көз алдында жылжып өтіп жатқан лентадан оқып отырады, радио хабарлары да көбінесе жазылған дүние бойынша айтылады (оқылады). Осыдан барып ауызша айтылған тексте жазба дүниенің ізі сайрап тұрады. Бұдан кейбір адамдардың орфоэпиялық ережелерді қаншама жақсы біліп тұрса да, оның көз жадында сөздердің жазылған түрі мықты сақталып, сол қалпында айтуға бейімдеу болатыны байқалады. Оның үстіне әрбір айтушы (актер, әнші, диктор т.б.) аузынан шығатын сөзін тыңдаушыға неғұрлым анық, айқын, түсінікті етіп жеткізуге тырысады. Мұндайда әдеттегі ауызша

сөйлеуге тән интуитивті автоматизмге, яғни сөздің дыбысталуының дұрыс-бұрысын ойламастан, сөйлеу дағдысы бойынша өзінен-өзі дұрыс шығуына (айтылуына) емес, керісінше, «**осылай** айтсам, сөзім тыңдаушыға анығырақ, түсініктірек жетеді-ау» деген ойға жол беріледі. Осыдан барып, әрбір сөзді жеке айтқандағы қалпынша дыбыстап, *колгойұлды, бірғатар, Алматығаласы, күңгүркүрөп, жаңбыр жауұп тұр* деудің орнына *қол қойылды, бірқатар, Алматы қаласы, күн күркіреп, жаңбыр жауып тұр* деп жазылуынша айтатын, оқитын дикторларды күн сайын тыңдаймыз.

Сахна қайраткерлерінің орфоэпиялық нормаларды сақтауында жүк олардың өздерімен қатар, актерлер дайындайтын оқу орындарының педагогтеріне, театрлардың режиссёрларына, эстрада нөмірлерін даярлайтын көркемдік жетекшілерге артылады. Драма театрларының режиссёрлары тек спектакль қоюшылар ғана емес, сол пьесадағы сөздің, яғни ойдың, идеяның тыңдаушыға дұрыс, айқын жетуін көздеуші де болулары тиіс, өйткені драма театрының негізгі мақсаты – спектакльдің ұсынбақ идеясын сөз арқылы да жеткізу. Сондықтан сахна сөзінің анықтығы, құлаққа жағымды тиюі – актерлер мен режиссёрларға қойылатын басты талап, негізгі шарт. Бұл талап, әрине, эстрада әншілеріне де кинода сөйлейтіндерге де қойылады. Өйткені ән тек мелодиясының әсемдігімен ғана емес, жүрекке жылы тиетін сөзімен де қымбат. Бұларға сол сөзді анық, бұзбай жеткізетін тамаша дауысты әнші қосылса, ол ән, ол ария миллиондардың жүрегіне жол табады. Мысалы, кезінде атақты әнші Роза Бағланованы сүйсіне тыңдағандар тек сирек кездесетін әсем үніне ғана емес, қазақ өлеңінің әрбір сөзін анық етіп, дұрыс дыбыстап айтқаны үшін де мейлінше тәнті болатын.

Бүгінгі қазақ сахна тілінің мәдениетін көтеруде, ең алдымен, сахна қайраткерлерін дайындайтын оқу орындары мен театрларда жұмыс істейтін өнер иелерінің қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын жақсы игерулеріне күш салу міндетін арқалайды. Ол үшін актерлік, режиссёрлық, әншілік мамандықтарына оқыту, үйрету процесінде қазақ әдеби тілінің заңдылықтарын, әр алуан нормалық ережелерін арнайы пән ретінде де, факультатив курстар ретінде де оқытуды мықтап қолға алу қажет. Әрине, бұл үшін арнаулы оқу құралдары, методикалық нұсқаулар мен практикалық жаттығу жұмыстары ұсынылуға тиіс. Біздің бұл құралымыз осындай қажеттіктердің бірін өтеуге арналады.

Сөйтіп, ауызша сөйлеудің өзі екі түрлі болады, бірі – күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлесу тілі, екіншісі – топ алдында ауызша сөйлеу (орысша “публичная речь”). Жоғарыда көрсетілген салалардың барлығы үлкенді-кішілі топ алдындағы сөйлеуге жатады, яғни жиын-жиналыстарға қатысушылар да, мектеп кластары мен студенттер аудиториялары да, мың-мыңдаған радио тыңдаушылар мен теледидар тамашалаушылар да, сахна өнерін қызықтаушы көрермендер де – барлығы да “шаршы топ” (публика). Топ алдына ауызша түрде шығатын сөз қалай болса солай, бейберекет айтыла салмауы керек әрі құлаққа жағымды

болуы шарт. Басқаша айтқанда, шаршы топқа ауызша ұсынылатын сөздің нәрі (мағынасы) мен сазы (жағымды, табиғи үні) болуға тиіс.

СӨЗ САЗЫ, ЯҒНИ СӨЗДІ ДҰРЫС АЙТУ (ДЫБЫСТАУ) ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

С ө з с а з ы дегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.

Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер сияқты, екшеліп, қырланған, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылықтары, яғни нормалары бар. Ол заңдылықтардың бір бөлегі сөздерді дұрыс таңдап, орнымен жұмсауға қатысты болып келеді, оны лексикалық нормалар деп атаймыз, енді бір саласы сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді құрастыра білуге қатысты болып келеді, оны грамматикалық нормалар дейміз. Дұрыс жазу заңдылықтарын орфографиялық нормалар, ал дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарын орфоэпиялық нормалар деп атаймыз. Бұлар – ғылымдағы атаулар.

Соңғы орфоэпиялық нормалар деп отырғанымыз жоғарыда айтылған “сөз сазы” деген ұғымға қатысты. Бұл нормалардың барлығының да тіл үшін бір-бірінен артық-кемі жоқ, маңызы бірдей. Сауатты, мәдениетті адам үшін дұрыс сөйлеп, қатесіз жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айтуы (дыбыстауы) сондай шарт. Бұл нормаларды берік сақтап, іс жүзінде ұстана білу “тіл мәдениеті” деген үлкен бір әлеуметтік мәні бар құбылысқа, талапқа барып тіреледі. Осыдан барып “тіл мәдениеті” дегеннің ішінен “ауызша сөйлеу мәдениеті” деген саланы бөліп әңгіме етуге болады.

Алдымен, ауызша сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасы дегендер бір нәрсе емес екенін ескеру қажет. Сөйлеу техникасы сөйлеушінің, яғни актердің, диктордың, мінбеден сөйлейтін шешеннің, кафедрадан сөйлейтін мұғалімнің өз даусын меңгеруіне байланысты сөз болады. Адамның өз даусын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына (темпоритмге), паузаға, дикцияға байланысты болады. Біздің әңгімеміздің өзегі сөйлеу техникасы емес, сөз сазы, яғни сөйлеу мәдениеті.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады.

Сөздің сазын келтіріп айту әсіресе шаршы топ алдына шыққандарға қойылады. Шаршы топ алдында сөйлеушілердің өзі біркелкі болмайды. Жиналыстарда ойын ауызша білдіретіндер мен жазып алып оқып беретіндер, спектакльдерде ойнайтын актерлар мен табан аузында репортаж жүргізетін журналистер, комментаторлар, дикторлар мен интервью берушілер, әрине, бірдей емес. Бірқатары жазылғанды оқитындар болса, енді бірқатары – табан аузында ауызша сөйлейтіндер. Бірақ барлығы да топ

алдында шығатындар болғандықтан, олардың ауызша сөйлеу нормаларын, оның ішінде орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаулары қатаң талап етіледі.

Әдетте актер жазылған пьесаның сөздерін айтады, диктор жазылған материалды оқиды, лекторлар көбінесе жазылған текске қарап сөйлейді. Демек, олар әдеби тілде дайындалған сөзді ауызша айтып жеткізушілер ғана сияқты. Сырт қарағанда, бұларға тіл мәдениеті жөнінен көп салмақ түспейтін тәрізді болып көрінеді. Ал, шындығында, тілге қатысты ең үлкен талаптың бірі осыларға қойылады. Өйткені сөйлеу мәдениетінің бір шарты жазылған материалды немесе айтылмақ ойды дауыс ырғағын дұрыс келтіріп, табиғи түрде оқып немесе айтып беру, яғни сөз сазын келтіріп дыбыстау болса, бұлардан сол талап етіледі.

Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу үстіндегі айтылуы әрдайым бірдей болып келмейді. Сол сияқты сөздердің жазылған түрі мен оның оқылуы да үнемі бірдей түсе бермейді. Сөйлеу үстінде немесе жазылғанды оқып беру процесінде сөздер бір-бірімен “тіл табысып”, үндесіп, үйлесіп жатады. Сол үйлесімдік үшін сөздердің кейбіреулері бірекі дыбысын “сындыруға”, өзгертуге, кейде тіпті жоғалтуға дейін барады. Мұндай үйлесімдік – қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи заңдылықтары.

Әрбір тілдің өзіне ғана тән дыбысталу ерекшеліктері – сол тілді өзге туыс тілдерден бөлек дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұқсан келді деген сөз. Мысалы, алдыңғы сөз **а, е, ы, і** сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса немесе **р, л, з, й**, үнді **у** (*тау, бау* деген сөздердегі) дыбыстарына аяқталған болса, дауыс ырғағы жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің басқы **қ, к** дыбыстары ұяндап, **ғ, г** дыбыстарына алмасады. Мысалы, *бала кезде, келе қалды, күні кеше, кез келген, бұл күндері, қол қойды, қаз-қатар, ай қабақ* деп жазылған сөздер *балазезде, келегалды, күнүгеше, кезгелген, бұлгүндері, қолғойдұ, қазғатар, айғабақ* болып айтылуға тиіс.

Біріккен сөздердің ішінде де аралық дыбыстары жоғарыдағы көрсетілген түрде келгендері осылайша “сындырылып”, яғни **қ, к** дыбыстары ұяндап айтылады. Сондықтан *Меңдіқыз, Талдықорған, Жезқазған, Жаңақорған, өнеркәсіп, бірқатар, қылқалам* түрінде жазылатын біріккен сөздер *Меңдіғыз, Талдығорған, Жезғазған, Жаңағорған, өнөргәсіп, бірғатар, қылғалам* болып айтылуы керек.

Сөздер аралығындағы бұл дыбыстар керісінше орналасқан жағдайда да, яғни алғашқы сөз **қ, к, п** дыбыстарына аяқталып, бір ырғақпен айтылатын келесі сөз дауысты дыбыстардан басталса, бұл дауыстылар алдыңғы қатаң дыбыстарды “сындырып”, жұмсартады, яғни ұяндатып жібереді. Мысалы, *шекара, көк ала, көкөніс, қарап отыр, сатып алдым* сияқты сөздер *шегара, көгала, көгөнүс, қаработұр, сатыбалдым* болып айтылуы – заңдылық.

Мектепте қазақ тілі бағдарламасының фонетика, грамматика салаларынан “қазақ тілінің үндестік заңдары” деген тақырып өтіледі. Тіл білімінде “үндестік заңы” дегеннің баламасы ретінде “сингармонизм” деген

термин қолданылады. Әдетге дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі жағынан қосымшаларды өзіне үйлестіруін “сингармонизм” деп атап келдік. Ал, шындығында, сингармонизм тек дауыстылардың үндесуі емес, сөзді құрап тұрған барлық дыбыстардың біркелкі не жуан, не жіңішке болып үндесуі екенін соңғы кездердегі зерттеулер баса айтады¹. Оның үстіне бұл үндестік қазақтың төл сөздеріне және ертеректе енген кірме сөздерге, олардың бір буынды түрлеріне де, көп буындыларына да тән екендігі көрсетіледі², яғни сөздің қалай таңбаланғанына қарамастан, ішінде жуан-жіңішке дауысты дыбыс әріптері жазылғанмен, тұтасымен не жуан, не жіңішке дыбысталуы тиіс деп танылуы қажет. Мысалы, *кітап*, *күмән*, *кінә* деп жазылған сөздердегі дыбыстар *кітәп*, *күмән*, *кінә* түрінде үндессе, *біраз*, *бірақ*, *қауіп*, *қазір* сияқты сөздер тұтасымен жуан айтылып, олардағы дыбыстар *быраз*, *бырақ*, *қауып*, *қазыр* (немесе *кәзір*) болып үндеседі.

Міне, осы сияқты сингармонизм заңы жазудың ыңғайымен, яғни бір сөз ішінде жуан да, жіңішке де дауыстылардың жазылғанына қарай, өзінің табиғи түрде айтылуын бұзып жіберетін фактісі байқалады. Мұндайда дыбыстау автоматизмінен гөрі, сөзді “ойланып” айту жүзеге асады: *қа+зір*, *бір+аз*, *бі+рақ*.

Қазақ тіліндегі сөздер сингармониялық тембріне қарай жалпы төрт түрде үндеседі: олар *жуан*, *жіңішке*, *еріндік*, *езулік*. Жоғарыда көрсеткеніміз – жуан-жіңішкелікке қарай үндесу, ал еріндік-езулік дыбыстардың бір-біріне ықпалына қарай болатын гармония **ерін үндестігі** деп аталады. Сөз басында немесе сөздің бірінші буынында келген *о*, *о*, *ұ*, *ү* еріндік дауыстылары сол сөздің ішіндегі өзінен кейінгі буындарда жазылған *ы*, *і*, *е* дауыстыларын өздеріне үндес етіп айтқызады. Мысалы: *күмүс* (жазылуы: *күміс*), *құлұн* (жазылуы: *құлын*), *үйрөнүү* (жазылуы: *үйрену*). Үндесудің бұл түрі де жазудың әсерімен бұзылып, еріндік, езулік дауысты дыбыстар аралас айтылатын фактілері бар. Айталық, *құрұқ*, *күлүмгөз*, *өлөң*, *өнөр*, *өсүм* деп дыбысталуға тиісті сөздерді *құрық*, *күлімкөз*, *өлэң* немесе *өлең*, *өнэр*, *өнер*, *өсім* деп айту жиі кездеседі.

Тек үндестік заңдары бойынша емес, қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары өзге сәттерде де орын алады. Мысалы, бір әуенмен (ырғақпен) айтылатын екі сөздің арасындағы (алдыңғы сөздің соңғы дыбысы мен келесі сөздің басқа дыбысы) дауыстылардың бірі “жұтылып” кетеді, дәлірек айтсақ, соңғысы алдыңғысын “жұтып” қояды. Мысалы, *Сары арқа* деген екі сөз бір әуенмен, яғни қосылып айтылуға тиіс, сондықтан оның дұрыс дыбысталуы – *сарарқа*. Сол сияқты *келе алмады* деген күрделі етістік те бір әуенмен айтылатын сөздерден тұрады, оның да орфоэпиялық суреті – *келалмады* болу керек. Бұлардың екеуінде де алдыңғы сөздің соңғы дауыстысы “түсіп қалып”, аралық тұста соңғы сөздің алғашқы дауыстысымен екі сөз қосылып айтылады.

¹ Строй казахского языка. Фонетика. - Алматы: Наука, 1991. - С. 70.

² Сонда, 73-бет

Сөздердің жазылған түрі (графема) мен дыбысталу (айтылу) сазы бірдей бола бермейтіндігі **и** әрпімен келген сөздерде де көзге түседі. Анығында, бұл бір таңбамен **ый, ій** деген дыбыстар қосындысы (тіркесі) таңбаланады: *сипат* – айтылуда: *сыйпат*, *сиыр* – айтылуда: *сыйыр*, *шикі* – айтылуда: *шійкі*, *ақ тиін* – айтылуда: *ақ тійін*. Жеке айтқанда **и** таңбасын жіңішке дыбыстаймыз. Екі-үш (көп) буынды сөздерде келген (жазылған) **и** әрпін жуан не жіңішке дыбыстау оңай, ол сол сөздегі өзге дауыстылардың ыңғайымен айтылады. Мысалы, *бір тиын* (ақша) дегенде, **и**-ді сөз ішіндегі **ы**-ға қарай жуан айтамыз: *тыйын*, *ақ тиін* дегенде келесі буындағы **і** жіңішке дауыстыға қарай **ій** етіп айтамыз: *тійін*. Ал бір буынды сөздерде жазылған **и** әрпін айтуда қиындық тууы мүмкін. Мысалы, *ми* деп жазылған сөз *мый* ма әлде *мій* ме? Мұндайда осы сөзге іштей қосымша жалғап көріп, егер ол жуан жалғанса (**мыйы+ма қонбайды**, **мый+ы жоқ** дегендер сияқты) *мый* деп айту керек болады. Сондықтан жазылуына қарап, **и** дыбысының жіңішкелігін еске алып, *мій* деп айтуға болмайды. Сол сияқты *бидай* деп жазылған сөздің алғашқы буынын жіңішке (*бий*), соңғысын жуан (*дай*) дыбыстау қазақ тілінің дыбыс әуеніне қайшы келеді, бұл сөздегі **би** буыны таза **бий** да емес, сондықтан болар, айтылуда бұл сөз көбінесе *бұйдай* түрінде келеді. Әрине, қазіргі жазуымызда бір әріппен әрі жуан, әрі жіңішке дыбыстар қосындысын таңбалау ұтымды болмай шықты. Әсіресе сөзді буындауда, соған қарай дұрыс тасымалдауда қиындық пайда болып отыр. Қазақ тілінің буындау тәртібі (заңы) бойынша екінші, үшінші буындар еш уақыт дауысты дыбыстан басталмауы керек, тек дауыссыздан немесе үнді (сонор) **у, й** дыбыстарынан басталуы тиіс: *қа-ла-лық* (*қал-ал-ық емес*), *тау-ық* (*тау-ық емес*), *қа-йық* (*қай-ық емес*). Мұны бұдан 80-90 жыл бұрын Ахмет Байтұрсынов жақсы көрсетіп, айтып берген-ді¹. Ал қазіргі емлеміз бойынша *сиыр*, *қиыр*, *тиын*, *тиін*, *тиіс* деген сөздерді қалай буындаймыз? Дұрыс буындалуы: *сы-йыр*, *қы-йыр*, *ты-йын*, *ті-йін* болуы керек. Ол үшін *сыйыр*, *қыйыр*, *тыйын*, *тійін* деп жазылуы керек еді. **И** дыбысының бір буынды сөздерде жуан не жіңішке айтылуының (яғни бұл әріптің **ый** немесе **ій** деген дыбыстар қосындысын таңбалауының) сөз мағынасын айыруда үлкен мәні бар. Сол себептен қазіргі емле ережелерімізде ескерту (ауытқу) ретінде *тый/ти*, *сый/си* деген сөздерді осы көрсетілген түрінде жазылады деп көрсетіп келеміз. Қалған тұлғалардың бәрінде **и** әрпі жуан дыбыстың да, жіңішке дыбыстың да таңбасы болып жазылатындықтан, бұл әріппен келген сөздерді дұрыс айтуда ұқыптылық қажет.

Сөз сазына келгенде, мәселе тек үндестік заңдарымен немесе дыбыстар кірігуі (жұтылуы) сияқты құбылыстармен шектелмейді. Ғылыми тұрғыдан келгенде, шешіліп (зерттеліп) жатқан, әлі де қарастырыла түсуге тиісті мәселелер аз емес. Әсіресе тіл-тілдің дыбыстар жүйесін машинаға салып бақылау барысында оны құлақпен есітіп қана талдау әдісі толымсыз екендігі айқындалып отыр. Мамандардың айтуына қарағанда, эксперименттік-фонетикалық әдіс дыбыстаудың құлаққа естілмейтін нәзік

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.

сәттерін тануға мүмкіндік береді, осының нәтижесінде құлақпен тыңдағанда тұтас дүние болып естілетін кейбір дыбыстар артикуляция (айтылуы) жағынан бірнеше элементтен тұратындығы байқалады екен¹. Сөздің жеке тұрғандағы дыбыстық құрылымы мен фраздағы құрылымында айтарлықтай өзгешелік бар екендігі тек қазақ тілі бойынша емес, өзге тілдердің материалдары бойынша да дәлелденуде. Зерттеуші Мұхаметжан Исаев қазақ тілінде сөздердің сөйлем ішінде орналасуы (айналасы) олардағы дауыстылардың айтылуына әсер етеді дейді².

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуде **дифтонгоидтық** деп аталатын құбылысқа ерекше назар аударылады. Бұл – е, о, ө сияқты дауыстылардың алдында й, у деген қосамжар дыбыстардың айтылуы (естілуі). Әдетте мектеп оқулықтары мен орфоэпиялық ережелерімізде е, о, ө дауыстыларының қосарланып дыбысталуы, яғни олардың алдында й, у қосамжар элементтерінің айқын байқалатын жері сөздің басында келуі деп айтылып жүр. Ал қазақ фонетикасын эксперименттік әдіспен зерттеуші маман Ә.Жүнісбековтің көрсетуі бойынша е дыбысының дифтонгоидтық сипаты дауыссыздан кейін тұрғанда едәуір әлсірейтіндігімен, мүлде жойылып кетпейді екен³, яғни *бес, бет, бер* сияқты сөздердің айтылуында да е дыбысы э-ге жуықтап емес, алдынан сәл й қосамжар элементі қатысатындығы машинаның (эксперименттің) көрсетуінен ғана байқалмайды, тіпті ауызша айту мен құлақпен естуде де байқалады. Мысалы, орыс тіліндегі *бес* (жын, сиқыршы) сөзі мен қазақ тіліндегі *бес* (сан) сөзін әр тілдің өз орфоэпиялық заңымен дұрыс айтып көріңіз. Зерттеушілер аталған дыбыстың дифтонгоидтық сипаты орыс тіліне қарағанда, әлдеқайда күшті болғандықтан, қазақ тіліндегі е дыбысымен келген кейбір есімдерді орысша таңбалауда оның естілуіндегі дифтонгоидтік сазы (*йе* болып айтылуы) әсер етіп, е-мен жазылуға тиісті тұстарында и әрпі жазылып кеткенін көрсетеді. Мысалы, Алматы маңындағы үстіне тау құлап, жоғалып кеткен *Есік* көлін *Иссык* деп, *Шелек* деген жер атауын *Чилик* деп жазылып жүргенін білеміз¹.

Қосамжар дыбыстар көрінісі, яғни протеза құбылысы **ы, і** қысаң дауыстыларының жазылу-жазылмау, соған орай айтылу-айтылмау мәселесін де қамтиды. Бұл мәселеге арнайы назар аударған зерттеушілер (Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, С.Кеңесбаев, И.Ұйықбаев т.б.) қолданылып жүрген емле ережелерімізде сөз ішінде және сөз басында ы, і әріптерінің жазылу-жазылмауында қайшылықтар бар екенін айтады. Шынында да солай. Әрине, сөздің жазылуы, яғни орфография ережелері – өз алдына бөлек

¹ Зиндер Р.Л. Общая фонетика. – Л., 1961. – С. 70.

² Исаев М.К. Фразовые модификации гласных в структуре казахского слова. - Сб. Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 92-97.

³ Джунисбеков А. Заметки о фонеме (е) в казахском языке. - Сб. Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 90.

¹ Сонда, 90-бет.

дүние, бірақ біз әңгіме өзегі етіп отырған сөз сазына, яғни орфоэпияға қатысы зор, әсері бар мәселе. Сондықтан емле заңдылықтарының бірізді болып келуі сөздерді дұрыс дыбыстауға жәрдемін тигізеді. Дегенмен сөз сазының, яғни графема мен фонеманың әрдайым үйлес келе бермейтіндігі белгілі, сондықтан қалай жазылса, солай оқу мүмкін емес болады. Қазіргі емле ережесі бойынша *сахна, рахмет, ресми* сияқты бес-он сөздің екі буынының ортасына **ы, і** әріптерін кірістірмей жазып жүрміз. Сондай-ақ *ерін, орын, халық, ауыл, әріп, көрік, құлық* сияқты сөздерге **-ым, -ың, -ы (-ім, -ің, -і)** деген тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары “сусып түсіп қалады” деп, олардың таңбаларын жазбаймыз: *орным, орның, орны, халқы, халқымыз, аулым, аулың, әрпі, көркі, құлқы (мінез-құлқы)* т.т. Ал осыған ұқсас екінші буыны **ы, і** дыбыстарымен келетін сөздердің енді бір тобында тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, **ы, і** әріптерін түсірмей жазып жүрміз: *дауыл – дауылы, қайыс – қайысы, бауыр – бауыры, ойын – ойыны, құйын – құйыны*. Екінші буыны **ы, і** дыбыстарымен келетін сөздер **қ, к** сияқты қатаң дыбыстарға аяқталған болса және тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, бұл қатаң дыбыстар ұяндап кететін болса, ол күнде **ы, і** дыбыстары түсірілмейтіндігі тіпті даусыз: *қайық – қайығы, түлік – түлігі, қорық – қорығы, көрік – ұстаның көрігі, қалып (форма) – қалыбы*. Мұндай сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, олардың соңғы қатаң дыбысы ұяндамаса, **ы, і** әріптерін түсіріп жазамыз: “әдемі жүз, шырай” мағынасындағы *көрік* сөзі тәуелденгенде, *көркім, көркің, көркі* болады, “мінез-құлық” дегендегі *құлық* сөзі *құлқы* болып тәуелденеді де, *құлақтың құлығы* дегендегі *құлық* сөзі *құлығы* болып өзгереді.

Дауысты дыбыстарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан тұратын немесе дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда, я болмаса дауыстыдан басталатын сөз тіркес құрай ұласа айтылғанда, қысаң **ұ, і** дыбыстары айтуда да, кейде жазуда да түсіп қалады: *жеті+еу – жетеу, қара+ағаш – қарағаш, сары+алтын – саралтын* (айтылуы).

Осы реттегі қысаң **ы, і** дыбыстары түсіріліп не сақталып жазылатын сөздердің қай-қайсысын айтуда да біздің “сусып түсіп қалады” деп жүрген құбылысымыз абсолюттік емес, яғни сөздің айтылуында **ы, і** дыбыстары мүлде “ғайып” болмайды, олардың сарқыншағы сақталады. Атап айтсақ, *ерні, халқы, ауру, уақтылы, қауіп, ойна* деп жазылған сөздер (айтылар-айтылмас, естілер-естілмес ілеспе-протезалық **ы, і** дыбыстарын жақша ішіне алып таңбаласақ) *ер[і]ні, хал[ы]қы, ау[ы]ру, уақ[ы]тылы, қау[ы]ны, ой[ы]на* болып айтылады. Тіпті *Сарағаш, Сарөзек, саралтын* сияқты **ы** дыбысы мүлде “жұтылып” кететін сөздердің өзін дыбыстауда да оның “ілеспе” түрі (орысша: призвук) сақталады: *Сар[ы]өзек, Сар[ы]ағаш, сар[ы]алтын*. Егер (бұл сөздерде **ы, і** қысаң дыбыстары мүлде “жұтылып” (сусып, жоғалып) кеткен болса, *ер//ні* (осылайша екі бөліп айтып көріңіз), *хал/қы, Сар//ағаш, сар//алтын* деп айтылуға тиіс болар еді.

Л, р әріптерінен басталып жазылып жүрген сөздердегі сөз басындағы ілеспе (немесе қосамжар) **ы, і** дыбыстары да назар аударады. Бұл күнде *лақ, рет, рас, ру, лас, лек* деп жазып жүрген сөздеріміз бір кездерде *ылақ, ірет,*

ырыс, ұру, ылас, ілек түрінде жазылып жүрді. Бұлайша жазудың, шынында да, қисыны бар еді, өйткені осы сөздердің алдында айтылуда ілеспе **ы, і** дыбыстарының бары даусыз.

Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, **р** дыбысы түркі сөздерінің басында келмейді. Көне түркі ескерткіштері тілінде кездесетін **р**-дан басталатын 50 шақты сөздің бәрі араб, парсы, санскрит тілдерінен енген кірме сөздер екендігі көрінеді¹. “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” (3-басылым, 1988) және осы “Анықтағышта” ұсынылған орфографиялық сөздікте **р** әрпінен басталып жазылып берілген сөздердің барлығы дерлік – кірме тұлғалар, басым көпшілігі *радар, радио, ракета, ревизор, рельс* сияқты орыс тілі арқылы енген сөздер, қалғандары – *разы, рақым, рақат, рәсуа, рия* сияқты араб, парсы сөздері, тек *ру, рет, рас, рай* тәрізді 5-6 тұлға ғана – *ұру, ірет, ырас, ырай* деген төл сөздердің жоғарғы топқа қолдан жетелеп әкеп қосылғандары.

Бұлардың барлығында, тіпті орыс тілі арқылы енген *радио, рельс, роман* сияқты сөздердің өзін қазақша сөйлеу актісінде айтуда сөз басындағы **р** дыбысының алдында ілеспе **ы, і** дыбыстары орын алады. **Л**-дан бастап жазып жүрген сөздеріміз де осы сияқты: көбі кірме сөздер (*лаборант, лазер, лексика*), ал араб, парсы тілдерінен еніп “қазақыланып кеткен” немесе қазақтың төл сөзі деп табылатын тұлғалардың да жазылуы қолдан жасалынды, сондықтан айтылуда *ылай, ылақ, ылау* болып айтылады. Бұл топтағы *лүп, лүпіл, лық* (толы), *лып-лып* сияқты **ү, ы, і** дыбыстарымен буын құрайтын сөздердің басындағы ілеспе дауыстылардың айтылу (естілу) сапасы (күші) алдыңғы топтан төмендеу екенін жай құлақпен де байқаймыз.

Сөздің жазылуы мен айтылуына келгенде, қайшылығы көрініп, біраз пікір таласын туғызып келе жатқан тұстың бірі – **ж, ш** дыбыстарынан кейінгі **а, ә** дыбыстарының орфограммасы мен орфоэпиясы. Тек қазақ тілі емес, жалпы түркі тілдерін зерттеген мамандар сөз басындағы **ш, ж (дж)** мен **й** дыбыстарының ортасында келген **а** дыбысы жіңішке айтылатындығын көрсетеді¹. Қазақ тілінде де солай: *шай, жай* және *жай* буынынан басталатын көп буынды *жайғасу, жайдақ, жайдарлы, жайнақы, жайнаң* т.б. сияқты сөздер *шәй, жәй, жәйдақ, жәйдарлы...* болып айтылады, ал *шай, жай* деген бір буынды сөздерге қосымша жуан жалғанады: **шәй+ға кел** (**шәй+ге кел емес**), **жәй+ы+ң+а қара** (**жәйіңе қара емес**). *Жай* дегеннен басталатын көп буынды сөздердің барлығы да – жуан сөздер, яғни екінші, үшінші... буындары **а, ы** жуан дауыстыларымен келеді. Осы заңдылықты ескеріп, емле сөздігінде *шай, жай* деген бір буынды сөздерді жуан **а** дыбыс әрпімен жазу ұсынылған. Соған қарамастан, айтылу (естілу) заңдылығына қарай осы сөздер жеке бір буынды болып тұрғанда, кейде тіпті оларға жуан

¹ *Талипов Т. Т.* К истории употребления фонемы (р) в тюркских языках. - Сб. Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979. - С. 158.

¹ *Щербак А.М.* Сравнительная грамматика тюркских языков. - Л., 1970.

қосымшалар жалғанып тұрған күннің өзінде *шәй, жәй, жәйдан-жәй, жәйгасу* деп жазу жиі кездеседі. Сингармонизм заңы бойынша, сөз тұтас не жуан, не жіңішке айтылуға тиіс болса, қазақ тілінде мұндай үндестік қатардың көрнекті түрде бұзылатын тұсы осы жерде тәрізді. Мысалы, *жайдақ шам* деп жазылғанды *жәйдақ шам* деп айтамыз, ал үндестік заңы бойынша бұл сөз не *жайдақ*, не *жәйдек* болып дыбысталуы қажет қой.

Қазақ сөздерінде сөз басында немесе ішінде келген **ж** дыбысының айтылуында да ескеретін жайт бар. Эксперименттік байқау қазақ әдеби тіл нормасында **ж** дыбысының таза аффрикат **дж** түрінде айтылмағанымен, **ж**-ның алдында өте әлсіз ілеспе **д** жаңғырығының барын айтады. Таза аффрикат **дж** қазақ тілінде диалектілік ерекшелік ретінде көрсетіледі. Бұл жөнінде кеңінен талданған еңбектер бар². Мысалы, қарақалпақтар арасында тұратын қазақтар сөз басында келген **ж** дыбысын **дж** деп айтатындығын (*джоқ, джігіт, джантақ*) көрсетеді. Бұл ерекшелік Қазақстанның оңтүстігіндегі кейбір аудандардағы қазақтар тілінде де ұшырайтындығы тіркелген. Мысалы, зерттеуші О.Нақысбеков Шу ауданындағы қазақтар тілінде **дж** аффрикат *джайлау, джауын, джүлде* сияқты сөздердің басында айтылса, **олжа, болджау** сияқты сөздердің ортасында қолданылатынын көрсетеді. Бұл құбылыс Сарысу ауданы тұрғындарында (С.Омарбеков), Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент, Семей облыстарының кейбір аудандарындағы, Моңғолиядағы қазақтар тілінде де байқалады (Ж.Досқараев). Ал әдеби тіліміздің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздің басындағы да, ортасындағы да **ж** дыбысы таза, айқын дыбысталатын **дж** аффрикаты болып емес, жалаң **ж** (тіпті алдында өте әлсіз **д** жаңғырығы болған күннің өзінде де) дыбысы болып айтылуға тиіс, яғни **ж**-ның алдынан жоғарыда көрсетілген жергілікті жердегідей **д** қосалқы дыбысы айқын айтылмайды.

Қазақ тіліндегі **ш** дыбысынан басталатын сөздердің **ч**-мен айтылуы (*чал, чатақ, чырақ*) да осы іспеттес: ол да – диалектілік ерекшелік. Сөз басында **ч** дыбысын айту Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс өңірі мен Моңғолия, Шыңжан өлкелеріндегі қазақтардың сөйлеу тілінде орын алады. Ал әдеби тіл нормасы бойынша қазақ сөздері тек **ш** дыбысымен айтылады: *шал, шатақ, шырақ*. Сөз ортасында және соңында келген **ш** дыбысының осы түрінде айтылуында тіпті дау жоқ: *ақша (ақча емес), қанша (қанча емес), қалаш (қалач емес), күш (күч емес)*. Бұл заңдылық тіпті жергілікті жерлерде сөз басында **ч**-мен сөйлейтіндердің тіліне де тән.

Сөз сазын, орфоэпиялық норманы әңгіме еткенде, қазақтың өз тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес, тек кірме сөздерде жазылатын **в, ф, х, ь, ц** таңбаларын дыбыстау жайына тоқтауға тура келеді. Бұлардың ішінде **ь** таңбасы тек араб, парсы тілдерінен енген сөздерде ғана, ал **х, ф** әріптері араб, парсы тілдері мен орыс тілі арқылы енген сөздерде жазылып жүрсе, **в,**

² Жүнісбеков Ә., Нұрмагамбетов Ә. Қазақ сөйленістеріндегі “дж” аффрикатының қолданылуы. – Сб. Вопросы казахской фонетики и фонологии. – Алма-Ата, 1979. – С. 232-237.

ч, ц, щ-мен тек орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздер мен орыстың өз сөздерінде жазылады. Бұл сөздерді, әсіресе орыс тілі арқылы енгендерді қазақ тілінде негізінен сол әріптер белгілеп тұрған дыбыстарды өзгертпей айтқан жөн: *вагон* (*бәгөн* емес), *факультет* (*пәкултет* емес), *химия* (*қимия* емес), *гауһар* (*гауқар* немесе *гаухар* емес), *цирк* (*сирк* емес): **щ** әрпімен келген сөз қай тілдің сөзі болса да **ш** дыбысымен айтылады: *училищe* (*училище*), *аишы* (*аищы*), *тұишы* (*тұищы*). Сөйлеу үстінде **һ, х** дыбыстарымен келген араб, парсы сөздері қазақша **қ** дыбысына жуық айтылу фактісі жиірек кездеседі, бұл да қате емес, біріншіден, оның себебі бұл дауыссыздардың қазақ тіліне тән емес екендігінде болса, екіншіден, **һ, х** дыбысты көптеген араб, парсы сөздерінің ертеректе енген не **қ**-мен айтылып кеткендігіне немесе олардың түсіп қалу дәстүріне байланысты. Мысалы, *хаким* сөзі *әкім* болып, *һәр* сөзі *әр*, *һәм* шылауы *әм*, *рахим* сөзі *рақым*, *Зухра* жалқы есім *Зура* (*Зәуре*), *Зере* түрінде қалыптасқаны бұл күнде тарихи дәстүрмен *Ахмет*, *Мұхит*, *сахна* деп жазып жүрген сөздерді *Ақымет*, *Мұқыйт*, *сақына* деп айтуға ерік береді.

Демек, сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бірдей түсе бермейді екен, яғни сөз қалай таңбаланса, сол таңбаларды ғана сақтап айту әрдайым шарт та емес, мүмкін де емес. Әрине, қазақ тілінде жазылуы бойынша айтылатын сөздер де аз емес. Мысалы, *ара*, *ала*, *алау*, *аламан*, *алмақ*, *алғы*, *алғашқы* деген сияқты сөздердің жеке тұрғандағы айтылуы олардың таңбалауымен бірдей.

Міне, қазақ тіліндегі сөз сазының басты-басты құбылыстары жайында жалпы таныстыруды осымен аяқтауға болады. Әрине, бұл жерде біз қазақ орфоэпиялық заңдылықтарын бастан-аяқ түгел баяндап отырған жоқпыз, өйткені бұл заңдылықтардың норма ретіндегі көрінісі осы кітапта ережелер түрінде түгелге жуық ұсынылады. Мұнда көзделген мақсат – тілдің сөздік қазынасы (лексикасы), грамматикасы, дыбыстық жүйесі (фонетикасы), жазу жүйесі (орфографиясы) салаларында өздеріне тән заңдылықтары болатыны сияқты, сөздерді дұрыс айтудың да, дұрыс дыбыстаудың да (орфоэпияның да) табиғи тәртібі, нормалары болатындығына назар аударту.

Өзге салаларға қарағанда, орфоэпия мәселелері назарға кешендеп ілініп отыр. Оның да себептері бар. Тіл-тілдің қай-қайсысында да орфоэпиялық нормаларды арнайы сөз ету, яғни оларды көрсету, зерттеу, реттеу кешендеп қолға алынады, өйткені ұлттық әдеби тіл әбден қалыптасып, барлық адамдарға, тіл қолданысының барлық саласында, сол ұлт мекендеген барлық өлкеге ортақ, бірдей болған күнде ғана сол тілде ауызша дұрыс сөйлеудің нормасы, оның ішінде орфоэпия тәртіптері баршаға түгел міндетті сипат алады. Қазақ тілінің сөз сазының орфоэпиялық жүйесін арнайы сөз ету кейін, үстіміздегі ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап қолға алынды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 60-жылдардың соңғы кезінде “Тіл мәдениеті” деген бөлім ашып, белгілі ғалым М.Балақаев қазақ тілінің сөз мәдениетін, орфографиясы мен орфоэпиясын зерттеуге басшылық етті, өзі де “Қазақ тілінің мәдениеті” (1971), “Қазақ әдеби тілі және оның нормалары” (1984) атты еңбектерді

жарыққа шығарды, бөлім қызметкері Қ.Неталиева “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін” құрастырып, ол 1977 жылы жұртшылық қолына тиді. М.Дүйсебаева “Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері” атты еңбегін 1973 жылы ұсынды, мектепке арналған “Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі” (1981) шықты. 1983 жылы және 1995 жылы біз “Сөз сазы” (сөзді дұрыс айту нормалары) атты арнайы кітапша шығарып, оны мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттеріне, сахна қайраткерлері мен радио, теледидар дикторларына, комментатор мен журналистерге нақты құрал ретінде ұсындық. Онда тұңғыш рет қазақ тілінің орфоэпиялық ережелері берілді. Бұл ережелер қолданбалылық (практикалық) мақсатта түзілді, сондықтан көрсетілген қағидаларды жаттықтыратын мысалдар мен тапсырмалар беріліп отырды.

СӨЗ САЗЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДЕГІ МАҢЫЗЫ

Сөз сазы дегеніміз сөйлеу актісінде сөз ішіндегі немесе сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі өз ыңғайына иіп айтылуы болса, ол, бір жағынан, сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетуге, әр алуан кедергіні кемітуге ұмтылуын көздейді, екінші жағынан, сөз сазы айтылған сөздің тыңдаушы құлағына жұмсақ тиіп, сөзге әуенді үн береді.

Тілдің мұндай үйлесімді үндестігін және құлаққа жағымды әуенділігін өлең тілі шебер пайдаланады. Мысалы, өлең жолдарындағы сөздердің буындарын жеке-жеке санағанда, сол өлеңге тиісті өлшемнен артық шығуы мүмкін, бірақ айтылуда дыбыстар үндестігіне сай, өлеңнің әр жолының (тармағының) дәл 7-8 немесе 11 буын болып шығатыны еске алынады, я болмаса, керісінше, кейбір сөздерге артық буын қосылып айтылатыны ескеріледі. Айталық, Біржан салдың “Жанбота” деген өлеңі 11 буынды өлшеммен құрылған. Оның:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің –

деген жолдарындағы сөздерді жеке-жеке алып

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

буындап санасақ: *Жан-бо-та о-сы ма е-ді өл-ген же-рім* болып 12 буын шығады. Ал айтылуда ортадағы сөздер *осымеді* болып *ма* деген буынның соңғы дауыстысы мен одан кейін келген *еді* сөзінің басқы дауыстысы кірігіп, *ма-е-ді* деген үш буынның орнына *ме-ді* болып екі буын айтылғандықтан, осы өлеңнің өлшеміне сай 11 буын шығады. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің аралығындағы екі дауыстының бірі “жұтылып”, өлең өлшемі дәл шығатын мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, Абайдың:

Аласы аз, қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын, –

деген өлең жолдарының алғашқысы жазуда 12 буын болғанмен, алдыңғы сөздің соңғы ы дыбысы мен келесі сөздің басқы а дыбысы кірігіп, *аласаз* болып айтылады да, өлең өлшемі дұрыс шығады. Өлең жолдарындағы бір ырғақты сөздердің арасындағы екі дауыстының бірі әрдайым “жұтыла” бермейді: егер буын саны дәл келсе, мұндай екі сөз бірінің соңы, екіншісінің басындағы дауыстыны кіріктірмей, олар сақталып айтылады. Мысалы, Абайдың:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен, –

деген өлең жолдарындағы *көркі енеді* деген сөздер қатар тұрғанмен, бірінші (*көркі*) сөздің соңғы дауыстысы да, екінші (*енеді*) сөздің басқы дауыстысы да жеке-жеке айтылады, өйткені өлеңнің бұл тармағы осы тұрысында 11 буынды, оларды кіріктіріп айтса, 10 буын болып, өлеңнің өлшемі де, ырғағы да бұзылады.

Кейде өлшемге қажет буын саны жетпей тұрса, “жедел жәрдемге” ы, і дыбыстары “шақырылады”. Мысалы:

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес, –

деген өлеңдегі бірінші тармақтың жолдарын жазылуы бойынша санасақ, 10 буын, сондықтан бұл өлең айтылуда: *ба-йа-на-уыл ба-сы- нан бұ-лыт кет-пес* болып, *бұлт* сөзі *бұлыт* болып дыбысталады. Бұл – алдыңғы екі дауыстының біреуінің “жұтылып” кетуіне қатысты құбылысқа қарағанда әлдеқайда сиректеу кездеседі, дегенмен қазақ өлеңінің сазында орын алатынын айтуға болады.

Қазақ поэзиясы **ассонанс** пен **аллитерация** деп аталатын дыбыстар біркелкілігінен туатын құбылысты да стильдік мақсатпен кеңінен пайдаланады. Өлең жолдарында немесе қатар келген сөздердің басында, мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде, монологтерде, мақала, кітап т.б. аттарында, газет-журналдардың айдарларында немесе тақырып аттарында, қысқасы, текст ішіндегі сөздер біркелкі немесе бір-біріне жуық (мысалы: **т - д , б - п , с - з** сияқты дыбыстар) дауыссыздардан басталып келсе, ол **а л л и т е р а ц и я** деп аталады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың “Жастық” атты өлеңінің мына шумағына назар аударалық:

Жастық менің **жаныма** **жыр** байлады,
Жастық мені **жалтартпай**, **шыңға** айдады,
Жастық мені **шыңдады**, **шынықтырды**,
Жастық **шіркін** өмірді **шын** ұқтырды.

Мұнда **ж** және **ш** дыбыстарынан басталатын бірқатар сөз шоғырланған. Екінші мысал Қуандық Шаңғытбаевтан:

Кімде жоқ **к**ірбің **к**өңіл, **к**үрсін арман,
Кейде мен **ш**ығай маңып, үн **ш**ығарман.
Кей уақыт **к**өңіл шіркін **к**өкке **ш**алқып,
Күндер **к**өп **к**үмбірлетіп, **к**үй **ш**ығарған –

деп алынған өлең жолдары **к** және **ш** дауыссыз дыбыстарынан басталатын сөздерді қатыстыру арқылы жасалған. Мұнда осы шумақтың әр тармағы **к** дыбысынан басталатын сөздермен келген. Өлеңнің жеке шумақтарының немесе кейбір шағын өлеңнің бірінші сөзі тұтасымен бір дыбыстан басталатын сөздерден құралатынына Абайдың інісі Оспанның өліміне шығарған “Жайнаған туың жығылмай” деп басталатын шағын өлеңін келтіруге болады. Бұл өлеңнің 16 тармағы (жолы) түгелімен **ж** дыбысымен келген сөздерден басталады:

Жайнаған туың **ж**ығылмай,
Жасқанып **ж**аудан тығылмай,
Жасаулы **ж**аудан бұрылмай,
Жаужүрек **ж**омарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын **ж**үрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай **ж**айлау дәулетің,
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап **ж**атқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары **ж**үзің **ж**абылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге **ж**алынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай!

Мұнда **ж** дыбысы тек жол басындағы сөздерде ғана емес, тармақ ішіндегі сөздерде де келіп отырады: *ж*айнаған туың *ж*ығылмай, *ж*асқанып *ж*аудан тығылмай, *ж*асаулы *ж*аудан бұрылмай т.т.

Аллитерацияның құлаққа жағымды саздық қызметін мақал-мәтелдер де жақсы пайдаланады. Мысалы, “Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар” деген мақал **қ** дыбысынан басталатын сөздерді шоғырлап, белгілі әсер беріп тұр. “Көппен көрген ұлы той” деген мәтелді *елмен көрген, жұртпен көрген, халықпен көрген* деп ауыстырып айтуға болмайды, өйткені мұнда *көппен көрген* деген сөздер аллитерацияны пайдаланғандықтан, құлаққа жағымды, айтуға жеңіл, еске сақтауға қолайлы мәтел болып тұр.

Қазақтың атақты билерінің сөздері көбінесе аллитерациялы болып келеді. Мысалы, “Төле би айтыпты” деген сөздерден: “Батыр деген – барак

ит, екі долы қатынның бірі табады, би деген – бір бұлақ, қатынның ілуде бірі табады” деген шешендікте *батыр*, *би* деген сөздеріне **б** дыбысынан басталатын *барақ*, *бұлақ* деген теңеулер алынған.

Осы құбылыс дауысты дыбыстарға қатысты болып келсе, *ассонанс* деп аталады. Бұл да қазақ тілінде орын алады. Бұған классикалық мысал ретінде Махамбеттің атақты “Ереуіл атқа ер салмай” деп басталатын өлеңін келтіруге болады. Мұнда өлеңнің әрбір тармағы **е** дыбысынан басталатын сөзбен келеді. Сондай-ақ ақындар өлеңнің бір жолында біркелкі дауыстыдан басталатын сөздерді алу арқылы да ассонанс тәсілін қолданады. Мысалы, Фариза Оңғарсынованың:

Айналайын, ауылдың адамдары-ай,
Сендер барда бұзылар заман қалай? –

деген өлең жолдарында **а** дауысты дыбысымен ассонанс жасалып тұр.

Аллитерация мен ассонанс құбылыстары тек үн сазын келтіру үшін ғана емес, айтылмақ ойға екпін түсіру, ақынның көңіл күйін білдіру сияқты стильдік қызмет те атқарады. Мысалы, Жамбылдың Алғадай деген баласы Ұлы Отан соғысында қаза тапқанын естігенде:

Алатауды айналсам
Алғадайым табам ба?!
Сарыарқаны саедалсам
Саңлағымды табам ба?! –

деп күңірену үстінде *Алатауды айналсам, Алғадайым... Сарыарқаны сандалсам, саңлағымды...* деп ассонанс пен аллитерация жасап, *Алғадай, саңлақ* сөздеріне екпін түсіріп, әке зарын мейлінше әсерлі етіп беріп тұр. Біркелкі дыбыстарды не буындарды таңдап, қатар тұрған сөздердің басында не ортасында келтіру айтылмақ ойға әсерлі өң беріп, образ жасауға да қатысады. Мысалы, Мұхтар Әуезов “Еңлік-Кебек” пьесасындағы Абызды сөйлеткенде: “Сыбдыр сөзбен шығарып сап, сынайын деп кепсің ғой, көлгір сөзбен көлденең болғың кепті ғой” деп, **с**, **к** дыбыстарын ойнатады. Демек, бұл рөлді ойнаушы актер аллитерация жасап тұрған дыбыстарды ерекше мәнерлеп айтса, құба-құп болар еді. Екінші мысал: “Қарагөз” пьесасындағы Сырымның сүйген жары жынданып кеткен сәттегі ышқына күйінген образын беру үшін, оның монологіне **с**, **з** дыбыстары бар сөздерді шоғырлап келтіреді: “Өсер..., өсер..., не өсер?. Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен. Сор өсер, ар өшер! Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның астында!”. Мұнда да дыбыстардың айтылуы ерекше қалыптасып, жай сөйлеу нормасынан өзгеше болуы керек, яғни **с**, **з** дыбыстарын өзге дыбыстардан бөліңкіреп айтқан абзал, сонда ыза, қайғы, зар бұған кейіпкердің образы айқындала түседі.

Сөйтіп, көркем әдебиет пен сахна өнері сөз сазына, сөздердің дыбысталу сипатына бейтарап емес екендігі байқалады. Сондықтан бұл

жайтқа көркем әдебиетті оқытып үйрететін мектеп мұғалімдері мен сахна шеберлерін: актерлер мен әншілерді, көркем сөз айтушыларды тәрбиелейтін оқу орындарының ұстаздары мен режиссёрлар назар аударулары шарт.

СӨЗ САЗЫ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖАЙЫ

Сөзді дыбыстау, яғни дұрыс айту нормалары барлық сәттерде бірдей, ешбір бұлжымайтын нәрсе емес. Жалпы ауызша сөйлеудің, яғни сөзді ауызша жеткізудің екі типі бар: бірі – сөздерді толық әуенмен (ғылымда ол “толық стиль” деп аталады) айту, екіншісі – әдеттегі сөйлесу әуенінде айту. Сөздерді толық әуенмен айтқанда, оларды нақпа-нақтап, бір-бірімен аса жымдастырмай, кейде сөз аяғын созып, әр сөзді тыңдаушыға мейлінше анық етіп жеткіземіз. Бұл әуен митинг сияқты аса көп жұрт жиналған жерлерде қолданылады, өйткені митингілерде мыңдаған адамға қарата айтылатын сөз өте маңызды болғандықтан, ол сөздің барша тыңдаушыға барынша түсінікті болып, мейлінше анық естілуі көзделеді. Сондай-ақ айтылмақ сөзді (ойды) тілі жаңа шығып келе жатқан сәбиге немесе сол тілді әлі әбден меңгермеген өзге ұлт өкіліне түсінікті етіп білдіру үшін де толық айту мәнерін қолданамыз. Бірақ өмірде сөздерді толық айту мәнерінен гөрі сөйлесу әуені әлдеқайда жиі қолданылады. Бұл мәнерде сөздер аса шапшаң емес, бірқыдыру баяулата, бірақ дауыс ырғағы жағынан топтастырыла, бір-бірімен қиюластырыла айтылады. Театрларда, радио мен теледидарда, топ алдына айтылатын (оқылатын) лекция-баяндамаларда сөз айтудың осы әуені пайдаланылады.

Сөйлесу мәнерінің өзі де біркелкі емес. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады. Мысалы, радио мен теледидардан берілетін мемлекеттік, халықаралық маңызы аса зор ресми хабарлар көбінесе салтанатты әуенмен беріледі. Пьесаларда да белгілі бір жағдайға (ситуацияға) орай кейбір монологтер немесе тіпті бір-екі ауыз сөз де көтеріңкі үнмен айтылуы мүмкін. Бірақ қай-қайсысында да тыңдаушыға түсінікті болып шығатын айқындықпен қатар, сөздердің сөйлеу актісіндегі бір-біріне ететін әсері, дыбыстардың бір-бірінің ыңғайына қарай үндесіп, үйлесіп айтылуы қатаң сақталуға тиіс. Бұл талап әншілер мен актерлерге, дикторлар мен комментаторларға, мұғалімдер мен лекторларға және жиын-жиналыстарда сөйлеушілерге, баяндамашыларға қойылады.

Сөздердің бір-бірімен үндесетін дыбыстық заңдарының күші барлық жерде: күнделікті сөйлеу тәжірибесінде, мектеп оқушылары мен студенттердің сабақ үстіндегі сөйлегендерінде, беретін жауаптарында, драма, комедия, трагедия сияқты пьесаларда ойнағанда, тақпақ айтқанда, кинода, радио мен телехабарларда, жиналыстар мен митингілерде сөйлегенде бірдей болғанмен, әр жанрдың, тіпті бір жанрдағы әр шығарма түрінің, әр жағдайдағы сөйленген сөздің айтылу мәнерінде

айырмашылықтар болады. Мысалы, сөз дыбыстарын “ойнатып” әрі белгілі бір өлшеммен жазылған, мақал, мәтел, фразеологизмдерге бай “Еңлік-Кебек”, “Қара Қыпшақ Қобыланды”, “Айман-Шолпан”, “Қарагөз” пьесалары (бәрі де Мұхтар Әуезовтікі), Ғабит Мүсіреповтің “Ақан сері-Ақтоқты”, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” пьесалары, Қалижан Бекхожиннің “Ұлан асуы”, Тахауи Ахтановтың “Ант” драмасы, С. Сыматаевтың “Зар заман” пьесаларының сөздерін айту мен біздің күндеріміздің тақырыптарына арналған пьесалардың сөздерін айтудың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Алдыңғылардың тілі дыбыстар гармониясын (сазын) көбірек талап етеді, сөздің музыкалығын, әуезді болуын қалайды. Олардағы ырғақтық-мелодикалық топтардың өзі тілімізде әбден қалыптасқан, сөздері бір-бірімен ұйқас, өлшем дегендермен “цементтелген”, яғни жымдасқан, үндескен болып келеді. Мысалы, “Еңлік-Кебектегі” Көбей мен Еспембеттің айтысын алайық. Мұндағы курсивпен теріліп көрсетілген сөздердің айтылуына назар аударыңыз (жазуда бүкіл тексті мүмкіндігінше транскрипциялап көрсетуге тырыстық, дегенмен сөздердің сөйлеу актісіндегі дыбысталуын таңбалармен білдіру өте қиын, яғни транскрипцияда сөздің жазылуы мен айтылуы айна-катесіз дәлме-дәл түсе бермейді):

*Еспембет. Тобұқтұ / шайалығыңды зылдыңба / білегі
жсұуандығыңды зылдыңба / алалы жылқы / ақтылы зойұн / жосұлтұб
алдың // ата зонұсұнан / іргесін аудардың / ай дер ажса / қой дер қожса /
болған жоқ // жетіботұрған жесірімді / бір тентегің/ат сауұрұна салыб
әкетіб отұр // ағайын // ұзұнда өштү / қысқада кектімессің // бітім сұрап /
кісі салсам / бақайыңнан гелтірмейсің //*

*Көбей. Еспембет / кеден кедем болт / кедергі недем болт / деб
отұрсұң ... қой асығын / қолұңап / қолайыңа жақса / сақа зой // саптайаққа /
ас құйұп / сабынан /қарауұл гарайтын болсаң / мем бйілік айтпайым//.*

Бұл үздіктердегі тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) мен мақал-мәтелдер курсивпен көрсетілді. Бұлар текстің белгілі бір өлшеммен, ырғақпен айтылуына жәрдемдесіп, айтысушы билер сөзін құлаққа жағымды сазбен жеткізеді.

Тұтасынан өлеңмен, оның ішінде ақ өлеңмен де (ақ өлең дегеніміз – ұйқасты, ырғақты сөз орайымен берілген мәтін) жазылған пьесалар тілінің музыкалылығы тіпті күшті болады. Ал жай диалогтермен берілген, яғни кейіпкерлерін әдеттегі ауызекі тілмен сөйлеткен пьесаларда бұл кейіпкерлер, сөз жоқ, Еспембетше, Абызша, Көбейше немесе Ақан сері мен Ақтоқтыша сөйлемейді. Әрине, қалыптағы тұрмысқа сай сөйлегенде де мақал-мәтелдер мен айшықты сөз тіркестерін қолданамыз, бұл – пьесаларда да орын алады. Дегенмен Еспембеттің сөзі мен қазіргі бір инженердің немесе “қаладан келген қылжақпастың” сөзі ішінде мақал-мәтел, ырғақты тіркестер болғанмен, олардың сөздері дыбысталуы мен сазы жағынан бірдей айтылмайды.

Бұдан өткен замандардағы кейіпкерлердің сөзін айту қиын, қазіргі адамдардың сөзін айту оңай деген тұжырым шықпайды: әңгіме кейіпкердің

қай кездің адамы екендігінде емес, пьесаның жанрлық ерекшелігінде, қай стильде ұсынылғандығында. Романтикалық стиль көбінесе көтеріңкі сазбен, белгілі бір ырғақпен айтуды қалайды. Ал бүгінгі күнделікті өмір тақырыбына жазылған пьесалардағы кейіпкерлердің дені әдеттегі сөйлеу үнін ұстанады. Әрине, қазіргі сөйлеу тілімізде де белгілі нақышқа келтіре ерекше айтатын тұстар аз емес.

Қысқасы, бұл айтылғандардан актерлер сахна сөзінде өздері ойнайтын әр пьесаның жанрлық-стильдік сипатын, кейіпкердің образын қатты ескерулері қажет. Қай заманды суреттеген шығарма болмасын, қай тақырыпқа жазылған пьеса болмасын, қай жанрдағы өлең мен мәтін (тақпақ, терме т.т.) болмасын – барлығы да қазақ сахнасы мен киносынан, радиосы мен теледидарынан көркем сөздің құлаққа жағымды келіп, табиғи түрде айтылуы (дыбысталуы) талап етіледі.

Сөзді дұрыс жазу (орфография) сияқты, дұрыс айту да (орфоэпия да) – әдеби тілдің бір қыры. Екеуінің де міндеті – тілді әркім өз қалауынша, өз білгенінше жұмсамай, оның көпшілікке ортақ барша заңдылықтарын сақтап пайдалану болып табылады. Ондай ортақтық пен ыңғайлылық үшін белгілі бір орфоэпиялық нормалардың болуы заңды да, міндетті де. Ол нормаларды қатаң сақтау, жетілдіру, орнықтыру – қазақ тілінде сөйлейтін барша жұрттың (әр адамның) борышы. Әсіресе бұл абыройлы міндет мұғалімдер мен мәдениет қызметкерлерінің, сахна қайраткерлері мен әншілердің, жиналыс, жиындарда шығып сөйлеушілердің, дикторлар мен жалпы радиодан, теледидардан сөйлеушілердің алдында тұрады. Бұлар тіл мәдениетінің бір ұшы – сөзді дұрыс айту заңдылықтарын (ережелерін) берік ұстанып, оларды қалың жұртшылыққа жаюшылар, орфоэпиялық нормалардың жоқтаушылары болулары тиіс.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда бұл талап толық орындалып отырған жоқ. Сөзді (ойды) ауызша айтуда әрқилы себептерден болып жатқан қателіктер мен жайсыздықтар орын алып келеді. Солардың ішінде ең жиі кездесетіні – қазақ тілінің дыбыс жүйесінің табиғи тәртібі болып саналатын үндестік заңдарын сақтамай, сөздерді қалай жазылса, солай оқу (айту) немесе сөздің жеке тұрғандағы тұлғасы қандай болса, сол күйінде айту қателігі. Мысалы, қ, к, п сияқты қатаң дыбыстарды қажет жерінде ұяңдатпай айту жиі ұшырасады. Соның салдарынан *күңгөрүү, негерек, аздаңгейін, құрғол, ағала* болып айтылуға тиіс сөздерді жазылуынша *күнкөру, некерек, азданкейін, құрқол, ақала* түрінде айтушылық етек алып барады (бұл сөздер бір ырғақпен айтылатын топтар болғандықтан, біріктіріп жаздық, әйтпесе олардың жазылуда *күн көру, не керек, аздан кейін, құр қол, ақ ала* болып, бөлек-бөлек таңбаланатыны аян). Сондай-ақ *балгер, саудагер, шай, Жәмила* деп дыбысталуға тиіс сөздерді жазылуынша *балгер, саудагер, шай, Жәмила* деп айтушылық та жоқ емес.

Бұл күнде сөз сазына қатысты қиындықтың көзге түсетін және бір тұсы – о, ө, е дауысты дыбыстарының қазақ сөзінің басында келгендегі айтылуы. Қазақ сөздерінің басындағы осы дыбыстардың алдында қосамжар у, й дыбыстары айтылуы керек болса, бұл заңдылықты сақтамай, сөздерді

“орысша” айту байқалады: *отан* сөзінің қазақша айтылуы *уотан* болуы керек, *ел* сөзі орысша айтсақ, *эль*, қазақша дұрыс айтар болсақ, *йел*. Сол сияқты сөз басында немесе бірінші буында келген *о*, *ө*, *ұ*, *ү* еріндік дыбыстарының келесі буындардағы *ы*, *і*, *е* деген езулік дауыстыларын өздеріне ұқсатып айтқызатыны да ескерілмей, сөздердің жазылуынша оқылуы орын алып келеді. Мысалы, *құрұқ*, *күлүмгөз*, *күмүс* деп айтылуға тиіс сөздерді *құрық*, *күлімкөз*, *күміс* деп айту әсіресе жастардың тілінде жиі кездеседі.

Дикторлар мен хабар, концерт жүргізушілердің, оқушы жастардың сөз сазындағы тағы бір қатесі сөздердің ешбір дыбысын түсірмей, әр сөзді немесе біріккен сөз, қос сөздердің әр бөлігін (компонентін) бөліп-бөліп айтатын тұстарында көзге түседі (дәлірек айтсақ, құлаққа шалынады). Мысалы, *Құрман газының күйі Сары арқа*, *Ықыластың күйі Кері толғау*, *Мұхиттың әні Кіші айдай* деп, ән-күй аттарын (білдіріп тұрған екі сөздің әрқайсысын бөлек-бөлек айтатын конференсьелер мен дикторлар жоқ емес. Әрине, олардың бұл әрекеттегі ниеттері адал, өйткені бұл орайда шығарма аттарын тыңдаушыға анық етіп жеткізсем дегенді көздейтін болар. Бірақ сөздің түсінікті, анықтығы әр сөздің жеке-жеке айтылуынан шықпайды. Сондықтан жоғарғы ән-күй аттары қазақ құлағы кәнігі түрде қабылдайтын *Сарарқа*, *Кертолғау*, *Кішайдай* деген әуенде, яғни екі сөздің аралығындағы дауыстылардың бірінің “жұтылып” кеткен түрінде айтылуға тиіс, себебі *Сарарқа* атауы *сары* және *арқа* деген сөздердің жеке-жеке мағыналарынан хабар бермейді, екеуін қосып (тіркестіріп) айтудан жаңа сөз – жер атын білдіретін жалқы есім болып тұрғанын нысанаға алу қажет.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларының бұзылуына себеп болатын факторлардың және бірі – сөзді ауызша айтудағы жазба тілдің, жазудың ықпалы, яғни сөзді жазылуынша оқу дәстүрі.

Әдеби тілді дамытуда, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде, лексика-грамматикалық және орфографиялық нормаларын қалыптастырып, көпшілікке жаюда жазудың рөлі зор екені мәлім. Жазу – бұл күнде әдебиеттің барлық түрін таратудың басты құралы. Осындай орны ерекше жазудың сөзді дұрыс айту саласына келгенде, ескеретін бір жайы бар. Ол – сөздің жазылуы оның дыбысталуымен, әсіресе сөйлеу актісінде айтылуымен әрдайым сайма-сай келе бермейтіндігі. Сөзді дұрыс жазу бар да, дұрыс айту бар, яғни сөздің орфографиялық нормалары бар да, орфоэпиялық нормалары бар. Бұл екеуінің дәлме-дәл түсетін сәттері де аз емес. Мысалы, сөздердің қалай жазылса, солай оқылатын жерлері болады. Айталық, *кіндігімнің жас қаны тамған жері – аулым* деген өлең жолының бірер сөзінен (*аулым – ауұлұм*) басқасы осы жазылған түрінде айтылады. Мұнда дыбыстары бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі сәл өзгертетін орындар жоқ. Ал көптеген жағдайда сөздер жазылуынша айтылмайды (оқылмайды). Мысалы, Абайдың:

*Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай мен күн шағылса да, –*

деген өлең жолдарын дәл осылай жазылғанынша оқу (айту) өрескел қате болар еді, яғни “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиюдің” орнына құлақты кесіп, түрпідей тиер еді. Мұнда дыбыстардың айтылуда бірін-бірі өз ыңғайына көндірген сәттері бар, сондықтан:

Жарқетпес / қарагөңүлүм/ негылсада //

Аспанда / айменеңгүн / шагылсада //

түрінде оқылып, жазылуы мен айтылуында айырмашылық болады. Бұл жерде сөздерді соңғы көрсетілгендей айтылуынша жазу қандай қате болса, жазылуынша оқу (айту) сондай қате болып шығады.

Сөздерді жазылуынша оқудың өзі де себепсіз емес. Оны тек жауапсыздықтан немесе білместіктен деуге болмас. Радио мен теледидар тыңдаушыларына, оқушылар мен студенттерге, жиын-жиналыстарға қатысушылар сияқты қалың көпшілікке қарата айтылған сөздің неғұрлым түсінікті, айқын болуын дiттеймiз, ал сөздердi нақпа-нақтап жеке-жеке айтқанда, олар анығырақ естіледі де, түсініктірек болып шығады. Анығы – анық, бірақ бірді іздеп, екіншіні жоғалтып аламыз: анықтық бар, сөз сазы жоқ. Мұндайда ой болады және ол ойды білдіріп тұрған сөздер жеке-жеке түсінікті, анық болады, бірақ олардың бір-бірімен қиюласқан үйлесімі жоқ болып шығады. Бұл – сөздерді қазақша айту емес, қазақша тізбектеп өту болып шығады. Алдымызда тілдің өзі емес, фотосуреті көрсетілгендей әсер етеді, өйткені ғалымдардың біреуінің тауып айтқанындай, жазу – тілдің фотосуреті іспетті, ал нағыз тілдің өзі – оның сөйлеу барысындағы көрінісі.

Кейбіреулер актер мен әншілердің, дикторлардың, оқушылардың және жалпы көпшіліктің ауызша тіліндегі жоғарыдағыдай қателіктерінің басты себебін қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктеріне байланыстырып, содан іздейтін сияқты. Бұл – дұрыс емес.

Сөз жоқ, қазақ тілінің кейбір дыбыстарының айтылуына қатысты жер-жерге қарай ажыратылатын айырмашылықтары бар. Мысалы, әдеби тіліміздегі сөз басында келетін **ш** дыбысын **ч** етіп айту (*чатақ, чын, чырақ*), сөз ортасында келген **нд** дыбыстарының орнына **ңл** дыбыстарын айту (*маңлай, таңлай, аңлау*), сол сияқты сөз ішіндегі **л** дыбысын түсіріп айту (*болмайды* деудің орнына *бомайды*, *келген жоқ* деудің орнына *кеген жоқ* деу), сөзге **р** дыбысын қосып жіберу (*жоңыришқа, меруерт*), **ж** дыбысының орнына **й** дыбысын айту (*ойақ-бұяқ – ол жақ, бұл жақ* деудің орнына) т.т. осы тәрізді құбылыстар – Қазақстанның белгілі бір өлкесі тұрғындарының сөйлеу тілінде кездесетін ерекшеліктері. Жергілікті ерекшеліктерге қарай екі түрлі дыбысталатын едәуір сөздердің әдеби варианты бұл күнде бірқыдыру тұрақталып, нормаға айналды. Мысалы, *маңдай* (*маңлай* емес), *таңдай* (*таңлай* емес), *ие* (*еге* емес). Бұл көрсетілгендердің жақша ішіндегі варианттарын жазушы өз кейіпкерлерінің тіліне әдейі келтіргенде ғана солай айтып, өзге жағдайда әдеби нормасымен айту қажет.

Бір жақсысы – актерлер мен әншілердің, дикторлардың сөздерінде әркімнің өз ортасында (отбасында, аулында) сөйлеп үйренген дағдысына

тартып, әдеби нормадан ауытқушылық аса көп байқалмайды, тіпті жоққа тән. Мұндай ауытқушылық көбінесе қарапайым адамдардың өзара сөйлескендегі күнделікті тәжірибесінде байқалады.

Сірә, сөздерді дыбыстауға келгенде, көпшілік алдында сөйленетін тұстарда диалектілік ерекшеліктердің көп байқалмай отырғаны жазуға байланысты болар: әдетте жазба дүние әдеби норманы сақтайды. Демек, *таңдай, жоңышқа, бұ жақ, о жақ* деп жазылған дүниені осы түрінде айту – сөзді жоғарыда өзіміз қате деп көрсеткен жазылуынша оқу дегеннің көрінісі. Бұл жерде жазылуынша оқудың зияны емес, пайдасы тиіп тұр. Бірақ, әрине, оған қарап, сөздерді жазылуынша оқу пайдалы деген қорытынды шығаруға болмайды: жергілікті сөздер әдеби нормадағы сөздердің ішінде теңіздегі тамшыдай ғана, теңізге зиянды нәрсені тамшыға тигізетін пайда басып кетпейді.

Қазіргі кезде кездесетін орфоэпиялық қателер осылар ғана емес, өзге тұстарда да бары даусыз. Сөзді дұрыс дыбыстауда бұл сияқты бұрыстықтардың орын алу себебі неде деп іздесек, олардың бірнешеуі екенін көреміз. Ең бастысы және ең қауіптісі, әдетке айналғаны – тілге, оның қолданылу мәдениетіне деген жауапсыздық, немқұрайдылық көзқарастың орын алып отырғандығы, екіншісі – қалың жұртшылыққа тіл нормаларын үйретудің, тіл мәдениетіне баулудың әлсіз, жүйесіз болып келгендігі. Әсіресе қазақша сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс қиюластырып, ана тіліміздің табиғи дыбыс заңдарына бағындырып айту нормаларын үйрету сияқты іс-әрекеттердің мектептерден бастап, барлық ортада, оның ішінде радио, теледидар, театр, сахна өнері сияқты ауызша тілді кеңінен пайдаланатын жерлерде мардымсыз жүргізіліп жатқандығы. Бұл ретте орфоэпиялық анықтама құралдардың: сөз сазы ережелерінің, орфоэпиялық сөздіктердің және өзге де толып жатқан көмекші материалдардың өте аздығы, бірді-екілі мұндай құралдардың бір басылымынан екіншісіне дейін ондаған жылдардың өтіп жатқандығын баса айтуға болады. Мысалы, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі” (авторы – Қ.Неталиева, жауапты редакторы – М.Балақаев) 1977 жылы бір-ақ рет жарық көрді. М.Дүйсебаеваның мектеп оқушыларына арналған “Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі” 1981 жылы шықты. Сөзді дұрыс айту ережелері берілген құрал (“Сөз сазы”, авторы – Р.Сыздықова) “Ғылым” баспасынан 1983, 1995 жылдары бар-жоғы 1000 дана болып жарияланды. Демек, бұл құралдардың шыққанына он жылдан астам уақыт өтіп бара жатқаны сөз, сөйлеу мәдениетімізді көтеруге сеп болып отырған жоқ.

Ана тіліміздің ауызша қызмет ету өрісі кеңейіп, оған үлкен әлеуметтік мән беріліп жатқан бұл күндерде сөз сазына арналған мұндай анықтама құралдардың түрлерін көбейту және мол тиражбен жиі-жиі жарыққа шығару қажеттігі туып отыр. Осы кітап – сол қажеттікті өтеудің бір ғана құралы.

СӨЗ САЗЫ ЕРЕЖЕЛЕРІН ИГЕРУДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН ЖАЙТТАР

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың (дыбыстаудың) негізгі-негізгі заңдылықтарын, яғни сөз сазы ережелерін саралап көрсетпес бұрын, осы қағидаларды жақсы түсініп, дұрыс игеруге қатысты бірқатар жайттарды әңгімелеу қажет. Олардың бірі – сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен айтылатындығы.

Сөйлеу актісінде айтылуы жағынан сөздердің бір-біріне ететін ықпалы, дыбыстық өзгерістері бір деммен топтасқан сөздердің¹ ара-жігінде және өн бойларында пайда болады. Сондықтан ең алдымен “бір деммен топтасқан сөздер” дегеніміз не, яғни сөздер қандай жағдайда бір деммен, бір ырғақпен, бір ритмикаға топтасып айтылатындығын біліп алған жөн. Өйткені сөйлеу барысында қатар айтылатын кез келген сөздер бір-біріне әсер етіп, дыбыстық өзгерістерге ұшыратпайды, белгілі бір тіл заңдылығымен ғана топтасатын сөздердің аралығында немесе өн бойларында фонетикалық құбылулар пайда болады.

Қазақ тілінде сөйлем ішіндегі сөздер дауыс ырғағы жағынан әрқайсысы бөлек-бөлек айтыла бермейді, көбінесе екі-екіден немесе екі-үштен бір ырғақты топ құрап, бір деммен үндесіп, үйлесіп айтылады. Мысалы, анықтауыш пен анықталатын сөздер бір ырғақпен жымдасып, дыбыстары бір-біріне ықпалын тигізіп айтылады: *айдыңгөл* (жазылуы: *айдын көл*), *сұлұғыз* (*сұлу қыз*), *қарөлең* (*қара өлең*), *ағайдын* (*ақ айдын*), *саратан* (*сары атан*). Сол сияқты екі сөзден тұратын күрделі етістіктер де бір ырғақты топ құрайды: *келегалды* (жазылуы: *келе қалды*), *алалмады* (*ала алмады*), *жетіппарды* (*жетіп барды*), *қолғойдұ* (*қол қойды*). Бұл айтылғандарға мәтін арқылы мысал берелік. Мысалды жазуда әр топтың жігін бір тік сызықшамен, сөйлем аяқталып, толық тыныс (пауза) болған жерді қос тік сызықшамен ажыратып көрсеттік, демек, бір тік сызықшаның ішінде тұрған сөздер ырғақты бір топ болып саналады. Топ құрайтын сөздер шартты түрде қосылып жазылып, дыбысталу қалпы транскрипцияланып көрсетілді.

Мысалы:

Құйрұғұжоқ / жалыжоқ /
Құлаңғайтып / күңгөрөр //
Айағыжоқ / қолұжоқ /
Жылаң гайтып / күңгөрөр //

Асанқайғы толғауынан деп айтылып жүрген бұл сөздердің жазылуы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтіп күн көрер.

¹ “Сөз сазы” орфоэпиялық ережелерді ұсынған (“Ғылым” баспасы, 1983) анықтағыш құралда бұларды “ритмикалық топ” деп “орысшалау” атаған болатынбыз. Енді “қазақшалап” “ырғақтық топ” деп атағанды жөн таптық.

Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтіп күн көрер.

Прозаға қарағанда өлең тіркестеріндегі сөздердің топтарын ажырату оңайырақ, өйткені өлеңнің өзі ырғаққа құрылатындықтан, ондағы сөздердің топтасуы өз-өзінен шығып тұрады, оның үстіне бұған әр тармақтың ара-жігі, ұйқас дегендер де көмектеседі.

Қара сөзбен келген текстерде де сөздер топтарға жіктеліп айтылады. Мысалы, “Қарагөз” драмасындағы Сырымның мына монологіндегі сөздер былайша топтасады:

Қырықкүн // қаралығайғымен / жылаумен / қырықкүнөттү // алдағашан / өлөрмін / итөмүрден / кетермін / дебедем // әлігүнгө / менарсыз / тірімін // кімдігүтөм / нені / медеуғылам / не тілеймін //

Бұл текстің жазудағы түрі: Қырық күн! Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн өтті. Әлдеқашан өлөрмін, ит өмірден кетермін деп едім. Әлі күнге мен арсыз тірімін! Кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін?

Ырғақтық-мелодикалық топтардың ара-жігінде әрдайым айқын сезінерліктей дауыс кідірісі (пауза) бола бермейді, анық пауза көбінесе сөйлемнің соңында, бірыңғай мүшелердің арасында, оңашаланған не айқындалған мүшелердің айтылуында, тағы сол сияқты синтаксистік жіктердің аралығында болады. Мысалы, жоғарғы тексті терең паузаларға қарай ажыратсақ, былайша белгіленер еді (бұл жерде паузалардың ара-жігіне үш тік сызықша қойылды): Қырықкүн / // қаралы қайғымен /// жылаумен қырықкүн өттү /// алдағашан өлөрмін /// ит өмүрден кетермін дебедем /// әлігүнгө /// менарсыз /// тірімін /// кімдігүтөм /// нені медеуғылам /// не тілеймін ///.

Мұндағы бірінші пауза (*қырық күн* дегеннен дейінгі) өз алдына сөйлем іспетті. Сырым бұл монологінде “қырық күн” деп бөліп айту арқылы Қарагөздің қазасын, ол қазаның халық дәстүрі бойынша белгілі бір меже-мерзімі өткенін (*қырқы* өткенін) білдіреді де, сол уақыттың ішіндегі өзінің жан күйінішін баяндайды. *Қаралы қайғымен, жылаумен* дегендердің арасындағы пауза бірыңғай мүшелерді ажыратады. *Қырық күн өтті* дегеннен кейінгі пауза сөйлемнің соңындағы дауыс үзілісін танытады. Келесі екі пауза тағы да бірыңғай мүшелерді ажыратады да, *деп едім* дегеннен кейін сөйлем аяқталады. Ал *мен арсыз* дегеннің екі жағынан паузаның болуы оның орны ауысқан, логикалық екпін түскен бастауыш екеніне байланысты. *Тірімін, кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін* дегендердің арасындағы пауза олардың бірыңғай баяндауыштар екендігіне байланысты.

Міне, сөйлем ішінде осы тәріздес ырғақтық топтардың ара-жігінен өзге тұстарда да паузалар болады екен. Бұл паузалардың басым көпшілігі ырғақтық топтардың жігіне сай келеді.

Сөйлеу үстінде сөздер мынадай сәттерде бір ырғақпен айтылып, топ құрайды.

1. Анықтауыш пен анықталатын сөздер бір деммен

айтылады да, бір топқа енеді. Мысалы, *қалқан құлақ, шегір көз, қара қарындаш, ақ ерке, тас жол, аямас жау, алты ай, қара аспан, ақ орамал, екі қап* дегендердің алдыңғы сөздері (*қалқан, шегір* т.б.) – заттың түрін, түсін, сипатын, қасиетін, тегін білдіретін анықтауыштар, соңғылары – анықталып тұрған сөздер. Мұндай бір ырғақты сөз топтарының компоненттері (құрамды бөлшектері) бір-біріне ықпалын тигізеді, сондықтан олардың жазылуы мен айтылуы бірдей түсе бермейді. Жоғарғы сөздердің дұрыс

жазылуы:

қалқан құлақ
шегір көз
қара қарындаш
ақ ерке
тас жол
аямас жау
алты ай
қара аспан

айтылуы:

қалқанғұлақ
шегіргөз
қарағарындаш
ағерке
ташшол
айамашшау
алтай
қараспан

Бұл айтылғанға мысал ретінде Абайдың мына бір шумақ өлеңінің дұрыс оқылуын (айтылуын) көрсетейік:

Аласаз / қарагөзү / айнадайын //
Жүрөкке / ыстықтійіп / салған сайын //
Ұлбүрөген / ағетті / ашығжүзді //
Тісәдемі // көрүппең / кыздыңжайын //

Анықтауыш пен анықталғыштан тұратын топтардың барлығының бірдей айтылуы мен жазылуы бұлайша алшақтана бермейді. Мысалы, *алтын сағат, ағаш қасық, бұраң бел, жомарт адам, арық қой* деген топтар қалай жазылса, солай айтылады, өйткені бұлардағы сөздердің бір-біріне тигізетін әсерінде дыбыстық өзгерістер болатын сәттер жоқ.

2. Т о л ы қ т а у ы ш пен б а я н д а у ы ш , б а с т а у ы ш пен б а я н д а у ы ш , п ы с ы қ т а у ы ш пен б а я н д а у ы ш араларына сөз түсірмей қатар келсе, жай хабарлау ретіндегі сөйлемдерде олар бір деммен айтылады. Мысалы, *Біз үйге кеттік* деген сөйлем *Біз/үйгөгеттік* болып айтылады. Сол сияқты *Жолаушы тез келді* дегенді *Жолаушы / тезгелді* деп айту керек. Мұндағы *үйге, тез* деген сөздер – толықтауыш, пысықтауыштар да, *кетті, келді* дегендер – баяндауыштар. Сондықтан *тезгелді, үйгөгеттік* болып үндесіп айтылады.

Кейде баяндауышқа логикалық екпін түсіру керек болады. Ондайда баяндауыш дауыс ырғағы жағынан дара айтылады да, алдыңғы сөзбен үндеспейді. Мысалы, “Еңлік-Кебек” пьесасында Кебек елден пана таба алмай, тау кезіп, тас кешіп кететінін білдіріп: “*Ал / біз / кеттік!*” – дейді. Мұнда *кеттік* сөзіне ой екпіні түсу керек, сондықтан бастауыш,

баяндауыштар қатар тұрғанмен, *кеттік* сөзі ырғақтық топқа кірмейді, демек, басқы дыбысы ұяндамайды. Тағы бір мысалға мына екі сөйлемді салыстырайық: *Меңгөрдім / ұзұнғайың / құлаганын // (Абай). Мен қазақпын / мың өліп / мың тірілген // (Ж.Молдағалиев)*. Алғашқы өлең жолында бастауыш пен баяндауыш үндесіп айтылады (*меңгөрдім*), өйткені мұнда *көрдім* сөзіне ой екпіні түсіп тұрған жоқ, ал соңғы өлең жолында *мен / қазақпын* деген бастауыш пен баяндауыш екі бөлікте айтылуға тиіс, өйткені ой екпіні өзге ұлт емес, *қазақпын* дегенге түсіп тұр, сондықтан *меңғасақпын* деп үндестірмей, *мен қазақпын* деп оқыған дұрыс.

3. Қазақ тілінде фраза мен идиом деп аталатын қалыптасқан тұрақты тіркестер бар, олардың көпшілігі екі-үш сөзден тұрады. Бұлар да бір деммен дыбысталатын тұтастық құрап, жымдасып, кірігіп айтылады. Мысалы:

жазылуы:

ашық ауыз
көз көрім (жер)
қарға адым
қас пен көздің арасында
қырғи қабақ

айтылуы:

ашығауұз
көзгөрүм
қарғадым
қаспенгөздүң арасында
қырғиғабақ

Әрине, тұрақты тіркестердің барлығы айтылуда бұлайша дыбыстық өзгеріске ұшырай бермейді. Мысалы, *ат ізін салмады, таң сыз берді, ауа жайылды* деген сияқтылар жазылған күйінше айтылады, өйткені бұларда да компоненттер арасындағы дыбыстық ықпал өзгеріс туғызбайды.

4. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана іс-әрекет атауын білдіретін күрделі етістік дегендер болады, олар да бір ырғақпен айтылады.

жазылуы:

ала келді
келе алмады
бармап па еді
айтып берді
оқып отыр

айтылуы:

алагелді
келалмады
бармаппеді
айтыпперді
оқыботұр

Күрделі етістіктердің басым көпшілігі бір деммен айтылғандарымен, дыбыстық өзгеріске ұшырамайды, өйткені бұлардың сөз аралығында үндестік заңдарына қарай дыбыс икемделуі жоқ. Мысалы, *келе жатыр, бара бер, айтып қой* деген сияқты күрделі сөздер жазылған түрінше айтылады.

Күрделі етістіктердің екінші бір тобы пайда көрді, қол қойды, жүрек жалғады, көз көрген, доп ойнады, асық атты, еске алды, қайқаң қақты

сияқты есім мен етістіктен тұратындар болып келеді. Олар да топ құрап, бір ырғақпен айтылады. Жоғарғы мысалдардың айтылуы былайша болады: пайдагөрдү, қолғойдү, жүрөгжалғады, көзгөргөн, добойнады, асығатты, ескалды, қайқаңғақты.

5. Ол, бұл, сол, не деген есімдіктермен келген тіркестер де ырғағы жағынан біртұтас болып айтылады. Мысалы: солезде, бұлгүндері, бұлғалада, олғыз, негерек, негеремет, неғылсаң оғыл. Бұлардың жазылуы: сол кезде, бұл күндері, бұл қалада, ол қыз, не керек, не керемет, не қылсаң о қыл.

6. О, а, я, е сияқты о да ғ а й л а р м е н келген қаратпа сөздер бір дауыс ырғағымен айтылады да, қаратпа сөз **қ, к** дыбыстарынан басталып тұрса, бұл дыбыстар **ғ, г** болып айтылады. Мысалы:

жазылуы:

а Құдай
о керемет
я қызым

айтылуы:

ағұдай
огеремет
йағызым

7. Біріккен сөздер де бір ырғақтық топ құрайды. Олар қалай жазылған күнде де (түбірлерін сақтап немесе сақтамай) бір-біріне үйлесіп, үндестік заңдарына бағына айтылады. Мысалы:

жазылуы:

шекара
күздігүні
Жезқазған
Сарыарқа
өнеркәсіп
кәсіподақ
жанкүйерлер
орынбасар
дүйсенбі
өгізшағала
ақиық (қыран)

айтылуы:

шегара
күздүгүнү
Жезғазған
Сарарқа
өнергәсіп
кәсіподақ
жангүйөрлер
орұмбасар
дүйсөмбі
өгүшшағала
ағыйық

8. Қос сөздердің сыңарлары да бір деммен үйлесе, үндесе айтылады. Олар көбінесе түбірі сақталып, дефиспен жазылады.

жазылуы:

астан-кестен
көзбе-көз
қолма-қол

айтылуы:

астангестен
көзбөгөз
қолмағол

келе-келе	келегеле
қилы-қилы	қыйлығыйлы
қоян-қолтық	қойаңғолтұқ
құда-анда	құданда
азды-көпті	аздыгөпті

9. *Күн күркіреу, қой қоздау, аяқ аттау, жүрек жалғау, көзі күлімдеу сияқты бір сыңары з а т е с і м, екіншісі е т і с т і к* болып келетін тіркестер де бір-бірімен үндесіп, бір тыныспен айтылады: *күңгүркүрөу, қойғоздау, айағаттау, жүрөгжалғау, көзгүлүмдеу*. Ауа райын хабарлайтын дикторлар “бүгүн пәлен жерде жаңбыр жауұп күңгүркүрөйт” деп айтулары керек (*күн күркірейді емес*).

10. *Бала кезі, жаз күндері, жан құштары, Алматы қаласы, Байкал көлі, аяқ алысы, көңіл қошы, күннің көзі сияқты бір сыңары тәуелдік жалғаулы сөз болып келген тіркестер де бір ырғақпен үндесіп айтылады: балагезі, жазгүндөрі, жаңғұштары, Алматығаласы, Байкалгөлү, айағалысы, көңүлғошү, күннүңгөзү.*

11 Негізгі сөз бен соған қатысты шылау сөздер, көмекші есімдер (*қасында, ішінде, үстінде т.б.*) бір ырғақпен айтылады. Шылаулардың басым көпшілігі (*соң, шейін, дейін, туралы, шақты, сайын, басқа, бөтен, тым, таман, ма/ме, ша/ше т.б.*) алдыңғы сөзбен бір топ құрағанымен, араларында дыбыстық өзгерістер болмайды: *аздан соң, үйге дейін, саясат туралы, он шақты, барған сайын, бала ма, қыз ба*. Дыбыстық өзгеріс **қ, к** дыбыстарынан басталатын шылаулар және көмекші есімдер мен дауысты дыбысқа немесе **з, л, р, н, м, у, й, ң** дыбыстарына аяқталған сөздердің арасында болады. Ол шылаулар: *қарай, кейін, қарсы, қасында*. Мысалы, жазылуы: *кешке қарай, түстен кейін, жазға қарсы, үйдің қасында*, айтылуы: *кешкеғарай, түстеңгейін, жазғағарсы, үйдүңғасында*.

12. *Әр, кей, бір, еш деген сөздермен келген тіркестер немесе біріккен тұлғалар бір деммен кірігіп айтылады. Мысалы: әрғашан, әрғалай, әргүнү, әрғайдан, кейгүнү, кейгезде, біргезде, біргүнү, ешпір. Бұлардың жазылуы: әрқашан, әрқалай, әр күні, әр қайдан, кей күні, кей кезде, бір кезде, бір күні, ешбір.*

13. *Кім, не, қайда, қай, қалай, қайсы сияқты с ұ р а у е с і м д і к т е р і* өздеріне қатысты (*өздерінен кейін тұрған*) сөздермен бір топ құрайды: *қайдагеттің / баламау // Жазуда: қайда кеттің, баламау? Недейсің / көңлүм / недейсің // Жазуда: Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?*

Кім, не есімдіктерінің септеулі түрлері де (кімнің, кімге, кімді, кімнен, кіммен, ненің, неге, нені, неден, немен) өзінен кейінгі сөзбен бір ырғақты топ құрап айтылады. Мысалы: Бұл / кімніңғолу? Жазуда: Бұл – кімнің қолы? Неменгелдің? Жазуда: Немен келдің?

Кім, не, қайсы, қалай сияқты сөздер мынау, ол, бұл деген есімдіктерден кейін келіп тіркескенде де, бір ырғақпен айтылады: мынауыңгім, мыналаргім, бұлғайсың, мұнұңғалай, бұлғалай т.т. Бұлардың жазылуы: мынау кім, мынауың кім, бұл қайсың, мұның қалай, бұл қалай.

14. Екі-үш сөзден құралып, бір ғана түсті білдіретін күрделі сын есімдер және екі сөзден құралып, бір санды білдіретін күрделі сан есімдер бір ырғақтық топ құрайды: *ал қызыл* (айтылуы: *алғызыл*), *ал күрең* (*алгүрөң*), *қара ала* (*қарала*), *қара көк* (*қарагөк*), *қара күрең* (*қарагүрөң*), *он бір* (*омбір*), *жиырма алты* (*жермалты*), *он бес* (*омбес*), *қырық алты* (*қырығалты*). Бұл жерде біз мысалға дыбыстық өзгеріске ұшырап айтылатындарын ғана келтірдік, ал күрделі сын есімдер мен күрделі сан есімдердің басым көпшілігі бір ырғақтық топ құрап айтылғандығымен, сөз аралығында дыбыстық өзгеріс болмайтындары қалай жазылса, солай оқылады. Мысалы: *ақ сары*, *қызыл ала*, *ақ құба*, *құла жирен*, *он екі*, *он алты*, *қырық төрт*, *елу бес* дегендер осы жазылған түрінше айтылады.

15. Екі сөзден құралып, бір заттың, бір құбылыстың, бір іс-қимылдың атын білдіретін (атайтын) күрделі атаулар бір ырғақпен айтылады. Мысалы: *ортан қол* (айтылуы: *ортаңол*), *асық жілік* (*асығжілік*), *тоқішек* (*тоғішек*), *қой қора* (*қойғора*), *қонақ үй* (*қонағүй*), *ақ жауын* (*ағжауұн*), *тас жол* (*ташшол*), *тоқым қағар* (*тоқұмғағар*).

Сөйтіп, ырғақтық топ құрайтындар жеке жай тіркестер болып та (*қалқан құлақ*, *тас жол*, *Байкал көлі*, *оқып отыр*, *көк ала*), фраза, идиомдар сияқты тұрақты тіркестер болып та (*ашық ауыз*, *құр қол*, *қас пен көздің арасында*), біріккен сөздер болып та (*кәсіподақ*, *шекара*, *Жаңақорған*), қос сөздер болып та (*қолма-қол*, *қилы-қилы*), мәнді сөз бен шылау, одағайлар тіркесі болып та (*о керемет*, *үйге қарай*, *желге қарсы*) келе береді.

Сөздерді дұрыс дыбыстаудың қиын жерлері (қате кетеді-ау дейтін тұстар) тек жоғарыда көрсетілгендей, екі (кейде үш) сөздің аралығында ғана емес, бір сөздің ішінде де жиі кездеседі. Олар сөз түбіріне әр түрлі қосымшалар жалғаған тұстарда байқалады. Мысалы: *түн+гі*, *қашан+ғы*, *түн+ге*, *қашан+ға*, *орыс+ша*, *жаз+са*, *жұмыс+шы*, *көн+бе+ді*, *көр+ін+ген* деген сөздер айтылуда *түңгү*, *қашаңғы*, *түңгө*, *қашаңға*, *орұшиша*, *жасса*, *жұмұшишы*, *көмбөді*, *көрүнген* болып дыбысталады.

Дыбыстардың бір-біріне тигізетін ықпалы әсіресе біріккен сөздер (бірігіп жазылатын) мен қос сөздердің (дефис арқылы жазылатын) аясында өте-мөте сезіледі, өйткені біріккен сөздер әрдайым бір ырғақпен айтылады. Мысалы, мына сөздер: *шек ара*, *алма-кезек*, *қара күйе* деп бөлек-бөлек айтылмайды, *шегара*, *алмагезек*, *қарагүйө* болып бір ғана тыныспен (ырғақпен), бір деммен айтылады. Осы себептен де біріккен сөздер мен қос сөздерді айтуда кететін қателіктер бірден көзге түсіп тұрады (дәлірек айтсақ, құлаққа жайсыз естіліп тұрады).

Қазақ тілінде кісі аттары, жер-су аттары, аң-құс, құрт-құмырсқа, бақашаян, өсімдік атаулары және термин сөздер көбінесе біріккен сөз болып келеді. Мысалы:

Кісі аттары. Жазылуы: *Досжан*, *Сәтбай*, *Құланбай*, *Болатбек*, *Маржанқыз*. Айтылуы: *Дошшан*, *Сәтпай*, *Құламбай*, *Болатпек*, *Маржаңғыз*. Қазақ тілінің ең соңғы редакцияланған (түзетілген) емле ережелері бойынша кісі аттарының көпшілігі кіріккен күйінде естілуінше жазылады. Мысалы, *Сатыбалды* (*Сатыпалды* емес), *Дәметкен* (*Дәмееткен* емес), *Ұлбосын*

(Ұлболсын емес), Айғыз (Айқыз емес) Нұрғожа (Нұрқожа емес), Амангелді (Аманкелді емес), Қарагөз (Қаракөз емес).

Жер - су аттары. Жазылуы: *Жезқазған, Талдықорған, Еңбекшіқазақ, Жаманқала, Ешкөлмес, Қараөткел, Қараой, Жылыой.* Айтылуы: *Жезғазған, Талдығорған, Еңбекшіғазак, Жамаңғала, Ешкөлмес, Қарой, Жылой.*

Аң - құс, жәндік, өсімдік атаулары. Жазылуы: *қарақұрт, кәріқыз (өсімдік), алақоржын (тышқан), ақиық (қыран), бірқазан (құс), өгізшағала (құс), қозықұйрық (өсімдік), қарақұс (құс), жыланқияқ (өсімдік) т.т.* Бұлардың айтылуы: *қарақұрт, кәріғыз, алағоржұн, ағыйық, бірқазан, өгүшішағала, қозғұйрұқ, қарақұс, жылаңғыйақ.*

Терминдер. Жазылуы: *өнеркәсіп, кәсіподақ, қолөнер, үшбұрыш, төртбұрыш* т.б. Олардың айтылуы: *өнергәсіп, кәсібодақ, қолөнер, ұшпұрұш, төртпұрұш* (бұл мысалдар – тек қана айтылуда дыбыстық өзгерістерге ұшырайтын сөздер, ал біріккен сөзден тұратын адам, жер-су аттары, өсімдік, аң-құс атаулары мен терминдердің ішінде жазылуынша айтылатын, яғни үндестік заңдарына сай өзгеріс болмайтындары өте көп. Мәселен: *Ақтай, Ұлдай, Қызылорда, аққу, бұзаубас (кұрт), қолжазба* т.т.

Қос сөздер де әрдайым бір ырғақпен, бір деммен айтылады да, ондағы сыңарлар бір-біріне үндесіп, қиюласып жатады. Мысалы, айтылуда: *алмагезек, қолмағол, көзбөгөз, қойаңғолтұқ, келдігетті, істүссүз, құбағұп, қыйлығыйлы, күмбөгүн* т.т. Бұлардың жазылуы: *алма-кезек, қолма-қол, көзбе-көз, қоян-қолтық., келді-кетті, іс-түссіз, құба-құп, қилы-қилы, күнбе-күн.* Әсіресе **қ, к** дыбыстарынан басталатын сөздің араларына **ба/бе, ма/ме, па/пе** дәнекерін салып қайталап жасалатын түрлерінің (*қолма-қол, көзбе-көз, қарама-қарсы*), екінші компоненті (сыңары) ұяңдап айтылатынын (*қолмағол, көзбөгөз, қарамағарсы*) қатты ескеру керек.

Сөздерді дұрыс айтуда көңіл аударатын келесі үлкен мәселе – орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша дыбысталу жайы. Мектептен бастап үйретіліп келген қағида бойынша орыс тілінен енген кірме сөздер қазақша сөйлеуде екі топқа бөлініп айтылуға тиіс: бірінші топқа ертеректе еніп қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкес өзгеріп қалыптасқан сөздер, сол “қазақыланған” қалпынша айтылатын сөздер кіреді. Мысалы, *шай, самаурын, сиса, сәтен, бәтес, бақал, жәрмеңке, жәшік* сияқты тұрмыстық зат атаулары мен *облыс, болыс, шен, кеңсе, сот, газет* сияқты дерексіз есімдер орыс тіліндегідей *чай, самовар, ситец, сатин, батист, бакалея, ярмарка, ящик, канцелярия, суд, газета* болып айтылмай, жоғарыда жазылып көрсетілгеніндей, қазақша түрінде айтылады. Бұл сөздер сан жағынан аса көп емес, сондықтан олардың емле сөздіктерінде ұсынылған қалыптарынша айту іс жүзінде көп қайшылық келтіріп келе жатқан жоқ.

Екінші топқа қазақ тіліне соңғы 50-60 жылда жүздеп-мыңдап енген, көбінесе ғылыми терминдер болып келетін сөздер жатады. Емле ережелерінде бұларды сол орыс тіліндегі қалпынша жазу ұсынылды да, олар қазақша сөйлеу актісінде жазылған түрінде айтылатын болды. Бұл

ереже түрінде қатаң ескертілмесе де, сөйлеу тәжірибемізде біршама орнығып, қалыптасты. Бұған радио мен теледидар дикторларының сөздері, мектеп пен жоғарғы оқу орындарындағы мұғалімдер мен шәкірттердің сөйлеу мәнері дәлел.

Көптеген тілдердің тәжірибесінде шеттен енетін сөздер сол сөздерді қабылдаған тілдің фонетикалық заңдарына икемделіп, өзгеріп айтылады және сол өзгерген түрінде жазылады. Бұл – тіл табиғатына тән ортақ заңдылықтардың бірі. Осыған қарамастан, 1940 жылдардан бастап орыс жазуы – кириллицаны қабылдаған бірқатар түркі халықтарының тілдерінде орыс тілінен соңғы кезеңдерде енген сөздерді сол тілдегі қалпынша жазып, жазылған түрінше айту тәжірибесі орын алды. Бұған, сөз жоқ, кейде жұқалап, кейде ашық жүргізілген орыстандыру саясаты басты себепкер болды, яғни орыс графикасына көшуіміз де, міндетті түрде орыс тілін екінші тіл ретінде мектептен бастап үйрену қажеттігі де, жоғары оқу орындарында білім алудың негізі орыс тілінде жүргізілуі де – баршасы орыс тілінен енген сөздерді “бас аяғы бүтін” күйінде орысша тұлғалауға, орысша айтуға итермеледі. Тіл табиғатына қайшы келетін бұл тәртіп нормаға айналды.

Орыс тілін де едәуір жақсы меңгерген бүгінгі орта және жас буын қазақтарды бұл құбылыс көп қинамайтыны белгілі, дегенмен соңғы жылдарда шет тілдік сөздерді ана тіліміздің дыбыс заңдарына үйлестірмей айту мен жазудың тіл табиғатына қайшы келіп тұрғаны жайында әңгіме жиі көтеріле бастады, тіпті бес-он сөзді қазақша сындырып жазып, сол жазу арқылы оларды қазақша дұрыс айтудың үлгілері деп көрсетіле бастады. Мысалы: *завод, машина, станция, кило* деп жазылып, осы жазылуы бойынша айтылып келген он шақты сөз *зауыт, машине, станса* (бұл сөзді қазақша дұрыс жазсақ және дұрыс айтсақ, *ыстанса* болуы керек), *килә/келі/кілә* деген тұлғаларда көрінді. Әрине, бұл сөздерді “қазақшалау” қиынға түспейді, өйткені бұлар ғылыми термин емес, зат атаулары және олар – күнделікті өмірде ауызша сөйлеу тілінде де жиі қолданылатын сөздер, сондықтан олар бұрынғы *қамыт, доға, қарындаш, сіріңке* сияқты сөздердің қатарында сап түзей салады.

Қазіргі жаппай сауатты, орыс тілін де меңгерген қазақтар сөйлеу актісінде *завод, машина, станция, кило* деп айтулары жиірек кездесуі мүмкін болса да, бұларды “қазақы” тұлғада ұсыну осы принципті дұрыс деп санаудың үлгісі ретінде орын алып отыр деуге болады.

Бірақ, сөз жоқ, кірме сөздердің қазақы тұлғасында қолданылу принципін дұрыстығына, оны әлеуметтік пікірдің қолдап отырғанына қарамастан, жүздеген, мындаған кірме сөздер мен шетжұрттық жалқы есімдердің (адам аты-жөндері мен жер-су атауларының) басым көпшілігі әлі де орысша тұлғасында жазылып, айтылып отыр. Мұның да еркімізден тыс бірнеше объективті себептері бар. Ол себептердің бірі – соңғы жарты ғасыр бойы қалыптасқан тілдік тәжірибемізді, яғни лексикалық, емлелік, орфоэпиялық нормаларды күрт бұзу – шым-шытырық, бейберекеттікке, сауатсыздыққа ұшырататын қаупі болса, екіншісі – ғылым салаларының

басым көпшілігінің орыс тіліндегі әдебиетпен байланысты екендігінде және әлі де көп уақыт бұл іліктестік үзіле қоймайтындығында, сондықтан математика, физика, химия, астрономия, геология сияқты көптеген салалардың мамандарына орыс, қазақ тілдерінде бір тектес (тұлғалас) терминдерді пайдалану қолайлы екендігін ескеру қажет сияқты.

Бұл екі себептің ішінде әсіресе дәстүр факторы үлкен рөл атқарады: тіл тәжірибесінде ұзақ уақыт бойы әлеуметтік қолданыста болған сөз немесе жазу үлгісі, я болмаса сөзді айту дағдысы келе-келе бұрыс болса да, нормаға айналады да, одан теп-тез ажырау мүмкін болмай қалады. Айталық, араққа қарсы күрес науқаны жанданған кезде орысша “трезвость” деген ұғымның қазақша “салауаттылық” деген баламасы дәл де, сәтті де емес болғанымен, әдеттегі дәстүріміз бойынша осы ұғымда *салауаттылық* сөзін күнделікті баспасөз беттерінде үзбестен қайталап жаза берген соң, радио мен теледидардан ауыз жаппай айта берген соң, ол дағдыға айналды. Екінші мысал. Адам аты-жөндеріне келгенде, оларды екі дауыссыз дыбыстан бастап жазу атақты жазушы Ғабдол Сылановтың фамилиясын *Сланов* деп жазудан басталып, бұл күнде *Смаханов, Смайылов, Спатаев* деп жазу етек алып кетті, дағдыға айналып бара жатыр, бірақ ол дағды нормаға ауыспауға тиіс, өйткені емле ережесі мұны мүлде көтермейді.

Үшінші мысал. Әр түрлі себептермен сөздерді жазылуынша немесе жеке тұрғандағы тұлғасынша айтудың дағдыға айналу қаупі туып отыр. Бұл өте қате дағдыны нормаға айналдырмау үшін күрес – осы құралдың басты мақсаты. Демек, тіл тәжірибесіндегі дағдымен күресудің оңай еместігін байқаймыз. Әрине, дағдылардың баршасы теріс, қатеден бола бермейді. Осы себептен ондаған жылдар бойы кірме сөздерді орысша жазып, орысша айту көпшілік дағдысына айналғандықтан және ол дағды ресми норма ретінде қалыптастырылғандықтан, мұны бір сәтте өзгерту мүмкін еместігін сеземіз. Сондықтан тұлғасы өзгертілмей енген кірме сөздер орысша тұлғаланғанмен, орфоэпиялық нормаға келгенде оларды тек қана орыс тіліндегідей етіп айту шарт емес деуге болады, яғни *химия, физика, электр, автобус, академия, ассоциация, брокер, валюта, глобус* деген сөздерді орысша дыбыстауынша айтуға да болады, қазақыландырып, *қыймыя, еліктір, әкедемие, бірөкер, гылобұс* деп айтсаңыз да еркіңіз, қайткенде да бұларды сөйлеу актісінде не таза орысша түрінде айту керек, не барлығын қазақыландырып айту керек деген орфоэпиялық қағида ұсынбаймыз. Егер қазақ жазуы өзгеріп (айталық, латын жазуын қабылдап), кірме сөздердің жазудағы тұлғасы өзгертіліп, ұсынылып жатса, сол өзгеріп жазылған түрінде немесе соған жақындатылып дыбыстау норма болмақ. Ал “орыс жазуын” қолданып отырған қазіргі күндерімізде орыс тілінен енген орыстың өз сөздері мен халықаралық термин сөздерді орыс тілі орфоэпиялық нормасы бойынша да, қазақша “сындырып” та айтуға (дыбыстауға) болады деген “екіұдай” қағида ұсынуға тура келеді.

ОРФОЭПИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР НЕМЕСЕ СӨЗ САЗЫН КЕЛТІРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Орфоэпиялық ережелерді ұсынбас бұрын олардың берілу тәртібі жайында бірер ескертпе айтуға тура келеді.

Орфоэпиялық қағидалардың ұсынылу қалпы (тәртібі, әдісі, стилі) емле ережелерінің берілу тәртібінен біраз өзгешелеу болады. Бұл құрал, бір жағынан, мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілеріне, мектеп оқушылары мен студенттерге ұсынылғандықтан, осы ережелерді жақсы игертулері және игерулері үшін, олар кеңірек дәлелденіп, түсіндірілді. Мысалдар да көбірек келтірілді. Оның үстіне үйренушілер жаттыға түсулері үшін бұл ережелерге сөйлеу тәжірибесінде тапсырмалар беріліп отырды. Ол тапсырмаларды тек сөз сазын үйретуші мұғалімдер, консультанттар т.т. ғана емес, орфоэпия ережелерін өз бетімен игеремін деген жеке адамдар да орындауларына болады, өйткені мұндай жаттығулар ережені іс-жүзінде игере түсуге әбден көмектеседі. Ережені теория жүзінде біліп алу бар да, оны іс жүзінде пайдалана білу бар ғой. Сөзді дұрыс жазу мен сөзді дұрыс айтуға келгенде, жалаң теорияны, яғни ережелерді білу ғана емес, тәжірибенің де, яғни жазу мен сөйлеудің мәні зор.

Екінші бір ескертетін нәрсе – әрбір бапта (параграфта) ұсынылған ереженің жалғасы ретінде ережеге қатысты айтылатын қосымша түсіндірулер, дәлелдемелер беріледі. Оларды да ереже бөлігі деп тану қажет.

Сөзді дұрыс айту ережелерін, олардың түсіндірмелерін, дәлелдемелерін ұсыну үстінде сөздердің жазылуы да жиі көрсетіліп отырылады, оның себебі, бір жағынан, қазақ тілінде сөздің жазылуы мен айтылуы әрдайым бірдей түсіп отырмайтындығын ескертуде болса, екінші жағынан, жазуға қарап оқып (айтып, дыбыстап), оқуға (айтуға, дыбыстауға) қарап жазып шатасу қаупінен сақтандыруда болып отыр.

Сөз сазы ережелері, емле ережелері сияқты баптарға (параграфтарға) ажыратылып берілді. Алды-артындағы түсіндірмелер мен жаттығу материалдарынан бөліп көрсету үшін, ереженің өзі жалпы текстен сәл шегіндіріліп терілді.

§ 1. Қазақ тілінде дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, өзара үйлесетін, үндесетін тұстарының бірі – қатаң дыбыстардың ұяндайтын жерлері.

Ырғақтық топ құрайтын сөздердің алғашқысы дауысты **а, е, ы, і, у** (ұу, үу), **и** (**ый, ій**) дыбыстарының біріне аяқталса, екінші сөз **қ, к** дыбыстарынан басталса, соңғылар ұяңдап, **ғ, г** болып айтылады.

Мысалдар: 1) Сөйлеу үстінде ырғақтық топ құрайтын анықтауыш пен анықталғыштардың қатаң **қ, к** дыбыстарының ұяңдауы:

жазылуы:

айтылуы:

бала кезде
ала көлеңке
ата қоныс
жаңа қала
ескі киім
қысқы киім
қыли көз

балагезде
алагөлеңке
атағоныс
жаңағала
ескігіім
қысқыгіім
қылигөз

Мәтінмен келтірілген мысалдың айтылуы (оқылуы):

Білектей / арқасында / өргенбұрұм /
Шолпұсұ / сылдырғағып / жүрсақырын //
Кәмшәтбөрүк / ақтамақ / қарағасты /
Сұлұуғыздың / көрүппең / мұндайтүрүн // (Абай)

Мұнда *өрген бұрым, кәмишат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, сұлу қыз, мұндай түр* деген сөздер – анықтауышты тіркестер, бұлар бір ырғақпен айтылады. Осылардың ішінде жоғарғы ережеге мысал болатындары *сұлұғыз, қарағасты* болып айтылады.

2) Қатар келіп ырғақтық топ құрайтын толықтауыш пен баяндауыш, пысықтауыш пен баяндауыш, бастауыш пен баяндауыштардың араларындағы қатаң дыбыстар ұяндап айтылады. Мысалы: мен киноға бармай, *үйге келдім*; ол кітап оқығанды *жақсы көреді*; ол шақыртпай *өзі келді* деген сөйлемдердегі курсивпен көрсетілген сөйлем мүшелері бір ырғақтық топ құрайды, сондықтан олар *үйгөгелдім, жақсыгөрөд, өзүгелд(і)* болып айтылады.

3) Біріккен сөздердің бөліктері (компоненттері) де бір ырғақпен айтылады, сондықтан бұлардың екінші бөлігінің басындағы **к, к** дыбыстары алдыңғы компоненттің соңы дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса, ұяндап айтылады:

жазылуы:

Талдықорған
қаракүйе
қаракұрт
алакөз (құс атауы)
Меңдіқыз
Сарыкөл

айтылуы:

Талдығорған
қарагүйө
қарағұрт
алагөз
Меңдіғыз
Сарыгөл

4) Қос сөздердің сыңарлары да осы заңға бағынады:

жазылуы:

айтылуы:

баса-көктеп
қара-құра
келе-келе
қора-қопсық

басагөктеп
қарағұра
келегеле
қорағопсұ

5) Сөйлем ішінде сөз дауысты дыбыстарға аяқталып, оған қатысты шылаулар **қ** дыбысынан басталса, шылаудың басқы дыбысы ұяң айтылады:

жазылуы:

желге қарсы
үйге қарай
елу қаралы
екі қайтара

үй қасында

айтылуы:

желгеғарсы
үйгөғарай
елууғаралы
екіғайтара *немесе*
екқайтара
үйғасында

1-баптағы (параграфтағы) ережеге қарап мына өлең шумағының дұрыс айтылуын (оқылуын) көрсетіндер, ол үшін, әрине, мұндағы сөздерді ырғақтық топтарға бөліңдер; бұл мәтінде ырғақтық топтардың қайсысының айтылуы берілген ережеге қатысты екенін айтыңдар.

*Ат қайда Ақбақайдай шапнай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі күлген.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Шақыртпай еш адамға өзі келген.*

§ 2. Ырғақтық топ құрайтын екі сөздің алдыңғысы **з, ж, р, л, м, н, ң, й,** үнді **у** (*тау, бау* деген сөздердегі) дыбыстарына аяқталса, келесі сөздің басындағы **қ, к** дыбыстары ұяңдап, **ғ, г** болып айтылады.

*Ырғақтық
топтар:*

жез қазған
өнер кәсіп
бал қаймақ
тай келтір
аман келді
қаз қатар
азан қазан
жылан көз
сонымен қатар
қой көз
қай қайдағы

жазылуы:

Жезқазған
өнеркәсіп
бал қаймақ
Тайкелтір
Амангелді
қаз-қатар
азан-қазан
жылан көз
сонымен қатар
қой көз
қай-қайдағы

айтылуы:

Жезғазған
өнөргәсіп
балғаймақ
Тайгелтір
Амаңгелді
қазғатар
азаңғазан
жылаңгөз
сонүменғатар
қойгөз
қайғайдағы

Бұл ережеге мысал ретінде мына үзінділердің дұрыс айтылу түріне назар аударыңыз:

Қарағым / айналайын / келдіңғайдан //
Алүйрек / алмамойұн / ұшарсайдан //
Ейгалқа / мекеніңді / айтыпқойшұ //
Адамның / жатполмағы / осұндайдан // (Халық өлеңі)

Мына шумақтарды ырғақтық топтарға ажыратып, дұрыс айтылуын көрсетіңдер, жоғарғы ережеге сай келетін сөздерді табыңдар:

*Салмасам, Айнамкөзге ән болмайды,
Кимесем екі бешпент сән болмайды,
Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна,
О дағы алғаныңнан кем болмайды,
Айнамкөз, сен қайдағы, мен қайдағы,
Біреудің мен де өзіңдей боз тайлағы.
Есіме, беу қарағым, сен түскенде,
Қайнайды зығырданым қай-қайдағы* (Мұхит)

§ 3. Ырғақтық топқа енетін сөздердің бірінші сыңары **қ, к, п** деген қатаң дыбыстарға аяқталса, келесі сөз дауысты дыбыстардың біреуінен немесе **ж, з** сияқты ұяң дыбыстардан және **р, л, м, н, й, у** деген сонорлардан басталып тұрса, алдыңғы қатаң дауыссыздар ұяңдап **ғ, г, б** болып айтылады. Мысалы, *шекара, сатып алды, қонақ үйі, кәсіподақ, келіп еді, қашық жер, бекзат, көк орамал* деген сөздер айтылуда: *шегара, сатыбалды, қонағұйү, кәсіподақ, келібеді, қашығжер, бегзат, көгорамал* болып дыбысталады.

Бұл ережеге мысал ретінде мына шумақтардың дұрыс оқылуына назар аударыңыздар және жазылуын көрсетіңіздер:

Атеді / бұләнімнің / Жонұбалды //
Алғандай / сұлужонұп / ерімталды //
Жасымнан / сүйібайтқан / ән болған соң //
Жаңылмай / әлігүнге / естеғалды //
Жанедім / әсемәнді / сүйүбайтқан //
Жағымды / көпкебірдей / жұрт ұнатқан //
Келетін / нақысына / жүзғұбұлұп //
Кейдөрлеп кейдешалқып / баяулатқан // (Біржан)

§ 4. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары **с, ш** дыбыстарына аяқталса, келесі сөз **ж, ш** дыбыстарынан басталса, екі сөз аралығында қос **шш** дыбысы айтылады. Мысалы, *Досжан, сөзшең, бос шылбыр, жас жаным* деген сөздердің айтылуы: *Дошшан, сөшшең, бошшылбыр, жашшаным*. Сол сияқты алдыңғы сыңар **з** дыбысына аяқталса, келесі сыңар **ж** дыбысынан басталса, қос **жж** айтылады. Мысалы, *газиз*

жан, тоғыз жерде дегендердің айтылуы: *газижжан, тоғұжжерде*.

Осы ережеге байланыстырып, “Абай” операсындағы Абай мен Ажардың арияларынан алынған мына шумақтардың орфоэпиясын талдап көрелік:

жазылуы:

Бауырым жара, сөзім нала,
Дертпен келем мен бүгін.
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын.
Қараңғыда жалғыз жарық
Әлсіз қолда өшер ме?
Айдарым жоқ, жеке қалып,
Зұлмат жаншып өтер ме?

айтылуы:

Бауұрұмжара / сөзүмнала/
Дертпенгелем / мембүгүн/
Айамашшау / менайнала //
Салдысалмақ / сұмдұғұн //
Қараңғыда / жалғызжарық /
Әлсізғолда / өшерме //
Айдарымжоқ / жекеғалып
Зұлматжаншып / өтөрме //

Бұл заң екі сөздің аралығында ғана емес, түбір мен қосымшаның түйіскен жерінде де болады. Мысалы, *жұмысшы, қосшы, басшы* деген сөздер айтылуда *жұмұшышы, қошышұ, башшы* болып естіледі.

Осы ережені ескеріп, мына сөздердің дұрыс айтылуын жазып және оқып көрсетіңдер.

Қыз Жібек, Бозжігіт, ауызша, орысша, көзсіз (батыр), құшсаң, көшсін, қас жақсы, қас жаман, жас жарым, Көзжақсым, еш жұмысы (жоқ), бес жылдық (оқу), үш жылдық жоспар, қазша (мамырлаған), қасша (дұшпанша), жазшы, тас жер.

§ 5. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алғашқысы **з** деген ұяң дыбысқа аяқталса, келесі сөз **с** деген қатаң дыбыстан басталса, айтылуда қос **сс** болып естіледі. Бұл заң түбір мен қосымшаның аралығына да тән. Мысалдар: *жүз сом, жаз сайын, сөзсіз*, бұлардың айтылуы: *жүссом, жассайын, сөссүз*.

Бұл ережеге жаттығу ретінде “Айман-Шолпан” пьесасынан Жарастың мына сөзін келтірейік:

жазылуы:

Құдаға кел, жамағат, көз
салайық,
Жарасқан сән-тұрманын
біз санайық.
Маржаны құмалақтан,
құрымжелек,
Қамшыны жібек бауға
шамалайық.

айтылуы:

Құдағагел / жамағат / көссалайық
/
Жарасқан / сәнтұрманын /
біссанайық //
Маржаны / құмалақтан /
құрұмжелек
Қамшыны / жібекпауға /
шамалайық //

§ 6. Бір ырғақпен айтылатын сөздердің алдыңғы сыңары **н** дыбысына

аяқталса, келесі сыңары **қ, к, ғ, г** дыбыстарының бірінен басталса, **н** өзгеріп, **ң** болып айтылады. Мысалы: *Аман+келді*, айтылуы *Амаңгелді* (бұл жерде ілгерінді-кейінді ықпал болып тұр: ілгергі **н** дыбысы кейінгі **к** дыбысын **г** дыбысына айналдырса, **г** дыбысы **н** дыбысын **ң**-ға айналдырып тұр). Осы сияқты *бөкен қабақ, жан қалқа, Айманкүл, Боранғали* деген сөздердің айтылуы: *бөкеңзабақ, жаңғалқа, Аймаңгүл* (бұл *Аймаңкүл* болып та айтылады), *Бораңғали*.

Бұл ереже түбір мен қосымшаның арасындағы дыбыстар өзгерісіне де жатады. Мысалы: *қашанғы* (*қашан+ғы*), *түнгі* (*түн+гі*), *зиянкес* (*зиян+кес*), *құйынға* (*құйын+ға*) сияқты қосымшалы сөздер *қашаңғы, түңгі, зыйаңкес, құйұңға* болып айтылады.

Мына мәтінді дұрыс оқып көрелік:

жазылуы:

айтылуы:

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау.
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!
Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің, жабырқау.

Ішімөлген / сыртымсау /
Көрүнгенге / деймінау //
Бүгүңгүдос / ертеңжау //
Меннеғылдым / йапырмау //
Жаңғысылса / жайтаңдап /
Жандеріткен / жайдарау //
Жанжайтапса сеннеге //
Жатмінессің / жабырқау //
(Абай)

Бірінші сөз **н** дыбысына аяқталып, келесі сөз **қ, к, ғ, г** дыбыстарынан басталып тұрған сәттің кез келгенінде мұндай өзгеріс бола бермейді, яғни олар бір топқа енбей, екі бөлек топта тұрса, бір-біріне әсер етпейді. Мысалы, “Қарақыпшақ Қобыланды” пьесасынан Қобыландының мына бір сөзінің дұрыс айтылуын көрелік:

жазылуы:

Ұлын құл ғып, қызын күң,
Қақсатып болған қызылбас.

айтылуы:

Ұлын / құлғып / қызын / күң/
Қақсатыпполған / қызылбас//

Мұнда **н - қ, н - к** дыбыстары қатар келгенмен, бір-біріне әсер етпейді, өйткені қатар тұрған сөздер екі бөлек ырғақта тұр, сондықтан бұл жерде **қ** дыбысы **ғ**-ға, **н** дыбысы **ң**-ға айналмайды.

Осы ережеге сай етіп, әрі алдыңғы қағидаларды ескеріп, мына мәтіндерді дұрыс айтып көріңдер. Ол үшін топтарға бөліп алыңдар.

*Анталаған жауың көп
Қас қамауда біз қалсақ,*

*Жан көке, кімге тапсырдың?
Тоғай толған жылқың бар,
Қора толған қойың бар,
Жан көке, кімге тапсырдың? (М. Әуезов)*

*Жаңа жыл мың тоғыз жүз қырық бесінші,
Құйшы, дос! Қыран көңіл, бір желпінші!
Қан қырғын, қызыл соқта толастар ма?
Жаңа жыл, айт та маған, ал сүйінші! (Қ. Аманжолов)*

§ 7. Бір ырғақты топқа енетін сыңарлардың алдыңғысы н дыбысына аяқталса, келесісі б, п дыбыстарынан басталса, н дыбысы м болып айтылады. Бұл заң түбір мен қосымшаның аралығында да болады.

Мысалы, сен бе едің, Құрманбек, Дүйсенбай, Жанпейіс, күнбатыс, күнбағар, жылан бауыр (трактор) деген сөздер сембедің, Құрмамбек, Дүйсембай, Жампейіс, күмбатыс, күмбағар, жыламбауыр болып айтылады. Кейбір адам аттары айтылуына жазылып жүр: Жампейіс, Бейсембай.

§ 8. Бір ырғақтық топтағы компоненттердің алғашқысы с, т, қ, к, п, ш деген қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталса, келесісі б дыбысынан басталса, б дыбысы қатаң п-ға жуықтау болып айтылады: *тас бұлақ* (айтылуы: *таспұлақ*), *Сәтбай* (*Сәтпай*), *ақ берен* (*ақперен*), *айтып берді* (*айтыпперді*), *кеш бойы* (*кешпойұ*).

Осы ережені және алдыңғыларын ескеріп, мына халық өлеңдерін дұрыс айтып көріңдер. Ырғақтық топтарға бөліндер және дыбыстары өзгеріп айтылған сөздерді көрсетіндер.

*Ат қайда Ақбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі күлген?
Алыстан ат арытып келгеніңде,
Шақыртпай еш адамға өзі келген.*

*Баянауыл басында балалы құр,
Бір сөз айтам, қалқатай, мойныңды бұр.
Аулыңның тұсынан аттанғанда,
Ақ боз үйге сүйеніп қара да тұр.*

§ 9. Орыс тілінен енген сөздердің соңында келетін ұяң **б, в, г, д** дыбыстары айтылуда қатаң **п, ф, к, т** болып естіледі. Фамилия соңындағы **-ов, -ев** жұрнақтары да **оф, еф, ыф, іф** болып айтылады.

Мысалы: *клуб* (*клуб*), *педагог* (*педагог*), *устаф* (*устав*), *Иваноф* (*Иванов*), *Жұмашыф* (*Жұмашев*). Бұл сөздердің дыбыстары қатаң естілетін болғандықтан, қатаң дауыссыздан басталатын қосымшалар жалғанады. Мысалы: *наградтау* (айтылуы: *наградтау*), *клубқа* (*клубқа*), *Ивановтар*

(Ивановтар). Араб, парсы тілдерінен енген *жад*, *араб тәрізді* бірен-саран сөздер де *жат*, *арап* болып айтылады, бұларға да қатаң дыбыстан басталатын қосымшалар жалғанады: *жадқа айтты* (жазылуы да, айтылуы да: *жатқа*), *араптар* (айтылуда: *араптар*).

§10. Сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **ұ, ү, о, ө** дыбыстары және екі дауыстының ортасында келген **у** дыбысы (*тауық*, *бауыр* сияқты сөздерде) келесі буындағы **ы, і** дыбыстарын өзгертіп, **ұ, ү**-лерге жуықтатып естіртеді (ашық буын дегеніміз *кұ-*, *кү-*, *қо-*, *бұ*, *бү-* сияқты дауысты дыбысқа бітетін буындар). Мысалы, *кұ-лын*, *бү-гін*, *о-рын*, *кү-ліп*, *ө-мір* деген сөздер *кұлун*, *бүгүн*, *орун*, *күлүн*, *өмүр* болып айтылады. Еріндік дыбыстардың ықпалы үшінші, төртінші буындарда біртіндеп әлсірей береді. Мысалы, *күмістің* деген сөздің екінші буыны **ү**-ге ұқсап, соған жуық айтылса, үшінші буында **і**-ге жуықтау айтылады: *күмүстің*.

Сол сияқты сөздің басындағы немесе бірінші ашық буындағы **ө, ү** дыбыстары келесі буындағы **е** дыбысын өзіне жуықтатыңқырап естіртеді, бұл әсердің де күші үшінші, төртінші буындарда әлсірей түседі. Мысалы: *өнер*, *кө-ре-ді*, *ө-сер*, *кө-бе-лек*, *жү-рек*, *кү-рек* деген сөздер *өнөр*, *көрөді*, *көбөлек*, *жүрөк*, *күрөк* болып айтылады.

Қазіргі кезде бұл сияқты ерін үндестігі байқалатын сөздерді жазылуынша оқу орын алып барады, әсіресе екінші буындағы **е** дыбысын э етіп, **өнэр**, **үлэс**, **өрэн** түрінде айтушылық байқалады, бұл, әрине, қате.

Осы ережеге сай етіп, мына шумақтарды дұрыс айтып көрелік:

Жігітке / өлеңдөнөр / өнөрдөнөр //
Шынжүйрүк / өргөшапса / өршөлөнер // (Халық өлеңі)

Қазақтың / өзгөжұрттан / сөзү / ұзұн /
Бірінің / бірішапшаң / ұқнассөзүн //
Көздүңжасы / жүрөктің / қаныменен /
Ерітуге / болмайды / ішкімүзүн // (Абай)

Бірінші буын бітеу не тұйық болса (тұйық буын дауысты мен дауыссыздан тұрады: *өр*, *ұр*, *ұл*, *үс*, *өс* деген сияқты, ал бітеу буынның алды-арты бірдей дауыссызға бітеді: *қол*, *көр*, *көз*, *түн* дегендей) келесі буындағы **ы, і, е** дыбыстарының **ұ, ү, ө**-ге қарай бейімделуі сәл бәсеңдеу болады, дегенмен таза өздерінің дыбысталуын да сақтамайды. Мысалы, *қолтық*, *қойдыр*, *құлдық*, *көркем*, *көзде*, *бөрте* сияқты сөздердің екінші буындарындағы **ы, і, е** дыбыстарының езулік болып айтылуы сәл солғындау (*күмүс*, *өнөр* дегендерге қарағанда).

Осы ережелерге және бұдан басқа көрсетілгендеріне орай етіп, мына үзінділерді дұрыс оқып және жазып көріңдер. Соңғы ережеге сай дыбыстары үндесіп айтылатын сөздердің астын сызындар не атаңдар.

...Өсер...өсер...не өсер? Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен!

Сор өсер, ар өшер!... Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның

астында! (М. Әуезов).

Қ а р а б а й. Құтылдым ба, құтылмадым ба? Көзім көрмес, қолым жетпес жерге кеттің бе, кетпедің бе?! Қараң батып болды ма, болмады ма? Уа, қайда әлгі қатын-баласы? Жық үйді, арт жүкті! Айдат жылқыны! (Ғ. Мүсірепов).

*Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең жалқып,
Суып қайтар көңілім желше шалқып,
Қуантып, қайғыменен суалтамын
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып.
Құдайдың толып жатыр күні бүгін,
Жігіттің тани алмай кемшілігін.
Бір алып қадірлемей, тастап кеткен
Тартып жүр қиянатшыл ер күйігін (Абай).*

§11. Қазіргі қазақ орфографиясы бойынша жіңішке буыннан басталатын сөздердің екінші, үшінші буындарында ә әрпі сирек жазылады. *Сірә, ірә, кінә, күнә, куә, жүдә, шүбә* деген сияқты бірқатар сөздерде болмаса, қалған сөздерде ә естілгенмен, а әрпі жазылады. Мысалы: *ләззат, тәкаппар, рәсуа, діндар, Сәбира, Жәмила*. Мұндай сөздерде алдыңғы жіңішке буынның әсерімен келесі буындар да жіңішке айтылады: *ләззәт, тәкәппар, рәсуә, діндәр, Сәбирә, Жәмилә*.

Бірақ бұл сөздердің алдыңғы тобына да (екінші буынында ә жазылатын), соңғы тобына да қосымшалар жуан түрде жалғанады: *күнәға (күнәге емес), Күләшқа (Күләшке емес), Жәмиләға (Жәмилеге емес), діндарлық (діндәрлік емес)*. Айтылуда да қосымша жуан айтылады.

Осы ережеге сай етіп және өзге ережелерді де ескере отырып, мына үзінділерді дұрыс айтып (оқып) көріңдер:

*Талақ етіп бұл ғаламды
Болды мәлім кеткенің.
Кінәсы жоқ жас адамды
Қатты соққан не еткенің...
Ғашық-ақпын еш күмәнсыз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін... (Абай)*

§12. Қазақ тілінде *жай, шай* сияқты сөздер қосымшасыз тұрғанда, жіңішке айтылады: *жәй, жәйт, шәй*. Бірақ бұл сөздерге де қосымша жуан болып жалғанады да, сөз тұтасымен жуан болып айтылады. Мысалы: *жайсыз (жәйсіз емес), шайға кел (шәйге кел емес)*. Бірінші буыны *жай, шай* болып келетін өзге сөздер де осындай. Қысқасы, **ж, ш** дыбысы мен **й** дыбысының ортасында келген **а** дыбысы сәл жіңішке айтылады. Мысалы, *жайылым, жайлау, жайнау, шайнау, шайлығу, шайы* (жібек) сөздері

жәйылым, жәйлау, жәйнау, шәйнау, шәйлығу, шәйы болып айтылады.

Ж, ш дыбыстары мен өзге дауыссыздардың ортасында келген **а** дыбысы жуан болып айтылады (және **а** жазылады): *жарғақ (жәргәқ емес), жануар (жәнүар емес), жақтау (жәқтау емес)* т.т.

Осы ережеге сай етіп айтсақ, Абайдың “Оспанға” деген өлеңі былай оқылар еді:

Жәйнағантұуң / жығылмай /	Жағалайжәйлау / дәулетің /
Жасқаныбжаудан / тығылмай /	Жарқырабжатқан /өзөнің /
Жасаулұжаудан / бұрұлмай /	Жасылшөбү / құуармай /
Жаужүрөк / жомарт / құбұлмай /	Жайдақтартып / сұуалмай /
Жақсөмүрүң / бұзұлмай /	Жәйдарыжүзүң / жабылмай /
Жасқуатың / тозұлмай /	Жәйдақтапқашып /сабылмай /
Жалынжүрек / сұуұмай /	Жақсөлүпсің / йапырмай //
Жамбіткеннен / түңүлмөй /	

Бұл өлеңнің барлық жолы **жа** деген дыбыс тіркесінен басталады және барлығы да **а** әрпі арқылы жазылады, ал айтылуда бірінші буыны жіңішке естілетін сөздер: *жәйнаған, жәйдақ, жәйдары, жәйдақтап*, өйткені бұларда **а** дыбысы **ж** мен **й** дыбыстарының ортасында келген.

Өздеріңіз мына үзіндінің дұрыс оқылуын жазып көрсетіңдер.

*Жан қысылса / жайтаңдап /,
Жанды еріткен / жайдары-ау.
Жан жай тапса, / сен неге /
Жат мінезсің / жабырқау? (Абай)*

*Ойландым да / толғандым,
Ойландым / ойға толмадым.
Жанды қидым / жалындым,
Жайланып, сірә, қоймадым. (Бернияз Күлеев)*

§13. Кейбір екі буынды сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанған кезде, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары сусып түсіп қалады. Бұл құбылыс сөздердің айтылуында да, жазылуында да ескеріліп, түсіп қалған дыбыс түсіріліп айтылады және солай жазылады. Мысалы, *халық, ерін, ауыл, нарық, бөрік* деген сөздерге I, II, III жақтық тәуелдік жалғауларын жалғағанда, екінші буындағы **ы, і** дыбыстары сусып түсіп қалады: *халқы (халқыы емес), халқым, халқың, халқымыз, ернім, аулым, нарқы, бөркі*. Мұндайда **қ, к** дыбыстары ұяңдамайды: *бөркі (бөрігі емес)*.

Ал жалпы заңдылық бойынша **қ, к** дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты дыбыстардан басталатын қосымшалар жалғанғанда, олар ұяңдауға тиісті: *балық+ы – балығы, күрек+ім – күрегім*.

Кейбір сөздерде **ы, і** дыбыстарының түсу-түспеуі сөз мағынасын

ажыратуға қатысады. Мысалы, жоғарғы *көрік* сөзі екі түрлі мағынаға ие, егер “адамның көркі” болса, тәуелдік жалғауы жалғанғанда, **і** дыбысы түсіп қалады (*көркім, көркің, көркі*), ал «ұстанның темір балқытатын көрігі” болса, түспейді де соңғы **к** дыбысы ұяңдап кетеді. Сол сияқты “көпшілік, қауым, жұрт” мағынасындағы *халық* сөзі тәуелденгенде, *халқым, халқың, халқы, халқымыз* болып, соңғы **к** дыбысы ұяңдамайды, ал *Халық* сөзі жалқы есім болса, *Сәрсенбайдың Халығы* болып, ұяңдап айтылады.

Соңғы буынындағы қысаң **ы, і** дыбыстары сусып қалатын сөздер кейде өлең ішінде буын санына орай түсірілмей айтылуы да мүмкін.

Тіпті о баста құрамында **ы, і** дыбыстары жоқ *бұлт, кілт, жалт* сияқты сөздер де өлеңде буын саны жетпей тұрса, *бұлт, кілт, жалыт* болып айтыла береді. Мысалы, *ауыл, бауыр* сөздері тәуелдік жалғаулармен құбылған кезде, мына шумақтардың біреуінде қысаң дыбыстарын түсіріп, екіншісінде түсірмей айтылады:

Аулұмқоңған / Сырымбет / саласына – 11 буын
Болдұмғашық / ақсұңқар / баласына – 11 буын

Егер мұнда *ауұлұм* болып айтылса, өлең жолы бір буынға артып кетер еді. Ал мына өлеңде буын саны 11 болу үшін, керісінше, **ы, і** дыбыстары түсірілмей айтылуға тиіс болып тұр:

Атымның / қақтұрады / сауұрұна – 11 буын
Қостепкі / салыпкелем / бауұрұна – 11 буын
Қолұнан / шәйгүйдүрұп / ішейіндеп – 11 буын
Келемін / Айтпайсұлуу / ауұлұна – 11 буын

Осы ережені сақтай отырып және берілген басқа да ережелерді еске алып, мына үзінділерді дұрыс айтып көріңдер (кей сөздерде емле ережесі әдейі бұзылып жазылды, оларды көрсетіндер). Өлеңнің буын санын көрсетіп, түсіріліп айтылатын дыбыстарды түсіріп, түсірілмейтіндерін қосып жазыңдар.

Созады Біржан дауысын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Жиылысы жандаралдың болады деп,
Жанбота, тынышымды алдың ала жаздай. (Біржан)
Қамшы бастым асыға буырылтайға,
Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма?
Жұрт жаңғыртып орынынан бір күн түнде
Қалқатайдың ауылы кетті қайда? (Біржан)

Қонады бір күн жас бұлыт
Жастастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт

Көк жүзіне ойнақтап. (Абай)

*Суырып көкте қылышын
Нәсерлі қара төнді бұлыт.
Тарылтып жердің тынысын
Тапа-тал түс болды ымырыт.
Өрістен қашты төрт түлік,
Асыға үйге енді жұрыт.
Салатындай бір бүлік.
Ақырды бейне долы бұлыт. (Қасым Аманжолов)*

§14. Қысаң ы, і дыбыстары көптеген үш буынды сөздердің ортаңғы буындарында көмескілеу естіледі, бірақ олардың түсірілмей сақталып айтылғаны жөн (емледе де көбінесе ы, і әріптері сақталып жазылады). Мысалы: *ықылас, жапырақ, топырақ, тебіренді, күңіренді.*

Ал өлеңдерде буын санына қарай мұндай сөздерде дыбыстарды түсіріп те айтуға болады. Мысалы:

*Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай,
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп.
Жапырағынан айырылған ағаш, құрай, –*

деген Абайдың шумағында соңғы тармақтағы *жапырақ, айырылған*, сөздері *жап-рағынан, ай-рылған* болып айтылуы керек, өйткені өлең жолы 11 буынды болу үшін *жап-ра-ғы-нан* 4 буын болып, *ай-рыл-ған* 3 буын, *а-ғаш, құ-рай* 4 буын болып айтылуы қажет.

Мына өлең шумақтарындағы курсивпен терілген сөздердің дұрыс оқылуын (айтылуын) көрсетіндер және себебін айтыңдар.

*Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі. (Абай)*

*Уа дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр.
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей
Ақын болмай, тасың болсам мен егер. (Қасым Аманжолов)*

*Әлі есімде бұлтсыз әлем аспаны,
Арман бізді алға апарып тастады.
Қара шашың мойныма оралып,
Жерге тамған мөлдір көздің жастары. (Н. Әлімқұлов)*

§15. Бір ырғақтық топта айтылатын сөздердің алдыңғысы дауысты дыбысқа аяқталса, екіншісі дауысты дыбыстан басталса, қатар келген екі дауыстының біреуі (алдыңғысы) “жұтылып” кетеді де, бір ғана дауысты айтылады. Мысалы, *торы ат, қара ала, келе алмадым, барып па еді, Қараадыр, Сарыөзек, айта-айта* сияқты сөздер *торат, қарала, келалмадым, барыптедің, қарадыр, сарөзек, айтайта* деп айтылады. Бұл заңға біріккен сөздер де, жеке сөздер де, сөз бен шылаулар да, қос сөздер де бағынады.

Қазақ тілінің бұл орфоэпиялық заңдылығын ақындар шебер пайдаланады, яғни жазуда буын саны артық шықса да, айтуда (оқуда) дәл шығатын болғандықтан, сөздерді ақындар еркін қолданады. Мысалы:

3	4	4
Бі-лек-тей / ар-қа-сын-да / өр-ген-бұ-рұм /		
3	4	4
Шол-пұ-сұ / сыл-дыр-ға-ғып / жүр-са-қы-рын /		
4	3	4
Кәм-шәт-бө-рүк / ақ-та-мақ / қа-ра-қас-ты /		
4	3	4
Сұ-лұу-ғыз-дың / кө-рүп-пең / мұн-дай-тү-рүн //		

Мұнда *жүрсе ақырын, көріп пе ең* деген сөздері бар жолдар жазылуда 12 буын болғанмен, айтылуда *жүрсақырын, көріппең* болып кірігетіндіктен, өлең өлшеміне ешбір нұқсан келтірмей тұр.

Қатар тұрған сөздердің кез келгенінің екі аралығындағы дауыстылар бірін-бірі “жұта” бермейді. Егер ондай екі сөз екі ырғақтық топта тұрса, аралық дауыстылар өз орындарында анық айтылады:

Аласыз / қара гөзү / айнадайын /
 Жүрекке / ыстықтйіп / салғансайын /
 Үлбүрөген / ағетті / ашығжүздү /
 Тісәдемі / көріппең / қыздыңжайын //

(Абай)

Мұнда *көзі айнадайын, жүрекке ыстық, етті ашық* деген сөздер қатар тұрғанмен, екі аралықтарындағы дауыстылар кірікпейді, өйткені бұлар әр бөлек ырғақтық топта тұр.

Осы ережені ескеріп, мына өлең шумақтарын ырғақтық топтарға бөліп, дұрыс айтып көріңдер. Дауысты дыбыстардың кірігетін және кірікпейтін жерлерін дәлелдендер.

*Жас қыз бен жас бәйтерек – бәрі бірдей,
 Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?
 Менен гөрі сөзіңді жақсы ұғушы
 Кетер деме ер жігіт бір кез келмей.* (Абай)

*Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,
 Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.*

*Тірлікте тербелейін, тебіренейін,
Бір күні кетсем ұйықтап оянбаспын. (Қ. Аманжолов)*

*Жел желпиді кейде есіп,
Көк жайлауда жатырмын.
Жұлдыздармен сөйлесіп,
Астында аспан-шатырдың. (С. Мәуленов)*

*Ұшады аққу көлден байпаңдаған,
Қалқаға бір сөзім бар айта алмаған.
Су құйып сырлы аяққа тұндырғандай,
Көзіңнен айналайын жаутаңдаған. (Халық өлеңі)*

§16. Қазақ тілінің қазіргі емле ережелері бойынша қосар **ый, ій** әріптерінің орнына бір ғана **и** әрпі жазылады. Мысалы: *ки* (дұрысында *кйі* болу керек), *қи* (*қый* болу керек), сол сияқты: *би* (*бйі*), *биыл* (*бййыл*), *жиі* (*жййі*), *жиналыс* (*жсййналыс*), *ти* (*тйі*), *тиын* (*ақша, тййын*), *тиін* (*аң, тййін*) т.т.

Ал **и** әрпі – жіңішке дыбыстың таңбасы, бірақ жазуда жуан **ый** дыбысын да таңбалайтын болғандықтан, оны жіңішке де, жуан да етіп айтуға тура келеді. Ішінде **а, ы, ұ, о** сияқты жуан дауысты дыбыстары бар сөздерде **и** таңбасын **ый** деп жуан айту керек. Мысалы: *жсййналыс* (жазылуы: *жиналыс*), *қыйыңғыстау* (*қиын-қыстау*), *бййыл* (*биыл*), *сый-сыйапат* (*сый-сияпат*).

Сөз ішіндегі **и** дыбысының жуан не жіңішке екенін ондағы өзге дауыстыларға қарап айыруға болады. Мысалы, *дидар, миғұла, мизам, бидай, мирас, миық, мия, қыдию, қалқию* деген сөздерде **и** – жуан, өйткені бұлардағы өзге дауыстылар жуан, сондықтан айтылуда бұлар *дййдар, мййғұла, мййзам, бййдай, мййрас, мййық, мййа, қыдыйу, қалқыйу* болуы керек. Ал *ми, жи, қи* үш-төрт сөздің жуан айтылуға (*мйй, жсйй, қйй*) тиіс екенін есте ұстау кажет, өйткені бұл сөздерге жалғау-жұрнақтар жуан вариантта жалғанады: *миы ашыды* (*мййі* емес), *мисыз* (*мисіз* емес), *жина* (*жине* емес), *қиды* (*қиді* емес).

Есте оңай сақтауға болатын ереже, ол – **қ, ғ** дыбыстары бар сөздердегі **и** дыбысының әрдайым **ый** болып жуан айтылатындығы:

жазылуы:

айтылуы:

қырғи қабақ
қилы-қилы
қалқиған
қыли (көз)
шиқ етті
шиқан

қырғыйғабақ
қыйлығыйлы
қалқыйған
қылай (гөз)
шыйқетті
шыйқан

жан қиярлық
қағида

жаңғырлық
қағида

Мұндай сөздердің ішінде *сый, тый* деген екі сөз түбір күйінде де, әр алуан қосымшалар жалғанған тұлғасында да жалаң **и** әрпімен емес, қосар **ый**-мен естілуінше жазылып жүр. Оның себебі осы буындардың жіңішке варианттарында айтылатын сөздермен (*ти, си*) мағынасын шатастырмауға байланысты. Алдыңғыларын айтқанда, үнемі жуан **ый** етіп айту керек: *тый, сый*. Бұлардың туынды, қосымшалы түрлері де әрдайым жуан айтылады: *сыйлау, сыйлық, сыйды, сыймады, сый-құрмет, сыйымсыз, сыйысу, тыйғызу, тыйылу, тыйымсыз*. Бұл сөздер осы тұлғада **ый** арқылы жазылады.

С мен **т**-дан басталатын және осылардан кейінгі дыбысы **и** болып келетін сөздердің қалғандарында жалаң **и** жазылады, бірақ сөз жуан болса, **и** әрпін жуан **ый** етіп айту керек. Мысалы: *сияқты* (айтылуы: *сыйақты*), *сидаң қағу* (айтылуы: *сыйдаңғағу*), *сидиды* (айтылуы: *сыйдиды*), *сиқыр* (айтылуы: *сыйқыр*), *сипақтау* (айтылуы: *сыйпақтау*), *сипаң-сипаң* (айтылуы: *сыйпаңсыйпаң*), *сипат* (айтылуы: *сыйпат*), бұл сөздің *сыпат* түрі де айтылады, әйтеуір *сйпат* деп бірінші буыннан жіңішке айтпау керек, *сипау* (айтылуы: *сыйпау*), *сипақ* (айтылуы: *сыйпақ*), *сиыр* (айтылуы: *сыйыр*), *сия* (айтылуы: *сыйа*), *сиыну* (айтылуы: *сыйыну*), *типыл* (айтылуы: *тыйпыл*), *тиын* (айтылуы: *тыйын*), *тиянақ* (айтылуы: *тыйанақ*).

И дыбысының жуан не жіңішке айтылуы өзінің алдындағы дауыссыз дыбыстың айтылуына үлкен әсер етеді. Мысалы, *ти* және *тый* деген сөздерді айтып көріндер: алғашқысында **т** дыбысын айтқанда, тілдің ұшы тіске тиіп, едәуір ілгері созылады да, соңғы жуан сөзде **т** дыбысын айтқанда, тіл сәл артқа қарай тартыңқы болады. Өзге дауыссыздар да осындай азын-аулақ өзгеріспен айтылады. Ол үшін *жиі* және *жиын*, *би* және *быйыл*, *тиін* және *тыйын*, *шикі* және *шыйқыл* деген сөздерді айтып көріңіздер де, басқы дыбыстардың айтылуындағы ерекшеліктерді аңғарыңыздар.

Қазіргі кездегі орфоэпиялық қателіктердің көзге түсетін тұстарының бірі – жуан сөздердегі **и** дыбысын жазылуынша жіңішке айту (оқу). Мысалы, *жиналыс*, *ми*, *дидар* сөздерін *жйиналыс*, *мйй*, *дййдар* түрінде жіңішке айтушылық кездеседі. Бұл – дұрыс емес.

Кейбір үш-төрт буынды сөздерде **и** дыбысынан басқа әрі жуан, әрі жіңішке дауыстылар аралас келеді. Ол сөздер көбінесе араб, парсы, орыс және интернационалдык сөздер болып келеді. Мысалы: *қасиет*, *қиямет* (*қыйамет*), *Сәлима*, *антитеза*, *архипелаг*, *дебитор*, *артезиан*. Мұндайда араб, парсы сөздеріндегі **и** дыбысы іле-шала **қ** дауыссызынан кейін тұрса, **ый** болып айтылады: *қыйамет*, *қыйсап* (*есеп-қисап*), ал қалған жағдайда жіңішке айтылады: *Сәліймә*, *қасийет*.

Осы ережені сақтап және өзге қағидаларды да ескеріп мына үзінділерді дұрыс айтып көріндер, ол үшін транскрипциялап жазып

көріңдер, яғни естілуінше (айтылуынша) жазындар.

1) *Зым-зия, зымиян, тиянақ, жария, биялай, тиесілі, қияқ, Сұлуқия, қиқар, киім-кешек, қоқиланды, қомпиды, қария, зиянкес, Зікірия, Рәшида, Рахила, Рахима, Бәлия, Қания, Халима, Кәрима, Бәтима, Фәтима, Қали, Ғали, Уәли.*

2) *Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың. (Абай)*

3) *Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада,
Нәркес көз, қалам қасты лағыл бала.
Иранның Құсни-зия тотысындай,
Гәухардан шыққан нәсіл тудың зада.
Топ көрсе, қырындайтын біз бір тұлпар,
Бұлбұл құс қызыл гүлге болып іңкәр.
Сіздерді неге ұмытсын көрген сұңқар. (Ақан сері)*

4) *Сүйе алмадық, қия алмадық, қимадық,
Неге біздер от құшаққа сыймадық?
Екеуміз де екі айрылған өзендей,
Махаббатты басқа жанға сыйладық. (Т. Молдағалиев)*

§17. Қазіргі емле ережелеріміз бойынша қосар ұу, үу әріптерінің орнына жалаң у әрпі жазылады. Бұл дыбыстың да айтылуының жуан-жіңішке екендігін (ұу немесе үу екендігін) сөз ішіндегі өзге дауыстыларға қарап айыру керек. Екі, үш не одан да көп буынды сөздерде өзге дауыстылар жуан (а, о, ы) болса, ұ әрпімен келген тұс ұу болып, ал жіңішке (е, ә, ө, ү, і) болса, үу болып айтылады.

Ал бір буынды сөздерді (олар сан жағынан өте аз) сөйлемнің мағынасына қарай қай сөз екенін ажыратып, жуан не жіңішке айтуға тура келеді. Мысалы, *Үйдің төбесінде ту желбірейді* деген сөйлемде *ту* сөзі жуан *тұу* болып айтылады. *Ту дегенде түкірігі жерге түспейді* деген сөйлемде *ту* сөзі жіңішке болғандықтан, *тұу* деп айту керек. Сол сияқты: *Шу, жануар, шу* деді дегенде *шу* сөзін жіңішке *шұу* деп айту керек те, *Көшеде айғай-шу естілді* дегенде *шу* сөзінің жуан екенін, сондықтан *шұу* деп жуан айту керек екенін контекстен, яғни сөйлемнің мазмұнына қарап ажырату керек.

Тәжірибеде у дыбысын жуан не жіңішке айтуда қиындық байқалмайды, сондықтан орфоэпиялық қателіктер де бұл ретте онша сезілмейді, дегенмен *ту* және *тұу*, *шу* және *шұу*, *гүугуuledі* (жазылуы: *гу-гуледі*) және *гудок*, *су* және *сүүрет* (жазылуы: *сурет*) сияқты бес-он сөздің жуан-жіңішке айтылуынан жаңылыспаған абзал.

Осы айтылғандарға сәйкес Абайдың мына жолдарын дұрыс оқып көріңдер. **И** дыбысы жуан және жіңішке айтылатын сөздерді **ый, ій** арқылы жазып көрсетіңдер.

*Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып, іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей. (Абай)*

*Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су. (Абай)*

§18. Бірқатар сөздер мен қосымшалар жазылуда түбірі сақталатындықтан, аралас буынды болып келеді, яғни жуан сөзге жуан варианты жоқ **-кер, -гер, -кент** сияқты жұрнақтар жалғанады немесе жіңішке түбірлі сөзге жіңішке варианттары жоқ **-қой, -паз, -қор** сияқты жұрнақтар жалғанады. Мысалы: *сауда+гер, Шым+кент, бал+гер, Таш+кент, әсем+паз, сән+қой, шәй+қор* (жазылуы: *шайқор*) т.б.

Осылардың ішінде **-кер, -гер, -кент** жұрнақтары жалғанған кейбір жуан сөздер айтылуда осы жұрнақтардың әсерімен тұтасынан жіңішке айтылады. Мысалы: *сәудегер, Шімкент, Тәшкент*. Бірақ бұл жұрнақтар жалғанған кез келген жуан түбірлі сөз жіңішке айтыла бермейді. Мысалы: *қаламгер, жауапкер, айыпкер, Құмкент* сияқты сөздер жазылған түрінше айтылады. Ал жуан жұрнақтар жіңішке түбірді жуандата алмайды, сондықтан олар жуанды-жіңішкелі аралас буынды болып, жазылған түрінше айтылады. Мысалы: *әсемпаз, өнерпаз, сәнқой, әзілқой*.

§19. Соңы к, г деген жіңішке дауыссыздарға аяқталатын кірме сөздерге жалғанған III жақтағы тәуелдік жалғауын жіңішке айтқан дұрыс. Мысалы: *педагог – педагогі, ток – тогі, монолог – монологі* т.б.

Тегі, сөз соңындағы к, г дыбыстарының қазақ тілінде жіңішке айтылуының әсері күшті, сондықтан айтуда көбінесе қазақ қосымшаларын жіңішке жалғауға бейім тұрады. Мысалы: *педагокке, педагоктік, участокке, участогтер, участогі, рояльдің* т.б. Өйткені қазақтың өз сөздерінде к, г дыбыстары еш уақыт жуан а, ы, о дыбыстарымен келмейді (айтылмайды).

§20. Қазақ тілінде сөз соңында екі дауыссыз қатар келетін сөздер бар. Бірақ кез келген дауыссыздар сөз соңында қатар келе бермейді. Тек алғашқысы л, р, м, н, ң деген сонор дыбыстар, соңғысы т, с, п, ш, қ, к деген қатаң дыбыстар болып тіркесіп келеді. Мысалы: *жалт, қалт-құлт, қарт, қант, ант, қарс* (*қарс* айырылды дегендегі), *күмп* (суға *күмп* берді), *қарш-қарш, дүңк* (*дүңк* етті), *қарқ-қарқ* (*қарқ-қарқ* күлді) т.б. Мұндай сөздердің басым көпшілігі *жалт-жұлт, қарқ-қарқ, күңк* (етті) сияқты еліктеуіш

сөздерде екі дауыссыз қатар айтылып, қатар жазылады.

Бұл сөздерді айтуда сөз соңындағы екі дауыссыз күрт, шұғыл дыбысталады, яғни араларына **ы, і** сияқты дауыстыларды салмайды: *жалт* (*жалыт* емес), *күрт-күрт* (*күріт-күріт* емес), *жалт-жұлт* (*жалыт-жұлыт* емес) т.т.

Қазақ тілінде сөздің үш дауыссызға аяқталуы – мүлде жоқ құбылыс. Сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей, сонорлар мен қатаңдардың қабаттасуынан өзге дауыссыздардың қатар келуі де – орын алмайтын құбылыс. Қазақ тіліне енген орыс және интернационалдық сөздер, әсіресе жер-су, қала аттары қатарынан бірнеше дауыссыз дыбысқа аяқталып келе бермейді. Мысалы: *пункт, Омск, фонд, митинг, штамп, шланг, факт, рецепт, экспромт, киоск, лифт*. Бұл сөздер қазақ тілінде жеке айтылғанда, соңғы қатар келген екі-үш дауыссыздың не сондарынан, не орталарында **ы, і** дәнекер дыбыстар салып айтылады: *пункіт, Омскі, фонды, митингі, штампты, шлангі, факті, рецепті, экспромты, киоскі, лифті*. Бұлардың ішінде қатаң дыбыста (*факт, рецепт, киоск, лифт*), сонор мен қатаң да (*шланг, штамп, экспромт*), сонор мен ұяң дыбыс та (*фонд, митинг*), тіпті үш дыбыс та (алдыңғысы сонор, қалған екеуі қатаң – *пункт*) қатар келген.

Қазақ тілі үшін үйреншікті емес (яғни фонетикалық жүйесіне сай келмейтін) дыбыстарға аяқталатын мұндай сөздердің бірқатарына, атап айтқанда: **нд, мп, кт, нк, нг, мб, ск, фт, пт, мт** дыбыстарына аяқталатындарына қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, сөз бен қосымшаның аралығына дәнекер **ы, і** дыбыстары қосылып айтылады және солай жазылады. Мысалы: *киоск+ке – киоск+і+ге* (*киоскке* емес), бұл жерде дәнекер **ы, і** болғандықтан, қосымшалар ұяндап кетеді (**-ке** емес, **-ге, -тар, -тер** емес, **-лар, -лер** деген сияқты), *митинг+тер – митинг+і+лер* (*митингтер* емес), *Омск+тен – Омск+і+ден* (*Омсктен* емес), сол сияқты *фактілер, фактіге, фактісі* (*факттер, фактке, факті* емес), *штампылар, штамптыны, штамптысы, штамптыға* (*штампытар, штампты, штампты, штампқа* емес), *объектілер, объектіге, объектісі* (*объектер, объектке, объекті* емес). Үш дауыссызға аяқталған сөздер қазақ қосымшаларын дәнекер **ы, і** дыбыстарынсыз қабылдайды, өйткені айтуда алдыңғы дауыссыз бір буынға кетеді де, соңғы екі дауыссыз айтуда өздері бір буын болып айтылады: *пунк(і)т, пункітке, пункіттер, пункіті* (*пунктіге, пунктілер, пунктісі* емес), *сфинкіс, сфинкістер, сфинкістің* (*сфинксілер, сфинкісінің* емес). Ал бұлардың жазылуы: *пункт, пунктке, пункттер, сфинкс, сфинкске, сфинкстің*.

Ал **тр, зм, рг, рд, лк, кс, дж, фр, рв, кт, дз, фм** сияқты дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған кірме сөздерде айтылуда соңғы екі дауыссыздың арасына **ы, і** дыбыстары қосылып айтылады: *метір, оркестір, альпинизім, колледіж*.

Соңғы екі-үш дауыссыздың біреуі **к, г** дыбыстары болып келсе, ол сөзге қазақ қосымшалары тек қана жіңішке жалғанып, жіңішке айтылады (түбірдегі дауысты мейлі жуан болсын, мейлі жіңішке болсын). Мысалы: *пунктке* (айтылуы: *пункітке*), *паркке, парктер, паркі* (айтылуы: *парікке*,

паріктер, паркі), митингіге, митингілер, киоскінің, киоскілер. Ал **к, г** дыбыстары жоқ жерде қосымша сөз түбірінің немесе түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанып, сол жалғанған түрінде айтылады. Мысалы: *лифтілер, лифтісі, лифтіге* (мұнда қосымша жіңішке, өйткені түбірдің дауысты дыбысы **и** – жіңішке), *штампыға, штампылар, штампысы* (мұнда түбірдегі дауысты **а** жуан болғандықтан, қосымша да жуан жалғанып тұр).

Осы ережеге сай етіп мына сөздерге қазақша қосымшалар (септік, тәуелдік, көптік жалғауларын) жалғап көріңдер де, дұрыс айтып беріңдер:

Антракт, металлург, анонс, бланк, контракт, бумеранг, почтамм, дифирамб, интеллект, катафалк, комплекс, комплект, конспект, кзендз, лаборант, ландшафт, логарифм, манускрипт, медпункт, моллюск, пакт, преЙскурант, раунд, рецетт, рислинг, такт, экспромт, цифр.

§21. Кірме сөздердің ішінде **ст, сть, зд, кст, вт, сс, лл, мм, тт, пп** дыбыстарына аяқталғандарына қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда, ең соңғы дауыссыздар түсіріліп айтылады және солай жазылады. Мысалы: *коммунист+тер – коммунистер (коммунисттер емес), коммунист+ке – коммуниске (коммунистке емес), коммунист+тік – коммунистік (коммунисттік емес), съезд+ге – съезге (съездге емес), съезд+дің – съездің (съезддің емес), съезд+і – съезі (съезді емес), ведомость+қа – ведомосқа (ведомостьқа емес), металл+дар – металдар (металлдар емес), терапевт+ке – терапевке (терапевтке емес).*

Осы ережені ескеріп, мына сөздерге қосымшалар жалғап айтыңдар және жазыңдар.

Кросс, грамм, гимнаст, грипп, киловатт, эхинококк, хлорофилл, фармацевт, авиапост.

§22. Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі (**ь**) жазылатын және **л** дыбысына аяқталатын сөздерге қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды және **л** дыбысы жуан айтылады. Мысалы:

орысша жазылуы :

*қазақша жазылуы
әрі айтылуы :*

материальный
феодальный
коммунальный

материалдық (материальдық емес)
феодалдық (феодалдық емес)
коммуналдық (коммунальдық емес)

Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде **л** дыбысы жіңішке

сөздерде (яғни түбірдің өзінде жінішкелік белгісі жазылатын сөздерде) **ь** таңбасы сақталып жазылады және **л** дыбысы жінішке айтылады: *моральный – моральдық* (сөз түбірі – *мораль*), *артельный – артельдік* (сөз түбірі – *артель*). Мұндайда көбінесе сөздердің қазақша айтылуы жазылуына сай келеді: **ь** тұрса, **л** дыбысын жінішке айту керек те, **ь** жоқ болса жуан айту керек.

Осы ережені ескеріп, мына сөздерді дұрыс айтып көріңдер:

Патриархалдық, акварельді, спектакльдік, артельдік, номиналдық, вассалдық, вокальды.

§23. Қазақ тілінде **қ, к, п** деген қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымшалар жалғанған кезде, сөз соңындағы қатаң дыбыстар ұяңдап, **ғ, г, б** (кейде **у**) дыбыстарына айналатыны мәлім. Бұл өзгеріс жазуда да, айтуда да ескеріледі. Мысалы: *тарақ+ым – тарағым, күрек+і – күрегі, доп+ы- мыз – добымыз, тап+ып – тауып, кеп+у – кебу, кеп+іп – кеуіп* т.б.

Бұл ережеге орыс тілі арқылы енген сөздердің де бірқатары бағынады: *ток – тогы* (айтуда *тогі*), *блок – блогы* (айтуда *блогі*). Ал **п, х** дыбыстарына аяқталатын бірқатар кірме сөздер бұл ережеге бағынбай, соңғы қатаң дыбыс ұяңдамай айтылады және солай жазылады. Мысалы: *принцип+і – принципі* (*принцибі* емес), *грипп+і – грипі* (оның *грипі* жұқты, *грибі* емес), *тип+і – типі* (*тибі* емес), *кинескоп+ы – кинескопы* (*кинескобы* емес), *цех+ы – цехы* (*цегы* емес), *шейх+ы – шейхы* (*шейығы* емес), *шах+ы – шахы* (*шағы* емес).

§24. Жінішкелік белгісіне аяқталатын көп буынды кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады, яғни сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыс жінішке болса, қосымша да жінішке, жуан дауысты дыбыс болса, қосымша да жуан болып айтылады және солай жазылады, **ль** дыбысына аяқталған кірме сөздерге тек қана тәуелдіктің III жағында жінішке қосымша жалғанып, жінішке айтылады. Мысалы: *фестиваль+ға – фестивальға*, бірақ *фестивали, календарь+ға – календарьға, календары*.

Кль, брь, бль тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жінішкелік белгісіне аяқталған сөздерге және жінішкелік белгісіне аяқталған бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жінішке жалғанады, яғни сөздің соңғы буыны тұтас өзі жуан болса да, қосымша буын үндестік заңына бағынбай жалғанады және жінішке айтылады (әрі солай жазылады). *Ансамбілге* (жазылуы: *ансамбльге*), *ансамбілдер* (жазылуы: *ансамбльдер*), *ансамбілі* (жазылуы: *ансамблі*, мұнда сөз түгелімен жуан, тек соңғы дауыссызы жінішке **ль**), *бинокльдің* (айтылуы: *бинокілдің*), *биноклім* (айтылуы: *бинокілім*), *бинокльдер* (айтылуы: *бинокілдер*). Мұнда сөздің соңғы буыны **нокль** жуан. *Тюль, тюльдің* (айтылуы: *тюлдің*), *тюльге, тюлі* (сөз бір

буынды, бірақ жіңішке **ль** дыбысына аяқталған), *князьдің, князьдер, князі* (сөз **зь** дыбысына аяқталған және бір буынды болғандықтан, қосымша жіңішке жалғанып тұр).

Бұл сияқты дауыссыз дыбыстары, әсіресе сөз соңындағы дауыссызы орыс тілінде жіңішке айтылатын сөздердің қазақша дыбысталуында дауыстылардың ыңғайы (жуан-жіңішкелігі) емес, дауыссыздардың айтылу ыңғайы шешуші рөл атқарады.

Осы ережені ескеріп, мына сөздерге қазақша қосымша жалғап, дұрыс айтып көріңдер:

Капсюль, бандероль, ноябрь, верфь, автомобиль, акрополь, бронь, водевиль, виолончель, вестибюль, госпиталь.

§25. Соңғы буынында **ё, э, ю** дыбыстары бар кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанып, солай айтылады әрі жазылады. Мысалы: *актёрлер, актёрге, актёрі, дирижёрлер, дирижёрі, Пётрге, Пётрден, дуэтке, дуэті, полюске, полюстер, парашютке, парашюті, дуэльге, дуэлі, велюрдің, велюрі, дебютке, дебюті.*

§26. Ер адамның фамилиясы **-ов, -ев, -ин** жұрнақтары арқылы жасалған болса, **-ов, -ев** жұрнақты фамилияларға қазақ тілінің қосымшалары түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке түрде жалғанып айтылады (және солай жазылады). Мысалы: *Омаровтың, Омаровқа* (сөз түбірі *О-мар*, соңғы *мар* буыны жуан), *Әуезовтің, Әуезовке* (сөз түбірі *Ә-уез*, соңғы *уез* буыны жіңішке), *Мұсаевқа, Мұсаевтан* (сөз түбірі *Мұ-са*, соңғы буыны жуан), *Құдайбердиевке, Құдайбердиевтен* (сөздің соңғы буыны *ді* жіңішке). Ал **-ин** жұрнағымен жасалған фамилияларға қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанып, жіңішке айтылады: *Оразалинге, Дербісалинге, Сембинге.*

§27. Кейбір өлшем атаулары жазылуда шартты түрде қысқартылып беріледі. Ал қысқартулар не әріптерден, не арнайы алынған өзгеше белгілерден тұрады.

Мысалы: 10 см, 5 га, 3 мм, 10°, 40м, 100%, 220V, 70W. Бұларды ауызша айтқанда қысқартылып берілген әріптерді емес, сол әріптер білдіріп тұрған сөзді толық айту керек: *он сантиметр, бес гектар, үш миллиметр, он градус жылы, қырық метр, жүз пайыз, екі жүз жиырма вольт, жетпіс ватт.* Бұларға жалғанып тұрған қосымшаларды (олар дефис арқылы жазылып беріледі) оқығанда, белгілерге тіркеп емес, тұтас сөзге тіркеп айту керек. Мысалы: *көйлегімнің етегін 5 эсэмге немесе сымыға ұзарттым* деп емес, *бес сантиметрге ұзарттым* деп айту керек. Сол сияқты: *машина сағатына 60 км-ден жүріп отырды* деп жазылғанды *алтыс километрден (алтыс ка-эмнен немесе алтыс км-нен емес) жүріп отырды, комбайыншы 400 гектардай (га-дай емес) жердің егінін орды* деп айту керек.

§28. Жекеше II жақтағы жіктік жалғауы тек қана **-сын, -сін** түрінде (яғни соңғы дыбысы **ң** болып) айтылады және солай жазылады. Мысалы: есімдерге жалғанған жіктік жалғаулары (жекеше түрі):

I жақ мен мұғаліммін, диктормын

II жақ сен мұғалім**сін**, диктор**сын**

III жақ ол мұғалім, диктор.

Етістікке жалғанған жіктік жалғаулары (жекеше түрі):

I жақ мен білемін, айтамын, барғанмын, барармын

II жақ сен білес**сін**, айтас**ың**, барған**сың**, барас**ың**

III жақ ол біледі, айтады, барған, барар

Кейде ауызекі сөйлеу тілінде бұл жалғау **-сын, -сін** түрінде (*сен мұғалім**сін**, диктор**сын***) де келеді және солай жазылып та кетуі мүмкін. Бірақ әдеби нормада сөйлегенде, тек **-сын, -сін** түрінде дыбыстау керек. Ал **-сын, -сін** қосымшасы етістіктің III жақтағы бұйрық-қалау рай деген түрін білдіреді. Мысалы:

I жақ мен барайын, біз барайық

II жақ сен бар, сендер барыңдар

III жақ ол бар**сын**, олар бар**сын**

Сондықтан әр түрлі қызмет атқаратын қосымшалардың тұлғаларын да шатастырмай, бірін **-сын** түрінде, екіншісін **-сын** түрінде айту керек. Бұл екеуін айыру қиын емес: егер жіктік жалғаулы сөз *сен* деген есімдікпен айтылуға тиіс болса, **-сын** түрі, *ол* деген есімдікпен айтылуға тиіс болса, **-сын** түрі жалғанады: *сен барасың, ол барсын.*

Мына шумақтардағы үш нүкте қойылған сөздерге мағынасына қарай **-сын** немесе **-сын** қосымшасының қайсысы жалғанып айтылатынын көрсетіңдер:

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап, алдар бірақ.

Ертең өзің қайда..., білемі...,

Өлмек үшін туған..., ойла, шырақ. (Абай)

Досты қайдан табар...

Кеңесерге адам жоқ.

Әрлі-берлі шабар...

Жалғыздықтан жаман жоқ. (Абай)

Өзгеге, көңілім, тояр...

Өлеңді қайтіп қояр...

*Оны айтқанда толғанып,
Иштегі дертті жоюр...
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оян...
Жыла..., көзден жас ақ...
Омырауым боял...
Тыңдамаса еш адам
Өз жүрегім толған...
Әр сөзіне қара...
Иштегі дертім қозғал... (Абай)*

*Баса... аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.
Жай жүріп шаттана... әсерленіп,
Әсем... жүйрік аттай мойның бұрып. (Халық өлеңі)*

§29. Кейбір шылаулардың дыбыстық қатарлары болады, яғни өзіне қатысты алдыңғы сөздің аяқталар дыбысының әуеніне қарай шылау сөздің басқы дыбысы да не ұяң, не қатаң болып құбылып айтылады (және солай жазылады). Мысалы: *Ол өлең айтып қана қоймады, домбыра да тартты. Жақып қана жаңа келді, өзгелер әлдеқашан келген-ді. Тек қана бір тілегім бар* деген мысалдарда шылау қатаң **қ** дыбысынан басталады және солай жазылады, өйткені шылаудың алдындағы сөздер (*айтып, Жақып, тек*) **п, к** деген қатаң дыбыстарға аяқталып тұр. Ал мына сөйлемдерде шылау *ғана* түрінде айтылады (және жазылады): *жалғыз ғана тілегім бар; жаңа ғана келді; ол радиодан ғана сөйледі*. Бұларда шылаулардың алдындағы сөздер не дауысты дыбысқа (*жаңа*), не ұяң, сонор дыбыстарға (*жалғыз, радиодан*) аяқталып тұр.

Осы сияқты *мен, бен, пен* (домбыра *мен* қобыз, қобыз *бен* домбыра, дауыс *пен* үн), *да/де, та/те* (барса *да*, барып *та* келді), *дағы, тағы* (барса *дағы*, айтып *тағы* үлгерді), *ғой, қой* (айттың *ғой*, хат *қой* менің күткенім), *құрлы, гұрлы* (*жат құрлы, бала гұрлы*) деген шылаулар да өздерінің алдындағы сөздің соңғы дыбысына қарай бірде ұяң, бірде қатаң дыбыстармен айтыла береді (және солай жазылады). Сондықтан *бала құрлы ақылың жоқ, айтарың осы қана ма, келіп де үлгердің бе* деген сияқты етіп айтуға, дыбыстауға болмайды. (*Бала гұрлы, келіп те* деп айтылуы керек).

§30. Кейбір сөздердің дыбыстық екі вариантының қатар айтыла беруі әдеби тіліміздің орфоэпиясына қайшы келмейді. Бірақ мұндай сөздер онша көп емес. Мысалы: *мұның – бұның, мұнда – бұнда, шейін – дейін, нажағай – найзағай, уану – жұбану, разы – риза, жаздың күні – жаздыгүні*. Бұл сөздердің варианттылығының басты себебі орфоэпияға байланысты емес, өзгеде.

Сол сияқты *шайтан – сайтан, үкімет – өкімет, айқай – айғай, құдай – құдая, заман – замана, ашық – гашық* сияқты бірқатар сөздер де екі

вариантта қолданылады. Бұлардың орфоэпиясы жазылған түрінде болуы керек. Өйткені бұл сөздерді екі түрлі етіп қолдануда қазіргі тіліміз белгілі бір мақсатты көздейді. Мысалы, *өкімет* пен *үкімет* (екеуінің түбірі – бір сөз) деген сөздердің алғашқысы “государство” дегеннің баламасы ретінде қалыптасты; *шайтан* ~ *сайтан* сөздерін ақын-жазушылар көбінесе стильдік мақсатта ажыратып қолданады: *шайтаны* “кәдімгі жын-шайтанды” білдірсе, *сайтаны* көбінесе “өжет, өзгені билеп алатын сиқыр қылықты” деген жақсы мәнде жұмсалады. Мысалы, Жұбан Молдағалиевтің мына жолдарына назар аударыңыз, мұнда *сайтан* сөзі “жын-шайтан” мәнінде емес, жақсы мәнде:

*Мен қазақпын, қара көз сайтан қызбын,
Сөйлей қалсам, тілімнен бал тамғыздым.
Сүйе қалсам, өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен айқасқам балтам жүзін.*

Ашық (асық) – ғашық, құдай – құдая, заман – замана сияқты параллельдерді ақындар буын санының артық-кемі қажет болған сәттерде кезек таңдап қолдана береді. Олар сол қолданылған түрінде айтылады (дыбысталады). Мысалы, Абай:

*Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да, –*

дегенінде *асық* вариантын алады, өйткені дауыстыдан басталған *асық* сөзі алдындағы сөздің соңғы буынымен кірігіп, *сор-ла-сық* түрінде үш буын құрайды, егер *ғашық* вариантын алса *сор-лы ға-шық* болып 4 буын болып кетер еді де, 11 буынды тармақтың өлең өлшемі дұрыс шықпас еді. Ал өзге сәттерде Абай “*ғашықтың* тілі – тілсіз тіл” немесе “сен шошыдың *ғашығыңнан*” деп *ғашық* вариантын жұмсайды. Міне, бұл тәрізді бір сөздің белгілі бір мақсатпен әдейі қолданылған екі вариантының екеуі де әдеби нормаға жататындықтан, олардың айтылуы да екі түрлі (яғни қалай берілсе, сол түрінде) болуы керек.

§31. Бір сөздің екі түрлі дыбысталып айтылатындарының ішінде жергілікті ерекшеліктеріне (диалектизмдерге) қатыстыларын жоғарғы көрсетілген вариантты сөздермен шатастырмау керек. Яғни көптеген сөздердің әр жерде әр түрлі дыбыстық өзгерісі болғанмен, әдеби тілдегі түрінше айту – орфоэпиялық норма болады. Мысалы: *маңдай – маңлай, шаңырақ – шаңғырақ, киіз – кигіз, ие – еге (үйдің иесі), шатақ – чатақ, сияқты – сиықты, аула – әулі, жоңышқа – жоңырышқа, қабырға – қабыртқа, жоқ – джоқ, масқара – машқара, бес тиын – беи тиын, ас пісті – ас пысты, мысық – мышық, балалар – баладар* сияқты параллель сөздердің алдыңғы сыңарлары әдеби норма да, екіншілері – жергілікті (диалектілік) варианттары. Бұлардың айтылуында әдеби нормадағы тұлғасын ұстау

кажет. Олай дейтін себебіміз – кейде автордың не кітап, журнал шығарушылардың салақтығынан я болмаса білместігінен кейбір сөздердің әдеби варианты емес, жергілікті қолданыстағы тұлғасы жазылып кетеді. Мұндайда сөзді түзетіп оқыған (айтқан) абзал. Ал пьесаларда немесе фельетон, сықақ әңгімелерде автор сөздің жергілікті не қарапайым сөйлеу тіліндегі варианттарын әдейі берсе, оларды, әрине, сол берілген тұлғасында айту (оқу) керек екендігі белгілі.

§32. Қазақ тілінде одағай сөздер де дыбыстық, тұлғалық варианттары бар сөздер тобына жатады. Бірақ бұлардың барлығында қалай берілсе (жазылса), солай айтуға (оқуға) болады. Мысалы: *япырау – япырмау – ойпырмау – ойпырмай – ойпырым; ойбой – ойбай, ах – аһ – еһ – ех, аһ-аһ – еһ-еһ, аха-қа – еһе-һе, уа -уау -уай, па – паһ, бәлі – пәләй, әй – ей, астапыралла – астағыпыралла* т.б.

Жалпы одағай дегендер – дыбысталуы жағынан өте құбылмалы тұлғалар. Сондықтан жазушы өзінің қалауынша бір одағайды бірнеше түрлі құбылтып, қатарлап, дыбыстарын созып бере береді. Мысалы: *Ә-ә*, солай де! *Ой-қой*, дүние-ай! *Бәрекелді-і*, жігіт-ақ екен! *Паһ- паһ-паһ*, мына *сұлудың кербезін-ай!* Осы сөйлемдерді: **Е**, солай-де! **Ой**, дүние-ай! **Бәрекелді**, жігіт-ақ екен! **Паһ**, мына *сұлудың кербезін-ай!* деп те беруі мүмкін.

Одағайлар адамның түрлі сезім дүниесін білдіретін ишараттар болғандықтан, актер немесе фельетон оқушы пьесалардағы, сықақ-фельетондардағы одағайларды өзгертіп, бірінің орнына екіншісін айтпағанмен, образдың ыңғайына қарай, дыбыстарын созып немесе келте қайырып, бір одағайды екі-үш рет қайталап немесе бір-ақ рет айтып дегендей, құбылтуына болады. Мысалы, пьесадағы ситуацияға қарай: **жә**, болды! түрінде де, **жә-жә-жә**, болды! түрінде де айтылуы мүмкін. Алғашқысында өктем бұйырып, тұжықтып тастау реңкі болса, одағайды екі-үш қайталап айтуда сәл өзгеше реңк пайда болады.

§33. Кейбір етістіктердің толық және ықшам варианттары, сондай-ақ олардың қосымшалы, шылаулы қолданыстарының да түрлері жарыса келе береді. Олар сол қолданылған түрінде, ықшам да, толық та айтылады. Мысалы, *келіп қалды, болып отыр* деген тұлғалар *кеп қалды, боп отыр* түрінде келуі мүмкін.

Сондай-ақ *барамын, келемін, айтамын* деген тұлғалар *барам, келем, айтам* түрінде айтыла береді. *Барғаннан соң, келгеннен соң* деген тұлғалар қысқарып, *барған соң, келген соң* түрінде, тіпті одан ары ықшамдалып, *барғасын, келгесін* түрінде де айтылуы жиі ұшырайды. Немесе *барғанмын, келгенмін* дегендерді ақын, жазушы не драматург *барғамын, келгемін* тұлғасында қолдануы да әбден ықтимал. *Едім, едің* деген етістік тұлғалары *ем, ең* түрінде, *бармаймын, алмаймын* деген тұлғалар *барман, алман* түрінде ықшамдалып келе береді. Ықшам тұлғалар әсіресе поэзияда көбірек ұшырасады. Мұндайда тұлғаларды қалай берілсе (ықшам не толық), солай айту керек. *Кеп, барам, барғасын, барғамын* деп жазылғанды келіп, *барамын,*

барғаннан соң, барғанмын деп айтуға (оқуға) болмайды немесе керісінше: толық түрінде беріліп тұрса, оны қысқартып айтуға болмайды.

Осы ережеге байланысты сөздерді тауып, мына үзінді шумақтарды дұрыс оқып (айтып) көріңдер.

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын,
Түбін ойлап уайым жеп айтқамын.
Ақылдылар арланып, ұялған соң,
Ойланып, түзеле ме деп айтқамын. (Абай)*

*Сен үшін әлі босқа жанам, күйем,
Көңіліңе қайырым салсын мейірімді ием,
Өзің біл танам десең уағдадан,
Өмірімше ұмытпаймын, мен шын сүйем. (Бернияз Күлеев)*

*Сенің алма бағыңа
Шыбық шанышып кетіп ем.
Алдағы өмір бағына
Соны белгі етіп ем.
Келдім қайтып майданнан,
Таптым іздеп сені алғаш.
Сол шыбықтан жайқалған
Өсіпті бір алма ағаш.
Тұр жайқалып бағыңда,
Қызығамын, тамсанам.
Өзің де бұл шағыңда
Кем емессің дәл сонан.
Неткен жақсы жер еді
Жас шыбығым жайқалған!
Бір сөз айтқым келеді,
Тіл жетпейді, айта алман. (Қасым Аманжолов)*

*Ей, халайық, барым ең сен,
Зарыңа зар қосып ем.
Жатың емес, досың ем мен,
Дос бейілін тосып ем!
Бауырым жара, сөзім нала,
Дертпен келем мен бүгін.
Аямас жау мені айнала
Салды салмақ сұмдығын!
Алдыңа кеп жар саламын,
Тап жауымды жабылып.
Өш аламын, өш аламын
Қанды кекті жамылып! (Мұхтар Әуезов)*

§34. Әдетте грамматикалық норма бойынша етістіктің ауыспалы шағының III жақтағы жалғауы **-ды/-ді** түрінде келеді. Өлең тілінде, кейде кара сөзде де өлең өлшемі, ұйқасы сияқты шарттарға орай бұл жалғау ықшамдалып, жалаң **-д** түрінде қолданылуы мүмкін. Мұндай тұлғалар тіпті **т** дыбысымен де айтылады. Мысалы, Әсет ақынның “Инжу-маржан” деген өлеңінің бірінші шумағы:

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,
Аққуменен аспанда жер *тілдесет*.
Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы
Жүрегінен күңіреніп желдей *есет*, –

деп келеді. Мұндағы етістіктер әрі ұйқас үшін (бірінші жолдағы *Әсет* сөзімен ұйқасу үшін), әрі өлшем үшін (өлең жолдары 11 буыннан аспауы керек) *тілдесед*, *есед* (*тілдеседі*, *еседі* деудің орнына) болып қолданылып тұр.

Екінші мысалға “Ақан сері-Ақтоқты” драмасынан Ақтоқтының сөзін алуға болады:

Саған көнсем, сүйгенім бе ед?
Көңілім құлағанын қашан көріп ең?
Ақаннан безсем, шыным ба *еді*?
Жүрегімді жерге төсеп,
Әрең айтпап па ем “ие” деп?
Ақан жаққан от бар да,
Сен қатырған мұз бар...
Отым қашан сөніп *ед*,
Мұзым қашан еріп *ед!*...

Осы жолдардың дұрыс айтылуы:
Саған көнсөм / сүйгөнүмбет /
Көңүлүм / құлағанын / қашаң гөрүбең //
Ақаннанбессем / шынымбет//
Жүрөгүмді / жергетөсеп /
Әрең / айтпаппем / иедеп /
Ақан жаққан / отбарда /
Сеңғатырған / мұзбар /
Отұмғашан / сөнүбет /
Мүзүмғашан / ерібет //

§35. Қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздердің дұрыс айтылуы жөнінде мына жайттарды ескерген жөн:

1) Қазақ тіліне енген араб, парсы сөздері сол тілдердің дыбысталуын сақтамай, “қазақшаланған”, яғни қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне

бейімделіп қалыптасқан тұлғада айтылады. Олардың кейбіреулерінің күні бүгінге дейін бір тұлғада орнықпай, екі-үш түрлі болып айтылып (және жазылып) жүргені байқалады. Мысалы: *үрдің қызы* – *хордың қызы* – *һүрдің қызы*; *ыждағат* – *еждигат*, *бихабар* – *бейхабар*; *үкімет* – *өкімет*, *ақиқат* – *хақиқат*, *есеп* – *қисап*, *уәде* – *уағда*; *шәр* – *шаһар*; *әрдайым* – *әрдәйім*, *мәлімет* – *мағлұмат*, *мақұлық* – *мақлұқ*, *мәлігүн* – *мәлгүн*, *несіп* – *нәсіп* т.т. Бұндай жарыспалы тұлғалардың бірсыпырасы “бас-басына отау тігіп”, екеуі екі мағынадағы сөздің баламасы ретінде қолданылып жүр. Мысалы: *үкімет* – “правительство”, *өкімет* – “власть”, *мәлімет* – “сообщение, справка”, *мағлұмат* – “сведение”, *есеп* – “счет”, *қисапсыз*, *қисабы жоқ* дегендерде *қисап* тұлғасы “өте көп, мол” дегенді білдіреді. Ал енді бірқатарының бір ғана тұлғасы орфографиялық және өзге де сөздіктерде әдеби норма ретінде ұсынылып жүр. Мысалы, болымсыздықты білдіретін *бей-* (*би-*) элементімен келген сөздерді *бей-*мен жазуды (және айтуды) жөн деп табамыз: *бейкүнә*, *беймаза*, *бейтарап*, *бейуақ*, *беймезгіл* т.т. Сол сияқты *мақлұқ* ~ *мақұлық*, *мәлгүн* ~ *мәлігүн*, *мәкрүк* ~ *мәкүрік* деген параллельдердің екі буынды тұлғасы (*мақлұқ*, *мәлгүн*, *мәкрүк*) әдеби норма деп ұсынылады. Бірақ айтуда бұларды *мақұлұқ*, *мәлігүн*, *мәкүрүк* деп үш буынды етіп айту керек. *Әрдайым*, *тәкаппар*, *дұдамал* сияқты 2-3 буындары жуан жазылатын араб, парсы сөздерін де айтуда алғашқы жіңішке буынның әуенімен *тәкәппар*, *әрдәйім*, *дұдамал* деп айту керек болады.

2) Орыс тілінен енген орыс сөздері мен интернационалдық сөздер, негізінен, орыс тіліндегі дыбысталуынша айтылу дағдыға айналды, яғни сөздің орыс тілінде айтылудағы екпін тұрған орнын сақтап, қазақ тілінде жоқ **в, ч, ш, ц, э** сияқты дыбыстарын сақтап айтылады. Мысалы: *вице-президент* (*битсе* емес), *республика* (*респөблике* емес), *парламент* (*пәрламент* емес), *экономика* (*экономике* емес). Тек, ертеректе еніп, “қазақша” қалыптасқан *самауыр*, *қамыт*, *доға*, *жәшік*, *сіреңке* (*сырянка*), *білте* (*фитиль*), *пәтер* (*квартира*) сияқты сөздер ғана сол қалыптасқан тұлғасында айтылады. Кейінгі дәуірде енген сөздерден *газет* (*газета*-ның орнына), *цифр* (орысша *цифра* дегеннің орнына), *минут* (*минута*-ның орнына) сияқты 5-10 сөздің соңғы дауысты дыбысы түсіріліп қолданылады (солай айтылады әрі жазылады).

§36. Кейбір дыбыстарды дұрыс айту жөнінде мына жайттарға көңіл аудару кажет:

1) Қазақ сөздерінің басында келген **е** дыбысы **йе** түрінде айтылады. Мысалы, *ер*, *елек*, *екі*, *ет* деген сөздердің дұрыс айтылуы: *йер*, *йелек*, *йекі*, *йет*. Әрине, бұл жерде **й** (йот) дыбысы толық **и** түрінде емес, “жартылай” (болар-болмас) естілуге тиіс. Егер бұл сөздерді *йот* элементінсіз айтсақ, *эр*, *элек*, *экі*, *эт* түрінде айтылар еді. Бұл заңдылықты анығырақ байқау үшін орыс тіліндегі *ель* (ағаш) сөзі мен қазақша *ел* (жұрт) сөзіндегі **е** дыбысының айтылуына назар аударыңыз: орыс сөзі *эль* түрінде, қазақ сөзі *йел* түрінде дыбысталады.

2) Сөз басында келген **о, ө** дыбыстарының алдынан да **у** дыбысының элементі естіледі: *уотан* (жазылуы: *отан*), *уорақ* (*орақ*), *уөрүк* (*өрік*). Бұл жердегі **у** да толық емес, “сәл-пәл” айтылуы керек.

3) Сөз басында келген **р, л** дыбыстарының алдынан **ы, і, ұ, ү** (сөздің жуан-жіңкелігіне қарап) дыбыстары қосылып айтылады. Жазуда **ы, і** әріптері жазылмайды. Мысалы:

<i>жазылуы:</i>	<i>айтылуы:</i>
рет	ірет
рас	ырас
рай	ырай
ру	ұрұу
рұқсат	ұрұқсат
леген	ілеген
лаж	ылаж
лақ	ылақ
лайық	ылайық

4) Қазақтың төл сөздерінде **ч, дж** дыбыстары айтылмайды. Қазақстанның кейбір өлкелерінде жергілікті ерекшелікке байланысты ауызекі сөйлеу тілінде **ш, ж** дыбыстары келетін сөздерді **ч, дж** дыбыстарымен айту дәстүрі бар. Мысалы: *чатақ*, *чырақ*, *малчы*, *джақсы*, *джоқ*. Бірақ әдеби тіліміздің орфоэпиялық нормасы бойынша, қазақ сөздерін тек **ш, ж** дыбыстарымен айту керек болады. Ескертетін нәрсе дыбыс жүйесін зерттеушілер **ж** дыбысының қазақ сөздерінде, әсіресе сөз басында айтылуына сәл-сәл “д” элементі қатысатынын айтады.

5) **Х** әрпімен жазылатын араб, парсы сөздерінде ауызекі тілде бұл дыбыс қазақша **қ** дыбысына жуықтаңқырап айтылады. Мысалы: *қабар* (*хабар* дегеннен гөрі), *қат* (*хат* дегеннен гөрі), *Ақымет* (*Ахмет* дегеннен гөрі), *Қадыйша* (*Хадша* дегеннен гөрі), *тарыйқ* (*тарих* дегеннен гөрі), *қалық* (*халық* дегеннен гөрі).

6) **һ** әрпі жазылған сөздерде осы дыбыстың өзінің айтылуын сақтау қажет. Мысалы: *гәуһар* (*гәуқар* емес), *қаһарман* (*қахарман* емес), *жиһан* (*жиқан* немесе *жихан* емес), *аһ-аһ*, *еһе*.

7) Екі дауыстының ортасында келген **б** дыбысы қазақ сөздерінде жеке тұрғандағы айтылуынан сәл өзгешелеу болып естіледі. Мысалы, *Абай*, *таба*, *көбелек* сөздеріндегі **б** дыбысын айтқанда, екі ерін бір-біріне тиіп қатты жуыспайды (осы дыбысты жеке айтқандағыдай немесе орысша дыбыстағандай). Мұны байқау үшін *Абай* деген сөзді орысша (орыс тілінде сөйлеп тұрғандай) және қазақша айтып көріңдер. Не болмаса *баба* деген орыс сөзі мен *баба* (“ата” мағынасындағы) деген қазақ сөзін айтып, екінші буындағы **б** дыбысының естілуіндегі (айтылуындағы) айырмашылығына назар аударыңдар.

Орыс тілін жақсы білетін қазіргі жастардың қазақша сөйлеу тәжірибесінде қазақ сөздеріндегі **б** дыбысын орыс тіліндегідей етіп, екі

ерінді бір-біріне қатты жабыстырып айтушылық байқалады. Бұл қазақ тілінің орфоэпиялық нормасына қайшы келеді.

8) Қазақ фамилияларында келетін **в** дыбысын **ф** деп, ал, **-ев, -ов** жұрнағын **-ыф, -іф, -ева, -ова** жұрнағын **-ыва, -іва** деп айтқан жөн. Мысалы: *Құнанбайыф, Ілекеріф, Құнанбайыва, Ілекеріва, Шәріітыф*. Өзге ұлт өкілдерінің аты-жөндерін жазылған түріне жуықтау етіп айтқан абзал. Өйткені қазақша *Болат* болып келетін жалқы есім өзбекше *Пулат, Пулад* деп берілсе, оны қазақшаламаған жен. Ал орыс адамдарының аты-жөндерін орыс тіліндегіше дыбыстау керек. Мысалы: *Николай* (жазылуынша *Николай* емес), *Константин* (*Константин* емес), *Лэф Талстой*.

Шетелдік адамдардың аты-жөндері мен қазақша жер-су аттарынан өзге географиялық атаулар негізінен орыс тіліндегі айтылуынша дыбысталғаны жөн. Мысалы: *Вильям Шекспир, Моцарт, Лондон*. Олардың ішінде тілімізге ертеден еніп, қазақша қалыптасқандарын сол дәстүрлі түрінде айту қажет. Мысалы: *Қырым* (*Крым* емес), *Мысыр* (*Миср* емес), *Бағдат* (*Багдад* емес).

7. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Сөздікке қазақ тілі сөздік құрамындағы сөздердің бәрі түгел енген жоқ, жазылуы бірқыдыру қиын деген сөздер енді. Қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген сөздердің де барлығы бірдей енбей, олардың ішінде жазылуы күрделілеу ең жиі қолданылатындары және қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, жазылуы қиын соғатындары берілді. Мысалы: **абстракт** (*абстрактіге, абстрактісі*), **альманах** (*альманахы*), **принцип** (*принципі*), **калий** (*калийге, калийі*), **полюс** (*полюске*) т.б.

Идиома, фраза тәрізді тұрақты сөз тіркестерін кейде бөлек, кейде қосып, кейде дефис арқылы жазу қаупінен сақтандыру үшін, көбінесе, екі сөзден құралғандары реестр етіп сөздікке енгізілді: *боз өкпе, жез таңдай, нар тәуекел, ақ ниетті, қара ниетті* т.б.

Қос сөздер сөзтізбеде (реестрде) берілді.

Жазылуы қиындау сирек қолданылатын кейбір көне сөздер сөздіктен орын алды. Оларға жақша ішіне “көне” деген белгі қойылып, кейбіреулеріне түсініктеме берілді: **ағасұлтан** (*көне; термин*), **айдауыл** (*көне; конвой*), **басқақ** (*көне*); **бірауыз** (*көне; мылтық*), **қаратаяқ** (*көне; интеллигент*), **сияз** (*көне*) т.б.

Авиа, авто, кино, аэро... сияқты сөздермен келетін күрделі тұлғалардың көбінесе қазақ сөздерімен келетіндері берілді де, жақша ішінде орыс немесе қазақ сөздерінің осы компоненттер қосылуы арқылы жасалатын өзге түрлерінің де бірігіп жазылатындығы ескертілді.

Бір өсімдіктің, аңның, жәндіктің, аурудың екі-үш түрлі атауы бары белгілі. Әр түрлі мақсатпен олардың барлығының да жазба әдебиетте қолданылатындығынан бұл жарыспа сөздердің көпшілігі сөздіктен орын алды. Мысалы, тышқан тұқымдас бір ғана аңның үш аты бар: *аламан//атжалман//алақоржын*. Бұл үш сөздің үшеуі де өз орындарында берілді.

Екі түбірден құралған термин сөздердің басым көпшілігінің бірігіп жазылатындығын ескеру үшін бірқатар сөздердің тұсына жақша ішіне сол терминнің “иесі” болып тұрған ғылым саласының аты немесе “термин” деген белгі көрсетілді: **қуысмүйізділер** (*термин*), **алауыздық** (*термин*), **алғышарт** (*термин*), **атсайыс** (*спорт термині*) т.б.

Әр түрлі айтылып және түрліше жазылып жүрген сөздердің дұрыс емес түрі жақша ішіне алынып, “емес” деген сөзбен берілді: **маңдай** (*маңлай емес*), **айнала** (*айлана емес*). Мұндай ескертулер өткен басылымдарға қарағанда, едәуір азайды, өйткені көптеген сөздердің жарыспалы тұлғалары екшеліп, олардың бір вариантының жазылуы соңғы ширек ғасыр ішінде орнықты деуге болады.

Реестрдегі сөзбен көбінесе тіркесе айтылатын екінші сөз жақша ішінде берілді: **ат шаптырым** (*жер*), **әбілет** (*басқыр*), **әлден** (*бастап*), **дақ** (*түсу*), **далап** (*жағу*) т.б.

Бұлар реестр сөздің жалғасы іспетті сол шрифтімен терілді.

Мағынасы түсініксіздеу деген сөздің тұсына жақша ішіне әр түрлі жолмен түсіндірмесі берілді. Ол түсіндірмелер:

1) сол заттың жалпы атын көрсету арқылы берілді. Мысалы: **ақиық** (*құс*), **ақшелек** (*індет*), **бұзаубас** (*құрт*), **аюқұлақ** (*өсім.*) т.т.;

2) кейбір сөздер синонимі арқылы түсіндірілді: **қайтіп** (*қалай*), **әнтек** (*сәл*), **әсел** (*бал*);

3) бірен-саран сөздердің түсіндірмесі орыс тіліндегі баламасы немесе ғылыми термині арқылы берілді: **Ақшақар** (*Снегурочка*), **қылтүтік** (*капилляр*), **көлтабан** (*лиман*);

4) бірқатар сөздердің бөлек не бірге жазылу себебін таныту үшін немесе мағыналарын ажырату үшін, оның қай сөз табына жататындығы жақша ішінде көрсетілді: **ауру** (*зат е.*), **ауыру** (*етістік*), **дағы** (*шылау*), **гөрі** (*шылау*), **моһ-моһ** (*одағай*) т.т. Сөз таптарының аталуы қысқартылып берілді. Ол қысқартулардың тізімі кітап соңында.

Сөзді тәуелдегенде соңғы буынындағы **ы**, **і** әріптерінің түсіріліп немесе түсірілмей жазылатындығы сол сөздердің III жақта тәуелдеулі түрін жалғастыра беру арқылы көрсетілді: **ауыл**, **аулы**; **ауыз**, **аузы**; **орын**, **орны**; **халық**, **халқы**; **көрік**, **көркі** (“ажар” мағынасында), **парық**, **парқы**. Бұл сөздерде, демек, тәуелдегенде **ы**, **і** әріптері жазылмайды, ал **бауыр**, **бауыры**; **дәуір**, **дәуірі**; **иық**, **иығы**; **иін**, **иіні**; **көрік**, **көрігі** (ұстаның көрігі) деп көрсету бойынша бұл әріптер түсірілмейді.

Ы, **і**, **й** дыбыстарына аяқталатын етістіктердің реестр сөз ретінде берілген тұйық түрінің (-у жұрнақты түрінің) қасына үтірден кейін оның II жақ бұйрық райдағы, III жақ ауыспалы шақтағы түрлері және үш дауысты дыбыс әрпі қатар келетіндерінің III жақ тәуелдеулі тұлғалары берілді: **азаю**, **азай**, **азаяды**, **азаюы**; **бүрку**, **бүрік**, **бүркеді**; **қабу**, **қап**, **қабады** (ит қабады), **қабу**, **қабы**, **қабиды** (көрпені қабиды); **ою**, **ой**, **ояды**, **оюы**; **қүю**, **қүй**, **құяды**, **құюы**.

Тұйық етістік түрінде қос **уу** әріптеріне аяқталатын сөздердің III жақтағы тәуелдеулі түрі де көрсетілді: **ауу**, **аууы**; **қуу**, **қууы**.

Орыс тілінен енген сөздерге қосымшаның жуан не жіңішке жалғанатындығын көрсету үшін сол сөздің барыс септіктегі түрі мен тәуелдіктің III жағындағы тұлғасы берілді. Етістікке бұл жалғаулар жуан жалғанып тұрса, сол сөзге қалған жалғаулардың және жұрнақтардың барлығы да жуан жалғанады деп білу керек және керісінше: **педагог, педагогке, педагогі; парк, паркке, паркі; блок, блокқа, блогі; поляр, полярға, поляры; полюс, полюске, полюсі; ансамбль, ансамбльге, ансамблі; цех, цехқа, цехы**. Жіңішке **ль** дыбысына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғаулары тек қана жіңішке жалғанатындығы да (басқа қосымшалар жуан жалғанғанмен) көрсетілді: **магистраль, магистральға, магистралі; фестиваль, фестивальға, фестивалі**.

Бірдей екі дыбысқа (**сс, лл, тт** сияқты) және **ст, зд, сть** дыбыстарына аяқталатын сөздерге қосымша жалғанғанда соңғы әріптерінің түсіп қалатын-қалмайтындығы сол сөздердің барыс жалғаулы және III жақтағы тәуелдік тұлғасының қатар берілуі арқылы көрсетілді: **металл, металға, металы; класс, класқа, класы; грамм, грамға, грамы; съезд, съезге, съезі; ведомость, ведомосқа, ведомосы**.

Орыс тілінен енген, дауыссыздар тіркесіне аяқталатын кейбір сөздерге қазақ тілі қосымшалары дәнекер **ы, і** әріптері арқылы жалғанып жазылатындығы қатарында көрсетілді, ол үшін сөздің барыс жалғаулы және III жақтағы тәуелдік жалғаулы тұлғасы берілді: **фонд, фондыға, фондысы; ромб, ромбыға, ромбысы; лифт, лифтіге, лифтісі**.

Сөз соңындағы **п, х** дыбыстарының дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда ұяндамайтындығы ғана III жақтағы тәуелдеулі түрін беру арқылы көрсетілді: **принцип, принципі; тип, типі; альманах, альманахы; цех, цехы; тарих, тарихы**.

б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге қосымшалар қатаң дыбыстан басталып жалғанатындығы сөздің барыс септік жалғаулы түрі арқылы көрсетілді: **отряд, отрядқа; клуб, клубқа**.

Әр түрлі екі-үш мағынада қолданылатын, бірақ жазылуы бірдей сөздердің әрқайсысының тіркесетін компоненттерін көрсету үшін немесе мағыналарын айқынырақ таныту үшін екі реттен (екі рет реестр етіп) берілген сәттері бар: *бұлау (көз жасын бұлау); бұлау (ванна); бұлт (аспандағы); бұлт берді (жалтарды)*. Түбірі бір болғанмен, өз алдына мағыналық реңктері бар жарыспа сөздердің екеуі де (кейде үшеуі де) реестрден орын алды: **кебек – кеуек; ғашық – асық – ашық, сұрақ – сұрау; суару – суғару; қазына – қазине (қазинелі қара нар), оттегі – оттек**.

Сөздікке мынадай тұлғалар енгізілген жоқ:

1) Етістіктін **-у** жұрнақты тұйық тұлғасы берілді де, қалған тұлғалары берілмеді, ол – осы етістік тұйық тұлғада қалай (бөлек я бірге, немесе дефис арқылы) жазылса, қалған тұлғаларында да солай жазылады деген сөз. Мысалы, *арып-ашу* деген тұлға реестрде берілді, осыған қарап *арып-ашты, арып-ашып, арып-ашқан, арып-ашар* т.б. тұлғалар да дефис арқылы жазылатындығын түсінуге болады.

Идиома, фраза тіркестері де осы сияқты. Мысалы, *бас қатыру* деген

тіркестің бөлек жазылатындығы сөздікке енгізілді, ал *бас қатырды, бас қатырғыш, бас қатырушылық, бас қатырған* сияқты тұлғалары жоқ, бірақ реестрдегі *бас қатыру* деп бөлек жазылатыны көрсетілген үлгі бойынша әрдайым бөлек жазылатындығын білуге болады.

2) Әріптерден қысқарған сөздер енгізілген жоқ.

3) Жұрнақ арқылы жасалатын туынды тұлғалардың көпшілігі, яғни жазуда қиындық туғызбайтындары, сөздікке енген жоқ. Мысалы, *ауыл* деген сөз бар, ал *ауылдық, ауылдай, ауылша, ауылсыз* деген тұлғалар жоқ, *революция* деген сөз берілді де, оның *революциялық, революциялы, революцияшыл* сияқты сын есімдік тұлғалары берілген жоқ, өйткені соңғы туынды тұлғалардың түбірі реестрдің берілген түріне қарай жазылатындығы белгілі. Бұлардың ішінде тек *-лы* жұрнақты сөзге тағы да *-лық* жұрнағы қосылып жасалғандары берілді: *айнымалылық, жайдарлылық, жарлылық*.

4) Кейбір туынды етістіктерді жасайтын түбір сөздің жазылуымен қатар, олардың етістік тұлғалары да берілді. Мысалы, *кәміл, көлегей, кәмілдену, көлегейлеу, көлегейлену*.

5) Қос сөздерден жасалған туынды түбірлердің де көпшілігі сөздікке енгізіліп, бұлардың да дефис арқылы жазылатындығы көрсетілді. Мысалы, *кем-тар, есен-сау, кем-тарлық, есен-саулық*.

6) Күрделі етістіктер де сөздікке енген жоқ. Мысалы, *келе жатыр, келе алмады, кетіп бара жатыр, айта сал* деген сөздер реестрде жоқ. Ал *тура келу, алып келу, алып бару, алып кету* деген күрделі етістіктердің *әкелу, әкету, апару, түрегелу* сияқты кірігіп, біріккен түрлері де бар болғандықтан, сөздікке енгізілді.

7) Сөздікте орын алған жалқы есімдер (көбінесе кісі аттары) екі түрлі мақсатты көздеп берілді. Біріншіден, тұлғалас бөлек жазылатын жалпы есіммен шатастырмау мақсаты, мысалы: **бота көз** (*қыз*) және **Ботагөз** (*жалқы есім*), **құла кер** (*ат*) және **Құлагер** (*жылқыға берілген ат*). Екіншіден, *Қаршақыз, Аязата, Ойсылқара, Шопаната* сияқты жалқы есімдердің қосылып әрі бас әріппен жазылатындығын көрсету мақсаты көзделді.

